

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 желтоқсандағы № 524-IV Заңы.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 42-баптың 6-тармағы 3) тармақшасының бірінші бөлігіндегі "жүзеге асыруға лицензиясы бар" деген сөздер "жүзеге асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 58-баптың 9-тармағындағы "жүзеге асыруға лицензиясы бар" деген сөздер "жүзеге асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 85-баптың 2-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

4) 92-баптың 4-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

5) 95-баптың 2 және 3-тармақтары алып тасталсын;

6) 130-баптың 1 және 2-тармақтары "лицензияға сәйкес" деген сөздерден кейін " немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат ; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24 , 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 11, 59-құжат; № 15, 71-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; 2011 жылғы 8 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

"1) мазмұны мынадай мазмұндағы екі жүз жиырма бірінші және екі жүз отыз төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"194-1-бап. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны мақсатсыз пайдалану";

"205-1-бап. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін құрайтын құжаттар мен мәліметтерді жоғалту";

2) мынадай мазмұндағы 194-1-баппен толықтырылсын:

"194-1-бап. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны мақсатсыз пайдалану

Қаржы ұйымы болып табылмайтын эмитент органдарының (эмитенттің лауазымды адамдарының) осы эмитенттің облигацияларын шығару проспектісінде белгіленген, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың шарттары мен тәртібін бұзуға әкеп соқтыратын шешімдер қабылдауы, егер бұл әрекет облигация ұстаушыларға ірі зиян келтіретін болса, -

айлық есептік көрсеткіштің он мыңнан жиырма мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жыл мерзімге түзеу жұмыстарына, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту.

Осы бапта ірі залал деп қылмыс жасалу сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал танылады.";

3) мынадай мазмұндағы 205-1-баппен толықтырылсын:

"205-1-бап. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін құрайтын құжаттар мен мәліметтерді жоғалту

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін құрайтын құжаттар мен мәліметтер қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сеніп тапсырылған адамның оларды жоғалтуы, егер жоғалту көрсетілген құжаттарды сақтаудың және олармен жұмыс істеудің белгіленген қағидаларын бұзу нәтижесінде болса, -

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не екі жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

4) 216-1-баптағы "ашық" деген сөз алып тасталсын.

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 23, 335-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139-құжат; № 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 21-22, 87-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 12, 72-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 15-16, 62, 63-құжаттар; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 15-16, 71, 73-құжаттар; № 17, 81, 83-құжаттар; № 23, 113, 115-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 11, 59-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; 2011 жылғы 16 қарашада "Егемен Қазақстан" және 2011 жылғы 19 қарашада "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

192-баптың үшінші бөлігіндегі "199-205" деген цифрлар "199-205-1" деген цифрлармен ауыстырылсын.

4. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 891-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Бағалы қағаздарды сенімгерлікпен басқаруды тоқтату тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында белгіленеді .";

2) 1040-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) заңнамалық актілерде белгіленген жағдайларды қоспағанда, мүліктік құқықтармен байланысы жоқ жеке мүліктік емес құқықтар мұраның құрамына кірмейді .";

5. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30- құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13,

99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат, № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 15 қазанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 16 қарашада "Егемен Қазақстан" және 2011 жылғы 19 қарашада "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 8 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

мынадай мазмұндағы екі жүз алпысыншы абзацпен толықтырылсын:

"168-4-бап. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін бұзу";

екі жүз алпыс үшінші, екі жүз алпыс төртінші, екі жүз алпыс алтыншы, екі жүз алпыс сегізінші, екі жүз жетпіс екінші, үш жүз екінші, үш жүз бесінші, үш жүз он екінші және сегіз жүз отыз алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"170-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жазбаша келісімін алмастан қаржы ұйымы акцияларының он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама заңсыз түрде сатып алуға байланысты бұзушылықтар

170-1-бап. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін немесе акцияларын банкроттің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, банк холдингтерінің, сақтандыру холдингтерінің заңсыз сатып алуына байланысты бұзушылықтар";

"172-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін мақсатсыз пайдалану";

"172-2-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының, жинақтаушы зейнетақы қорлары ірі қатысушыларының ықпал етудің шектеулі шараларын қолдану арқылы жүктелген міндеттемелерді орындамау";

"175-1-бап. Қаржы ұйымының, банк немесе сақтандыру холдингінің басшы қызметкерлері лауазымына тағайындау (сайлау) тәртібіне қойылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу";

"193-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы уәкілетті органға мәліметтер бермеу не дәйексіз мәліметтер беру";

"195-бап. Бағалы қағаздармен және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу тәртібін, сондай-ақ мәмілелер жасасу шарттарын бұзу";

"199-бап. Бағалы қағаздар эмитентінің өз қызметі туралы ақпараттың құпиясын ашудың тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды орындамау";

"573-бап. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган";

2) 52-баптың төртінші бөлігіндегі "мен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган өз құзыреттері шегінде," деген сөздер алып тасталсын;

3) 88-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар жасасу тәртібін, зейнетақы төлемдерін, аударымдарды және алып қоюларды жүзеге асыру мерзімдерін бұзуы -

лауазымды адамдарға - екі жүз, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"6. Жинақтаушы зейнетақы қорының бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күнгі шындыққа сәйкес келмейтін жарнаманы хабарлауы немесе жариялауы -

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

4) 167-1-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кредиттік тарих субъектісі туралы теріс ақпараты бар кредиттік тарих субъектісі және (немесе) кредиттік есеп туралы теріс ақпарат ұсыну жағдайларын қоспағанда, ақпарат берушінің кредиттік тарихты қалыптастыру үшін кредиттік тарих субъектісі туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруі және (немесе) кредиттік есепті алушының ақпарат субъектісінің келісімінсіз кредиттік есепті ұсыну туралы сұрау салуды беруі, сондай-ақ оны дұрыс ресімдемеу -

лауазымды адамға – елу, заңды тұлғаға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5) 168-2-бапта:

екінші бөлікте:

бірінші абзац "холдингтерінің," деген сөзден кейін "банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдардың," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаға – елу, лауазымды адамға – жетпіс, заңды тұлғаға төрт жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

бесінші бөліктің бірінші абзацы "Банктердің," деген сөзден кейін "банк холдингтерінің," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы он үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"13. Банктің бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күнгі шындыққа сәйкес келмейтін жарнаманы хабарлауы немесе жариялауы -

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

б) мынадай мазмұндағы 168-4-баппен толықтырылсын:

"168-4-бап. Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін бұзу

1. Қаржы ұйымдарының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін бұзуы, егер қаржы ұйымы анықталған бұзушылықтарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде жоймайтын болса, -

лауазымды адамдарға - елу, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Банк конгломераты бас ұйымының немесе сақтандыру тобының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, шоғырландырылған негізде тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптарды бұзуы, егер банк конгломератының немесе сақтандыру тобының бас ұйымы анықталған бұзушылықтарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде жоймайтын болса, -

лауазымды адамдарға - елу, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту.

Осы бапта қаржы ұйымдарының, банк және сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін лауазымды адамдар деп түсінген жөн.";

7) 170 және 170-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"170-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жазбаша келісімін алмастан қаржы ұйымы акцияларының он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама заңсыз түрде сатып алуға байланысты бұзушылықтар

Тұлғаның қаржы ұйымының орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп мөлшердегі пайызын тікелей немесе жанама сатып алуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жазбаша келісімінсіз қаржы ұйымының орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп мөлшердегі пайызын бақылауға немесе қаржы ұйымы қабылдайтын шешімдерге ықпал ету мүмкіндігіне ие болуы, -

жеке тұлғаларға – екі жүз, лауазымды адамдарға – төрт жүз, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір мың, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту.

Осы бапта банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, жинақтаушы зейнетақы қорын, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымды қаржы ұйымдары деп түсінген жөн.

170-1-бап. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін немесе акцияларын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, банк холдингтерінің, сақтандыру холдингтерінің заңсыз сатып алуына байланысты бұзушылықтар

1. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әрекеттерді қоспағанда, банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының заңды тұлғалардың жарғылық

капиталына қатысу үлестерін немесе акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын бұзып сатып алуы –

лауазымды адамдарға – екі жүз, заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әрекеттерді қоспағанда, банк холдингтерінің, сақтандыру холдингтерінің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін немесе акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын бұзып сатып алуы –

лауазымды адамдарға – төрт жүз, заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алдын ала рұқсатынсыз еншілес ұйымды құруы не сатып алуы –

лауазымды адамдарға – төрт жүз, заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

8) 171-бапта:

бірінші абзацтағы "ашық" деген сөз алып тасталсын;

екінші абзацтағы "айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде" деген сөздер "жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 172-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"172-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін мақсатсыз пайдалану

1. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген инвестициялау шарттары мен тәртібін бұзуы -

жеке тұлғаға - төрт жүз, заңды тұлғаға сегіз жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Кастодианның жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің нысаналы орналастырылуын бақылауды жүзеге асырмауы -

кастодианның лауазымды адамына екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

10) 172-2-баптың тақырыбындағы және бірінші абзацындағы "ашық" деген сөз алып тасталсын;

11) 173-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бірлескен қызмет туралы шартты тіркеу үшін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға оны ұсынбауы не уақтылы ұсынбауы -

төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";
мынадай мазмұндағы 2-2-бөлікпен толықтырылсын:

"2-2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру холдингінің, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушылардың өздеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган ықпал етудің шектелген шараларын қолдану арқылы жүктеген міндеттемелерді орындамауы -

жеке тұлғаға - елу, лауазымды адамдарға – жүз, заңды тұлғаларға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айып салуға әкеп соғады.";

төртінші бөліктің бірінші абзацы "ұйымының," деген сөзден кейін "сақтандыру холдингінің," деген сөздермен толықтырылсын;

12) 175-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының астанада, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда филиалдарының және (немесе) сақтандыру агенттерінің болуы, сақтандыру бойынша деректер базасына қатысу шартын жасасуы, сақтандыру бойынша деректер базасына ақпарат беру жөніндегі талаптарды орындамауынан немесе тиісінше орындамауынан көрінген Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын бұзуы -

лауазымды адамға - елу, заңды тұлғаға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айып салуға әкеп соғады.";

13) 175-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"175-1-бап. Қаржы ұйымының, банк немесе сақтандыру холдингінің басшы қызметкерлері лауазымына тағайындау (сайлау) тәртібіне қойылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу

Қаржы ұйымының, банк немесе сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымына тағайындау (сайлау) тәртібіне қойылатын талаптарды қаржы ұйымының, банк немесе сақтандыру холдингінің бұзуы -

заңды тұлғаға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

14) 179-баптың бірінші бөлігінің үшінші абзацындағы "оларға" деген сөзден кейін ", қаржылық есептілік депозитарийіне" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 190-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"190-бап. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану

1. Инсайдерлердің бағалы қағаздармен және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалану, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға заңсыз беру, үшінші тұлғаларға бағалы қағаздармен және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу туралы инсайдерлік ақпаратқа негізделген ұсынымдарды немесе ұсыныстарды беру жөніндегі іс-әрекеті, сондай-ақ эмитенттерге инсайдерлер деп танылған заңды тұлғалардың осы эмитенттерге қатысты

ақпаратты беруі жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындамауы, егер осы іс-әрекеттер ірі залал келтірмеген болса, -

жеке тұлғаға – екі жүз, лауазымды адамға – төрт жүз, заңды тұлғаға алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Эмитенттердің эмитент туралы және ол шығарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және пайдалануды бақылауды жүзеге асыру бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзуы -

лауазымды адамға – төрт жүз, заңды тұлғаға алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

16) 193-бапта:

тақырыбындағы "дұрыс емес мәліметтер табыс ету" деген сөздер "мәліметтер бермеу не дұрыс емес мәліметтер беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацы "уәкілетті органға" деген сөздерден кейін "бағалы қағаздар рыногының қызметіне тексеру жүргізу барысында" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 194, 195, 196, 196-1 және 199-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"194-бап. Бағалы қағаздарды ұстаушылар құқықтарының бұзылуы

1. Акционерлердің акционерлік қоғам істерін басқару құқықтарының, табыс бөлігін бөлу (дивидендтер төлеу) тәртібінің, бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу, қоғамның қызметі туралы ақпарат алу құқықтарының бұзылуы, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысын шақыру мен өткізудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібін бұзу -

лауазымды адамға – екі жүз, заңды тұлғаға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Облигациялар бойынша сыйақылар төлеудің және (немесе) оларды өтеудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібін бұзу -

лауазымды адамға – екі жүз, заңды тұлғаға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Бағалы қағаздар эмитентінің өзі орналастырған бағалы қағаздарды сатып алу тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) бағалы қағаздарды шығару проспектісінде белгіленген жағдайларда бұзуы, сондай-ақ өздері орналастырған бағалы қағаздарды сатып алуды Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы бағалы қағаздарды шығару проспектісінде белгіленген жағдайларда жүзеге асырмауы -

лауазымды адамға – екі жүз, заңды тұлғаға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

195-бап. Бағалы қағаздармен және (немесе) туынды қаржы

құралдарымен мәмілелер жасасу тәртібін, сондай-ақ

мәмілелер жасасу шарттарын бұзу

Бағалы қағаздармен және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібін, сондай-ақ мәмілелер жасасудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттарын бұзу -

жеке тұлғаларға – екі жүз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – үш жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

196-бап. Бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, олар бойынша

құқықтарды есепке алу және растау тәртібін бұзу

1. Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушысының бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесін жүргізу тәртібін бұзуы, сол сияқты бағалы қағаздар бойынша құқықтарды растау тәртібін бұзуы, қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

лауазымды адамға - екі жүз, заңды тұлғаға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушысының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін немесе номиналды ұстау жүйесін құрайтын құжаттар мен мәліметтерді бағалы қағаздар рыногының басқа кәсіби қатысушысына беру тәртібі мен шарттарын бұзуы -

лауазымды адамға - үш жүз, заңды тұлғаға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

196-1-бап. Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарудың

және (немесе) орналастырудың шарттары мен тәртібін

бұзуы

1. Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарудың және (немесе) орналастырудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттары мен тәртібін, оның ішінде қаржы ұйымы болып табылмайтын эмитенттің, осы баптың екінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді қоспағанда, облигациялар шығару проспектісінде белгіленген облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдалану шарттары мен тәртібін бұзуы -

лауазымды адамдарға – үш жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Эмитенттің бағалы қағаздарды шет мемлекеттің аумағында орналастырудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттары мен тәртібін бұзуы -

заңды тұлғаларға эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастырудан алынған ақша сомасының елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

"199-бап. Бағалы қағаздар эмитентінің өз қызметі туралы ақпаратты ашудың тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды орындамауы

Бағалы қағаздар эмитентінің өз қызметі туралы ақпаратты ашудың Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) қор биржасының ішкі қағидаларында белгіленген тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды орындамауы, сондай-ақ эмитенттің өз қызметі туралы толық емес немесе дәйексіз ақпаратты ұсынуы -

лауазымды адамдарға - екі жүз, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

18) 541-баптың бірінші бөлігіндегі "194," деген цифрлар алып тасталсын;

19) 573-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"573-бап. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган

1. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 88 (бірінші, 1-1, 1-2 және алтыншы бөліктері), 158-1, 158-2, 167-1 (бірінші бөлігі), 168-2 (бірінші - тоғызыншы, он екінші және он үшінші бөліктері), 168-4, 170, 170-1, 171, 172, 172-1, 172-2, 173, 174, 175 (бірінші және үшінші бөліктері), 175-1, 175-2, 179-3, 191, 193, 194, 194-1, 195, 195-1, 196, 196-1, 197, 197-1, 198, 199, 201, 201-1, 218, 357-2 (бірінші бөлігі) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның бірінші басшысы және оның орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қаруға және әкімшілік айыппұл салуға құқылы.";

20) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:

отыз бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (158, 167-1 (екінші және үшінші бөліктері), 168-3, 184, 184-1 (үшінші бөлігі), 190, 192, 200, 202, 356-баптар);";

отыз үшінші абзацтағы "195," деген цифрлар алып тасталсын;

отыз жетінші абзацтағы "193, 196," деген цифрлар алып тасталсын.

6. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 29 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті органдардың мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі құзыретінің аражігін ажырату және бюджет процесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

3-баптың 1-тармағының 37) тармақшасы "жүзеге асыратын" деген сөздерден кейін " және осы мақсаттарда Қазақстан Республикасының қаржы нарығынан және (немесе) халықаралық қаржы нарығынан қарыз алуды жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын.

7. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, № 22-II, 112-құжат, 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 29 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті органдардың мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі құзыретінің аражігін ажырату және бюджет процесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының

Заңы; 2011 жылғы 8 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 541-бап мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:

"23-1) облигация ұстаушылардың өкілдері - эмитенттің облигация шығару проспектісінде белгіленген міндеттемелерді орындамауы мәселелері бойынша облигация ұстаушылардың атынан талап-арыз берген кезде;"

2) 581-баптың бірінші бөлігінде:

5) тармақша мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақшада белгіленген міндет бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымдарына, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымға да қолданылады;"

10) тармақша мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақшада белгіленген міндет банктің бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымдарына, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымға да қолданылады;"

8. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 23-құжат; № 12, 88-құжат; № 15-16, 100-құжат; № 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 11-12, 262-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 10, 123-құжат; 2003 ж., № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 33-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 116-құжат):

1) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің мәртебесі және қызметінің құқықтық негізі

Қазақстанның Ұлттық Банкі мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеуді және жүргізуді, төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, валюталық реттеуді және бақылауды, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының жұмыс істеуін

мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін және мемлекеттік статистиканы жүргізетін мемлекеттік орган болып табылады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, осы Заңды, Қазақстан Республикасының басқа да заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын басшылыққа алады."

2) 8-бапта:

к-1) тармақша "ұйымдардың" деген сөзден кейін "және Қазақстан Даму Банкінің" деген сөздермен толықтырылсын;

л-2) тармақшадағы "барлық қаржы ұйымдарының" деген сөздер "қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, ислам арнайы қаржы компанияларының" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Шаруашылық серіктестіктері туралы" 1995 жылғы 2 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., №7, 49-құжат; № 15-16, 109-құжат; Ведомости Парламента Республики Казахстан, 1996 ж., № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 205, 210-құжаттар; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 56-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-құжат):

4-баптың 8-тармағының үшінші бөлігіндегі "жүзеге асыруға лицензиясы бар" деген сөздер "жүзеге асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат):

1) 2-бапта:

1) тармақшада:

екінші абзацта:

"заңды тұлғалардың" деген сөздер "заңды тұлғаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"басқа тұлғаның", "басқа" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бір тұлғаның заңды тұлғаның басқару органы немесе атқарушы органы құрамының кемінде жартысын дербес сайлау мүмкіндігі болған;"

төртінші абзацтағы "бір" деген сөз алып тасталсын;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"заңды тұлғаның шартқа (растайтын құжаттарға) сәйкес немесе уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда өзгедей түрде шешімдерін бір тұлғаның дербес не бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп айқындау мүмкіндігі болған кезде туындайтын заңды тұлғаның шешімдерін айқындау мүмкіндігі;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) банк конгломераты – банк холдингінен, банктен, сондай-ақ банк холдингінің еншілес ұйымдарынан және (немесе) банктің еншілес ұйымдарынан және (немесе) капиталына банк холдингі және (немесе) оның еншілес ұйымдары қомақты қатысатын ұйымдардан тұратын заңды тұлғалар тобы.

Банк конгломератының құрамына ұлттық басқарушы холдинг, Қазақстан Республикасының резиденті емес – банк холдингі, сондай-ақ капиталына еншілес ұйымдар және Қазақстан Республикасының резиденті емес банк холдингі қомақты қатысатын, Қазақстан Республикасының резиденті еместер болып табылатын ұйымдар кірмейді.";

4) тармақшаның бірінші абзацы "табылатын жағдайларды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларды" деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйым

1. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымды осындай ұйымның дауыс беретін акцияларының жүз пайызына ие Ұлттық Банк құрады.

2. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйым қызметтің мынадай түрлерін:

1) жарғылық капиталды құру үшін акциялар шығаруды, сондай-ақ өз қызметін қаржыландыру үшін облигациялар шығаруды;

2) меншікті орналастырылған акциялары мен облигацияларын сатып алуды;

3) күмәнді және үмітсіз активтерге, оның ішінде заңды тұлғаларға қойылатын күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтарына және оларға қойылатын өзге де талап ету құқықтарына бағалау жүргізуді;

4) банктердің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алуды және оларды өткізуді;

5) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымның банктерден сатып алған талап ету құқығы қойылатын заңды тұлғалардың акцияларына және (немесе) жарғылық капиталына қатысу үлестеріне бағалау жүргізуді;

6) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымның банктерден сатып алған талап ету құқығы қойылатын заңды тұлғалардың акцияларын және (немесе) жарғылық капиталына қатысу үлестерін сатып алуды;

7) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымның банктерден сатып алған талап ету құқығы қойылатын заңды тұлғалардың акцияларын және (немесе) жарғылық капиталға қатысу үлестерін өткізуді;

8) күмәнді және үмітсіз активтері сатып алынған банктер шығарған және орналастырған акцияларға және (немесе) облигацияларға бағалау жүргізуді;

9) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйым күмәнді және үмітсіз активтер бойынша талап ету құқығын сатып алған банктер шығарған және орналастырған акцияларды және (немесе) облигацияларды сатып алуды;

10) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйым күмәнді және үмітсіз активтер бойынша талап ету құқығын сатып алған банктер шығарған және орналастырған акцияларды және (немесе) облигацияларын өткізуді;

11) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйым банктерден сатып алған заңды тұлғаларға талап ету құқықтары бойынша мүлікті жалға беруді немесе осындай мүлікті тегін уақытша пайдаланудың өзге нысанын пайдалануды;

12) ақшаны бағалы қағаздарға, сондай-ақ банк шоты мен банк салымы шарттары талаптарының негізінде екінші деңгейдегі банктерге және Ұлттық Банкке орналастыруды;

13) талап ету құқықтарын және екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйым сатып алған басқа да күмәнді және үмітсіз активтерді секьюритилендіру бойынша операциялар жүргізуді;

14) банктердің, басқа қаржы ұйымдарының, кәсіби сарапшылардың және халықаралық аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың заңды тұлғаларға талап етудің

сатып алынған құқықтарының және басқа да күмәнді және үмітсіз активтердің құнын бағалау, сенімгерлік басқару, қайта құрылымдау және қалпына келтіру (арттыру) бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымның осы тармақта көзделген қызмет түрлерін, сондай-ақ ол сатып алатын (сатып алған) күмәнді және үмітсіз активтерге қойылатын талаптарды жүзеге асырудың тәртібі Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйым банктік қарыз шарттары бойынша өзіне берілген талап ету құқықтары бойынша банктік қарыз операциясы жөніндегі кредитор (қарыз беруші) деп танылады және ол банктік қарыз шартында белгіленген барлық құқықтар мен міндеттерге ие болады.";

3) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Банктер мен банк холдингтері үшін тыйым салынған немесе шектелген қызмет

1. Банктерге банк қызметіне қатысы жоқ не осы Заңның осы бабының 9-тармағында , 30-бабының 12-тармағында көзделмеген операциялар мен мәмілелерді кәсіпкерлік қызмет ретінде жүзеге асыруға, осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алуға, коммерциялық емес ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуға және осы баптың 8-тармағында көзделген жағдайларда бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асыруға тыйым салынады.

2. Банк холдингтеріне операциялар мен мәмілелерді кәсіпкерлік қызмет ретінде жүзеге асыруға, осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алуға, коммерциялық емес ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуға және осы баптың 8-тармағында көзделген жағдайларда бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген тыйым салу мынадай жағдайларда:

1) банктер:

қаржы ұйымдарын, сондай-ақ банктер, сақтандыру ұйымдары, зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар мәртебесі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғаларды;

қаржы ұйымдарын, сондай-ақ банктер, сақтандыру ұйымдары, зейнетақы қорлары, онда банк холдингі болған кезде олардың орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызы мөлшерінде бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар мәртебесі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды

тұлғаларды құрған, сондай-ақ акцияларды және жарғылық капиталға қатысу үлестерін сатып алған жағдайларда қолданылмайды. Бұл ретте банк холдингінің болу талабы дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі банктерге қолданылмайды;

сатып алатын акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес келген жағдайда олардың орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызынан аз мөлшерде заңды тұлғаларды;

бағалы қағаздарды банк кепілдігімен шығару және орналастыру мақсатында құрылған Қазақстан Республикасының резиденті емес-еншілес арнайы ұйымдарды;

Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған еншілес арнайы қаржы компанияларын;

бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын Қазақстан Республикасының резиденттері – еншілес ұйымдарды;

банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау, лизингтік қызметті жүзеге асыру айрықша қызметі болып табылатын еншілес ұйымдарды;

төлем карточкаларымен жасалатын операциялар бойынша есеп айырысуларды қоса алғанда, банктік қызмет бойынша есеп айырысуға қатысушылардың арасында ақпараттық, телекоммуникациялық және технологиялық өзара іс-қимылдарды қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсететін ұйымдарды;

электронды цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электронды цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру жөніндегі, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дәйекті болуын растау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды;

осы Заңның 10-бабында аталған заңды тұлғаларды;

кепіл ретінде қабылданған акциялары немесе осы ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу үлестері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес банктердің меншігіне өткен кезде заңды тұлғаларды;

қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржалары мен орталық депозитарийді;

кредиттік бюроларды;

ислам банкі осы Заңның 4-1-тарауында көзделген банк қызметін жүзеге асырғанда - өзге де заңды тұлғаларды;

2) банк холдингтері:

қаржы ұйымдарын;

екінші деңгейдегі банктердің күмәнді және үмітсіз талаптарын оларды басқару және (немесе) одан кейін өткізу, қайта құрылымдау және (немесе) секьюритилендіру үшін сатып алатын Қазақстан Республикасының резиденттерін-ұйымдарды;

бағалы қағаздарды банк холдингінің кепілдігімен шығару және орналастыру мақсатында құрылған Қазақстан Республикасының резиденттері емес-арнайы ұйымдарды;

Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компанияларын;

банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау, лизингтік қызметті жүзеге асыру айрықша қызметі болып табылатын ұйымдарды;

төлем карточкаларымен жасалатын операциялар бойынша есеп айырысуларды қоса алғанда, банктік қызмет бойынша есеп айырысуға қатысушылар арасында ақпараттық, телекоммуникациялық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсететін ұйымдарды;

банктер, сақтандыру ұйымдары, зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар мәртебесі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес-заңды тұлғаларды құрған, сондай-ақ олардың акцияларды немесе жарғылық капиталдарға қатысу үлестерін сатып алған жағдайларда қолданылмайды.

Банктің еншілес ұйымдары, осы Заңның 11-2-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сай келетін заңды тұлғалардың акцияларын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін ғана сатып алуға құқылы. Банктің еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтандыру ұйымдары мәжбүрлеп таратылған жағдайда, сақтандырушыға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның және деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның акцияларын да сатып алуға құқылы.

Банк холдингінің еншілес ұйымдары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сай келетін заңды тұлғалардың акцияларын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін ғана сатып алуға құқылы. Банк холдингінің еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтандыру ұйымдары мәжбүрлеп таратылған жағдайда, сақтандырушыға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның акцияларын және деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның акцияларын да сатып алуға құқылы. Бұл талап:

Қазақстан Республикасының резиденті-еншілес банктерге;

көрсетілген заңды тұлғалардың акцияларын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін тікелей иеленетін (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе) қабылдайтын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі бар) Қазақстан Республикасы резиденті банкінің акцияларын иелену (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе) қабылдайтын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігінің болуы) арқылы банк холдингі бас ұйымы болып табылатын заңды тұлғаларға;

мынадай талаптардың бірін орындаған кезде:

банк холдингіде тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ көрсетілген тұлғалардың шоғырландырылған қадағалауға жататындығын білдіретін олар шыққан елдің қаржы қадағалау органының жазбаша растауы болған;

банк холдингіде А рейтингінен төмен, бірақ тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің Қазақстан Республикасына берілген шетелдік валютадағы егемен рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу туралы келісім болған кезде банк холдингі болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент еместерінің еншілес ұйымдары болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қолданылмайды.

4. Осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін не акцияларын банктің сатып алуы бір заңды тұлғаға банктің меншікті капиталының он пайызынан аспауға тиіс. Бұл шектеу банктің жарғылық капиталға қатысу үлестерін не көрсетілген заңды тұлғалардың акцияларын иеленуіне, оның ішінде оларды құру жағдайларына да қолданылады.

Банктің осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не акцияларының жиынтық құны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған мөлшерден аспауға тиіс.

5. Банктің қаржы ұйымдарының, сондай-ақ банктер, сақтандыру ұйымдары, жинақтаушы зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар мәртебесі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес—заңды тұлғалардың орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің он немесе одан көп пайызы мөлшерінде сатып алуына және иеленуіне банк уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленетін өз капиталының ең төменгі жеткіліктілігіне қойылатын қосымша талаптарды банк орындаған жағдайда жол беріледі. Бұл талап банк көрсетілген заңды тұлғаларды құрған жағдайларға да қолданылады.

6. Банк конгломераты, банк немесе банк холдингі бас ұйымының банктің не банк холдингінің еншілес ұйымдарына, банк не банк холдингі капиталына қомақты қатысатын ұйымдарға тиесілі акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жиынтық үлесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын лимиттерден аспауға тиіс.

7. Заңды тұлғалардың кепіл ретінде қабылданған акциялары немесе жарғылық капиталға қатысу үлестері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес банктің меншігіне өткен жағдайларда, банктер осы ұйымдардың акцияларын немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерін сатып

алған кезде банктің осындай заңды тұлғаларға қатысуы банктің меншікті капиталының он пайызынан аспауға тиіс.

Акцияларды немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін өткізу мерзімі, банк кепіл ретінде қабылдаған осы ұйымдардың акцияларын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін банктің осы Заңның 11-2-бабында айқындалған шарттармен құрылған (сатып алынған) еншілес ұйымына беру жағдайларын қоспағанда, он екі айдан аспауға тиіс.

Осы тармақта белгіленген шектеулер, банктің осы Заңның 11-2-бабында айқындалған жағдайларда құрылған (сатып алынған) еншілес ұйымын қоспағанда, банктердің еншілес ұйымдарына қолданылады.

8. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген тыйым салу:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын;

талап етілетін ең төменгі рейтингі бар облигацияларды меншікке сатып алу жағдайларына қолданылмайды. Талап етілетін ең төменгі рейтинг пен рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді;

Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған, банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымы болып табылатын арнайы қаржы компаниясының банк немесе банк холдингі мен арнайы қаржы компаниясы арасындағы секьюритилендіру мәмілесін жүзеге асыру шеңберінде шығарылған облигацияларын;

банктің немесе банк холдингінің меншікті облигацияларын және банк немесе банк холдингі міндеттемелеріне кепілдік берген осы банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымдары шығарған облигацияларды меншікке сатып алу жағдайларына қолданылмайды. Мұндай облигациялармен мәмілелер жасасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Осы бапта белгіленген шектеулер ұйымның бұдан бұрын шығарылған облигациялары бойынша міндеттемелері осы ұйымның қайта құрылымданатын міндеттемелерінің тізбесіне енгізілген жағдайда банктің, банк холдингінің бұдан бұрын сатып алған облигацияларының орнына қайта құрылымдау процесіндегі ұйымдардың облигацияларын сатып алу жағдайларына қолданылмайды.

9. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызметтен басқа банктер мынадай қызмет түрлерімен:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етілімді өткізумен;

2) ақпарат жеткізгіштің кез келген түрінде банк қызметінің мәселелері жөніндегі арнайы әдебиетті өткізумен;

3) өз мүлкін өткізумен;

4) төлем карточкалары мен чек кітапшаларын шығарумен, өткізумен және таратумен;

5) банкаралық клирингті (төлемдерді жинау, салыстырып тексеру, сұрыптау және растау, сондай-ақ олардың өзара есепке алынуын жүргізу және клирингке қатысушылардың - банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың айқын позицияларын анықтау) жүзеге асырумен;

6) электронды ақшаны шығару, өткізу, сатып алу және өтеу, сондай-ақ электрондық ақшамен операциялар жасау жөніндегі ақпаратты жинау және өңдеу бойынша қызмет көрсетумен;

7) қарыз алушылар кепілге қойған мүлікті Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен өткізумен;

8) қаржылық қызметке байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсетумен;

9) банк қызметіне байланысты мәселелер бойынша басқа тұлғалардың мүдделерін білдірумен не облигация ұстаушылардың өкілі ретінде;

10) банктік және қаржылық қызмет саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқуды ұйымдастырумен;

11) ақпараттандыру саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы болған кезде электронды цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электронды цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру жөніндегі, сондай-ақ көрсетілетін банктік қызметтерін пайдаланатын өз клиенттеріне қатысты тіркеу куәлігінің дәйекті екенін растау жөніндегі қызметпен;

12) банк пен Қазақстан Республикасының резиденттері-сақтандыру ұйымдарының және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларының арасында олардың атынан сақтандыру шарттарын және (немесе) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасасу шарты болған кезде Қазақстан Республикасының резиденттері-сақтандыру ұйымдарының атынан сақтандыру шарттарын жасасумен, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының атынан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасасумен айналысуға құқылы.

10. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген қызметтен басқа, банк холдингтері мынадай қызмет түрлерімен:

1) банк холдингімен ерекше қатынасы жоқ тұлғадан өз мұқтажы үшін иеленген мүлікті сатып алумен;

2) қаржылық қызметпен байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсетумен;

3) меншікті мүлкін банк холдингімен ерекше қатынасы жоқ тұлғаға сатумен айналысуға құқылы.

11. Банктер мен банк холдингтеріне "алтын акция" шығаруға тыйым салынады.

12. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, банктер қайталама нарықта мемлекеттік бағалы қағаздармен және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен, сондай-ақ туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелерді тек қана бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жасайды.

13. Осы баптың талаптары:

1) ислам банктерінің банк холдингтеріне;

2) көрсетілген банктің акцияларын тікелей иеленетін (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі бар) Қазақстан Республикасының резиденті банк холдингінің акцияларын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін иелену (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігінің болуы) арқылы банктің акцияларын жанама иеленетін (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі бар) банк холдингтеріне;

3) мынадай талаптардың бірін орындаған кезде:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ банк холдингі, банк холдингінің белгілеріне ие тұлға шыққан елдің қаржылық қадағалау органының көрсетілген Қазақстан Республикасының резиденттері емес-тұлғалардың шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауы болған;

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен, бірақ Қазақстан Республикасына берілген шетел валютасындағы тәуелсіз рейтингтен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органының арасында ақпарат алмасу туралы келісім болған кезде банк холдингі, банк холдингінің белгілеріне ие тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті еместерге;

4) қаржы ұйымдары болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері - банк холдингтеріне қолданылмайды.";

4) мынадай мазмұндағы 8-1-баппен толықтырылсын:

"8-1-бап. Мәмілелер жасасу кезінде банктерге қойылатын шектеулер

1. Банк:

банк конгломератына қатысушылар болып табылатын тұлғаларға берілетін банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін;

уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленетін талаптарға мөлшері мен түрі сәйкес келетін, қамтылымы бар банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін;

уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын, қаржылық жағдайының тұрақсыздық белгілері жоқ тұлғаларға берілетін банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін қоспағанда, осы Заңның 40-бабына сәйкес айқындалатын, өзімен ерекше байланыста болатын тұлғаларға банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін беруге құқылы емес.

2. Банк мынадай талаптардың біріне сәйкес келмейтін заңды тұлғаға (Қазақстан Республикасының резидентіне және резиденті емеске):

1) заңды тұлғаның жарғылық капиталға қатысу үлесінің не орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) акцияларының елу пайызынан астамына иелік ететін не осы заңды тұлғаның акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамымен дауыс беру мүмкіндігі бар немесе осындай тұлғаға бақылауды жүзеге асыратын жеке тұлға туралы ақпарат болса;

2) жиынтығында заңды тұлғаның жарғылық капиталға қатысу үлестерінің не орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) акцияларының елу пайызынан астамына иелік ететін не осы заңды тұлғаның акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамымен дауыс беру мүмкіндігі бар жеке тұлғалар туралы ақпарат болса;

3) заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы жай акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) соңғы меншік иелеріне дейін жай акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызын иеленетін заңды тұлға акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) барлық меншік иелері туралы ақпарат болса;

4) талап етілетін ең төменгі рейтингі бар, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқарушы орган не шет мемлекет бақылайтын заңды тұлға болып табылса, банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін беруге құқылы емес. Талап етілетін ең төменгі рейтинг және рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді;

5) уәкілетті орган белгілеген тізбеге кіретін халықаралық ұйым болып табылса;

6) талап етілетін ең төменгі рейтингі бар ұйым болып табылса, банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін беруге құқылы емес. Талап етілетін ең төменгі рейтинг және рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді;

7) осы тармақтың 4)–6) тармақшаларында көрсетілген, жиынтығында заңды тұлғаның жарғылық капиталға қатысу үлестерінің не орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) акцияларының елу пайызынан астамына иелік ететін не осы заңды тұлғаның акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамымен дауыс беру мүмкіндігі бар жеке және заңды тұлғалар туралы ақпарат болса;

8) инвестициялық қордың басқарушы компаниясы, сондай-ақ осы тармақтың 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген, аталған инвестициялық қордың акционерлері (пайшылары) болып табылатын және заңды тұлғаға бақылау жасауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар туралы ақпарат болса;

9) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде ашу тәртібі белгіленетін ақпараты бар заңды тұлға болып табылса, банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін беруге құқылы емес.

3. Осы баптың 2-тармағының талаптары шамасы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын мөлшерден аспайтын банктік қарыздар мен банк кепілдіктеріне қолданылмайды.

Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген барлық банктік қарыздар мен банк кепілдіктерінің жиынтық көлемі есеп айырысу тәртібін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісі айқындайтын мөлшерден аспауға тиіс.

4. Құны банктің меншікті капиталының он пайызынан асатын активтерді банктің директорлар кеңесінің осы мәмілені алдын ала бекітуінсіз банкке кепілге немесе ауыртпалықтың өзге де нысанына беруге тыйым салынады.";

5) 11-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-1-бап. Банктер мен банк холдингтерінің еншілес ұйымдары және банктер мен банк холдингтерінің капиталға қомақты қатысуы

1. Банк және банк холдингі өздеріне осы Заңның 8-бабымен берілген өкілеттіктерді жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органның алдын ала рұқсаты болған кезде ғана еншілес ұйымды құра алады немесе иелене алады.

Уәкілетті органның еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсатын алу жөніндегі талап көрсетілген ұйымның акцияларын немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерін тікелей иеленетін (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе) шарттың күшіне қарай не өзгеше түрде қабылданатын шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар) және уәкілетті органның тиісті рұқсаты бар Қазақстан Республикасының резиденті - банкінің акцияларын иелену (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе) шарттың күшіне қарай не өзгеше түрде қабылдайтын шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі болуы) арқылы осы ұйымның акцияларын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін жанама иеленетін (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе) шарттың күшіне қарай не өзгеше түрде қабылданатын шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар) банк холдингтеріне қолданылмайды.

Еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

2. Банктердің еншілес ұйымдары еншілес ұйымдарды құруға және (немесе) оларды иеленуге, сондай-ақ капиталға қомақты қатысуға құқылы емес.

Банктің еншілес ұйымына:

1) осы Заңның 8-бабының 7-тармағында белгіленген шектеулерді сақтаған кезде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес акцияларын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін кепіл ретінде қабылдаған жағдайда олар банктің меншігіне өтетін заңды тұлғалар;

2) жарғылық капиталына банктің қатысуы осы Заңның 11-2-бабында айқындалған талаптар негізінде құрылған (сатып алынған) еншілес ұйымның акцияларын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін иелену (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігінің болуы) арқылы жүзеге асырылатын заңды тұлғалар;

3) акцияларын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін осы Заңның 52-9-бабында белгіленген банктік операцияларды жүзеге асырған кезде ислам банкі сатып алған заңды тұлғалар жатпайды.

3. Банк холдингтерінің еншілес ұйымдары, Қазақстан Республикасының резиденттері - еншілес банктерді қоспағанда, еншілес ұйымдарды құруға және (немесе) оларды иеленуге құқылы емес.

4. Еншілес ұйымды құруға, сатып алуға рұқсат алуға берілген өтінішке мынадай құжаттар:

1) еншілес ұйымның құрылтай құжаттары, жарғыны бекіту туралы шешім;

2) банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйымды құру немесе оны сатып алу туралы шешімі;

3) еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттар) туралы ақпарат;

4) еншілес ұйымның ұйымдық құрылымы және үлестес тұлғалар туралы мәліметтер қоса берілуі қажет.

Банкте банк холдингі болмаған жағдайда:

осы ұйымдар қауымдастығы меморандумының немесе ережелерінің шарттарына сәйкес олардың қызметін бірлескен негізде басқаруға;

егер көрсетілген ұйымдардың атқарушы органы, басқару органы (акционерлік қоғамдар үшін), байқаушы кеңесі (жауапкершілігі шектеулі серіктестік үшін) құрамының үштен бірінен астамын сол белгілі бір тұлғалар құрайтын болса, еншілес ұйымға байланысты ұйымдар туралы ақпарат;

5) бизнес-жоспарын табыс ете отырып, еншілес ұйым қызметінің түрі немесе түрлері туралы ақпарат;

6) еншілес ұйым орналасқан елдің заңнамасын талдау негізінде Қазақстан Республикасының резиденті емес - банк конгломератына қатысушылар орналасқан елдердің заңнамасы олардың және банк конгломератының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген талаптарды орындау мүмкіндігін болғызбауына байланысты банк конгломератына шоғырландырылған қадағалауды жүргізу мүмкіндігінің болмауын көздейтін мән-жайлардың жоқ екендігі туралы ақпарат;

7) банктің және (немесе) банк холдингінің құрылатын еншілес ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесі мен сомасы, сондай-ақ ол сатып алатын акциялардың саны және акцияларға (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне) алдын ала ақы төлеу мөлшері туралы ақпарат;

8) аудиторлық ұйымның есебі және сатып алынатын еншілес ұйымның аудиторлық ұйым куәландырған қаржылық есептілігі;

9) сатып алынатын еншілес ұйымның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі;

10) сатып алынатын еншілес ұйымның жарғылық капиталының мөлшері туралы (егер мұндай ақпарат аудиторлық есепте қамтылмаса), сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе еншілес ұйымның сатып алынатын акцияларының саны туралы, еншілес ұйымды сатып алу талаптары мен тәртібі туралы ақпарат;

11) банк және (немесе) банк холдингі жарғылық капиталға қатысу үлесін немесе акцияларын сатып алу арқылы еншілес ұйымды сатып алатын заңды тұлға туралы:

заңды тұлғаның атауы мен орналасқан жерін;

банк және (немесе) банк холдингі құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылатын заңды тұлғаның жарғылық капиталына банктің және (немесе) банк холдингінің қатысу үлесінің мөлшері, оны сатып алу бағасы туралы мәліметті;

банк және (немесе) банк холдингі акционері болып табылатын заңды тұлғаның акциялар саны, оларды сатып алу бағасы, олардың орналастырылған акциялардың (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жалпы санына пайыздық арақатынасы туралы мәліметті;

заңды тұлғаның (банк және (немесе) банк холдингі құрылтайшысы, қатысушысы, акционері болған) қатысу үлесінің мөлшері, басқа заңды тұлғаның жарғылық капиталынан оны сатып алу бағасы туралы мәліметті;

банк және (немесе) банк холдингі акционері (құрылтайшысы, қатысушысы) болып табылатын заңды тұлға сатып алған акциялардың саны, сатып алу бағасы, олардың орналастырылған акциялардың (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жалпы санына пайыздық арақатынасы туралы мәліметті қамтитын деректер қоса берілуі қажет;

Бұл талаптар банк және (немесе) банк холдингі бірнеше заңды тұлғалардың жарғылық капиталға қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алу арқылы еншілес ұйымды сатып алатын жағдайларға қолданылады;

12) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің, оның ішінде еншілес ұйымның қызметіне байланысты тәуекелдерге қатысты жүйелердің бар екенін растайтын құжаттар;

13) банктің және (немесе) банк холдингінің және еншілес ұйымды құрғаннан немесе сатып алғаннан кейінгі еншілес ұйымның болжамды есеп айырысу теңгерімін

қоса алғанда, банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйымды құруының, сатып алуының қаржы салдарына жүргізілген талдау, сондай-ақ бар болса, жоспары және банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйымының активтерін сату жөніндегі немесе еншілес ұйымды басқару жөніндегі қызметіне елеулі өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстары;

14) бақылаудың туындау негізін көрсете отырып, олардың негізінде еншілес ұйымды бақылауды сатып алу көзделетін немесе бақылауды растайтын өзге де құжаттар қоса берілуі қажет.

5. Банк және (немесе) банк холдингі соңғы аяқталған екі қаржы жылының әрқайсысының қорытындылары бойынша шоғырландырылған және шоғырландырылмаған негіздерде қызметі шығынсыз болған жағдайда және уәкілетті органға рұқсат алуға өтініш берілген күннің алдындағы соңғы үш ай ішінде уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтерді сақтаған, оның ішінде шоғырландырылған негізде сақтаған жағдайда еншілес ұйымды құруға құқылы.

6. Еншілес ұйымды құруға, сатып алуға рұқсат беруден бас тартуға:

1) рұқсат алуға қажетті құжаттардың табыс етілмеуі;

2) құрылатын немесе сатып алынатын еншілес ұйым орналасқан елдің қаржы ұйымдарын шоғырландырылған қадағалау саласындағы заңнамасының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген шоғырландырылған қадағалау жөніндегі талаптарға сәйкес келмеуі;

3) еншілес ұйымның басшы қызметкерлерінің (немесе басшы қызметкерлер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсынылған кандидаттардың) осы Заңның 20-бабы 2-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларының талаптарына сай келмеуі;

4) банктің және (немесе) банк холдингінің болжанып отырған еншілес ұйымдарының болуы нәтижесінде құрамына банк және (немесе) банк холдингі кіретін банк конгломератының пруденциалдық нормативтерді сақтамауы;

5) еншілес ұйымның қызметі немесе банк және (немесе) банк холдингі жоспарлаған инвестициялар салдарынан банктің, банк холдингінің немесе банк конгломератының қаржылық жай-күйінің нашарлауы көзделетін қаржылық салдарды талдау;

6) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің, оның ішінде еншілес ұйымның қызметіне байланысты тәуекелдерге қатысты жүйелердің бар екенін растайтын табыс етілген құжаттардың уәкілетті органның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелеріне қоятын талаптарына сәйкес келмеуі;

7) еншілес ұйым орналасқан елдің заңнамасында көзделген жағдайларда еншілес ұйымның белгіленген пруденциалдық нормативтерді, сондай-ақ банктің және банк холдингінің пруденциалдық нормативтерді сақтамауы, оның ішінде шоғырландырылған негізде сақтамауы және уәкілетті органға рұқсат алуға өтініш берген күннің алдындағы соңғы үш ай ішінде және (немесе) өтінішті қарау кезеңінде басқа да сақталуға міндетті нормативтер мен лимиттерді сақтамауы;

8) өтініш берілген күнгі және құжаттарды қарау кезеңінде банкке және (немесе) банк холдингіне және сатып алынуы болжанып отырған еншілес ұйымға қатысты қолданыстағы ықпал етудің шектеулі шарасының және (немесе) санкцияның болуы;

9) банк және (немесе) банк холдингі еншілес ұйымды - Қазақстан Республикасының резиденттері - банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, жинақтаушы зейнетақы қорын құрған немесе сатып алған жағдайда, осы Заңда, Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі, зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген Қазақстан Республикасының резиденттері - банк немесе сақтандыру холдингінің, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы мәртебесін алуға қатысты талаптарды сақтамауы негіз болып табылады.

7. Уәкілетті орган өтініш берілгеннен кейін үш ай ішінде рұқсат беруге немесе рұқсат беруден бас тартуға міндетті.

Рұқсат беруден бас тартқан жағдайда уәкілетті орган өтініш берушіге бас тартудың негіздері туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

8. Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйымы құрылтай құжаттарына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

9. Қазақстан Республикасының резиденті емес - банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйымы, сондай-ақ банк және (немесе) банк холдингі жарғылық капиталына қомақты қатысатын Қазақстан Республикасының резиденті емес - ұйым уәкілетті органға жүктелген шоғырландырылған қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі функциялардың сапалы және уақтылы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тиісті сұрау салу негізінде уәкілетті органға қажетті ақпаратты ашып көрсетуге міндетті. Бұл ретте алынған мәліметтер жария болмауға тиіс.

10. Банк және (немесе) банк холдингі уәкілетті органның рұқсаты болмаған кезде басқа заңды тұлғаға бақылау жасау белгілерін иеленген жағдайда, уәкілетті орган банкке және (немесе) банк холдингіне қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды қолданады. Бұл жағдайда банк және (немесе) банк холдингі заңды тұлғаның өздеріне тиесілі акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) бақылау жасау белгілері туындаған немесе уәкілетті орган аталған бұзушылықты анықтаған кезден бастап алты ай ішінде олармен ерекше қатынасы жоқ тұлғаларға иеліктен шығаруға және уәкілетті органға растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс.

11. Банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуына уәкілетті органның алдын ала рұқсаты болғанда ғана жол беріледі.

Ұйымның капиталына қомақты қатысуға уәкілетті органның рұқсатын алу жөніндегі талап көрсетілген ұйымның акцияларын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін тікелей иеленетін (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе)

қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі бар) және уәкілетті органның тиісті рұқсаты бар Қазақстан Республикасының резиденті банкінің акцияларын иелену (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі болуы) арқылы осы ұйымның акцияларын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін жанама иеленетін (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі бар) банк холдингтеріне қолданылмайды.

Ислам банкі өндірістік және сауда қызметін қаржыландыру кезінде заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу жолымен және (немесе) әріптестік талаптары бойынша акцияларды (жарғылық капиталына қатысу үлестерін) сатып алған жағдайда, оның ұйымдар капиталына қомақты қатысуына уәкілетті орган рұқсатының болуы талап етілмейді.

Ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсатты беру уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Банк және (немесе) банк холдингі уәкілетті органның алдын ала келісімін алмастан ұйымның жарғылық капиталына қомақты қатысуды сатып алған жағдайда уәкілетті орган банкке және (немесе) банк холдингіне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды қолданады. Бұл жағдайда банк және (немесе) банк холдингі өздері капиталына қомақты қатысатын ұйымның оларға тиесілі акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) банкпен және (немесе) банк холдингімен ерекше қатынасы жоқ тұлғаларға иеліктен шығаруға және алты ай ішінде уәкілетті органға растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс.

12. Капиталға қомақты қатысуға рұқсат алуға берілетін өтініш осы баптың 4-тармағының 2), 3), 5), 6), 7), 10) және 11) тармақшаларында көзделген құжаттар қоса беріле отырып табыс етіледі.

Ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсат беруден бас тарту осы баптың 6-тармағында көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

13. Уәкілетті орган:

1) рұқсат беруге негіз болған дәйексіз мәліметтер анықталған;

2) банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйымының, сондай-ақ банк және (немесе) банк холдингі капиталына қомақты қатысатын ұйымдардың органдары шешім қабылдаған, не сот көрсетілген ұйымдардың қызметін қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен тоқтату туралы шешім қабылдаған;

3) банкте және (немесе) банк холдингінде еншілес ұйымды бақылау белгілері болмаған;

4) банк және (немесе) банк холдингі ұйымға тиесілі акцияларды (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иеліктен шығарған;

5) банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйымы, сондай-ақ банк және (немесе) банк холдингі капиталына қомақты қатысатын ұйым қызметінің осы Заңның 8-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайларда, еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, ұйымның капиталына қомақты қатысуға рұқсатты қайтарып алады.

Еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, ұйымның капиталына қомақты қатысуға рұқсат қайтарып алынған жағдайда банк және (немесе) банк холдингі көрсетілген ұйымдардағы өздеріне тиесілі акцияларды (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) алты ай ішінде осы банкпен немесе банк холдингімен ерекше қатынасы жоқ тұлғаларға иеліктен шығаруға және уәкілетті органға растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсатты қайтарып алудың тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

14. Осы баптың талаптары:

1) банктің осы Заңның 11-2-бабында айқындалған талаптар негізінде еншілес ұйымды құру (сатып алу) жағдайларына;

2) мына талаптардың бірін орындаған кезде:

банк холдингінде, банк холдингінің белгілеріне ие тұлғада тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингінің, сондай-ақ аталған тұлғалар шыққан елдің қаржылық қадағалау органының олардың шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауы болған;

банк холдингінде, банк холдингінің белгілерін иеленуші тұлғада тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен, бірақ Қазақстан Республикасына берілген шетел валютасындағы тәуелсіз рейтингтен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органының арасында ақпарат алмасу туралы келісімі болған кезде банк холдингі, банк холдингінің белгілерін иеленуші тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті еместердің еншілес немесе тәуелді ұйымдары болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті еместерге, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдарды - Қазақстан Республикасының резидент еместерін құрған немесе сатып алған кезде банк холдингі, банк холдингінің белгілерін иеленуші тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері еместерге қолданылмайды.";

б) 1-тарау мынадай мазмұндағы 11-2-баппен толықтырылсын:

"11-2-бап. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктердің еншілес ұйымдары

1. Банк уәкілетті органның алдын ала рұқсаты болған кезде ғана өзіне осы Заңның 8-бабында берілген өкілеттіктерді жүзеге асыру мақсатында бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға құқылы.

Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат берудің тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

2. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйым осы баптың 4-тармағында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыруға байланысты шығыстарды төлеу үшін жұмсалатын ақшаны қоспағанда, өз қызметінен алынған ақшаны бас банкке аударуға міндетті.

3. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйым қызметінің тәртібі, сатып алынған күмәнді және үмітсіз активтерді еншілес ұйымдардың басқару мерзімі, сондай-ақ ол сатып алатын (сатып алған) күмәнді және үмітсіз активтерге қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

4. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымы:

1) бас банктің күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтарын сатып алуға;

2) жылжымайтын мүлікті және (немесе) күмәнді және үмітсіз активтерді сатып алу бойынша кепілге салынған мүлікті өндіріп алуды айналымға жіберу нәтижесінде бас банктің меншігіне өткен аяқталмаған құрылыс объектілеріне меншік құқығын сатып алуға;

3) заңды тұлғалардың акцияларын және (немесе) жарғылық капиталдағы үлестерін сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтарын бойынша кепіл (кеңшілік жасау немесе қамтамасыз ету ақысы) ретінде қабылдаған жағдайда оларды сатып алуға;

4) мүлікті өндіріп алу нәтижесінде оның меншігіне өткен, кепіл, өзге де қамтамасыз ету ретінде болған немесе бас банктен сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша бас тарту төлемі түрінде алынған жылжымайтын мүлікті, сондай-ақ осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мүлікті жалға беруге немесе осындай мүлікті өтеусіз уақытша пайдаланудың өзге де нысанын пайдалануға;

5) сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтарының немесе өзге де активтердің сапасын жақсарту мақсатында уәкілетті органның құқықтық нормативтік актісінде белгіленген өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

5. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды құруға, сатып алуға арналған рұқсатты алуға берілетін өтінішке осы Заңның 11-1-бабы 4-тармағының 1), 2), 3), 4), 7), 9), 10), 11) және 14) тармақшаларында көзделген құжаттар мен мәліметтер, сондай-ақ:

1) еншілес ұйымға берілуге жататын (берілген) күмәнді және үмітсіз активтер туралы ақпарат;

2) еншілес ұйымды сатып алған жағдайда тиісті өтініш берудің алдындағы соңғы аяқталған тоқсан үшін еншілес ұйымның қаржылық есептілігі;

3) оларға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын күмәнді және үмітсіз активтердің сапасын жақсарту бойынша бизнес-жоспар мен іс-шаралар жоспары қоса беріледі.

6. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды құруға, сатып алуға рұқсат беруден бас тартуға:

1) осы Заңның 11-1-бабы 6-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер;

2) еншілес ұйымға берілетін күмәнді және үмітсіз активтердің осы баптың 4-тармағының талаптарына және (немесе) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес келмеуі негіз болады.

7. Банктік қарыз шарттары бойынша бас банкте берген талап ету құқықтары бойынша бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктердің еншілес ұйымдары банктік қарыз операциялары жөніндегі кредиторлар (қарыз берушілер) болып танылады және талап ету құқығын бас банк еншілес ұйымның пайдасына берген банк қарызы шартында белгіленген бас банктің барлық құқықтарына және міндеттеріне ие болады.

8. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйым бас банк берген күмәнді және үмітсіз активтерді басқару мерзімі аяқталғанға дейін осы активтерді өткізуге міндетті. Осы активтерді өткізбеген жағдайда олар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен бас банкке қайтарып берілуге тиіс.

9. Күмәнді және үмітсіз активтерді еншілес ұйымның басқару мерзімі аяқталғаннан кейін үш ай ішінде уәкілетті орган берілген рұқсатты қайтарып алады.

Рұқсатты қайтарып алған жағдайда осы Заңның 11-1-бабының 13-тармағының екінші бөлігінде көзделген салдар басталады.";

7) 16-бапта:

1-тармақтағы "2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында" деген сөздер "2-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банктің акциялары орналастырылған кезде ақы тек қана ақшамен төленуге тиіс. Осы талап мынадай:

1) банктің акцияларын банк кредиторлары арасында орналастырған және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларда банк қайта құрылымдау жүргізген кезде банктің тиісті кредитор алдындағы ақшалай міндеттемесі жөніндегі кез келген құқығын (талабын) есепке жатқызу арқылы оларды төлеген;

2) банктің акцияларына айырбасталатын эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі негізінде бағалы қағаздарды банктің акцияларына айырбастаған;

3) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын қайта ұйымдастыру кезінде банктің акцияларын төлеген жағдайларда банктерге қолданылмайды.

Осы тармақта көзделген жағдайларда банк акцияларын орналастырған кезде бағалау жүргізу талап етілмейді.";

8) 17-1-бапта:

1-тармақтың бірінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бірде-бір тұлға уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмастан дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп банктің орналастырылған акцияларының (артықшылықты және банк сатып алған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иелене, пайдалана және (немесе) оған билік ете алмайды, сондай-ақ банктің орналастырылған акцияларының (артықшылықты және банк сатып алған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп пайызы мөлшерінде банк қабылдайтын шешімді бақылау немесе оған ықпал ету мүмкіндігіне ие бола алмайды. Бұл талап мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларға қолданылмайды.";

"Банктің ірі қатысушылары - жеке тұлғалар банктің акцияларын өзіне меншік құқығымен тиесілі мүліктің құнынан аспайтын мөлшерде төлейді. Бұл ретте мүліктің құны банктің бұрын сатып алған және сатып алатын акцияларының жиынтық құнынан кем болмауға тиіс.";

мынадай мазмұндағы 1-1 және 2-1-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Өзі орналасқан елдің шоғырландырылған қадағалауына жататын Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымы ғана банктің орналастырылған акцияларының (артықшылықты және банк сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес немесе одан көп пайызын тікелей иеленетін немесе банктің дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызымен тікелей немесе жанама дауыс беру мүмкіндігі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес - банк холдингі бола алады.";

"2-1. Мыналарды:

мемлекетті немесе ұлттық басқарушы холдингті;

банк холдингін;

жанама иелену банк холдингі арқылы жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, өзге қаржы ұйымының орналастырылған немесе дауыс беретін акцияларының (артықшылықты және банк сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бестен кем пайызын тікелей немесе жанама иеленетін банктің ірі қатысушысы - жеке тұлғаны қоспағанда, бірде-бір тұлға банктің орналастырылған (артықшылықты және банк сатып алған акциялары шегеріле отырып) немесе дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын дербес немесе басқа тұлғалармен бірлесіп тікелей немесе жанама иелене алмайды.

Банк холдингін немесе банктің ірі қатысушысы мәртебесін иелену жөніндегі талаптар көрсетілген банктің ірі қатысушысы (банк холдингі) мәртебесі бар басқа қаржы ұйымының акцияларын иелену (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай не өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігінің болуы) арқылы банктің акцияларын жанама иеленуші (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай не өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі бар) деп танылатын тұлғаға қолданылмайды.

Банк холдингі немесе банктің ірі қатысушысы мәртебесін иелену жөніндегі талаптар өзі орналасқан елінде шоғырландырылған қадағалауға жататын және көрсетілген банктің ірі қатысушысы (банк холдингі) мәртебесі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес басқа қаржы ұйымының акцияларын иелену (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай не өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі болуы) арқылы банктің акцияларын жанама иеленуші (дауыс беру, шешімді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай не өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі бар) Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаға қолданылмайды.";

4-тармақтың 1) және 3-3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, акцияларды сатып алуға жұмсалатын ақша көздері мен қаражаттың сипаттамасын қоса алғанда, банктің акцияларын, оның ішінде бұрын сатып алынғандарын сатып алу шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді ұсынады.

Мыналар:

кәсіпкерлік, еңбек қызметінен немесе басқа да ақысы төленетін қызметтен алынған кірістер;

өтініш берушінің құжатпен расталған жинақталған ақша қаражаты банктің акцияларын сатып алу үшін пайдаланылатын көздер болып табылады.

Сыйға тарту, ұтыс, өтеусіз алынған мүлікті сатудан түскен кіріс түрінде алынған, банктің сатып алынатын акциялары құнының жиырма бес пайызынан аспайтын мөлшердегі ақша банктің акцияларын сатып алу үшін осы тармақшаның екінші бөлігінде көрсетілген көздерге қосымша пайдаланылуы мүмкін.

Өтініш беруші сыйға тарту түрінде алынған мүлік есебінен банктің акцияларын сатып алған кезде сыйға тартушы және көрсетілген мүліктің сыйға тартушыда пайда болу көздері туралы мәліметтерді ұсынады;"

"3-3) табыстары мен мүлкі туралы мәліметтерді, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысанға сәйкес өтініш берушінің барлық міндеттемелері бойынша орын алған берешектер туралы ақпаратты;"

5-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) заңды тұлға акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызына (дербес немесе басқа тұлғалармен бірлесіп) иелік ететін,

сондай-ақ шарттың күшіне қарай не өзгеше түрде осы заңды тұлғаның шешімдерін айқындау немесе оларды бақылау мүмкіндігі бар тұлғалар туралы мәліметтерді және растайтын құжаттарды;

1-2) өтініш берушінің үлестес тұлғаларының тізімін;"

6-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы баптың 4-тармағының 1), 2), 3) және 3-1) тармақшаларында және 5-тармағының 1), 1-1), 1-2), 2-1), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;"

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымы банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін осы тармақта көрсетілген құжаттарға қосымша өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының өтініш берушінің сол елдің заңнамасы шеңберінде қаржы қызметін жүзеге асыруға уәкілетті екендігін білдіретін жазбаша растауын, не өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының мұндай шешім осы елдің заңнамасы бойынша талап етілмейтіні туралы өтінішін ұсынады.";

7-тармақта:

бірінші абзацтағы "Банктің ірі қатысушысы" деген сөздер "Банк холдингі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымының шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауын;

1-2) өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымының банк холдингі мәртебесін иеленуге жазбаша рұқсатын (келісімін) не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының көрсетілген мемлекеттің заңнамасы бойынша осындай рұқсат (келісім) талап етілмейтіні туралы өтінішін;"

7-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1. Орналастырылған акциялардың (артықшылықты және банк сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес немесе одан көп пайызына иелік ету үлесі бар банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленгісі келетін жеке тұлғалар, сондай-ақ банк холдингі мәртебесін иеленгісі келетін заңды тұлғалар осы бапта көрсетілген құжаттар мен мәліметтерге қосымша таяу бес жылға арналған бизнес-жоспарды ұсынады, оған қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді.";

8-тармақтың 5) тармақшасындағы "табылатын тұлғалар бірлесіп банктің ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалар деп танылады" деген сөздер "табылатын

тұлғалар;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) олардың бірі екінші тұлғаға оның сыйға берген ақшасы немесе өтеусіз алған мүлкі есебінен банктің акцияларын сатып алуға мүмкіндік жасаған тұлғалар бірлесіп банктің ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалар деп танылады.";

9-тармақта:

бірінші абзац "банктің ірі қатысушысы" деген сөздерден кейін "немесе банк холдингі" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзац "банктің ірі қатысушысы" деген сөздерден кейін "немесе банк холдингі" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы, жетінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі мәртебесін иелену жөніндегі мәміледе тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлға (оның ірі қатысушысы (ірі акционері) сатып алушы тарап болып табылатын жағдайлар;

өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген банктің ірі қатысушыларына және банк холдингтеріне қойылатын өзге де талаптарды сақтамауы;"

сегізінші абзац "банктің ірі қатысушысы" деген сөздерден кейін "немесе банк холдингі" деген сөздермен толықтырылсын;

он үшінші абзацтағы "табылатын жағдайлар негіз болып табылады." деген сөздер "табылатын жағдайлар;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он төртінші және он бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"өтініш беруші заңды тұлға орналасқан елдің қаржы ұйымдарын шоғырландырылған қадағалау саласындағы заңнамасының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген шоғырландырылған қадағалау жөніндегі талаптарға сәйкес келмеуі;

Қазақстан Республикасының резиденті емес - қаржы ұйымдары болып табылатын заңды тұлғалар - ірі қатысушылар және банк холдингтері бойынша, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган мен өтініш беруші резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органдарының арасында ақпарат алмасуды көздейтін келісімнің болмауы негіз болып табылады.";

10-тармақтың төртінші абзацы "аяқталған" деген сөзден кейін "әрбір" деген сөзбен толықтырылсын;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Тұлға уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз банктің ірі қатысушысы не банк холдингі белгілерін иеленген жағдайда, уәкілетті орган осы тұлғаға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды, сондай-ақ алты айдан

аспайтын мерзімде банктің акцияларын өткізу жөніндегі талаптар тұрғысынан осы Заңның 47-1-бабында көзделген мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.";

12-тармақта:

бірінші бөлік "айқындалған" деген сөзден кейін "шарттарда және" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің үшінші абзацындағы "осы Заңда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-1-тармақта:

4) тармақшада:

"банктің ірі қатысушылары" деген сөздерден кейін ", банк холдингтері" деген сөздермен толықтырылсын;

"әрекет ететін банктің дауыс беруші" деген сөздер "әрекет ететін және банктің орналастырылған (артықшылықты және банк сатып алған акциялары шегеріле отырып) немесе дауыс беретін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қоғамға" деген сөз "банкке" деген сөзбен ауыстырылсын;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Осы баптың талаптарына сәйкес банк холдингі немесе банктің ірі қатысушысы мәртебесін иелену үшін берілген өтініш бойынша шешімді уәкілетті орган өтініш берілгеннен кейін үш ай ішінде қабылдауға тиіс.

Уәкілетті орган өтініш берушіні өз шешімінің нәтижелері туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті, бұл ретте тиісті мәртебені иеленуге келісім беруден бас тартылған жағдайда жазбаша хабарламада бас тарту негіздері көрсетіледі.";

15-тармақта:

"осы Заңның" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қолданылатын тұлға" деген сөздерден кейін "алты ай ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Осы бапқа сәйкес берілген келісім қайтарып алынған тұлға банктің акцияларын үшінші тұлғаға сенімгерлік басқаруға беруге құқылы емес.

Уәкілетті орган тиісті келісімді қайтарып алу туралы өздеріне қатысты шешім қабылдаған тұлғалар осы тармақтың талаптарын орындамаған жағдайда, осы тұлғалардың уәкілетті органның талаптарын орындауы үшін уәкілетті орган сотқа жүгінуге құқылы.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Егер тұлға уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмастан банк холдингі, банктің ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келген болса, ол банктің

басшылығына немесе саясатына ықпал етуге бағытталған ешқандай әрекеттер жасауға және (немесе) осы баптың ережелеріне сәйкес уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алғанға дейін осындай акциялар бойынша дауыс беруге құқылы емес.

Көрсетілген жағдайда банк холдингі, банктің ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетін тұлға оның банк холдингі, банктің ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетіні өзіне белгілі болған кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

Егер осы тұлға акцияларды көрсетілген мерзімде иеліктен шығарғысы келмесе ғана оның банк холдингі, банктің ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетіні оған белгілі болған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға тиісті мәртебені иелену туралы өтініш табыс етіледі. Акцияларды иеліктен шығару туралы шешім қабылдау туралы ақпарат осындай шешім қабылданған күннен бастап дереу уәкілетті органға ұсынылады.";

18-тармақта:

бірінші бөліктегі "отыз күн мерзімде" деген сөздер "күнтізбелік отыз күн ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

"акциялары санының" деген сөздер "акцияларының саны (пайыздық немесе абсолюттік мәнінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"проценттік арақатынасы" деген сөздер "қатысты" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Банктің ірі қатысушылары - жеке тұлғалар банктің акцияларын сатып алу үшін пайдаланатын қаражат көздері осы баптың 4-тармағының 1) тармақшасында айқындалған.";

үшінші бөліктегі "бір" деген сөз "екі" деген сөзбен ауыстырылсын;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Банк және банк холдингі өздерінің барлық ірі қатысушыларының немесе банк холдингтерінің (банк үшін) оларға тиесілі орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) немесе банктің немесе банк холдингінің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің санын, сондай-ақ олардың пайыздық арақатынасын көрсете отырып, тізімін есепті тоқсаннан кейінгі айдың онынан кешіктірмей уәкілетті органға тоқсан сайын табыс етіп отыруға міндетті."

9) 17-2-бапта:

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Қазақстан Республикасының Үкіметі не ұлттық басқарушы холдинг банктің жарияланған акцияларын сатып алған кезден бастап осы банктің еншілес ұйымдарына қатысты шешімдерді банктің директорлар кеңесі қабылдайды.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Банктің пруденциалдық нормативтерді және (немесе) сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді орындауына алып келген, оның қаржылық жай-күйі жақсарған жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі банктің осы бапқа сәйкес сатып алынған акцияларын тікелей атаулы сату жолымен не қор биржасында сауда-саттық жолымен өткізу жөнінде шаралар қолданады.

Банктің осы бапқа сәйкес сатып алынған акцияларын өткізу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.";

10) 18-баптың 1-тармағындағы "Негізгі рейтинг" деген сөздер "Рейтинг" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 20-бапта:

тақырыбы "Банктің" деген сөзден кейін "және банк холдингінің" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1 тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Банк қаржы жылы аяқталған соң уәкілетті органға күнтізбелік жүз жиырма күн ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша банктің қаржы жылы ішінде банктің барлық басшы қызметкерлеріне төлеген кірістері туралы мәліметтерді қамтитын есептілікті ұсынуға міндетті.

Банктің басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақы есептеу, сондай-ақ оларға материалдық көтермелеудің басқа түрлерін төлеу бойынша банктің ішкі саясатына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Банктің ірі қатысушысы банк басқармасының бірінші басшысы лауазымына тағайындала (сайлана) алмайды.

Басқарма мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс.

Банктің еншілес ұйымының басқару органының немесе банк капиталына қомақты қатысатын ұйымның құрамына кіретін банктің атқарушы органы мүшелерінің саны, ұлттық басқару холдингі бас ұйым болып табылатын банктің атқарушы органының мүшелерін қоспағанда, банктің еншілес ұйымының басқару органы немесе банк капиталына қомақты қатысатын ұйым мүшелерінің жалпы санының үштен бір бөлігінен аспауға тиіс.";

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бас банктің атқарушы органының мүшесі болып табылатын директорлар кеңесінің бірінші басшысы немесе мүшесі, банк басқармасының бірінші басшысы, бас бухгалтері лауазымдарына кандидаттар үшін – кемінде үш жыл;"

9-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банктің басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісімді уәкілетті органның қайтарып алуы осы басшы қызметкерге өзге қаржы ұйымдарында бұдан бұрын берілген келісімді (келісімдерді) қайтарып алуға негіз болады.";

мынадай мазмұндағы 12 және 13-тармақтармен толықтырылсын:

"12. Басқару органдарының, атқарушы органның бірінші басшысы мен мүшелері, бас бухгалтері, еншілес ұйымдар мен банк холдингіне қомақты қатысатын ұйымдардың қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын банк холдингінің өзге де басшылары банк холдингінің басшы қызметкерлері ретінде танылады.

13. Осы баптың талаптары Қазақстан Республикасының резиденттері емес банк холдингтерінің басшы қызметкерлерін қоспағанда, мынадай талаптардың бірі орындалған кезде:

банк холдингінде тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ банк холдингі шыққан елдің қаржылық қадағалау органының оның шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауы болған;

банк холдингінде тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен, бірақ Қазақстан Республикасына шетел валютасында берілген тәуелсіз рейтингтен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу жөніндегі келісім болған кезде банк холдингтерінің басшы қызметкерлеріне қолданылады.";

12) 27-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) құрамына банк кіретін банк конгломераты белгіленген пруденциалдық нормативтерді және басқа да сақталуы міндетті нормалар мен лимиттерді өтініш берілгенге дейінгі алты ай кезеңінде сақтамаған;"

13) 28-баптың 2-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Құрылтай құжаттарына енгізілетін, әділет органдарында қайта тіркелуді қажет ететін өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік тіркегеннен кейін банк тіркеген әділет органының белгісі және мөрі бар құрылтай құжаттарына өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін олар қайта тіркелген күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Құрылтай құжаттарына қайта тіркелуді қажет етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, банк әділет органының банктің хатын қабылдап алғандығы туралы белгісі соғылған күннен бастап банк күнтізбелік он төрт күн ішінде банктің осы хатының көшірмесін, сондай-ақ құрылтай құжаттарына өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін уәкілетті органға ұсынуға міндетті.";

14) 29-бапта:

6-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы "сондай-ақ" деген сөз алып тасталсын;

2) тармақшадағы "және филиал туралы ережеде" деген сөздер "немесе филиал туралы ережеге" деген сөздермен, "бөлігіндегі қосымшалардың әділет органдарында

тіркелген күнінің" деген сөздер "бөлігінде толықтырулар енгізу туралы банктің хатын қабылдап алғандығы туралы әділет органының белгісі соғылған күннің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "және филиал туралы ережеде" деген сөздер "немесе филиал туралы ережеге" деген сөздермен, "бөлігіндегі қосымшалардың әділет органдарында тіркелген күнінің" деген сөздер "бөлігінде толықтырулар енгізу туралы банктің хатын қабылдап алғандығы туралы әділет органының белгісі соғылған күннің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "тексеру" деген сөз алып тасталсын;

8 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Филиал, өкілдік туралы ережеге әділет органдарында есептік қайта тіркелуді қажет ететін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде Қазақстан Республикасының резидент банкі әділет органдарында есептік қайта тіркелген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға:

1) филиал, өкілдік туралы ережеге енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін;

2) филиалдың, өкілдіктің есептік қайта тіркелгендігі туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.

Филиал, өкілдік туралы ережеге әділет органдарында есептік тіркеуді қажет етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде Қазақстан Республикасының резидент-банкі әділет органының банктің хатын қабылдап алғандығы туралы белгісі соғылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде көрсетілген хаттың көшірмесін, филиал, өкілдік туралы ережеге өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмелерін уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Филиалдың орналасқан жері өзгерген жағдайда, банк филиалдың үй-жайының уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сай келетінін растайтын қорытынды мен актінің нотариат куәландырған көшірмелерін уәкілетті органға қосымша табыс етеді.";

"13. Қазақстан Республикасының резиденті емес банктің өкілдігі әділет органдарында есептік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органды осы құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса бере отырып, өкілдік туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген туралы хабардар етуге міндетті.

Өкілдік туралы ережеге қайта тіркелуді қажет етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, Қазақстан Республикасының резиденті емес банктің өкілдігі әділет органының Қазақстан Республикасының резиденті емес банк өкілдігінің хатын қабылдап алғандығы туралы белгісі соғылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының резиденті емес банк өкілдігінің көрсетілген

хатының көшірмесін, өкілдік туралы ережеге өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмелерін уәкілетті органға ұсынуға міндетті.";

15-тармақтағы "талап етуге құқылы" деген сөздер "талап етеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 30-бапта:

2-тармақтың 8) тармақшасындағы ", номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокерге және (немесе) дилерге" деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы баптың 2-тармағында көзделген банк операцияларының бір немесе бірнеше түрлерін жүргізуді банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым мынадай:

1) осындай ұйымның қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде көрсетілген операцияларды лицензиясыз жүзеге асыру мүмкіндігі көзделген;

2) осы баптың 2-тармағының 8) тармақшасында көзделген банк операцияларын бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктердің еншілес ұйымдары, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйым лицензиясыз жүзеге асыра алатын жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның лицензиясы болғанда жүзеге асырады.";

6-1-тармақтың бірінші бөлігіндегі ", брокер және (немесе) дилер номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен" деген сөздер алып тасталсын;

13-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бас банкі не тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленетін рейтингтік агенттіктердің бірінің талап етілетін ең төменгі рейтингі бар банк холдингі не ірі қатысушысы - жеке тұлғасы жоқ банктер (орналастырылған акцияларының елу пайызынан астамы мемлекетке және (немесе) ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама тиесілі банктерді қоспағанда) осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген банк операцияларын жүргізуге құқылы емес." ;

16) 31-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "банктердің" деген сөзден кейін ", банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 34-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банкпен, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен жасалған банк қарызы, лизинг, факторинг, форфейтинг операцияларын жүзеге асыру, вексельдерді есепке алу, кепілдіктер, кепілдемелер, аккредитивтер шығару шарттары туралы ақпарат Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік

тарихты қалыптастыру туралы заңнамасында айқындалған шарттарда мемлекет қатысатын кредиттік бюроға міндетті түрде беруге жатады.";

18) 35-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Клиент кредитті өтеу қабілеті жоғары және сенімді болған жағдайда, банк қамтылымсыз кредит (бланктік кредит) беру туралы шешім қабылдауға құқылы. Қамтылымсыз кредит (бланкілік кредит) беру критерийлері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.";

19) 40-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

екінші абзацта:

"клиенттермен" деген сөз "тұлғалармен" деген сөзбен ауыстырылсын;

"адамдар болып табылмайтын" деген сөздер "емес" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "клиенттерден" деген сөз "тұлғалардан" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігінің в) тармақшасы "ірі қатысушысы" деген сөздерден кейін "не лауазымды адамдары" деген сөздермен толықтырылсын;

3-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Банк қандай да бір тұлғамен:

банкпен ерекше қатынаста болатын тұлға алдындағы міндеттемелер төлеміне;

банкпен ерекше қатынаста болатын тұлғадан қандай да бір мүлікті сатып алуға;

банкпен ерекше қатынаста болатын тұлғаның айналысқа шығарған бағалы қағаздарын сатып алуға әкеп соғатын мәмілені жасаса алмайды.";

7-тармақта:

төртінші абзац "немесе өзінің жұбайының (зайыбының)" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзацтағы "туыстарының бірі" деген сөздерден кейін ", оның жұбайы (зайыбы)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9, 10, 11 және 12-тармақтармен толықтырылсын.:

"9. Банктің директорлар кеңесі банктің орналастырылған акцияларының (артықшылықты және банк сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес немесе одан көп пайызын иеленетін банктің ірі қатысушысы жеке тұлға немесе банк холдингі осы Заңның 17-1-бабында белгіленген тиісті мәртебені иелену аясында ұсынған бизнес-жоспарды қарайды.

Банктің ірі қатысушысының (банк холдингінің) бизнес-жоспарын банктің директорлар кеңесі қарауының нәтижелері туралы банк уәкілетті органды банктің ірі қатысушысының (банк холдингінің) бизнес-жоспарын банктің даму стратегиясына (даму жоспарына) енгізу не енгізбеу туралы тиісті шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

Банктің директорлар кеңесі банктің даму стратегиясының (даму жоспарының) сақталуын қамтамасыз етеді.

10. Осы баптың талаптары банк холдингтеріне және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылады.

Банк конгломератымен ерекше қатынаста болатын тұлғалардың тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

11. Осы баптың 1, 2 және 3-1-тармақтарының талаптары осы Заңның 11-2-бабында айқындалған жағдайларда құрылған (сатып алынған) еншілес ұйым мен бас банк арасында жасалатын мәмілелерге қолданылмайды.

12. Осы баптың талаптары мынадай шарттардың бірі орындалған:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ банк холдингі, банк холдингінің белгілеріне ие тұлға шыққан елдің қаржылық қадағалау органының көрсетілген Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауы болған;

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен, бірақ Қазақстан Республикасына шетел валютасында берілген тәуелсіз рейтингтен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу жөніндегі келісім болған кезде банк холдингі, банк холдингінің белгілеріне ие тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері еместерге қолданылмайды.";

20) 3-тарау мынадай мазмұндағы 40-5-баппен толықтырылсын:

"40-5-бап. Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесі

1. Банктер тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастырады, ол:

1) банктің директорлар кеңесінің, басқармасының, бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі өкілеттіктері мен функционалдық міндеттерін, олардың жауапкершілігін;

2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі ішкі саясат пен рәсімдерді;

3) банк операцияларының жекелеген түрлері бойынша тәуекелдердің жол берілетін мөлшеріне арналған лимиттерді;

4) банк органдарына тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі есептілікті ұсынудың ішкі рәсімдерін;

5) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалаудың ішкі критерийлерін қамтуға тиіс.

Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

2. Банк конгломератының уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сай келетін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесі болуға тиіс.

Банк конгломератының бас ұйымы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптардың сақталуын шоғырландырылған негізде қамтамасыз етеді.

Банк конгломератының бас ұйымы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптарды банк конгломераты қатысушыларының сақтауы үшін жауаптылықта болады.

21) 42-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"банктің меншікті капиталының ең төменгі мөлшері,";

төртінші бөліктегі "және (немесе) банк акцияларының жиырма бес пайызынан астамын иеленетін банктің ірі қатысушылары - жеке тұлғаларды" деген сөздер "және (немесе) банктің ірі қатысушыларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

"Банк" деген сөзден кейін ", банк конгломераты" деген сөздермен толықтырылсын;

"банк" деген сөзден кейін ", банк холдингі" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Банк холдингтері, сондай-ақ банктің ірі қатысушылары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген банктің және банк конгломератының меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерін қолдау жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

Банктің немесе банк конгломератының қаржылық жай-күйі нашарлаған жағдайда, банк холдингі, банктің ірі қатысушысы уәкілетті органның талабы бойынша банктің немесе банк конгломератының қаржылық жай-күйін жақсарту, оның ішінде банктің немесе банк конгломератының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерде банктің және банк конгломератының меншікті капиталын ұлғайту жөнінде шаралар қолдануға міндетті.";

22) 44 және 45-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"44-бап. Банктердің, банк холдингтерінің және банк конгломератына қатысушылардың қызметін тексеру

1. Банктердің, банк холдингтерінің және банк конгломератына қатысушылардың қызметін тексеруді уәкілетті орган дербес не басқа мемлекеттік органдарды және (немесе) ұйымдарды тарта отырып жүргізеді.

Уәкілетті орган банктердің қызметіне тексеру жүргізген кезде банктердің үлестес тұлғаларының қызметін тек қана олардың банктердің қызметіне ықпал ету дәрежесі мен сипатын айқындау мақсатында тексеруге құқылы.

2. Банктер, банк холдингтері, банк конгломератына қатысушылар, сондай-ақ олардың үлестес тұлғалары уәкілетті органның тексеру жөніндегі тапсырмасында көрсетілген мәселелер бойынша тексеруші органға жәрдем көрсетуге, сондай-ақ кез келген лауазымды адамдар мен қызметкерлерге сауал қою мүмкіндігін және тексеруді

орындау үшін қажетті кез келген ақпарат көздеріне қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Уәкілетті органның қызметкерлеріне банктердің, банк холдингтерінің және банк конгломератына қатысушылардың қызметін тексеру барысында алынған мәліметтерді жария етуіне не үшінші тұлғаларға беруіне тыйым салынады.

4. Тексеруді жүзеге асырушы адамдар банктердің, банк холдингтерінің, банк конгломератына қатысушылардың қызметін тексеру барысында алынған және банктік не коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді жария еткені үшін жауаптылықта болады.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының талаптары мына талаптардың бірі орындалған:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ банк холдингі, банк холдингі белгілеріне ие тұлға шыққан елдің қаржылық қадағалау органының көрсетілген Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауы болған;

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен, бірақ Қазақстан Республикасына шетел валютасында берілген тәуелсіз рейтингтен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу жөнінде келісім болған кезде банк холдингі, банк холдингі белгілеріне ие тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қолданылмайды.

45-бап. Ертерек ден қою шаралары

1. Уәкілетті орган банктердің депозиторлары мен кредиторларының заңды мүдделерін қорғау, банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, оның қаржылық жай-күйінің нашарлауына және банк қызметімен байланысты тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу мақсатында банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін мынадай факторларды:

1) меншікті капиталының жеткіліктігі коэффициенттерінің төмендеуін;

2) өтімділік коэффициенттерінің төмендеуін;

3) жеке және заңды тұлғалардың банк міндеттемелері сомасында тартылған салымдары үлесінің төмендеуін;

4) негізгі борышы және пайыздық сыйақысы бойынша мерзімін кешіктіру уақыты күнтізбелік тоқсан күннен асатын банктің несие портфелінің жалпы көлеміндегі қарыздардың ұлғаюын;

5) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін өзге де факторларды анықтау үшін банктердің қызметіне талдау жасауды жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган банк конгломератының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, оның қаржылық жай-күйінің нашарлауына және банк конгломератының қызметімен байланысты тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу мақсатында, банк конгломератының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін мынадай факторларды:

1) банк конгломератының меншікті капиталының жеткіліктігі коэффициентінің төмендеуін;

2) бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары мөлшері коэффициентінің ұлғаюын;

3) банк конгломератына қатысушылар болып табылатын қаржы ұйымдарына қатысты ертерек ден қою шараларының қолданылуын;

4) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, банк конгломератының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін өзге де факторларды анықтау үшін банк конгломератының қызметіне талдау жасауды жүзеге асырады.

3. Банктің қаржылық жағдайына талдау жасаудың нәтижесінде және (немесе) оны тексеру қорытындылары бойынша осы баптың 1-тармағында көрсетілген факторлар анықталған жағдайда уәкілетті орган банкке және (немесе) оның акционерлеріне банктің қаржылық тұрақтылығын арттыру, оның қаржылық жай-күйінің нашарлауына және банк қызметімен байланысты тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу жөніндегі ертерек ден қою шаралары көзделетін іс-шаралар жоспарын ұсыну жөнінде жазбаша нысанда талап жібереді.

Банк және (немесе) оның акционерлері көрсетілген талапты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде іс-шаралар жоспарын әрбір тармақ бойынша атқарылу мерзімдері мен жауапты лауазымды адамдарды көрсете отырып әзірлеуге және уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын мақұлдаған жағдайда, банк және (немесе) оның акционерлері жоспарда белгіленген мерзімдерде оның орындалу нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ете отырып, жоспарды іске асыруға кіріседі.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын мақұлдамаған жағдайда, талап ету арқылы банкке және (немесе) оның акционерлеріне төменде санамаланған ертерек ден қою шараларының бірін немесе бірнешеуін:

1) банктің ұйымдық құрылымын және (немесе) штат санын өзгертуді;

2) депозиттер қабылдауды шектеуді;

3) уәкілетті орган белгілеген мерзімде дивидендтерді есептеуді және (немесе) төлеуді тоқтатуды;

4) банк провизияларын ұлғайтуды;

5) банктің басшы немесе өзге де қызметкерлерін лауазымынан шеттетуді;

6) тәуекел дәрежесі жоғары банк операцияларының жекелеген түрлерін тоқтата тұруды немесе шектеуді;

7) банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде, оның ішінде оның жарғылық капиталын ұлғайту жолымен банктің меншікті капиталын ұлғайтуды;

8) банктің активтерін және (немесе) міндеттемелерін қайта құрылымдауды;

9) әкімшілік шығыстарды қысқартуды, оның ішінде қызметкерлерді қосымша жалдауды тоқтату немесе шектеу, оның жекелеген филиалдары мен өкілдіктерін, еншілес ұйымдарын жабу арқылы қысқартуды қолданады.

4. Банк конгломератының қаржылық жағдайына талдау жасау нәтижесінде және (немесе) банк холдингін не банк конгломератының қатысушыларын тексеру қорытындылары бойынша осы баптың 2-тармағында көрсетілген факторлар анықталған жағдайда, уәкілетті орган банк холдингіне және (немесе) оның ірі қатысушыларына банк конгломератының қаржылық тұрақтылығын арттыру, оның қаржылық жай-күйінің нашарлауына және банк конгломератының қызметімен байланысты тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу бойынша ертерек ден қою шаралары көзделетін іс-шаралар жоспарын ұсыну жөнінде жазбаша нысанда талап жібереді.

Банк холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары көрсетілген талапты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде іс-шаралар жоспарын әрбір тармақ бойынша атқарылу мерзімдері мен жауапты лауазымды адамдарды көрсете отырып әзірлеуге және уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын мақұлдаған жағдайда, банк холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары жоспарда белгіленген мерзімдерде оның орындалу нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ете отырып, жоспарды іске асыруға кіріседі.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын мақұлдамаған жағдайда, талап ету арқылы банк холдингіне және (немесе) оның ірі қатысушыларына төменде санамаланған ертерек ден қою шараларының бірін немесе бірнешеуін:

1) банк конгломератының қатысушыларының өз акционерлерінің (қатысушыларының) арасында жай акциялар бойынша дивидендтерді есептеуін және (немесе) төлеуін (таза кірісті бөлуін) тиісінше уәкілетті орган белгілеген мерзімге тоқтатуды;

2) басшы немесе өзге де қызметкерлерін лауазымнан шеттетуді;

3) банк конгломератының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде, оның ішінде банк конгломератының жарғылық капиталын ұлғайту жолымен оның меншікті капиталын ұлғайтуды;

4) банк конгломератының активтерін қайта құрылымдауды;

5) әкімшілік шығыстарды қысқартуды, оның ішінде қызметкерлерді қосымша жалдауды тоқтату немесе шектеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тысқары жерлерде де еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу үлесін азайту арқылы қысқартуды;

6) банк холдингін және банк конгломератының қатысушыларын тәуекелге ұшырататын операцияларды (тікелей және жанама) тоқтата тұруды қолданады.

5. Банктің (банк конгломератының) қаржылық тұрақтылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспары осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленген мерзімдерде ұсынылмаған немесе осы жоспардың іс-шаралары уақтылы орындалмаған, сондай-ақ ертерек ден қою шаралары уәкілетті органның талаптарына сәйкес орындалмаған немесе уақтылы орындалмаған жағдайда банкке (банк холдингіне) және (немесе) оның акционерлеріне (ірі қатысушыларына) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ықпал етудің шектеулі шаралары және (немесе) санкциялар, сондай-ақ мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

6. Ертерек ден қою шараларын қолдану тәртібі және банктің (банк конгломератының) қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

7. Осы баптың талаптары мынадай шарттардың бірі орындалған:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингінің, сондай-ақ банк холдингі, банк холдингі белгілерін иеленуші тұлға шыққан елдің қаржылық қадағалау органының аталған Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғалардың шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауы болған;

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен, бірақ Қазақстан Республикасына шетел валютасында берілген тәуелсіз рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингінің, сондай-ақ уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу жөнінде келісім болған кезде банк холдингі, банк холдингінің белгілерін иеленуші тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері еместерге қолданылмайды.";

23) 46-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "Уәкілетті органның пруденциалдық қалыптарының және сақталуға міндетті басқа да нормалары мен лимиттерінің бұзылғанын, нормативтік құқықтық құжаттарының бұзылғанын" деген сөздер "Пруденциалдық қалыптардың және сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылғанын" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) тармақшасындағы "ескерту" деген сөз "жазбаша ескерту" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "кемшіліктерді мойындау фактісі және" деген сөздер "Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылғанын мойындау фактісі, сондай-ақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

"дереу" деген сөз алып тасталсын;

"кемшіліктерді" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"осыған байланысты" деген сөздер "осы бұзушылықтарды жою жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Осы бапта келтірілген шаралар банк холдингіне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға, банктің ірі қатысушыларына қатысты, олар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзған, оның ішінде банк холдингі, банктің ірі қатысушысы мәртебесін алғаннан кейін тұрақсыз қаржылық жағдай белгілері туындаған жағдайда, сондай-ақ уәкілетті орган осы тұлғалардың, олардың лауазымды адамдарының немесе қызметкерлерінің бұзушылықтары, заңсыз іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі банктің немесе банк конгломератының қаржылық жай-күйін нашарлатқанын анықтаған жағдайда, қолданылуы мүмкін.";

24) 47-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті орган банкке, банк холдингіне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға, банктің ірі қатысушыларына бұрын қолданылған ықпал ету шараларына қарамастан оларға санкциялар қолдануға құқылы.";

2-тармақтың бірінші бөлігінің е) тармақшасындағы "банктің басшы қызметкері", "банктің аталған басшы қызметкерінің (қызметкерлерінің)" деген сөздер тиісінше "басшы қызметкер", "аталған басшы қызметкердің (қызметкерлердің)" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың үшінші бөлігіндегі "өтінішпен" деген сөзден кейін "он жұмыс күні ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

25) 47-1-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлікте:

3) тармақшадағы "уәкілетті органның жазбаша нұсқамаларын" деген сөздер "қолданылған ықпал етудің шектеулі шараларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "мүмкін болған жағдайларда мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы" деген сөздер "мүмкін болған," деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) осы Заңның 45-бабында көрсетілген факторлардың анықталуына байланысты, банктің немесе банк конгломератының қаржылық жағдайы нашарлаған;

7) банк конгломераты пруденциялық нормативтерді жүйелі түрде (бір жыл ішінде екі және одан көп рет) орындамаған жағдайларда мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.";

екінші бөліктегі "банктің дауыс беретін және (немесе) орналастырылған акцияларының (артықшылықты және банк сатып алған акцияларды шегере отырып)

жиырма бес пайызынан астамын тікелей және жанама иеленетін банк холдингтеріне және банктің ірі қатысушылары - жеке тұлғаларға" деген сөздер "банк холдингтеріне және оның ірі қатысушыларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайлар болған кезде, уәкілетті орган:

1) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғадан, сондай-ақ банктің ірі қатысушысынан оның тікелей немесе жанама иелену үлесін банктің дауыс беретін акцияларының он пайызынан төмен деңгейге дейін азайтуды талап етуге;

2) банк холдингі белгілерін иеленуші тұлғадан, сондай-ақ банк холдингінен оның тікелей немесе жанама иелену үлесін банктің дауыс беретін акцияларының жиырма бес пайызынан төмен деңгейге дейін азайтуды және банкті тәуекелге ұшырататын, өзі мен банк арасындағы операцияларды (тікелей және жанама) жүзеге асыруды тоқтата тұруды талап етуге;

3) банктен және банк холдингінен банк немесе банк холдингі олардың акционері (қатысушысы) болып табылатын ұйымдарға, сондай-ақ банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға қатысты банкті және (немесе) банк холдингін не банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарды тәуекелге ұшырататын олардың арасындағы операцияларды (тікелей және жанама) жүзеге асыруды тоқтата тұруды талап етуге;

4) банктен немесе банк холдингі белгілерін иеленуші тұлғадан, сондай-ақ банк холдингінен өзінің иелену үлесін иеліктен шығаруды немесе еншілес ұйымдарға немесе жарғылық капиталына қомақты қатысатын ұйымдарға бақылау жүргізуді талап етуге;

5) банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдардан банк конгломератын тәуекелге ұшырататын, олар мен үлестес тұлғалар арасындағы операцияларды (тікелей және жанама) жүзеге асыруды тоқтата тұруды талап етуге;

6) банктің немесе банк конгломератының меншікті капиталын банктің немесе банк конгломератының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болатын мөлшерде арттыру мақсатында банк холдингінен, банктің ірі қатысушысынан банкті немесе банк конгломератын қосымша капиталдандыру жөнінде шаралар қолдануды талап етуге құқылы.

3. Банктің ірі қатысушысы, банк холдингі не банктің не банк холдингінің ірі қатысушысы белгілерін иеленуші тұлға осы баптың 2-тармағында, сондай-ақ осы Заңның 57-бабының 6-тармағында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, уәкілетті органның шешімі негізінде банктің ірі қатысушысына, банк холдингіне не банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі банк акцияларын сенімгерлік басқару тағайындалады. Бұл акциялар уәкілетті органға үш айға дейінгі мерзімге сенімгерлік басқаруға беріледі.

Уәкілетті орган банктің ірі қатысушысына, банк холдингіне не банктің ірі қатысушысы не банк холдингі белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі банк акцияларын ұлттық басқарушы холдингке сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Банктің ірі қатысушысына, банк холдингіне не банктің ірі қатысушысы не банк холдингі белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі банк акциялары ұлттық басқарушы холдингке сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда, акцияларды сенімгерлік басқаруды тағайындау мерзімі уәкілетті органның сенімгерлік басқаруды тағайындау туралы шешімінде айқындалады.

Уәкілетті орган не ұлттық басқарушы холдинг банктің акцияларын сенімгерлік басқаруды жүзеге асырған кезеңде акциялардың меншік иесі сенімгерлік басқарудағы акцияларға қатысты қандай да бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы емес.

Банктің ірі қатысушысы, банк холдингі не банктің ірі қатысушысы, банк холдингі белгілерін иеленуші тұлға уәкілетті органға банктің өзіне тиесілі барлық акцияларын өтінішхатта көрсетілген тұлғаларға сату туралы өтінішхат беруге құқылы.

Өтінішхатта көрсетілген акцияларды сатып алушылар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын орындаған жағдайда уәкілетті орган өтінішхатты қанағаттандырады.

Банктің ірі қатысушысына, банк холдингіне не банктің ірі қатысушысы не банк холдингі белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі банк акцияларын ұлттық басқарушы холдингке сенімгерлік басқаруға беру үшін негіздер сенімгерлік басқару тағайындалған мерзім аяқталғанға дейін жойылмаған жағдайда, уәкілетті орган не ұлттық басқарушы холдинг банктің сенімгерлік басқарудағы акцияларын олардың акцияларды өткізу туралы шешім қабылданған күні қалыптасқан нарықтық құны бойынша бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында өткізу жолымен иеліктен шығарады. Акциялардың нарықтық құны туралы ақпарат болмаған жағдайда, акцияларды өткізу бағасын бағалаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындауы мүмкін. Көрсетілген акцияларды сатудан түскен ақша акциялары сенімгерлік басқаруға берілген тұлғаларға аударылады.

Банктің ірі қатысушысына, банк холдингіне не банктің ірі қатысушысы, банк холдингі белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі банк акцияларын сату жөніндегі іс-шаралар банк қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Банктің ірі қатысушысына, банк холдингіне не банктің ірі қатысушысы не банк холдингі белгілерін иеленуші тұлғаларға тиесілі банк акцияларын сенімгерлік басқаруды жүзеге асырудың тәртібі, сондай-ақ уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингтің сенімгерлік басқару кезеңіндегі іс-әрекеті уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.";

26) 48-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы а-1) тармақшамен толықтырылсын:

"а-1) банкте өзге банк холдингі немесе банк акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын иеленетін жеке тұлға – ірі қатысушы болмағанда, банктің орналастырылған (артықшылықты және банк сатып алған акциялар шегеріле отырып) акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын иеленетін жеке тұлғадан банк холдингі, банктің ірі қатысушысы мәртебесін кері қайтарып алу;"

27) 48-1-баптың 4-тармағындағы "және оның көшірмесі банкті тарату туралы шешім қабылдаған сотқа жіберіледі" деген сөздер алып тасталсын;

28) 50-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Таратылу процесіндегі банк берген кредиттер туралы мәліметтер банк құпиясына жатпайды.";

3-тармақтағы "банкiнiң" деген сөз "банктің, Қазақстан Республикасының резиденттері-банк холдингтерінің, осы баптың 4-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың екінші бөлігінде:

3) тармақшадағы "банк уақытша" деген сөздер "банк және (немесе) уақытша" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақшадағы "табыс етуі банк құпиясын ашу болып табылмайды" деген сөздер "табыс етуі;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7), 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кредиттік бюроға теріс ақпарат беруі және кредиттік бюроның кредиттік тарих субъектісі туралы мерзімі күнтізбелік бір жүз сексен күннен асып кеткен берешегі бөлігінде теріс ақпарат беруі;

8) банктердің заңды тұлғаға күмәнді және үмітсіз актив ретінде сыныпталған кредитке (қарызға) байланысты және ол жөнінде осы кредит (қарыз) бойынша аталған тұлғаға талап ету құқықтарын беру кезінде теріс ақпарат бар екенін білдіретін ақпарат беруі;

9) банктің Қазақстан Республикасының резиденті-банк холдингіне банк конгломератының пруденциялық нормативтерді есептеуі, сондай-ақ банк конгломератының тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру үшін мәліметтер беруі банк құпиясын ашу болып табылмайды.";

5-тармақ "кепілдеме берушісі" деген сөздерден кейін ", лизинг алушысы" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Банк құпиясы бар ақпарат Қазақстан Республикасының ақпарат алмасуды көздейтін халықаралық шарттары негізінде беріледі.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес алынған ақпаратты Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарына осындай ақпаратты ұсынған тараптың келісімімен ғана береді.";

29) 54-1-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "аяқталғаннан кейін" деген сөздерден кейін "күнтізбелік" деген сөзбен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ұйымдардың жарғылық капиталына қатысудың өзіне тиесілі үлестері (акциялар) , сондай-ақ оларды сатып алу көздері туралы;"

4) тармақша "жақын туыстары" деген сөздерден кейін " , сондай-ақ осы тұлғалар бақылайтын ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "ақпаратты беруге тиіс" деген сөздер "ақпаратты;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) кірістер мен мүлкі туралы мәліметтерді, банктің ірі қатысушысы салық органдарына беретін жеке табыс салығы бойынша декларацияның көшірмесін егер ол бар болса, беруге тиіс.";

2-тармақ:

"аяқталғаннан кейін" деген сөздерден кейін "күнтізбелік" деген сөзбен толықтырылсын;

"түсіндірме жазбаны" деген сөздерден кейін " , сондай-ақ үлестес тұлғалармен мәмілелер туралы есепті" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік тоқсан күн ішінде тоқсан сайынғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті және оған түсіндірме жазбаны және есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік отыз күн ішінде тоқсан сайынғы шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті және оған түсіндірме жазбаны;"

2) тармақша "аяқталғаннан кейін" деген сөздерден кейін "күнтізбелік" деген сөзбен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "жазбаны табыс етуге тиіс" деген сөздер "жазбаны;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) үлестес тұлғалармен мәмілелер туралы тоқсан сайынғы есепті табыс етуге тиіс.";

5-тармақта:

бірінші бөлікте:

2) тармақша "қаржылық есептілігі" деген сөздерден кейін " , банк конгломератының құрылымы туралы есеп" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "мәліметтер көрсетілуге тиіс" деген сөздер "мәліметтер;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) банк конгломератының үшінші тұлғалар (тұлғалар тобы) алдындағы банк конгломератының меншікті капиталының он және одан көп пайызын құрайтын барлық міндеттемелері туралы есептер көрсетілуге тиіс.";

екінші бөліктің орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

үшінші бөлігі "кезден бастап" деген сөздерден кейін "күнтізбелік" деген сөзбен толықтырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қазақстан Республикасының резиденті емес-банк холдингі қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік жүз сексен күн ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес уәкілетті органға жылдық қаржылық есептілікті ұсынуға тиіс.

Қазақстан Республикасының резиденті емес-жеке тұлға болып табылатын банктің ірі қатысушысына осы баптың 1-тармағының талаптары қолданылады.

Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлға болып табылатын банктің ірі қатысушысына осы тармаққа сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті емес-банк холдингіне қатысты көзделген талаптар қолданылады.";

8-тармақ алып тасталсын;

30) 55-бапта:

тақырыбы "Банк" деген сөзден кейін "және банк холдингі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Банк холдингтері жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті, сондай-ақ еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда – шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті, сондай-ақ аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде жариялайды.

Осы баптың талаптары Қазақстан Республикасының банк холдингі болып табылатын резидент еместерге қолданылмайды.";

31) 57-бапта:

1-1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "берілгеннен кейін" деген сөздерден кейін " күнтізбелік" деген сөзбен толықтырылсын;

1-2-тармақ алып тасталсын;

32) 59-3-бапта:

11-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банк конгломератының қатысушысы болып табылатын банктің қайта құрылымдау жоспарында, көрсетілген ақпараттан басқа, банкті қайта құрылымдаудың банк конгломератының басқа қатысушыларына ықпалының болжамды нәтижелер қамтылуға тиіс.";

15-тармақтың екінші бөлігіндегі "осы Заңда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

"16. Банктің сот бекіткен қайта құрылымдау жоспарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қайта құрылымдауды жүргізу кезеңінде банк ұйымдардағы қатысу сомасын (абсолюттік мәнде) өсіре алмайды.";

33) II-бөлімнің тақырыбындағы "Банкілердің" деген сөз "Банктердің және банк холдингтерінің" деген сөздермен ауыстырылсын және 7-тараудың тақырыбындағы "Банктерді" деген сөзден кейін "және банк холдингтерін" деген сөздермен толықтырылсын;

34) 60-бапта:

тақырыбындағы және мәтіндегі "Банкілерді", "банк", "Банкіні", "банкiнiң", "банкiнi" деген сөздер тиісінше "Банктерді (банк холдингтерін)", "банк (банк холдингi)", "Банкті (банк холдингiн)", "банкiң (банк холдингiнiң)", "банкті (банк холдингiн)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 және 2-тармақтар "акционерлердің", "акционерлерінің" деген сөздерден кейін тиісінше "(қатысушылардың)", "(қатысушыларының)" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтағы "қолданылып жүрген заңдарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Осы баптың талаптары мынадай талаптардың бірі орындалған:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ банк холдингiнiң, банк холдингi белгілерін иеленуші тұлғаның шыққан елінің қаржылық қадағалау органының көрсетілген Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауы болған;

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен, бірақ Қазақстан Республикасына шетел валютасында берілген тәуелсіз рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу жөнінде келісім болған кезде банк холдингi, банк холдингiнiң белгілеріне ие тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қолданылмайды.";

35) 61-бапта:

тақырыбындағы "Банкіні" деген сөз "Банкті және банк холдингiн" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацтағы "Банкіні" деген сөз "Банкті (банк холдингiн)" деген сөздермен ауыстырылсын;

а) тармақшасындағы "банкiлер" деген сөз "банктердiң (банк холдингтерiнiң)" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 61-3-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі "Тұрақтандыру банкінің, осы Заңның 8-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген қызметті қоспағанда," деген сөздер "Тұрақтандыру банкінің, заңды тұлғалардың кепіл ретінде қабылданған акциялары немесе жарғылық капиталға қатысу үлестері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес банктің меншігіне өткен кезде осы ұйымдардың акцияларын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін сатып алуды қоспағанда," деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 8-тараудың тақырыбындағы "Банкіні" деген сөз "Банкті және банк холдингін" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 62-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Екінші деңгейдегі банктерге консервациялау режимін қолдану (орнату) тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.";

39) 65-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы "беруге құқылы." деген сөздер " беруге;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы и) тармақшасымен толықтырылсын:

"и) осы Заңның 8-бабында көзделген қызметті жүзеге асыруға құқылы.";

40) 8-тарау мынадай мазмұндағы 67-1-баппен толықтырылсын:

"67-1-бап. Банктің бас ұйымы болып табылатын банк холдингін консервациялау

1. Банк холдингін консервациялау банк холдингінің қаржылық жағдайын сауықтыру және оның жұмыс сапасын жақсарту мақсатында банк холдингіне қатысты әкімшілік, заңдық, қаржылық, ұйымдық-техникалық және басқа да іс-шаралар мен рәсімдер кешенін уәкілетті органның шешімі бойынша мәжбүрлі түрде жүргізуді білдіреді.

2. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын банк холдингі ғана консервациялауға ұшырауы мүмкін.

Банк холдингі мынадай негіздердің кез келгені бойынша консервациялауға ұшырауы мүмкін:

1) банк конгломератының меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентінің орындалмауы;

2) қатарынан екі және одан кейінгі тоқсандарда теріс меншікті капиталдың болуы.

3. Консервациялау режимін белгілеу банк холдингін басқару жөніндегі уақытша әкімшілікті немесе банк холдингінің уақытша басқарушысын уәкілетті органның шектеулі (бір жылға дейінгі) мерзімге тағайындауын көздейді.

4. Банк холдингін консервациялау банк холдингінің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Уәкілетті органның консервациялауды жүргізу туралы шешіміне банк холдингінің акционерлері (қатысушылары) күнтізбелік он күн мерзімде сот тәртібімен шағым жасай алады. Аталған шешімге шағым жасау банк холдингін консервациялауды тоқтата тұрмайды.

6. Осы Заңның 63, 64, 65, 66 және 67-баптарының талаптары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін бөлігінде банк холдингтеріне қолданылады.";

41) 69-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктерді ерікті түрде таратуға рұқсат берудің тәртібі, сондай-ақ жеке тұлғалардың депозиттерін қайтарудың, оларды басқа банкке аударудың тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Уәкілетті орган банкті өз еркімен таратуға рұқсат беруден бас тартуды мынадай негіздердің бірі:

1) ұсынылған құжаттардың толық болмауы немесе тиісті түрде ресімделмеуі;

2) өз міндеттемелері бойынша есеп айырысу үшін банк қаражатының жеткілікті болмауы;

3) жеке тұлғалардың депозиттерін тікелей төлеу арқылы қайтару не оларды депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы болып табылатын басқа банкке аудару жөніндегі іс-шараларды қабылдамауы бойынша жүргізеді.";

42) 73-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Соттың банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешімі күшіне енген күннен бастап банктің бұрын жұмыс істеп келген органдарының өкілеттіктері тоқтатылады, басшы қызметкерлері, ал қажет болған жағдайда өзге де қызметкерлері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыстан босатылады.";

7-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тарату комиссиясы тарату балансы мен тарату туралы есеп бекітілгеннен кейін оларды күнтізбелік отыз күн ішінде заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына, ал көрсетілген құжаттардың көшірмелерін уәкілетті органға ұсынуға міндетті.";

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Тарату комиссиясы банк қызметінің тоқтатылуы тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде банк қызметінің тоқтатылуының тіркелгені туралы бұйрықтың көшірмесін уәкілетті органға ұсынады.";

43) 74-4-баптың 1-тармағының 5) тармақшасындағы "орындамаған жағдайда," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қолдануға, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын.

11. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 437-құжат; 1999 ж., № 8, 237-құжат; № 23, 925-құжат; 2001 ж., № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; 2002

ж., № 1, 1-құжат; № 23-24, 198-құжат; 2003 ж., № 1-2, 9-құжат; № 11, 56-құжат; № 15, 139-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 11, 39-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 69-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 28, 30-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114, 123-құжаттар; 2009 ж., №17, 81-құжат; №19, 88-құжат; № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 140-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "ашық" деген сөз алып тасталсын;

2) 1-бапта:

2), 3), 4) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

2) үлестес тұлғалар – шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындауға және (немесе) әрқайсысы (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімге ықпал етуге, оның ішінде жасалған мәміленің күшіне қарай мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды және ұлттық басқарушы холдингті қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар. Ұлттық басқарушы холдингтің жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің құрамында болуы тұлғалардың бір-біріне қатысты үлестес екенін айқындау үшін негіз болып табылмайды;

3) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын жанама иелену (дауыс беру) – жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының, немесе жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның бірлескен ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалардың шешімдерін заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иелену арқылы айқындау мүмкіндігі;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы – жеке немесе заңды тұлға (мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдинг осындай иеленуші болып табылатын жағдайларды, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда), ол уәкілетті органның жазбаша келісіміне сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иелене алады немесе:

жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызымен тікелей немесе жанама дауыс беру;

жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым қабылдайтын шешімдерге шарттың күшіне қарай не уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын тәртіппен өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі болады;"

"6) бақылау – заңды тұлғаның шешімдерін айқындау мүмкіндігі, ол мынадай талаптардың бірі болған:

заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) елу пайызынан астамын бір тұлғаның дербес не бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп тікелей немесе жанама иеленуі не заңды тұлғаның акцияларының елу пайызынан астамымен дербес дауыс беру мүмкіндігі болған;

бір тұлғада заңды тұлғаның басқару органының немесе атқарушы органының кемінде жартысын дербес сайлау мүмкіндігі болған;

Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясының қаржылық есептілігін қоспағанда, заңды тұлғаның қаржылық есептілігі аудиторлық есепке сәйкес заңды тұлғаның қаржылық есептілігіне енгізілген;

бір тұлғаның дербес не бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп шарттың (растайтын құжаттардың) күшіне қарай немесе уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда өзгеше түрде заңды тұлғаның шешімдерін айқындау мүмкіндігі болған кезде туындайды;"

10) және 34) тармақшалар алып тасталсын;

3) 18-баптың 2-тармағының 4-3) тармақшасы "жасасқан жағдайда" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ осы Заңның 45-2-бабының 4-1-тармағында белгіленген жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 26-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері кастодиандық шартқа сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорымен және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен үлестес емес кастодиан - банкте сақталады және соның шотында есепке алынады.

Үлестес тұлғалардың тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабында белгіленеді.";

3-тармақтың бірінші бөлігінде:

"дереу" деген сөз алып тасталсын;

"жинақтаушы зейнетақы қорын" деген сөздерден кейін "келесі жұмыс күнінен кешіктірмей" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 27-1-баптың 4-тармағындағы "2012" деген цифрлар "2015" деген цифрлармен ауыстырылсын;

б) 30-бапта:

тақырыбы "Салымшының" деген сөзден кейін "(алушының)" деген сөзбен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы (алушы) арасында міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарға сәйкес жазбаша түрде жасалады.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларында көрсетілген, уәкілетті органмен келісілген және жинақтаушы зейнетақы қорының интернет-ресурстарында жарияланған жинақтаушы зейнетақы қоры, оның филиалдары және (немесе) өзге де бөлімшелері (өкілдіктерін қоспағанда) орналасқан жерден тыс жерде жасасқан жағдайда салымшының (алушының) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттағы қолтаңбасының түпнұсқалығын нотариус немесе "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілеттік берілген өзге де адамдар куәландыруға тиіс.

Жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттардың есебін олар жасалған жерді, салымшы (алушы) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қол қойған кезде қатысқан нотариустың немесе "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілеттік берілген өзге де тұлғалардың, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қоры қызметкерлерінің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) көрсете отырып жүргізеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді."

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жинақтаушы зейнетақы қорымен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар жасасу үшін адамдарды тарту процесінде осы адамдарға:

1) ақша;

2) бір сыйлық үшін құны айлық есептік көрсеткіштің екі еселенген мөлшерінен асатын, жинақтаушы зейнетақы қорының атауы жазылмаған сыйлықтар ұсынуға (беруге) тыйым салынады.

Осы тармақтың талабы жинақтаушы зейнетақы қорларына, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға, жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың барлық қызметкерлеріне қолданылады.";

2-тармақта:

2) тармақшада:

"салымшының" деген сөз "алушының және (немесе) салымшының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"егер ол" деген сөздер "егер салымшы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"немесе оның атауы" деген сөздер ", сондай-ақ атауы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"банктік реквизиттері (егер ол заңды тұлға болса)" деген сөздер "заңды тұлға болып табылатын салымшының банктік реквизиттері" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақша алып тасталсын;

7) 31-4-баптың 1-тармағындағы "құжаттар топтамасын алған кезден" деген сөздер " талаптарға сәйкес келетін құжаттарды алған күннен" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 33-бап алып тасталсын;

9) 34-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"34-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының құқықтық жағдайы

1. Жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлік қоғам нысанында құрылады.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының акциялары қор биржасы ресми тізімінің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген санаттарына енгізілуге тиіс.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорын құру және оның қызметі кезеңінде мына талаптардың бірі орындалуға тиіс:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының акциялары акционерлер арасында орналастырылуға тиіс, олардың үшеуі және одан көбі бір-біріне қатысты үлестес болмайтын ірі акционерлер болып табылады. Бұл ретте жинақтаушы зейнетақы қорының бір акционерінің не бір-біріне қатысты үлестес болатын акционерлер тобының үлесі жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жалпы санының жетпіс бес пайызынан аз болуға тиіс;

2) жинақтаушы зейнетақы қорының миноритарлық акционерлерге тиесілі акцияларының үлесі жиынтығында жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан көп болуға тиіс.

Бұл ретте миноритарлық акционердің үлесі оның үлестес тұлғаларымен бірге жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жалпы санының он пайызынан аз болуға тиіс.

Осы тармақтың талаптары мемлекет қатысатын жинақтаушы зейнетақы қорларына қолданылмайды.

4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талаптардан басқа жинақтаушы зейнетақы қорының жарғысы:

1) корпоративтік басқару кодексінің;

2) корпоративтік хатшы лауазымының;

3) корпоративтік веб-сайттың;

4) "алтын акцияға" тыйым салудың болуын көздеуге тиіс.";

10) 35-бапта:

6-тармақта:

2) тармақша "үш ай ішінде" деген сөздерден кейін "меншікті капиталының жеткіліктілігі мен зейнетақы активтерінің табыстылығы бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "ықпал ету шараларын" деген сөздер "санкцияларды" деген сөзбен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Филиал, өкілдік туралы ережеге әділет органдарында есептік қайта тіркеуді талап ететін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде жинақтаушы зейнетақы қоры әділет органдарында есептік қайта тіркелген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға:

1) филиал, өкілдік туралы ережеге өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін;

2) филиалдың, өкілдіктің есептік қайта тіркелгені туралы нотариат куәландырған куәліктің көшірмесін ұсынуға міндетті.

Филиал, өкілдік туралы ережеге әділет органдарында есептік қайта тіркеуді талап етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде жинақтаушы зейнетақы қоры әділет органының жинақтаушы зейнетақы қорының хатын қабылдап алғандығы туралы белгісі соғылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жинақтаушы зейнетақы қорының көрсетілген хатының көшірмесін, филиал, өкілдік туралы ережеге өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.";

10-тармақтағы "талап етуге құқылы" деген сөздер "талап етеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 36-бапта:

1, 1-1, 1-2 және 1-3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының резиденттері-жеке тұлғалар, заңды тұлғалар жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары және (немесе) акционерлері бола алады.

Мемлекет Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы ғана құрылтайшы және (немесе) акционер бола алады.

Ұлттық басқарушы холдинг Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде ғана жинақтаушы зейнетақы қорының акционері бола алады.

1-1. Рейтингік агенттіктердің бірінің талап етілетін ең төменгі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлға жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшысы және (немесе) акционері бола алады. Рейтингік

агенттіктердің тізбесін және талап етілетін ең төменгі рейтинг уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленетін, оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының резиденттері - жинақтаушы зейнетақы қорларының дауыс беретін акцияларын тікелей немесе жанама иеленуге және (немесе) пайдалануға және (немесе) оларға билік етуге құқылы емес.

1-2. Жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасының резиденті еместерге (сенімгерлік басқаруға берілген), сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қазақстан Республикасының резиденті еместерге тиесілі (сенімгерлік басқаруға берілген) ұйымдарға тиесілі дауыс беретін акцияларының жиынтық саны осы жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауға тиіс.

1-3. Дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен бірлесіп, жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиынтығында он немесе одан көп пайызын сатып алу ниеті бар тұлға бұл туралы хабарламаны акцияларды болжамды сатып алудың басталу күнінен күнтізбелік он күн бұрын жинақтаушы зейнетақы қорына жіберуге міндетті.

Хабарламада:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының сатып алынатын акцияларының саны;

2) болжамды сатып алу бағасы;

3) дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен бірлесіп, жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын сатып алу ниеті бар тұлғамен жинақтаушы зейнетақы қоры байланыса алатын осы тұлғаның байланыс деректері (электрондық пошта мекенжайы не телефон немесе телефакс нөмірі);

4) жеке тұлға үшін:

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері;

тұрғылықты жері;

5) заңды тұлға үшін:

атауы;

заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) нөмірі мен күні;

тұрғылықты жері туралы мәліметтер қамтылуға тиіс. ";

1-4-тармақ алып тасталсын;

2-тармақ алып тасталсын;

4-тармақ алып тасталсын;

12) 36-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"36-1-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы

1. Бірде-бір тұлға дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иелене, пайдалана және (немесе) оған билік ете алмайды, сондай-ақ уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмастан жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп пайызына қатысты қабылдайтын шешімдерін бақылай алмайды немесе оларға ықпал ету мүмкіндігі болмайды. Бұл талап мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларға қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының резиденті емес-заңды тұлғалар рейтингтік агенттіктердің бірінің талап етілетін ең төмен рейтингі болған кезде жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алуы мүмкін. Талап етілетін ең төменгі рейтинг және рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызын жанама иеленуді немесе жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп пайызын тікелей иеленетін, немесе талап етілетін ең төменгі рейтингі бар жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның он немесе одан көп пайызымен дауыс беру мүмкіндігі бар, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғаның акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иелену (дауыс беру) арқылы жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызымен жанама дауыс беруді көздейтін Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлға үшін көрсетілген рейтингтің болуы талап етілмейді.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған (артықшылықты немесе сатып

алынған акциялары шегеріле отырып) немесе дауыс беретін акцияларының жиынтығында он немесе одан көп пайызы тиесілі және мынадай:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы сотқа талап-арызбен жүгіну;

2) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу;

3) директорлар кеңесінің отырысын шақыру;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның аудитін өз есебінен жүргізуі мәселелері бойынша олардың шешім қабылдауын көздейтін, өздерінің арасында жасалған келісімнің негізінде әрекет ететін акционерлер жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы болып табылмайды.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, келісімді кері қайтарып алу қағидаларын, көрсетілген келісімді алу үшін табыс етілетін құжаттарға қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындайды.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы болғысы келетін тұлға келісім алу үшін уәкілетті органға осы баптың 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтарында айқындалған құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иелену туралы өтінішті ұсынуға міндетті.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушылары - жеке тұлғалар жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын өздерінің меншік құқығына тиесілі мүліктің құнынан аспайтын мөлшерде төлейді. Бұл ретте мүліктің құны жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның бұрын сатып алған және сатып алатын акцияларының жиынтық құнынан кем болмауға тиіс.

6. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін жеке тұлға мынадай құжаттарды:

1) растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, акцияларды сатып алу үшін пайдаланылатын қаражат көздері мен қаражаттың сипаттамасын қоса алғанда, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын, оның ішінде бұрын сатып алынған акцияларын сатып алу шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді ұсынады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сатып алу үшін пайдаланылатын қаражат көзі:

кәсіпкерлік, еңбек немесе басқа да ақы төленетін қызметтен түскен кірістер; өтініш берушінің құжаттамамен расталған жинақ ақшасы болып табылады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сатып алу үшін сыйға тарту, ұтыс, өтеусіз алынған мүлікті сатудан түскен кіріс түрінде алынған, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның сатып алынатын акциялары құнының жиырма бес пайызынан аспайтын мөлшердегі ақша осы тармақшаның екінші бөлігінде көрсетілген қаражат көздеріне қосымша пайдаланылуы мүмкін.

Өтініш беруші жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сыйға тарту түрінде алынған мүлік есебінен сатып алған кезде сыйға тартушы туралы және аталған мүліктің сыйға тартушыда пайда болу көздері туралы мәліметтерді;

2) өтініш берушінің мүддесін білдіру тапсырылған өтініш берушінің өкіліне (ол болғанда) берілген сенімхатты;

3) өзі ірі қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың тізімін және олардың құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайының нашарлауы ықтимал болғанда, осы қорды немесе ұйымды қайта капиталдандыру жоспарын;

5) растайтын құжаттарды қоса бере отырып, мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтерді;

6) табыстары мен мүлкі туралы мәліметтерді, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысанға сәйкес өтініш берушінің барлық міндеттемелері бойынша орын алған берешегі туралы ақпаратты;

7) білімі туралы, еңбек қызметі туралы мәліметтерді қоса алғанда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген нысан бойынша өтініш беруші туралы қысқаша деректерді ұсынады.

Қазақстан Республикасының резиденті емес-жеке тұлға зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) – 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттардан басқа Қазақстан Республикасының резиденті емес-жеке тұлға тұратын елдің тиісті мемлекеттік органының осы елдің заңнамасында Қазақстан Республикасының резиденті-зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге

асыратын ұйымның акцияларын сатып алуға рұқсат етілгені туралы жазбаша растауын не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының осындай рұқсат аталған құрылтайшы мемлекетінің заңнамасы бойынша талап етілмейтіні жөніндегі өтінішті ұсынады.

7. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлға мынадай құжаттарды:

1) өтініш берушінің органының жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сатып алу туралы шешімінің көшірмесін, сондай-ақ өтініш берушінің үлестес тұлғаларының тізімін;

2) заңды тұлға акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызын иеленетін, сондай-ақ шарттың күшіне қарай осы заңды тұлғаның шешімдерін айқындауға не өзгеше түрде бақылауға (дербес немесе басқа тұлғалармен бірге) мүмкіндігі бар тұлғалар туралы мәліметтер мен растайтын құжаттарды;

3) осы баптың 6-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

4) оның басшы қызметкерлерінің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтерді;

5) құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін, өтініш берушінің ірі қатысушылары туралы, сондай-ақ өтініш берушінің ірі қатысушыларының ірі қатысушылары туралы қысқаша деректерді;

6) білімі, еңбек қызметі туралы мәліметтерді қоса алғанда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген нысан бойынша өтініш берушінің басшы қызметкерлері жөніндегі қысқаша деректерді;

7) аяқталған соңғы екі қаржы жылының аудиторлық ұйым куәландырған жылдық қаржылық есептілігін, сондай-ақ тиісті өтінішті табыс ету алдындағы аяқталған соңғы тоқсанның қаржылық есептілігін;

8) ірі қатысушы мәртебесін иеленгеннен кейін өтініш берушінің және жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның болжамды есеп айырысу балансын қоса алғанда, осындай мәртебені иеленудің қаржылық салдарының талдауын, іс-шаралар жоспарын және ұйымдық құрылымды қоса алғанда, егер бар болса, өтініш берушінің жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның активтерін сату, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қызметін қайта ұйымдастыру немесе оны басқаруға айтарлықтай өзгерістер енгізу жөніндегі жоспарлары мен ұсыныстарын табыс етеді.

8. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резиденті емес-заңды тұлға мынадай құжаттарды:

1) осы баптың 6-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында және 7-тармағының 1), 3), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

2) осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тізбесін уәкілетті орган белгілейтін, халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірі берген заңды тұлғаның кредиттік рейтингі туралы мәліметтерді;

3) Қазақстан Республикасының резиденті емес жеке тұлғаның жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының жазбаша рұқсатын (келісімін) не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының көрсетілген мемлекеттің заңнамасы бойынша мұндай рұқсат (келісім) талап етілмейтіндігі туралы мәлімдемесін ұсынады.

9. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымы мынадай құжаттарды:

1) осы баптың 8-тармағында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

2) өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының өтініш берушінің осы елдің заңнамасының шеңберінде қаржы қызметін жүзеге асыруға уәкілетті екендігі туралы жазбаша растауын не өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының заңнамасы бойынша мұндай рұқсаттың талап етілмейтіні туралы мәлімдемесін ұсынады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиырма бес пайызын немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан көп пайызын сатып алуға ниеттенетін, өзі орналасқан елде шоғырландырылған қадағалауға жататын Қазақстан Республикасының резиденті емес-қаржы ұйымы осы тармақта белгіленген құжаттардан басқа өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының Қазақстан Республикасының резиденті емес-қаржы ұйымының шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауын ұсынады.

10. Орналастырылған акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) иелену үлесімен жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге тілек білдірген тұлғалар осы бапта көрсетілген құжаттар мен мәліметтерге қосымша, қойылатын талаптарын уәкілетті орган белгілейтін таяудағы бес жылға арналған бизнес-жоспарды ұсынады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның директорлар кеңесі жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес немесе одан көп пайызын иелену үлесімен ірі жинақтаушы ұсынған бизнес-жоспарды осы бапта белгіленген тиісті мәртебені иелену шеңберінде қарайды.

Жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның директорлар кеңесінің жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының бизнес-жоспарын қарау нәтижелері туралы жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының бизнес жоспарын жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның даму стратегиясына (даму жоспарына) енгізу не енгізбеу туралы тиісті шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға хабарлайды.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның директорлар кеңесі жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның даму стратегиясының (даму жоспарының) сақталуын қамтамасыз етеді.

11. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) жиынтығында он немесе одан көп пайызын иеленетін немесе жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым акцияларының он немесе одан көп пайызымен тікелей немесе жанама дауыс беруге мүмкіндігі бар және:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның шешімдеріне өздерінің арасындағы шарттың күшіне қарай не өзгеше түрде бірлесіп ықпал ететін;

2) жеке алғанда немесе өзара бір-бірінің ірі қатысушылары болып табылатын;

3) олардың бірі лауазымды тұлға немесе басқа тұлғаның өкілі болып табылатын;

4) олардың бірі өздерінің арасында жасалған шартқа сәйкес екінші тұлғаға жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сатып алу мүмкіндігін берген;

5) жақын туыстар немесе ерлі-зайыптылар болып табылатын;

б) олардың бірі басқа тұлғаға жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын өздеріне сыйға тартылған ақша немесе өтеусіз алынған мүлік есебінен сатып алу мүмкіндігін берген тұлғалар жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның бірлескен ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалар деп танылады.

Жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес банк конгломератына кірген жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес шоғырландырылған қадағалауға жатады.

12. Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иелену үшін осы баптың талаптарына сәйкес берілген өтініш бойынша шешімді құжаттардың толық топтамасы табыс етілген күннен бастап үш ай ішінде қабылдауға тиіс.

Уәкілетті орган өтініш берушіні өз шешімінің нәтижесі туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Бұл ретте тиісті мәртебені иеленуге келісім беруден бас тартылған жағдайда, жазбаша хабарламада бас тартудың негіздері көрсетіледі.

13. Келісім беруге негіз болған мәліметтер дәйексіз деп анықталған немесе өтініш берушінің ірі қатысушы мәртебесін иеленуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптары бұзылған немесе ірі қатысушылар осы Заңның талаптарын сақтамаған жағдайда, уәкілетті орган осы бапқа сәйкес берілген келісімді кері қайтарып алуға құқылы. Бұл жағдайда осындай шара қолданылатын тұлға жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның өзіне тиесілі акцияларының санын осы бапта белгіленгеннен төмен деңгейге дейін азайтуға міндетті.

Осы бапқа сәйкес берілген келісімі кері қайтарып алынған тұлға жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын үшінші тұлғаға сенімгерлік басқаруға беруге құқылы емес.

Уәкілетті орган тиісті келісімді кері қайтарып алу жөнінде өздеріне қатысты шешім қабылдаған тұлғалар осы тармақтың талаптарын орындамаған жағдайда, уәкілетті орган осы тұлғалардың уәкілетті органның талаптарын орындауы үшін сотқа жүгінуге құқылы.

14. Егер тұлға жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілеріне уәкілетті органның жазбаша келісімін алдын ала алмастан сәйкес келген болса, ол осы

баптың ережелеріне сәйкес уәкілетті органның жазбаша келісімін алғанға дейін жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшылығына немесе саясатына ықпал етуге бағытталған қандай да бір іс-әрекетті қолдануға және (немесе) осы акциялар бойынша дауыс беруге құқылы емес.

Көрсетілген жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгісіне сәйкес келетін тұлға өзінің жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетіні оған белгілі болған кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органды бұл туралы хабардар етуге міндетті.

Тиісті мәртебені иелену туралы өтініш жинақтаушы зейнетақы қорына немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгісіне өзінің сәйкес келетіні оған белгілі болған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, егер бұл тұлға көрсетілген мерзімде акцияларды иеліктен шығарғысы келмесе, уәкілетті органға ұсынылады. Акцияларды иеліктен шығару жөнінде шешім қабылданғаны туралы ақпарат осындай шешім қабылданған күннен бастап дереу уәкілетті органға беріледі.

15. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілеріне осы тұлғаның сәйкес келетінін көрсететін мәліметтер болған кезде, уәкілетті орган жеке және заңды тұлғалардан ақпаратты ұсынуды талап етуге құқылы. Ақпарат оны иеленетін кез келген тұлғадан, сондай-ақ осы тұлғалардың бақылауында болатын ұйымдардан талап етілуі мүмкін.

16. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде растайтын құжаттарды табыс ете отырып, өзіне тиесілі акциялар санының жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ол тікелей немесе жанама иеленетін немесе тікелей немесе жанама дауыс беру мүмкіндігі бар орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) санына пайыздық арақатынасының өзгергені туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына тиесілі, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларының саны (пайыздық немесе абсолюттік мәнде) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған акцияларының (

артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) санына ұлғаю жағына қарай өзгерген жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы уәкілетті органға растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сатып алу үшін пайдаланылатын қаражат көздері туралы ақпаратты ұсынуға тиіс. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушылары – жеке тұлғалар жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сатып алу үшін пайдаланатын қаражат көздері осы баптың 6-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында айқындалған.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акциялары санының жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) санына пайыздық арақатынасы жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына тиесілі он пайыздан кем болатындай санға дейін өзгерген жағдайда, уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының өтініші бойынша не көрсетілген фактіні дербес анықтаған жағдайда, осы факт анықталған күннен бастап екі ай ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру үшін көзделген тәртіппен бұрын берілген жазбаша келісімнің күші жойылды деп тану туралы шешім қабылдайды.

17. Жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) акцияларының санына жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларына тиесілі акциялары санының пайыздық арақатынасын көрсете отырып, өзінің барлық ірі қатысушыларының тізімін есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей уәкілетті органға тоқсан сайын табыс етіп отыруға міндетті.

18. Жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым уәкілетті органды жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызын иеленетін акционерлер

құрамының өзгергені туралы өздері осы фактіні анықтаған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде хабардар етуге міндетті.

19. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларының, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетін жеке және заңды тұлғалардың осы баптың 14–18-тармақтарына сәйкес талап етілетін ақпаратты көрсетілген мерзімде уақтылы бермеуі, бермеуі немесе дәйексіз мәліметтерді беруі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.";

13) 36-2-бапта:

тақырыбындағы "қорының" деген сөзден кейін "немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "қорының" деген сөзден кейін "немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның" деген сөздермен толықтырылсын;

4), 5), 6) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) өтініш берушінің жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасы талаптарының бұзылуы;

5) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иелену жөніндегі мәміледе тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлға (оның ірі қатысушысы (ірі акционер) иеленуші тарап болып табылатын жағдайлар;

б) өтініш берушінің осы Заңда белгіленген, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларына қойылатын өзге де талаптарды сақтамауы;"

"8) өтініш берушінің жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарына жасалған талдаудың жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайының нашарлайтынын болжауы;"

11) тармақша "зейнетақы қорының" деген сөздерден кейін "немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның" деген сөздермен толықтырылсын;

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мына жағдайлардың бірінің болуы:

1) өтініш беруші - заңды тұлғаның өтініш берген күнге дейін екі жылға жетпейтін уақытта құрылуы;

2) өтініш берушінің міндеттемелері басқа заңды тұлғалардың акцияларына және жарғылық капиталдарына қатысу үлестеріне орналастырылған және жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сатып алуға көзделген активтер сомасын шегергенде, өзінің активтерінен асып кетуі;

3) аяқталған соңғы екі қаржы жылының нәтижелері бойынша залал шегуі;

4) өтініш беруші міндеттемелерінің мөлшері жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайына айтарлықтай қауіп төндіруі;

5) өтініш берушінің жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның алдында мерзімі өткен және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның балансына жатқызылған берешегінің болуы;

6) өтініш берушінің жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарына жасалған талдаудың өтініш берушінің қаржылық жағдайының нашарлайтынын болжауы;

7) жинақтаушы зейнетақы қорына немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорының салымшыларына (алушыларына) нұқсан келтіру мүмкіндігін куәландыратын өзге де негіздер өтініш берушінің қаржылық жағдайы тұрақсыздығының белгісі болып табылады.

3. Тұлға жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілерін уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз иеленген кезде, уәкілетті орган алты айдан аспайтын мерзімде осы тұлғаға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сату бойынша талаптар бөлігінде осы Заңның 42-7-бабында көзделген мәжбүрлеу шараларын қолданады.";

14) 37-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"37-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларын мемлекеттік тіркеу

Жинақтаушы зейнетақы қорларын мемлекеттік тіркеуді, сондай-ақ олардың құрылтай құжаттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді әділет органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты болған кезде жүзеге асырады.

Рұқсат берудің шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Құрылтай құжаттарына енгізілетін, әділет органдарында қайта тіркеуді талап ететін өзгерістер және (немесе) толықтырулар мемлекеттік қайта тіркелгеннен кейін жинақтаушы зейнетақы қоры қайта тіркелген күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде уәкілетті органға тіркеген әділет органының белгісі және мөрі бар, құрылтай құжаттарына өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.

Құрылтай құжаттарына мемлекеттік қайта тіркеуді талап етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қоры әділет органының зейнетақы қорының хатын қабылдап алғандығы туралы белгісі соғылған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде уәкілетті органға жинақтаушы зейнетақы қорының осы хатының көшірмесін, сондай-ақ құрылтай құжаттарына өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті."

;

15) 40-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жинақтаушы зейнетақы қоры міндетті түрде ішкі аудит қызметін құрады және мынадай алқалы органдарды:

- 1) директорлар кеңесін – басқарушы органды;
- 2) басқарманы – атқарушы органды қалыптастырады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының оқшауланған бөлімшесінің бірінші басшысы мен бас бухгалтерін қоспағанда, директорлар кеңесінің бірінші басшысы мен мүшелері, басқарманың бірінші басшысы мен мүшелері, бас бухгалтер, жинақтаушы зейнетақы қорының бір немесе бірнеше құрылымдық бөлімшесінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген есептіліктің әртүрлі нысандарын қоса алғанда, уәкілетті органға ұсынылатын ақпаратқа, сондай-ақ кастодиандық шартқа сәйкес зейнетақы активтері бойынша ай сайынғы салыстыру жүргізілгенін растайтын құжаттарға қол қою құқығы бар жинақтаушы зейнетақы қорының өзге де басшылары жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлері деп танылады.";

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Жинақтаушы зейнетақы қоры қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік жүз жиырма күн ішінде уәкілетті органға қаржы жылы ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының барлық басшы қызметкерлеріне жинақтаушы зейнетақы қоры төлеген

табыстар туралы мәліметтерді қамтитын есептілікті уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысанда ұсынуға міндетті.

Жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақы есептеу, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлері бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі саясатына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

1-2. Жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесі және (немесе) басқармасы мүшелерінің осы жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкері лауазымын атқаруына болмайды.";

3-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

9-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) берілген келісімді уәкілетті органның кері қайтарып алуы өзге қаржы ұйымдарында осы басшы қызметкерге бұрын берілген келісімді (келісімдерді) кері қайтарып алу үшін негіз болып табылады.";

16) мынадай мазмұндағы 40-1-баппен толықтырылсын:

"40-1-бап. Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесі

Жинақтаушы зейнетақы қорлары немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін құрады, ол:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның директорлар кеңесінің, басқармасының, бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі өкілеттіктері мен функционалдық міндеттерін, олардың жауапкершілігін;

2) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі ішкі саясатты және рәсімдерді;

3) тәуекелдердің жол берілетін мөлшеріне арналған лимиттерді;

4) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі есептілікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның органдарына ұсынудың ішкі рәсімдерін;

5) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалаудың ішкі критерийлерін қамтуға тиіс.

Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастырудың тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.";

17) 41-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының:

1) зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға;

2) өзінің қызметі үшін комиссиялық сыйақылар алуға;

3) уәкілетті орган берген лицензиялар негізінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті және бағалы қағаздар нарығында номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті дербес жүзеге асыруға;

4) зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен салымшының жазбаша өтініші бойынша сотта оның мүдделерін білдіруге;

5) өз мұқтажы үшін сатып алынған мүлікті жалға беруге;

6) зейнетақы шартының талаптарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.";

2-тармақта:

мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2) және 3-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде зейнетақы активтері есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;

3-2) салымшыларға (алушыларға), сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорымен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға ниеттенген тұлғаларға жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мәселелері бойынша өтеусіз консультациялық қызмет көрсетуге;

3-3) рейтингтік агенттіктердің бірінің талап етілетін ең төменгі рейтингіне ие болуға міндетті. Талап етілетін ең төменгі рейтинг және рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді;"

8) тармақшадағы "шоғырландырылған қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда - шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті," деген сөздер "қаржылық есептілік пен" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақшаның екінші сөйлеміндегі "және өкілдіктің" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Салымшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында жинақтаушы зейнетақы қорларына:

1) осы баптың 1-тармағында белгіленген қызмет түрлерін қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

2) тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған мүлікті қоспағанда, мүлікті сатып алуды немесе сатуды жүзеге асыруға;

3) үлестес тұлғалардың жарғылық капиталға қатысу үлестерін, параметрлері қор биржасы акциялары нарығы индексін есептеу мақсатында пайдаланылатын қор биржасының тізіміне (қор биржасының өкілдік тізіміне) кіретін акцияларды не осындай

акциялар базалық актив болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоспағанда, үлестес тұлғалар шығарған акцияларды не осындай акциялар базалық актив болып табылатын депозитарлық қолхаттарды жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы және (немесе) меншікті активтері есебінен сатып алуға;

4) зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген мақсаттарға пайдалануға;

5) жинақтаушы зейнетақы қорының қызметкерлеріне айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспайтын сомада көрсетілетін қаржы көмегін қоспағанда, жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері есебінен өтеусіз негізде қаржы көмегін көрсетуге;

6) сақтандыру қызметімен айналысуға;

7) зейнетақы және (немесе) меншікті активтерді кепілге беруге;

8) акциялардан басқа, бағалы қағаздарды шығаруға;

9) жинақтаушы зейнетақы қорының мақсаттары үшін банктерден күнтізбелік тоқсан күннен асатын мерзімге, меншікті капиталдың мөлшерінен асатын мөлшерде қарыз қаражатын тартуға;

10) қарыздарды кез келген тәсілмен беруге;

11) кез келген түрдегі кепілдемелер мен кепілдіктерді беруге;

12) жинақтаушы зейнетақы қорымен еңбек шартын жасаспаған тұлғаларды осы баптың 2-тармағының 3-2) тармақшасында көрсетілген міндеттерді орындау үшін тартуға тыйым салынады.";

4-тармақта:

бірінші бөлікте:

"қорларының" деген сөзден кейін "және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

"уәкілетті орган белгілейді" деген сөздер "уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік "қоры" деген сөзден кейін "және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлікте:

"Жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиырма бес процентінен астамын тікелей немесе жанама иеленетін" деген сөздер "Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"меншікті капиталының" деген сөздердің алдынан "және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы уәкілетті органның талабы бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайын жақсарту, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның меншікті капиталын ұлғайту бойынша шаралар қолдануға міндетті."

5-тармақ алып тасталсын;

18) 41-1-бап алып тасталсын;

19) мынадай мазмұндағы 41-3-баппен толықтырылсын:

"41-3-бап. Шындыққа сай келмейтін жарнамаға тыйым салу

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларына жарнама шығарылған күні шындыққа сай келмейтін қызметін жарнамалауға тыйым салынады.

2. Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорынан шындыққа сай келмейтін жарнамаға өзгерістер енгізуді, оны тоқтатуды немесе теріске шығарып жариялауды талап етуге құқылы.

Бұл талап уәкілетті орган белгілеген мерзімде орындалмаған жағдайда уәкілетті орган жарнамада баяндалған мәліметтердің шындыққа сай келмейтіндігі туралы ақпарат жариялауға, не оларды мұндай жарнаманы жариялаған жинақтаушы зейнетақы қорының есебінен нақтылауға құқылы.

3. Мына тұлғаларға:

зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиясы жоқ заңды тұлғаларға;

жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметкерлері болып табылмайтын және жинақтаушы зейнетақы қорлары уәкілеттік бермеген жеке тұлғаларға жинақтаушы зейнетақы қорлары көрсететін қызметтерді жарнама беруші ретінде жарнамалауға тыйым салынады.

4. Зейнетақы активтері туралы ақпаратты жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым тиісті инвестициялық кіріс алынған кезенді көрсету арқылы ғана ұсынуы мүмкін.";

20) 42-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы заңнамасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

1), 3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) орындалуы міндетті жазбаша нұсқама беруге;"

"3) міндеттеме-хатты ұсыну туралы талап жіберуге;

4) міндетті түрде қол қойылуға тиіс жазбаша келісім жасасуға құқылы.";

2-тармақта:

"орын алған кемшіліктерді мойындау фактісі және" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды мойындау фактісі, сондай-ақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мұндай кемшіліктерді" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

"дереу" деген сөз алып тасталсын;

"кемшіліктерді" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"осыған байланысты" деген сөздер "осы бұзушылықтарды жою жөнінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "міндеттеме-хаттың немесе жазбаша келісімнің" деген сөздер "міндеттеме-хаттың, жазбаша келісімнің немесе жазбаша нұсқаманың" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта:

5) тармақшадағы "не уәкілетті органның жазбаша нұсқамаларын орындамауы" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) және 5-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-1) уәкілетті орган қолданған ықпал етудің шектеулі шараларының талаптарын орындамауы;

5-2) уәкілетті органмен жасалған жазбаша келісімге қол қоюдан бас тартуы;"

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорларының ірі қатысушысы, ірі қатысушылары белгілерін иеленуші тұлғаларға қатысты, егер жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының лауазымды адамдарының немесе қызметкерлерінің бұзушылықтары, заңсыз іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайын нашарлатқанын немесе осы Заңның 34-бабының талаптарын бұзуға алып келгенін анықтаса, осы баптың 1-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында келтірілген шараларды немесе осы баптың 7-тармағының 2) тармақшасында көзделген санкцияны қолдануға құқылы.";

21) 42-7 және 43-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"42-7-бап. Ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаларға, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларына қолданылатын мәжбүрлеу шаралары

1. Уәкілетті орган:

1) ірі қатысушы мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алмаған;

2) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленгеннен кейін осы Заңның 36-2-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайлар туындаған;

3) осы Заңның 42-бабы 1-тармағының 1) және 4) тармақшаларына немесе "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-1-бабы 1-тармағының 1) және 4) тармақшаларына сәйкес уәкілетті органның жазбаша нұсқамаларын және уәкілетті органмен жасалған жазбаша келісімдерді орындамаған;

4) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлға, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы нәтижесінде жинақтаушы зейнетақы қорына немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға залал келтірілген немесе келтірілуі мүмкін әрекеттерді жасаған;

5) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғалардың, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларының соның нәтижесінде жинақтаушы зейнетақы қорына немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға залал келтірілген немесе келтірілуі мүмкін қаржылық жағдайының тұрақсыз болғаны;

6) осы Заңның 41-2-бабында көрсетілген факторлардың анықталуына байланысты жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайы нашарлаған;

7) жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым мен оның ірі қатысушысының, ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаның арасында уәкілетті органның осы Заңда көзделген қадағалау функцияларын жүзеге асыруына кедергі келтіретін қатынастар болған;

8) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаның, сондай-ақ ірі қатысушының осы Заңның 34-бабы, 41-бабының 4-тармағы талаптарының орындалмауына әкеп соққан әрекеті немесе әрекетсіздігі орын алған жағдайларда ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаларға, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларына мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайлар орын алған кезде уәкілетті орган:

1) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғадан, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысынан оның тікелей немесе жанама түрде иелік ету үлесін

жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының он пайызынан төмен деңгейге дейін азайтуды талап етуге;

2) жинақтаушы зейнетақы қорынан немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымнан ірі қатысушыға қатысты олардың арасындағы, жинақтаушы зейнетақы қорын немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымды тәуекелге ұрындыратын, операцияларды (тікелей және жанама түрде) жүзеге асыруды тоқтата тұруды талап етуге;

3) жинақтаушы зейнетақы қорынан немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымнан, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысынан жинақтаушы зейнетақы қорын немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымды қосымша капиталдандыру бойынша шаралар қолдануды талап етуге құқылы.

3. Ірі қатысушы не жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілерін иеленуші тұлға осы баптың 2-тармағында, сондай-ақ осы Заңның 49-3-бабының 2-тармағында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, уәкілетті органның шешімі негізінде жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның не жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілерін иеленуші тұлғаның акцияларын сенімгерлік басқару тағайындалады. Осы акциялар уәкілетті органға сенімгерлік басқаруға үш айға дейінгі мерзімге беріледі.

Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына не жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі акцияларын ұлттық басқарушы холдингке сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына не ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акциялары ұлттық басқарушы холдингке сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда акцияларды сенімгерлік басқару белгіленетін мерзім уәкілетті органның сенімгерлік басқаруды белгілеу туралы тиісті шешімінде анықталады.

Уәкілетті орган не ұлттық басқарушы холдинг жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның

акцияларын сенімгерлік басқаруды жүзеге асырған кезеңде акциялардың меншік иесі сенімгерлік басқарудағы акцияларға қатысты қандай да бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы емес.

Ірі қатысушы не жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілерін иеленуші тұлға уәкілетті органға жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның барлық өзіне тиесілі акцияларын өтінішхатта көрсетілген тұлғаларға сату туралы өтінішхат беруге құқылы.

Өтінішхатта көрсетілген акцияларды сатып алушылар Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің талаптарын орындаған жағдайда уәкілетті орган өтінішхатты қанағаттандырады.

Сенімгерлік басқару тағайындалған мерзім аяқталғанға дейін жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сенімгерлік басқаруға беру негіздері жойылмаған жағдайда уәкілетті орган не ұлттық басқарушы холдинг сенімгерлік басқарудағы акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында акцияларды сату туралы шешім қабылданған күнге қалыптасқан нарықтық баға бойынша сату жолымен иеліктен шығарады. Акциялардың нарықтық құны туралы ақпарат болмаған жағдайда бағалаушы акцияларды сату құнын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындауы мүмкін. Көрсетілген акцияларды сатудан түскен ақша акциялары сенімгерлік басқаруға берілген тұлғаларға аударылады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына не ірі қатысушының белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларды сату жөніндегі іс-шаралар жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына не ірі қатысушының белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру тәртібі, сондай-ақ уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингтің сенімгерлік басқару кезеңіндегі іс-әрекеті уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

43-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыру

1. Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыру уәкілетті органның рұқсатымен акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша біріктіру

нысанында жүзеге асырылады. Қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру талаптары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат алу туралы өтінішхатқа мынадай құжаттар қоса тіркеледі:

1) жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлері жалпы жиналысының оны қайта ұйымдастыру туралы шешімі;

2) жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастырудың белгіленетін болжамды шарттары, тәртібі мен мерзімдері;

3) жинақтаушы зейнетақы қорының оны қайта ұйымдастырғаннан кейінгі есептік балансын қоса алғанда, қайта ұйымдастыру салдарының қаржылық болжамы.

Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат алу туралы өтінішхатты құжаттардың толық топтамасы табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде қарауға тиіс.

2. Қайта ұйымдастырылатын жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органның қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсатын алған күннен бастап күнгізбелік он бес күн ішінде баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде хабарландыру жариялау арқылы өзінің барлық салымшылары мен алушыларына алдағы өзгерістер туралы хабардар етуге міндетті.

3. Қайта ұйымдастырылған жинақтаушы зейнетақы қоры өзіне басқа жинақтаушы зейнетақы қорын қосып алған жинақтаушы зейнетақы қоры лицензиясының негізінде зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқылы.

4. Қосылатын жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылған жинақтаушы зейнетақы қорына берілуге тиіс.";

22) 44-бап 3) тармақшадағы "бұзылуы бойынша бас тартылады." деген сөздер "бұзылуы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) қайта ұйымдастыруға уәкілетті органның рұқсатын алу үшін ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі бойынша бас тартылады.";

23) 45-бапта:

1-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2. Жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің жалпы жиналысы:

1) зейнетақымен қамсыздандыру туралы қолданыстағы шарттары;

2) ашылған жеке зейнетақы шоттары;

3) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша салымшылар (алушылар) алдында орындалмаған міндеттемелері болмаған жағдайда ғана жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде тарату туралы шешім қабылдауға құқылы.";

2-тармақтағы "Ерікті және мәжбүрлеп тарату" деген сөздер "Ерікті түрде және мәжбүрлеп таратуды жүргізу тәртібі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

екінші бөліктегі "Ерікті немесе мәжбүрлеп" деген сөздер "Мәжбүрлеп" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "ерекшеліктері" деген сөз "тәртібі" деген сөзбен ауыстырылсын;

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тарату комиссиясы тарату балансы мен тарату туралы есепті бекіткеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде оларды заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына, ал аталған құжаттардың көшірмелерін уәкілетті органға табыс етуге міндетті.

Тарату комиссиясы жинақтаушы зейнетақы қорын таратуды аяқтаған кезде құжаттарды сақтау үшін белгіленген тәртіппен мұрағатқа тапсыруға және бұл жөнінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

Жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің тоқтатылуы тіркелгеннен кейін тарату комиссиясы бес жұмыс күні ішінде жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің тоқтатылуын тіркеу туралы бұйрықтың көшірмесін уәкілетті органға табыс етеді.

7. Ерікті түрде таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры кредиторларының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған талаптары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген кезектілікпен қанағаттандырылады.

Мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры кредиторларының белгіленген тәртіппен танылған талаптары мынадай кезектілікпен қанағаттандырылады :

1) бірінші кезекте таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының активтерін және оның зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша міндеттемелерін қабылдаған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері алдындағы талаптары қанағаттандырылады;

2) екінші кезекте жалақыдан және (немесе) өзге табыстан ұсталған алименттерді төлеу жөніндегі талаптар, сондай-ақ таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілгені үшін жауаптылықта болатын азаматтардың талаптары тиісті мерзімді төлемдерді капиталдандыру арқылы қанағаттандырылады;

3) үшінші кезекте еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдарға еңбекақы төлеу және өтемақылар, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша берешектерді төлеу жөнінде, жалақыдан ұсталған міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөнінде есеп айырысулар жүргізіледі;

4) төртінші кезекте салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек өтеледі;

5) бесінші кезекте Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да кредиторлармен есеп айырысулар жүргізіледі.

Тиісті кезектілік басталған кезде кредитордың талабы оның келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен, оның ішінде ақшалай нысанда және (немесе) есеп айырысудың пропорционалды қағидатын сақтай отырып, мүлікті заттай нысанда беру арқылы қанағаттандырылуы мүмкін.

Жинақтаушы зейнетақы қорының активтері бір кезектегі кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының ақшасы және (немесе) өзге мүлкі бір мезгілде осы кезектегі кредиторлар арасында қанағаттандырылуға тиіс талаптардың сомаларына пропорционалды түрде бөлінеді.

Тарату ісін жүргізуге байланысты, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорын тарату комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар, сондай-ақ таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының негізгі функцияларын қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайтын шығыстар кезектен тыс және тұрақты түрде жүргізіледі.";

24) 45-1-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігінің 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жинақтаушы зейнетақы қорында ашық жеке зейнетақы шоттарының, сондай-ақ осы Заңның 45-бабы 1-2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген міндеттемелердің болмауын растайтын құжат;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының өз міндеттемелері бойынша есеп айырысуы үшін оның өз қаражатының жеткілікті екенін, сондай-ақ осы Заңның 45-бабы 1-2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген міндеттемелерінің жоқ екендігін куәландыратын бухгалтерлік баланс пен оған түсіндірме жазба;"

3-тармақтағы "орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарында" деген сөздер "баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ алып тасталсын;

25) 45-2-бапта:

2-тармақтағы "1-тармағының 3) тармақшасында" деген сөздер "1-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жинақтаушы зейнетақы қоры лицензиясынан айырылған күннен бастап:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары, органдары жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкіне билік етуге құқылы емес;

2) таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорына қатысты бұрын қабылданған сот шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;

3) кредиторлардың жинақтаушы зейнетақы қорына қоятын талаптары тек тарату ісін жүргізу барысында ғана қойылуы мүмкін;

4) кредиторлардың, салық қызметі органдарының, оның ішінде даусыз (акцептісіз) тәртіппен қанағаттандырылуы тиіс талаптары бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының банктік шоттарынан ақша өндіріп алуға, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін өндіріп алуға өтінім жасауына жол берілмейді;

5) жинақтаушы зейнетақы қорының лауазымды тұлғаларының жинақтаушы зейнетақы қорының өздеріне тиесілі акцияларын иеліктен шығаруына тыйым салынады ;

6) басшы, ал қажет болғанда өзге қызметкерлер де Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыстан шеттетіледі.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган зейнетақы активтерін, жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша міндеттемелерін табыс еткеннен кейін он жұмыс күні ішінде сотқа жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тоқтату (тарату) туралы өтініш береді.";

үшінші бөліктегі "басылымдарында" деген сөзден кейін "қазақ және орыс тілдерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөлік "міндеттемелерін" деген сөзден кейін "уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша міндеттемелерін орындау мақсатында уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) жинақтаушы зейнетақы қорының меншігі болып табылатын ақшаны уәкілетті орган белгілеген тәртіппен оның зейнетақы активтерінің алдындағы міндеттемелерін төлеуге беруге құқылы.";

алтыншы бөліктегі "мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша міндеттемелерін басқа жинақтаушы зейнетақы қорына өткізуді аяқтағанға" деген сөздер "уәкілетті орган тарату комиссиясын тағайындағанға" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші бөліктегі "есебі жинақтаушы зейнетақы қорын тарату туралы шешім қабылдаған уәкілетті органға және сотқа табыс етіледі" деген сөздер "орындалған жұмыс туралы есебі бекіту үшін уәкілетті органға табыс етіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызыншы бөлік алып тасталсын;

оныншы бөліктегі "мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша міндеттемелерін басқа жинақтаушы зейнетақы қорына өткізу аяқталған күннен бастап он күннен" деген сөздер "уәкілетті орган тарату комиссиясын тағайындаған күннен бастап бір айдан" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бірінші бөлікте:

бірінші сөйлемдегі "және оны уәкілетті орган бекітеді" деген сөздер алып тасталсын

;

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Қабылдау-беру актісінің бір данасы – уәкілетті органға, ал екіншісі жинақтаушы зейнетақы қорын тарату туралы шешім қабылдаған сотқа жіберіледі.";

4-1 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқылы емес, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген шығыстарға байланысты жағдайларды қоспағанда, қолда бар банктік шоттар бойынша барлық операцияны тоқтатуға міндетті.

Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясынан айырылған күніне дейін жасалған зейнетақымен қамсыздандыру және зейнетақы аннуитеті туралы шарттар бойынша салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарын аударуды қоспағанда, жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясынан айырылған күннен бастап жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының (алушыларының) зейнетақы жинақтарын басқа жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе сақтандыру ұйымдарына аудару тоқтатыла тұрады.

Лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының (алушыларының) зейнетақы жинақтарын басқа жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе сақтандыру ұйымдарына аудару зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша активтерді және міндеттемелерді осы баптың 4-тармағына сәйкес таңдау жүзеге асырылған жаңа жинақтаушы зейнетақы қорына тапсыру рәсімі аяқталғаннан кейін отыз жұмыс күні өткен соң қайта басталады.";

"6. Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап осы баптың 4-тармағы екінші бөлігінің 1) – 4) және 6) тармақшаларында көзделген салдар туындайды.

Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап жинақтаушы зейнетақы қорының бұрын жұмыс істеп тұрған органдарының өкілеттігі тоқтатылады, басшы, ал қажет болған кезде өзге қызметкерлер де Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыстан босатылады.";

8-тармақтың төртінші бөлігі алып тасталсын;

26) 45-3-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы "орындамаған жағдайда," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қолдануға, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 47-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыру кезінде оның акцияларына ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларына ақы төлеу тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен жүзеге асырылады.";

4-тармақтағы "жарғылық капиталға ақша салады," деген сөздер алып тасталсын;

28) 48-баптың 1-тармағында:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссиялық сыйақының шамасы жылына бір реттен жиі емес өзгертілуі мүмкін.";
мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Комиссиялық сыйақының шамасы кемінде екі мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы салымшылар мен алушыларға күнтізбелік жыл басталардан бір ай бұрын хабарлануға тиіс.

Комиссиялық сыйақыны өндіріп алу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

29) 49-1, 49-2 және 49-3-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"49-1-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының аудиті

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізуге құқылы және жинақтаушы зейнетақы қорымен және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен үлестес емес аудиторлық ұйым жүргізеді.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық есептілігінің аудиторлық есебі коммерциялық құпияны құрамайды.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорының жыл сайынғы аудиторлық есебі аудитордың – орындаушының және аудиторлық ұйымның жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық есептілігі туралы тәуелсіз пікірін және осы жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтеріне қатысты есепке алуды жүргізу және есептіліктің жасалуы тәртібінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеру нәтижелері туралы ақпаратты қамтиды.

49-2-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының есептілігі

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы жыл сайын уәкілетті органға қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде қаржылық есептілікті және оған түсіндірме жазбаны табыс етуге тиіс.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы уәкілетті органға қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде кірістері мен мүлкі туралы мәліметтерді қамтитын есептілікті, сондай-ақ:

1) басқа тұлғалармен бірлесіп жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым қабылдайтын шешімдерге шарттың негізінде не өзгеше түрде ықпал етуді жүзеге асыру туралы, оның ішінде осындай ықпал ету мүмкіндігін айқындайтын өкілеттіктерді табыстаудың сипаттамасы қамтылатын;

2) жарғылық капиталдардағы өзіне тиесілі қатысу үлестерін (акцияларды) көрсете отырып, ұйымдардағы өзінің атқаратын лауазымдары туралы;

3) ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы өзіне тиесілі қатысу үлестері (акциялар), сондай-ақ оларды сатып алу көздері туралы;

4) жақын туыстары, жұбайы және жұбайының (зайыбының) жақын туыстары туралы, сондай-ақ осы тұлғалардың бақылауындағы ұйымдар туралы ақпаратты;

5) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтерді, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы салық органдарына ұсынатын жеке табыс салығы жөніндегі декларациясы болған кезде, оның көшірмесін беруге тиіс.

3. Есептілікті беру тәртібі мен нысандары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар), заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушы уәкілетті органға:

1) есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік тоқсан күн ішінде тоқсан сайынғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті және оған түсіндірме жазбаны;

2) қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік жүз жиырма күн ішінде аудиторлық ұйым растамаған, шоғырландырылған және шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және оған түсіндірме жазбаны;

3) үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы тоқсан сайынғы есепті табыс етуге тиіс.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысының жылдық қаржылық есептілігіне түсіндірме жазбада, сондай-ақ

жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар) ірі қатысушысының тоқсан сайынғы және жылдық қаржылық есептілігіне түсіндірме жазбаларда мынадай ақпарат көрсетілуі тиіс:

1) ірі қатысушының қызметі түрлерінің сипаттамасы;

2) ірі қатысушы оның қатысушысы (акционері) болып табылатын әрбір ұйымның атауы, оның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің мөлшері (тиесілі акциялар саны), қызмет түрінің немесе түрлерінің сипаттамасы, ірі қатысушы оның ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылатын ұйымдардың қаржылық есептілігі;

3) жинақтаушы зейнетақы қорына немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға ірі қатысушының ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылатын әрбір ұйымның атауы, оның жарғылық капиталға қатысу үлесінің мөлшері (өзіне тиесілі акциялар саны), осы ұйымның қызмет түрінің немесе түрлерінің сипаттамасы және қаржылық есептілігі, сондай-ақ үлестес тұлғалар туралы, ірі қатысушыны бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар туралы, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысын бақылайтын тұлғаның еншілес және тәуелді ұйымдары туралы мәліметтер.

Жинақтаушы зейнетақы қорында немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымда жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар) ірі қатысушысы болмаған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы қаржылық есептілікті және осы тармақта көрсетілген ақпаратты тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірмей беруге тиіс.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы – заңды тұлғаның басшы қызметкерлерінің құрамы өзгерген жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы – заңды тұлға растайтын құжаттарды қоса тіркей отырып, көрсетілген өзгерістер болған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға басшы қызметкерлердің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтерді табыс етеді.

6. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның заңды тұлға болып табылатын, Қазақстан Республикасының резиденті емес ірі қатысушысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік жүз сексен күн ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікті уәкілетті органға табыс етуге тиіс.

Қазақстан Республикасының резиденті емес – жеке тұлға болып табылатын, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына осы баптың 2-тармағының талаптары қолданылады.

7. Егер Қазақстан Республикасының резиденті – қаржы ұйымы жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы болып табылатын жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы осы баптың 5-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген ақпаратты береді. Бұл ретте, егер жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы уәкілетті органға осы қаржылық есептілікті талап етілген кезеңде табыс етсе, қаржылық есептілік және оған түсіндірме жазба табыс етілмейді.

49-3-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларына аудит

1. Қаржы жылының қорытындылары бойынша аудит жүргізу жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушылары үшін міндетті.

Аудиторлық есептің көшірмесі көрсетілген құжат алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға берілуге тиіс.

2. Өзі орналасқан елде шоғырландырылған қадағалауға жататын жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиырма бес пайызын немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама түрде иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар) заңды тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті емес ірі қатысушының шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін осы Қазақстан Республикасының резиденті емес ірі қатысушы орналасқан елде қаржы ұйымдарына аудит жүргізуге құқығы бар аудиторлық ұйым растауға тиіс.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын ірі қатысушысы уәкілетті органға аудиторлық есептің көшірмесін және аудиторлық ұйымның ұсынымдарын қазақ немесе орыс тілдерінде табыс етеді.

4. Жинақтаушы зейнетақы қоры, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық ахуалына әсерін тигізетін, аудиторлық есепте

көрсетілген бұзушылықтарды көрсетілген тұлғалар аудиторлық есепті алған күннен бастап үш ай ішінде жоймаған жағдайда уәкілетті орган бұзушылықтар жойылғанға дейін:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға қатысты тиісті лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға;

2) жинақтаушы зейнетақы қорына немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына қатысты осы Заңның 42-7-бабының 2-тармағында көзделген шараларды қолдануға құқылы.

5. Осы есепті алған күннен бастап бір жыл ішінде бұзушылықтар жойылмаған жағдайда, уәкілетті орган:

1) жинақтаушы зейнетақы қорын және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымды лицензиясынан айыруға;

2) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына қатысты осы Заңның 42-7-бабының 3-тармағында көзделген шараларды қолдануға құқылы.";

30) 50-бапта:

3-тармақтағы "алушының" деген сөз "салымшының (алушының)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

4) тармақшадағы "алушының" деген сөз "салымшының (алушының)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-2) тармақшамен толықтырылсын:

"6-2) орталық атқарушы органға – салымшының (алушының) өтінішіне байланысты туындаған мәселе бойынша;"

31) 52-бапта:

1-2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленетін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларын тікелей немесе жанама түрде иеленуге және (немесе) пайдалануға және (немесе) оларға билік етуге құқығы жоқ.";

1-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-3. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын, шетел қатысатын ұйымдардың жиынтық меншікті капиталы Қазақстан Республикасының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын барлық ұйымдарының жиынтық меншікті капиталының елу пайызынан аспауы керек.

Осы тармақтың талабы зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын, шетел қатысатын ұйымдардың жиынтық меншікті капиталын Қазақстан

Республикасының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын барлық ұйымдарының жиынтық меншікті капиталынан:

1) бөлінбеген пайда есебінен;

2) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық меншікті капиталын азайту есебінен елу пайыздан асатын мөлшерге дейін ұлғайтқан жағдайға қолданылмайды.";

1-4-тармақ алып тасталсын;

1-5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-5. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын, шетел қатысатын ұйым – орналастырылған акцияларының үштен бірінен астамы:

1) Қазақстан Республикасы резидент еместерінің;

2) орналастырылған акцияларының немесе жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерінің елу және одан көп пайызы Қазақстан Республикасының резидент еместерінің иелігіндегі, меншігіндегі және (немесе) басқаруындағы Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғаларының не оларға ұқсас Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының;

3) Қазақстан Республикасының резидент еместерінің (сенімді тұлғаларының) не осы тармақтың 2) тармақшасында аталған заңды тұлғалардың қаражатына иелік етушілер болып табылатын Қазақстан Республикасы резиденттерінің иелігіндегі, меншігіндегі және (немесе) басқаруындағы зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым.";

32) 53-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"53-бап. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерлері

1. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде уәкілетті органға зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның барлық басшы қызметкерлеріне зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым қаржы жылының ішінде төлеген кірістер туралы мәліметтерді қамтитын есептілікті уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша ұсынуға міндетті.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақы, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа түрлерін есептеу жөніндегі зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ішкі саясатына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

2. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның директорлар кеңесінің және (немесе) басқармасының мүшелері зейнетақы активтерін

инвестициялық басқаруды осы ұйым жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері лауазымында бола алмайды.

3. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерлеріне қойылатын өзге де талаптар "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.";

33) 55-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздер "уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

2) тармақша "банктерден" деген сөздің алдынан "зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның мақсаты үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшада:

"жинақтаушы зейнетақы қорының" деген сөздер алып тасталсын;

"зейнетақы активтері есебінен аффилиирленген тұлғалармен" деген сөздер "зейнетақы және (немесе) меншікті активтері есебінен үлестес тұлғалармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2) және 3-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) зейнетақы және (немесе) меншікті активтердің есебінен үлестес тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін, үлестес тұлғалар шығарған акцияларды не параметрлері қор биржасының акциялары нарығының индексін есептеу мақсатында пайдаланылатын қор биржасының тізіміне (қор биржасының өкілді тізіміне) не базалық активі осындай акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар тізіміне кіретін акцияларды қоспағанда, базалық активі осындай акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттарды сатып алуға;

3-2) зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген мақсаттарға пайдалануға;

3-3) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қызметкерлеріне қаржылық көмекті қоспағанда, меншікті активтер есебінен бір жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға өтеусіз негізде қаржылық көмек ұсынуға;"

8) тармақша "зейнетақы" деген сөзден кейін "және (немесе) меншікті" деген сөздермен толықтырылсын.

12. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 5-6, 49-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24, 25-құжаттар; №

8, 45-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат):

1) 1-тарау мынадай мазмұндағы 12-1 және 12-2-баптармен толықтырылсын:

"12-1-бап. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің үлестес тұлғасы

1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің (бұдан әрі осы бапта – серіктестік) үлестес тұлғасы деп тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді анықтауға және (немесе) бір-бірінің (тұлғалардың біреуінің) қабылдайтын шешімдеріне, оның ішінде жасалған мәміле негізінде ықпал ету мүмкіндігіне ие жеке немесе заңды тұлғалар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) танылады.

2. Мыналар:

1) құрылтайшылар, қатысушылар;

2) осы тармақтың 1), 3) және 9) тармақшаларында аталған жеке тұлғалардың жақын туыстары, зайыбы (жұбайы), зайыбының (жұбайының) жақын туыстары;

3) серіктестіктің немесе осы тармақтың 1), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында аталған заңды тұлғалардың лауазымды тұлғалары;

4) осы тармақтың 1) тармақшасында аталған тұлғаның не серіктестіктің лауазымды тұлғасының бақылауында болатын заңды тұлға;

5) осы тармақтың 1) тармақшасында аталған не серіктестіктің лауазымды тұлғасы болып табылатын тұлға оған қатысты ірі акционер болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;

6) оған қатысты серіктестік ірі акционер болып табылатын немесе мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;

7) осы тармақтың 6) тармақшасында аталған заңды тұлға оған қатысты ірі акционер болып табылатын немесе мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;

8) серіктестікпен бірге үшінші бір тұлғаның бақылауында болатын заңды тұлға;

9) серіктестік қабылдайтын шешімдерді анықтауға құқылы, шартқа сәйкес серіктестікпен байланысты болатын тұлға;

10) дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен бірлесіп, осы тармақтың 1), 4), 5), 6), 7), 8), 9) және 11) тармақшаларында аталған заңды тұлғалардың дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызын (жарғылық капиталындағы қатысу үлесін) иеленетін, пайдаланатын, оларға билік ететін тұлға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес серіктестіктің үлестес тұлғасы болып табылатын өзге де тұлға серіктестіктің үлестес тұлғасы болып табылады.

2. Тиісінше серіктестік немесе өзге де заңды тұлға қабылдайтын шешімдерді анықтау мүмкіндігі серіктестікті немесе өзге де заңды тұлғаны бақылау болып табылады.

12-2-бап. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің үлестес

тұлғалары туралы мәліметтерді ашу

1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік өзінің үлестес тұлғаларын есепке алуды осы тұлғалар беретін мәліметтер негізінде жүргізуге міндетті.

3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестігі пайда болған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді жауапкершілігі шектеулі серіктестікке беруге міндетті.";

2) 16-1-баптың 1-тармағының бірінші абзацында "қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар" деген сөздер "қызметті жүзеге асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 41-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"41-бап. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің органдары мен лауазымды тұлғалары

1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің органдары мыналар:

1) серіктестіктің жоғары органы – оған қатысушылардың жалпы жиналысы (жалпы жиналыс);

2) серіктестіктің атқарушы органы (алқалы және (немесе) жеке-дара) болып табылады.

2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің атқарушы органының мүшелері немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің атқарушы органының функцияларын жеке-дара атқаратын тұлға, сондай-ақ байқаушы кеңестің мүшелері жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің лауазымды тұлғалары болып табылады.

3. Жарғыда көзделген жағдайда жауапкершілігі шектеулі серіктестік байқаушы кеңесті және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушіні) құруы мүмкін.

4. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік органдарының құзыреті, сондай-ақ олардың шешім қабылдау немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік атынан әрекет жасау тәртібі осы Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен және жауапкершілігі шектеулі серіктестік жарғысымен анықталады."

13. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 22, 309-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 5-құжат; № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 86-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., №

2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

5-баптың 2-тармағының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жинақтаушы зейнетақы қорына немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға ірі қатысушылар;"

14. "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 22, 406-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; 2005 ж., № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; № 8, 52-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 3-бапта:

3) тармақшада:

бірінші абзацтағы "бір заңды тұлғаның басқа" деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзацта:

"басқа тұлғаның дауыс беретін (артықшылықты акцияларды шегере отырып) акцияларының" деген сөздер "заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алған акцияларды шегере отырып) акцияларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"басқа" деген сөз алып тасталсын;

үшінші және төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"бір тұлғада заңды тұлғаның басқару органы немесе атқарушы органы құрамының кемінде жартысын дербес сайлау мүмкіндігі болған;

Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясының қаржылық есептілігін қоспағанда, заңды тұлғаның қаржылық есептілігі аудиторлық есепке сәйкес басқа заңды тұлғаның қаржылық есептілігіне қосылған;"

бесінші абзацта:

"бір заңды тұлғаның" деген сөздер "бір тұлғаның дербес не бір немесе бірнеше тұлғалармен бірлесіп," деген сөздермен ауыстырылсын;

"басқа" деген сөз алып тасталсын;

18-2) тармақша "ақпараттың жиынтығы" деген сөздерден кейін "(оның ішінде электрондық нысанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

23-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23-2) сақтандыру тобы – банк конгломераты болып табылмайтын, сақтандыру холдингінен, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан, сондай-ақ сақтандыру холдингінің еншілес ұйымдарынан және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымдарынан және (немесе) сақтандыру холдингі және (немесе) оның еншілес ұйымдары капиталына қомақты қатысатын ұйымдардан тұратын заңды тұлғалар тобы.

Сақтандыру тобының құрамына ұлттық басқарушы холдинг, Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру холдингі, сондай-ақ еншілес ұйымдар және Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру холдингі капиталына қомақты қатысатын, Қазақстан Республикасының резиденттері емес болып табылатын ұйымдар кірмейді.";

26) тармақшада:

бірінші абзацтағы "дауыс беретін (артықшылықты акцияларды шегере отырып)" деген сөздер "орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алған акцияларды шегере отырып)" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац "осы Заңда" деген сөздердің алдынан "мұндай иеленуші мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын жағдайларды, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

26-1) тармақшада:

бірінші абзацтағы "дауыс беретін (артықшылықты акцияларды шегере отырып)" деген сөздер "орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алған акцияларды шегере отырып)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "(артықшылықты акцияларды шегере отырып)" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші абзац "жағдайларды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларды" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 29-1) тармақшамен толықтырылсын:

"29-1) үлестес тұлғалар – шешімді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындауға және (немесе) бір-бірінің (тұлғалардың бірінің) қабылдайтын шешімдеріне, оның ішінде жасасқан мәміле күшіне қарай ықпал етуге мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлғалар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды және ұлттық басқарушы холдингіті қоспағанда). Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің құрамында ұлттық басқарушы холдингітің болуы тұлғаларды бір-біріне қатысты үлестес деп айқындау үшін негіз болып табылмайды.";

2) 11-баптың 3-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Сақтандыру ұйымы өзінде:

1) ірі қатысушы – жеке тұлға немесе сақтандыру холдингі;

2) астанада, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда филиалдары және (немесе) сақтандыру агенттері болмаған кезде мазмұны мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен айқындалатын міндетті сақтандыру түрлерін жүзеге асыруға құқылы емес.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 1) тармақшасының талабы орналастырылған акцияларының елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі немесе сенімгерлік басқаруға берілген сақтандыру ұйымдарына қолданылмайды.";

3) 15-1-бапта:

тақырыбындағы "аффилиирленген тұлғаларына" деген сөздер алып тасталып, " жасалуына" деген сөз "жасауына" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақта:

төртінші абзац "немесе оның жұбайы (зайыбы)" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзацта "туыстарының бірі" деген сөздерден кейін ", оның жұбайы (зайыбы)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

"4-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының директорлар кеңесі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алған акцияларды шегере отырып) акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын иеленетін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы – жеке тұлға немесе сақтандыру холдингі осы Заңның 26-бабында белгіленген тиісті мәртебені алу шеңберінде ұсынған бизнес-жоспарды қарайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының (сақтандыру холдингінің) бизнес-жоспарын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының даму стратегиясына (даму жоспарына) енгізу не енгізбеу туралы тиісті шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы директорлар кеңесінің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының (сақтандыру холдингінің) бизнес-жоспарын қарау нәтижелері туралы хабарлауға міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының директорлар кеңесі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының даму стратегиясының (даму жоспарының) сақталуын қамтамасыз етеді.";

"6. Осы баптың талаптары:

1) мынадай шарттардың бірі:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингінің, сондай-ақ сақтандыру холдингінде, сақтандыру холдингінің белгілерін иеленген тұлғада шыққан елдің қаржылық қадағалау органының

аталған Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғалар шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауының болуы;

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен, бірақ Қазақстан Республикасына берілген шетел валютасындағы тәуелсіз рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингінің, сондай-ақ уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органының арасында ақпарат алмасу туралы келісімнің болуы орындалған кезде сақтандыру холдингі, сақтандыру холдингінің белгілерін иеленген тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті еместерін;

2) банк конгломераттарының құрамына кіретін банк холдингтері болып табылатын сақтандыру холдингтерін қоспағанда, сақтандыру холдингтеріне қолданылады.";

4) 16-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Сақтандыру ұйымы сақтандыру қызметін жүзеге асыру шеңберінде қызметтер көрсеткені үшін сақтандыру сыныптары бойынша және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес сақтандыру тарифтерінің мөлшері туралы ақпаратты интернет-ресурста немесе клиенттердің көруі үшін қолжетімді жерде орналастыруға және жаңартылған күйде ұстауға міндетті.";

5) 17-баптың 5 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сақтандыру брокеріне ол осы баптың 2-тармағында аталған брокерлік қызметті сақтанушының (цеденттің) мүддесінде жүзеге асырғаны үшін кез келген сыйақыны тек қана сақтанушы (цедент) төлеуге тиіс.

6. Егер сақтандыру брокері және (немесе) оның үлестес тұлғасы бір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асырған жағдайда сақтандыру брокеріне және (немесе) оның үлестес тұлғасына сыйақыны сақтанушы төлейді.";

6) 18-1-баптың 1-тармағының б) тармақшасындағы "экономикалық қызмет саласында жасаған қылмыстары үшін" деген сөздер алып тасталсын;

7) 21-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тізбесін уәкілетті орган белгілейтін, оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының резиденттері - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының дауыс беретін акцияларын тікелей немесе жанама түрде иелене алмайды және (немесе) пайдалана алмайды және (немесе) оларға билік ете алмайды.

Аталған шектеу рейтингтік агенттіктердің бірінің талап етілетін ең төменгі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттері емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының еншілес ұйымдары болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды.

Рейтингтік агенттіктердің тізбесі және талап етілетін ең төменгі рейтинг уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.";

8) 25-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын қайта ұйымдастыру кезінде оның акцияларына ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, орналастырған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларына ақы тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақшамен төленуге тиіс.";

9) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Сақтандыру холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы

1. Бірде-бір тұлға уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмай дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алған акцияларды шегере отырып) акцияларының он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама түрде иелене, пайдалана және (немесе) оларға билік ете алмайды, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қабылдайтын шешімдерге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алған акцияларды шегере отырып) акцияларының он немесе одан көп пайызы мөлшерінде бақылау жасай алмайды немесе ықпал ету мүмкіндігі болмайды. Бұл талап мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларға қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының резиденттері емес заңды тұлғалар рейтингтік агенттіктердің бірінің талап етілетін ең төмен рейтингі болған кезде сақтандыру холдингі немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін ала алады. Талап етілетін ең төмен рейтинг және рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған акцияларының он немесе одан көп пайызын тікелей иеленетін немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызымен дауыс беру мүмкіндігі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы болып табылатын, талап етілетін ең төмен рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғаның акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иелену (олармен дауыс беру) арқылы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған акцияларының он немесе одан көп пайызын жанама түрде иеленуді немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызымен жанама түрде дауыс беруді көздейтін Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғасы үшін аталған рейтингтің болуы талап етілмейді.

Өзінің орналасқан елінде шоғырландырылған қадағалауға жататын Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымы ғана сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алғандарын шегере отырып) акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын тікелей иеленетін немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызымен тікелей дауыс беру мүмкіндігі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру холдингі болып табылуы мүмкін.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру, келісімді кері қайтарып алу қағидаларын, аталған келісімді алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындайды.

3. Мыналарды:

мемлекетті немесе ұлттық басқарушы холдингі;
сақтандыру холдингін;

жанама түрде иелену сақтандыру холдингі арқылы жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, өзге қаржы ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алғандарын шегере отырып) немесе дауыс беретін акцияларының жиырма бестен кем пайызына тікелей немесе жанама түрде иелік ететін жеке тұлға – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыны қоспағанда, бірде-бір тұлға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алғандарын шегере отырып) немесе дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызына дербес немесе басқа тұлғалармен бірлесіп тікелей немесе жанама түрде иелене алмайды.

Сақтандыру холдингі немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының мәртебесін алу жөніндегі талаптар аталған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы (сақтандыру холдингі) мәртебесі бар басқа қаржы ұйымы акцияларын иелену (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігінің болуы) арқылы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын жанама түрде иеленуші (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) шарт негізінде немесе қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал етуге мүмкіндігі бар) деп танылатын тұлғаға қолданылмайды.

Сақтандыру холдингі немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының мәртебесін алу жөніндегі талаптар өзінің орналасқан елінде шоғырландырылған қадағалауға жататын және аталған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы (сақтандыру холдингі) мәртебесі бар басқа қаржы ұйымының – Қазақстан Республикасының резидент емесінің акцияларын иелену (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) шарт негізінде немесе өзге де тәсілмен қабылданатын шешімге әсер ету мүмкіндігінің болуы) арқылы сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымының акцияларына жанама түрде иеленуші (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) шарт негізінде немесе өзге де тәсілмен қабылданатын шешімге әсер етуге мүмкіндігі бар) тұлғаға қолданылмайды.

Сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісім беруі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы үшін айқындалған шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы болғысы келетін тұлға келісім алу үшін уәкілетті органға осы баптың 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтарында айқындалған құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы мәртебесін иелену туралы өтінішті ұсынуға міндетті.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушылар – жеке тұлғалар өздеріне меншік құқығында тиесілі мүліктің құнынан аспайтын мөлшерде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларына ақы төлейді. Бұл ретте мүліктің құны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бұрын сатып алған және сатып алатын акцияларының жиынтық құнынан кем болмауға тиіс.

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін жеке тұлға мынадай құжаттарды:

1) растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, акцияларды сатып алуға пайдаланылатын ақша көздері мен қаражаттардың сипаттамасын қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын, оның ішінде бұрын сатып алынғандарын сатып алу шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді табыс етеді.

Мыналар:

кәсіпкерлік, еңбек немесе басқа да ақы төленетін қызметтен алынған кірістер;

өтініш берушінің құжаттамамен расталған ақшалай жинағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алуға пайдаланылатын ақша көзі болып табылады.

Осы тармақшаның екінші бөлігінде аталған көздерге қосымша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алу үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сатып алатын акцияларының құнынан жиырма бес пайыздан аспайтын мөлшердегі сыйға тарту, ұтыс, өтеусіз алынған мүлікті сатудан түскен кіріс түрінде алынған ақша пайдаланылуы мүмкін.

Сыйға тарту түрінде алынған мүлік есебінен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алған жағдайда өтініш беруші сыйға тартушы туралы және сыйға тартушыда аталған мүліктің пайда болу көздері туралы мәліметтерді ұсынады;

2) өтініш берушінің мүдделерін білдіру тапсырылған өтініш берушінің өкіліне (ол бар болғанда) берілген сенімхатты;

3) өзі ірі қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың тізімін және олардың құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайының ықтимал нашарлауы жағдайларында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қайта капиталдандыру жоспарын;

5) растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса тіркей отырып, мінсіз іскерлік бедел туралы мәліметтерді;

6) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтерді, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысанға сәйкес өтініш берушінің барлық міндеттемелері бойынша берешегі туралы ақпаратты;

7) білімі туралы, еңбек қызметі туралы мәліметтерді қоса алғанда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген нысан бойынша өтініш беруші туралы қысқаша деректерді;

8) Қазақстан Республикасының резиденті емес жеке тұлғаның тұратын елінің тиісті мемлекеттік органының Қазақстан Республикасының резиденті – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алуға осы ел заңнамасында рұқсат етілгені туралы жазбаша растауын не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының аталған құрылтайшы мемлекетінің заңнамасы бойынша мұндай рұқсат талап етілмейтіні туралы өтінішін табыс етеді.

7. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасы мынадай құжаттарды:

1) өтініш берушінің жоғары органының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алу туралы шешімінің көшірмелерін;

2) заңды тұлға акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызына ие, сондай-ақ шарттың күшіне қарай не өзгеше түрде осы заңды тұлғаның шешімдерін айқындауға немесе бақылауға алуға мүмкіндігі бар тұлғалар (дербес немесе басқа тұлғалармен бірлесіп) туралы мәліметтер мен растайтын құжаттарды;

3) өтініш берушінің үлестес тұлғаларының тізімін;

4) осы баптың 6-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында аталған мәліметтер мен құжаттарды;

5) оның басшы қызметкерлерінің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтерді;

6) құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін, өтініш берушінің ірі қатысушылары, сондай-ақ өтініш берушінің ірі қатысушыларының ірі қатысушылары туралы қысқаша деректерді;

7) білімі туралы, еңбек қызметі туралы мәліметтерді қоса алғанда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген нысан бойынша өтініш берушінің басшы қызметкерлері туралы қысқаша деректерді;

8) аяқталған соңғы екі қаржы жылының аудиторлық ұйым куәландырған жылдық қаржылық есептілігін, сондай-ақ тиісті өтінішті ұсынар алдында аяқталған соңғы тоқсанның қаржылық есептілігін;

9) өтініш берушінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мәртебесін алғаннан кейінгі болжамды есеп айырысу балансын қоса алғанда, ірі қатысушы мәртебесін алудың қаржылық салдарын талдауды, іс-шаралар жоспары мен ұйымдық құрылымды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін сату, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қайта ұйымдастыру немесе оның қызметіне немесе оны басқаруға айтарлықтай өзгерістер енгізу жөніндегі жоспарлар мен ұсыныстарды, егер олар бар болса, табыс етеді.

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлға мынадай құжаттарды:

1) осы баптың 6-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында және 7-тармағының 1), 2), 3), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

2) осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірі берген заңды тұлғаның кредиттік рейтингі туралы мәліметтерді ұсынады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымы осы тармақта аталған құжаттарға қосымша өтініш берушінің орналасқан елінің қаржылық қадағалау органынан өтініш беруші осы елдің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті екендігі туралы жазбаша растама не өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының мұндай рұқсат осы елдің заңнамасы бойынша талап етілмейтіндігі туралы өтініш береді.

9. Сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымы мынадай құжаттарды:

1) осы баптың 8-тармағында аталған мәліметтер мен құжаттарды;

2) өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органынан алынатын, Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымының шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауды;

3) өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымының сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге жазбаша рұқсатын (келісімін) не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының аталған мемлекеттің заңнамасы бойынша осындай рұқсат (келісім) талап етілмейтіні туралы өтініш береді.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алғандарын шегере отырып)

акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын иелену үлесімен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы мәртебесін иеленгісі келетін жеке тұлғалар, сондай-ақ сақтандыру холдингі мәртебесін иеленгісі келетін заңды тұлғалар осы бапта аталған құжаттар мен мәліметтерге қосымша, уәкілетті орган оған қойылатын талаптарды белгілейтін таяудағы бес жылға арналған бизнес-жоспарды ұсынады.

11. Жиынтығында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алғандарын шегере отырып) он немесе одан көп пайызын иеленетін немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларының он немесе одан көп пайызымен тікелей немесе жанама түрде дауыс беруге мүмкіндігі бар және:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шешімдеріне өздерінің арасында жасалған шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде бірлесіп ықпал ететін;

2) жеке алғанда немесе өзара бір-біріне ірі қатысушылар болып табылатын;

3) олардың біреуі лауазымды тұлға немесе басқа тұлғаның өкілі болып табылатын;

4) олардың біреуі өздерінің арасында жасалған шартқа сәйкес басқа тұлғаға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алу мүмкіндігін берген;

5) жақын туыстар немесе ерлі-зайыптылар болып келетін;

6) олардың біреуі өзіне сыйға берілген ақша немесе өтеусіз алынған мүлік есебінен басқа тұлғаға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алу мүмкіндігін берген тұлғалар бірлесіп сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы болып табылатын тұлғалар деп танылады.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес банк конгломератына кірген жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес шоғырландырылған қадағалауға жатады.

12. Сақтандыру холдингі немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы мәртебесін алу үшін осы баптың талаптарына сәйкес берілген өтініш бойынша шешімді уәкілетті орган өтініш берілгеннен кейін үш ай ішінде қабылдауға тиіс.

Уәкілетті орган өз шешімінің нәтижелері туралы өтініш берушіге жазбаша хабарлама беруге міндетті, бұл ретте тиісті мәртебені иеленуге келісімді беруден бас тартқан жағдайда жазбаша хабарламада бас тартудың негіздері көрсетіледі.

13. Уәкілетті орган келісім беруге негіз болған дәйексіз мәліметтер анықталған немесе өтініш беруші ірі қатысушы немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иелену нәтижесінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптарын бұзған немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушылар немесе сақтандыру холдингі осы Заңның талаптарын сақтамаған жағдайда осы бапқа сәйкес берілген келісімді кері қайтарып алуға құқылы. Бұл жағдайда мұндай шара қолданылатын тұлға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акцияларының өзіне

тиесілі санын алты ай ішінде осы бапта белгіленгеннен төмен деңгейге дейін азайтуға міндетті.

Осы бапқа сәйкес берілген келісім кері қайтарып алынған тұлға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын үшінші тұлғаға сенімгерлік басқаруға беруге құқылы емес.

Уәкілетті орган оларға қатысты тиісті келісімді қайтарып алу туралы шешім қабылдаған тұлғалар осы тармақтың талаптарын орындамаған жағдайда уәкілетті орган осы тұлғаларға уәкілетті органның талаптарын орындату үшін сотқа жүгінуге құқылы.

14. Егер тұлға уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісін алмай сақтандыру холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы белгілеріне сай бола бастаған жағдайда, ол осы баптың ережелеріне сәйкес уәкілетті органның жазбаша келісін алғанға дейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшылығына немесе саясатына ықпал етуге бағытталған қандай да бір әрекет жасауға және (немесе) осындай акциялар бойынша дауыс беруге құқылы емес.

Аталған жағдайда сақтандыру холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы белгілеріне сай болған тұлға сақтандыру холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы белгілеріне сай екені белгілі болған кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

Тиісті мәртебені алу туралы өтініш оған өзінің сақтандыру холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы белгілеріне сай екені белгілі болған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, егер осы тұлға аталған мерзімде акцияларын иеліктен шығарғысы келмесе ғана, уәкілетті органға беріледі. Акцияларды иеліктен шығару туралы шешім қабылдағаны туралы ақпарат осындай шешім қабылданған күннен бастап дереу уәкілетті органға беріледі.

15. Жиынтығында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алғандарын шегере отырып) немесе дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызы тиесілі және:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы сотқа талап-арызбен жүгіну;

2) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізу;

3) директорлар кеңесінің отырысын шақыру;

4) өз есебінен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына аудит өткізу мәселелері бойынша акционерлердің шешім қабылдауын көздейтін, олардың арасында жасалған келісім негізінде әрекет ететін акционерлер сақтандыру холдингтері, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушылар болып табылмайды.

16. Жиынтығында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алғандарын шегере отырып) акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын иеленетін немесе

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызымен тікелей немесе жанама түрде дауыс беруге мүмкіндігі бар және:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шешімдеріне өздерінің арасында жасалған шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде бірлесіп ықпал ететін;

2) жеке алғанда немесе өзара бір-біріне ірі қатысушылар болып табылатын;

3) олардың біреуі басқа тұлғаның өкілі болып табылатын;

4) олардың біреуі өздерінің арасында жасалған шартқа сәйкес басқа тұлғаға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алу мүмкіндігін берген тұлғалар бірлесіп сақтандыру холдингі болып табылатын тұлғалар деп танылады.

17. Уәкілетті орган осы тұлғаның сақтандыру холдингі немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы белгілеріне сай екенін көрсететін мәліметтер болған кезде жеке және заңды тұлғалардан ақпарат беруді талап етуге құқылы. Ақпарат оны иеленуші кез келген тұлғадан, сондай-ақ осы тұлғаның бақылауында болатын ұйымдардан талап етілуі мүмкін.

18. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы, сақтандыру холдингі шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде растайтын құжаттарды табыс ете отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының оған тиесілі акциялары санының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алғандарын шегере отырып) акцияларының санына және (немесе) ол тікелей немесе жанама түрде иеленетін немесе өзінің тікелей немесе жанама түрде дауыс беру мүмкіндігі бар дауыс беретін акцияларының санына пайыздық арақатынасының өзгеруі туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыға, сақтандыру холдингіне тиесілі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акциялары саны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алғандарын шегере отырып) акцияларының санына және (немесе) дауыс беретін акцияларының санына қатысты ұлғаю жағына (пайыздық немесе абсолюттік мәнде) өзгерген жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы, сақтандыру холдингі уәкілетті органға растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алу үшін пайдаланылатын қаражат көздері туралы ақпарат ұсынуға тиіс. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушылар – жеке тұлғалар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алу үшін пайдаланатын қаражат көздері осы баптың 6-тармағының 1) тармақшасында айқындалған.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыға, сақтандыру холдингіне тиесілі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акциялары санының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (

қайта сақтандыру) ұйымы сатып алғандарын шегере отырып) акцияларының санына және (немесе) дауыс беретін акцияларының санына пайыздық арақатынасы он немесе жиырма бес пайыздан кем болатындай санға дейін өзгерген жағдайда, уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының, сақтандыру холдингінің өтініші бойынша не аталған фактіні өз бетінше анықтаған жағдайда осы факт анықталған күннен бастап екі ай ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру үшін көзделген тәртіппен бұрын берілген жазбаша келісімнің күші жойылды деп тану туралы шешім қабылдайды.

19. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру холдингі оларға тиесілі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру холдингінің акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) санының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру холдингінің орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алғандарын шегере отырып) акцияларының санына және (немесе) дауыс беретін акцияларының санына пайыздық арақатынасын көрсете отырып, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын өзінің барлық ірі қатысушыларының немесе сақтандыру холдингтерінің (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін) тізімін уәкілетті органға беруге міндетті.

20. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін және (немесе) орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алғандарын шегере отырып) акцияларының он немесе одан көп пайызын иеленетін акционерлер құрамының өзгергені туралы өзі осындай фактіні анықтаған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

21. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушылардың, сақтандыру холдингінің, сондай-ақ сақтандыру холдингі немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының белгілеріне сәйкес келетін жеке және заңды тұлғалардың мәліметтерді, сондай-ақ осы баптың 14 – 20-тармақтарына сәйкес талап етілетін ақпаратты көрсетілген мерзімінде уақтылы ұсынбауы, бермеуі немесе дәйексіз мәліметтер беруі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.";

10) 26-1-бапта:

тақырыбындағы "Сақтандыру" деген сөз "Сақтандыру холдингі немесе сақтандыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "Сақтандыру" деген сөз "Сақтандыру холдингі немесе сақтандыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша "ірі қатысушысы" деген сөздерден кейін "немесе сақтандыру холдингі" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иелену жөніндегі мәміледе тізбесін уәкілетті орган белгілейтін, оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлға (оған ірі қатысушы (ірі акционер) иеленуші тарап болып табылатын жағдайлар;"

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) Қазақстан Республикасының резиденттері емес сақтандыру тобына қатысушылар орналасқан елдің заңнамасы олардың және сақтандыру тобының осы Заңда көзделген талаптарды орындауына мүмкіндік бермейтіндігіне байланысты сақтандыру тобына шоғырландырылған қадағалау жүргізудің мүмкін болмауы;"

7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) өтініш берушінің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыларға және сақтандыру холдингтеріне қойылатын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де талаптарды сақтамауы;

8) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайының нашарлайтынын болжайтын, өтініш берушінің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарына талдау жасау;"

11) тармақшадағы "заңнамасында" деген сөздер "заңнамалық актілерінде" деген сөздермен, "қолданылады." деген сөз "қолданылады;" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 12) және 13) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) өтініш беруші – заңды тұлға орналасқан елдің қаржы ұйымдарына шоғырландырылған қадағалау саласындағы заңнаманың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шоғырландырылған қадағалау талаптарына сәйкессіздігі;

13) Қазақстан Республикасының резиденттері емес қаржы ұйымдары болып табылатын ірі қатысушылар – заңды тұлғалар және сақтандыру холдингтері бойынша – уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган мен өтініш беруші резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органдары арасында ақпарат алмасуды көздейтін келісімнің болмауы негіз болып табылады.";

екінші бөлік алып тасталсын;

2-тармақта:

3) тармақша "аяқталған" деген сөздің алдынан "әрбір" деген сөзбен толықтырылсын

;

7) тармақшадағы "өтініш берушінің" деген сөздер "өтініш беруші – заңды тұлғаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тұлға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы не сақтандыру холдингі белгілерін уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз алған кезде уәкілетті орган осы тұлғаға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды, сондай-ақ осы Заңның 53-1-бабында көзделген, алты айдан аспайтын мерзімде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын өткізу талаптары бөлігінде мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.";

11) 31 және 32-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мемлекеттік тіркеуге (қайта тіркеуге) не әділет органдарына хабарланғанға дейін уәкілетті органмен міндетті түрде келісілуге тиіс.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтай құжаттарына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды алдын ала келісу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Құрылтай құжаттарына енгізілген, әділет органдарында қайта тіркеуді талап ететін өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік тіркеуден кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қайта тіркелген күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде уәкілетті органға құрылтай құжаттарына өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін тіркеген әділет органының белгісімен және мөрімен ұсынуға міндетті.

Құрылтай құжаттарына қайта тіркеуді талап етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы әділет органының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының хатын қабылдағандығы туралы белгісі қойылған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аталған хатының көшірмесін, құрылтай құжаттарына өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.

32-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру холдингтерінің ұйымдардың капиталдарына қомақты қатысуы

1. Осы Заңның 48-бабында берілген өкілеттіктерді жүзеге асыру мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру холдингі уәкілетті органның алдын ала рұқсаты болған кезде ғана еншілес ұйымды құра алады немесе иелене алады.

Уәкілетті органның еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге арналған рұқсатын алу жөніндегі талап аталған ұйымның акцияларына немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне тікелей иелік ететін (дауыс беруге, шешімдерді айқындауға және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал етуге мүмкіндігі бар) және уәкілетті органның тиісті рұқсаты бар сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымы – Қазақстан Республикасы резидентінің акцияларына иелік ету (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігінің болуы) арқылы осы ұйымның акцияларына немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне жанама түрде иелік ететін (дауыс беруге, шешімдерді айқындауға және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал етуге мүмкіндігі бар) сақтандыру холдингтеріне қолданылмайды.

Еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге рұқсат беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымдары еншілес ұйымдарды құруға және (немесе) иеленуге, сондай-ақ ұйымдардың капиталдарына қомақты қатысуға құқылы емес.

3. Қазақстан Республикасының резиденттері – еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда, сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары еншілес ұйымдарды құруға және (немесе) иеленуге құқылы емес.

Бұл талап банк холдингтері болып табылатын сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдарына қолданылмайды. Бұл ретте аталған тұлғаларға "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптары қолданылады.

4. Еншілес ұйымды құруға, иеленуге рұқсат алу үшін өтінішке мынадай құжаттарды :

- 1) еншілес ұйымның құрылтай құжаттарын, жарғыны бекіту туралы шешімдерді;
- 2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі органының еншілес ұйымды құру немесе иелену туралы шешімін;
- 3) еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсынылатын кандидаттар) туралы ақпаратты;
- 4) еншілес ұйымның ұйымдық құрылымын және үлестес тұлғалар туралы мәліметтерді қоса беру қажет.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында сақтандыру холдингі болмаған жағдайда еншілес ұйыммен байланысты ұйымдар туралы:

олардың қызметі осы ұйымдар қауымдастығының меморандумы немесе ережелері шарттарына сәйкес біріктірілген негізде басқарылса;

егер аталған ұйымдардың атқарушы органының, басқару органының (акционерлік қоғамдар үшін), қадағалау кеңесінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер үшін) құрамының үштен бірінен астамын сол бір тұлғалар білдірсе;

5) бизнес-жоспарды ұсына отырып, еншілес ұйым қызметінің түрі немесе түрлері туралы ақпаратты;

6) Қазақстан Республикасының резиденттері емес сақтандыру тобы қатысушыларының орналасқан елдерінің заңнамасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген талаптарды олардың және сақтандыру тобының орындауына мүмкіндік бермеуіне байланысты еншілес ұйымның орналасқан елінің заңнамасын талдау негізінде сақтандыру тобына шоғырландырылған қадағалауды жүргізу мүмкін болмауын болжайтын жағдайлардың жоқ екені туралы ақпаратты;

7) құрылатын еншілес ұйымның жарғылық капиталында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің қатысу үлесі мен сомасы туралы, сондай-ақ олар иеленетін акциялардың саны мен акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) алдын ала төлемінің мөлшері туралы ақпаратты;

8) аудиторлық ұйымның есебін және иеленетін еншілес ұйымның аудиторлық ұйым растаған қаржылық есептілігін;

9) иеленетін еншілес ұйымның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткені туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесін;

10) иеленетін еншілес ұйымның жарғылық капиталының мөлшері туралы (егер мұндай ақпарат аудиторлық есепте болмаса), сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің иеленетін еншілес ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесі немесе акцияларының саны туралы, еншілес ұйымды иелену шарттары мен тәртібі туралы ақпаратты;

11) мыналарды:

заңды тұлғаның атауы мен орналасқан жерін;

құрылтайшысы (қатысушысы) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе)) сақтандыру холдингі болып табылатын заңды тұлғаның жарғылық капиталына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің қатысу үлесінің мөлшері, оны иелену бағасы туралы мәліметтерді;

акционері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі болып табылатын заңды тұлға акцияларының саны, оларды иелену бағасы, орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алғандарын шегере отырып) жалпы санына пайыздық арақатынасы туралы мәліметтерді;

заңды тұлғаның (құрылтайшысы, қатысушысы, акционері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі болып табылатын) қатысу үлесінің мөлшері, оның басқа заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы сатып алу бағасы туралы мәліметтерді;

акционері (құрылтайшысы, қатысушысы) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі болып табылатын заңды тұлға иеленген акциялардың саны, оларды сатып алу бағасы, олардың орналастырылған акциялардың (артықшылықты және қоғам сатып алғандарын шегере отырып) жалпы санына пайыздық арақатынасы туралы мәліметтерді қамтитын, жарғылық капиталға қатысу

үлесін немесе акцияларды сатып алу арқылы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі еншілес ұйымды иеленген заңды тұлға туралы деректерді қоса беріледі.

Бұл талаптар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің бірнеше заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін немесе акцияларын иелену арқылы еншілес ұйымды иелену жағдайларына қолданылады;

12) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерінің, оның ішінде еншілес ұйымның қызметіне байланысты тәуекелдерге қатысты жүйелердің болуын растайтын құжаттарды;

13) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің және еншілес ұйымның оны құрғаннан немесе иеленгеннен кейінгі болжамды есептік балансын қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымды құрудың, иеленудің қаржылық салдарларын талдауды, сондай-ақ ол бар болған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымның активтерін сату жөніндегі немесе еншілес ұйымды басқару бойынша қызметке елеулі өзгерістер енгізу жөніндегі жоспары мен ұсынысын;

14) олардың негізінде еншілес ұйымды бақылауды иелену болжанатын немесе бақылаудың туындау негізін көрсете отырып, бақылауды растайтын өзге де құжаттар қоса беріледі.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі әрбір аяқталған соңғы екі қаржы жылының қорытындылары бойынша шоғырландырылған және шоғырландырылмаған негіздерде шығынсыз қызмет жасау және пруденциялық нормативтерді, оның ішінде уәкілетті органға рұқсат алуға өтініш беру күнінің алдындағы соңғы үш ай ішінде шоғырландырылған негізде уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді сақтау шартымен еншілес ұйымды құруға құқылы.

6. Еншілес ұйымды құруға, иеленуге рұқсат беруден бас тартудың негіздері:

1) рұқсат алуға қажетті құжаттарды табыс етпеу;

2) құрылатын немесе иеленетін еншілес ұйым орналасқан елдің қаржы ұйымдарын шоғырландырылған қадағалау саласындағы заңнамасының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шоғырландырылған қадағалау жөніндегі талаптарға сай келмеуі;

3) еншілес ұйымның басшы қызметкерлерінің (немесе басшы қызметкерлер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсынылатын кандидаттардың) осы Заңның 34-бабы 2-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларының талаптарына сай келмеуі;

4) құрамына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі кіретін сақтандыру тобының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және

(немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымының болжалды болуының нәтижесінде пруденциялық нормативтерді сақтамауы;

5) еншілес ұйым қызметінің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі жоспарлаған инвестициялардың салдарынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің немесе сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауы болжанатын қаржылық салдарларды талдау;

6) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерінің, оның ішінде еншілес ұйымның қызметіне байланысты тәуекелдерге қатысты жүйелердің бар екендігін растайтын құжаттардың уәкілетті органның тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелеріне қоятын талаптарына сай келмеуі;

7) еншілес ұйым орналасқан елдің заңнамасында көзделген жағдайларда еншілес ұйымның белгіленген пруденциялық нормативтерді, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің пруденциялық нормативтерді, оның ішінде шоғырландырылған негізде және уәкілетті органға рұқсат алуға өтініш берген күннің алдындағы соңғы үш ай ішінде және (немесе) өтінішті қарау кезеңінде сақталуы міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді сақтамауы;

8) өтініш берген күнге және құжаттарды қарау кезеңінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) сақтандыру холдингіне және (немесе) иелену болжанып отырған еншілес ұйымға қатысты қолданылып жүрген шектеулі ықпал ету шарасының және (немесе) санкциясының болуы;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі еншілес ұйымды – Қазақстан Республикасының резиденттері – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, банкті, жинақтаушы зейнетақы қорын құрған немесе иеленген жағдайда осы Заңда, Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі, зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген Қазақстан Республикасының резиденттері – сақтандыру немесе банк холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының, банктің, жинақтаушы зейнетақы қорының мәртебесін алуға келісім беруге қатысты талаптарды сақтамауы болып табылады.

7. Уәкілетті орган өтініш берілгеннен кейін үш ай ішінде рұқсат беруге немесе рұқсат беруден бас тартуға міндетті.

Рұқсат беруден бас тартқан жағдайда уәкілетті орган өтініш берушіні бас тартудың негіздері туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымы құрылтай құжаттарына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

9. Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру холдингінің еншілес ұйымы, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі капиталына қомақты

қатысатын Қазақстан Республикасының резиденті емес ұйым уәкілетті органға жүктелген шоғырландырылған қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі функцияларды сапалы және уақтылы орындауды қамтамасыз ету мақсатында тиісті сұрау салу негізінде уәкілетті органға қажетті ақпаратты ашуға міндетті. Бұл ретте алынған мәліметтер жария етуге жатпайды.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі уәкілетті органның алдын ала рұқсатын алмай тұрып еншілес ұйымды бақылауды иелену құқығын иеленген жағдайда уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына немесе сақтандыру холдингіне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды қолданады. Осындай жағдайда уәкілетті орган аталған бұзушылықты анықтағаннан кейін алты ай ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі еншілес ұйымның өздеріне тиесілі акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) өздерімен үлестес тұлғалар болып табылмайтын тұлғаларға иелігінен шығаруға және растайтын құжаттарды уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

11. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына уәкілетті органның алдын ала рұқсаты болған кезде ғана жол беріледі.

Ұйымның капиталына қомақты қатысуға уәкілетті органның рұқсатын алу жөніндегі талап аталған ұйымның акцияларына немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне тікелей иелік ететін (дауыс беруге, шешімдерді айқындауға және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал етуге мүмкіндігі бар) және уәкілетті органның тиісті рұқсаты бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы – Қазақстан Республикасы резидентінің акцияларына иелік ету (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігінің болуы) арқылы осы ұйымның акцияларына немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне жанама түрде иелік ететін (дауыс беруге, шешімдерді айқындауға және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал етуге мүмкіндігі бар) сақтандыру холдингтеріне қолданылмайды.

Ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі уәкілетті органның алдын ала келісімін алмай тұрып ұйымның капиталына қомақты қатысуды иеленген жағдайда уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) сақтандыру холдингіне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды қолданады. Осындай жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі өздерінің капиталында қомақты қатысуы бар ұйымның оларға тиесілі акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін)

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің үлестес тұлғалары болып табылмайтын тұлғаларға иелігінен шығаруға және растайтын құжаттарды алты ай ішінде уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

12. Ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсат алуға өтініш осы баптың 4-тармағының 2), 3), 5), 6), 7), 10) және 11) тармақшаларында көзделген құжаттар қоса беріле отырып ұсынылады.

Ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсат беруден бас тарту осы баптың 6-тармағында көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

13. Уәкілетті орган:

1) олардың негізінде рұқсат берілген дәйексіз мәліметтер анықталған;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымының, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің капиталға қомақты қатысуы бар ұйымдардың органдары шешім қабылдаған не сот қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен аталған ұйымдардың қызметін тоқтату туралы шешім қабылдаған;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында және (немесе) сақтандыру холдингінде еншілес ұйымды бақылау белгілері болмаған;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі иелігіндегі ұйым акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иелігінен шығарған;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымының, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің капиталына қомақты қатысуы бар ұйымның қызметі осы Заңның 48-бабының 3-тармағының талаптарына сәйкес болмауы анықталған жағдайларда еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, ұйымның капиталына қомақты қатысуға рұқсатты кері қайтарып алады.

Еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, ұйымның капиталына қомақты қатысуға рұқсат кері қайтарылып алынған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі алты ай ішінде аталған ұйымдардағы өздеріне тиесілі акцияларды (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен және (немесе) сақтандыру холдингімен үлестес тұлғалар болып табылмайтын тұлғаларға иелігінен шығаруды жүргізуге және растайтын құжаттарды уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Еншілес ұйымды құруға, сатып алуға, ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсатты кері қайтарып алу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

14. Осы баптың талаптары:

1) мынадай шарттардың бірі:

сақтандыру холдингінде, сақтандыру холдингінің белгілерін иеленген тұлғада тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингінің, сондай-ақ аталған тұлғалар шыққан елдің қаржылық қадағалау органының олардың шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауының болуы;

сақтандыру холдингінде, сақтандыру холдингінің белгілерін иеленген тұлғада тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен, бірақ Қазақстан Республикасына берілген шетел валютасындағы тәуелсіз рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингінің, сондай-ақ уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасындағы ақпарат алмасу туралы келісімнің болуы орындалған кезде сақтандыру холдингі, сақтандыру холдингінің белгілерін иеленген тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері еместердің еншілес немесе тәуелді ұйымдары болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері еместерге, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасының резиденттері емес еншілес және тәуелді ұйымдарды құрған немесе иемденген кезде сақтандыру холдингі, сақтандыру холдингінің белгілеріне ие тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері еместерге;

2) банк конгломераттарының құрамына кіретін банк холдингтері болып табылатын және уәкілетті органның "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген тиісті рұқсаты бар сақтандыру холдингтеріне қолданылмайды.

15. Қазақстан Республикасының резиденттері емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының еншілес ұйымдары болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиынтық меншікті капиталы Қазақстан Республикасының барлық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиынтықталған меншікті капиталының елу пайызынан аспауға тиіс.";

12) 33-бапта:

7 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Филиал, өкілдік туралы ережеге әділет органдарында есептік қайта тіркеуді талап ететін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде Қазақстан Республикасының резиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы әділет органдарында есептік қайта тіркелген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде:

1) филиал, өкілдік туралы ережеге өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін;

2) филиалды, өкілдікті есептік қайта тіркеу туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесін уәкілетті органға табыс етуге міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиал, өкілдік туралы ережеге әділет органдарында есептік қайта тіркеуді талап етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының хатын

қабылдағандығы туралы әділет органының белгісі қойылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аталған хатының көшірмесін, филиал, өкілдік туралы ережеге өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмелерін табыс етуге міндетті.";

"12. Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өкілдігі әділет органдарында есептік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде өкілдік туралы ережеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгені туралы, осы құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса тіркей отырып, уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өкілдігі өкілдік туралы ережеге есептік қайта тіркеуді талап етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген жағдайда Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өкілдігінің хатын қабылдағандығы туралы әділет органының белгісі қойылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аталған хатының көшірмесін, филиал, өкілдік туралы ережеге өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмелерін табыс етуге міндетті.";

14-тармақтағы "талап етуге құқылы" деген сөздер "талап етеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 34-бапта:

тақырыбындағы "ұйымының" деген сөзден кейін ", сақтандыру холдингінің" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының барлық басшы қызметкерлеріне қаржы жылы ішінде төленген кірістер туралы мәліметтерді қамтитын есептілікті беруге міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу , ақшалай сыйақы, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлерін есептеу бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ішкі саясатына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы басқармасының бірінші басшысы лауазымына тағайындала (сайлана) алмайды.

Басқарма мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе капиталында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қомақты қатысатын бар ұйымның еншілес ұйымы басқару органының құрамына кіретін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атқарушы органы мүшелерінің саны ұлттық басқарушы холдинг бас ұйымы болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атқарушы органының мүшелерін қоспағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе капиталында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қомақты қатысуы бар ұйымның еншілес ұйымының басқару органдары мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен аспауға тиіс .";

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бас қаржы ұйымының атқарушы органының мүшесі болып табылатын директорлар кеңесінің бірінші басшысы немесе мүшесі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы басқармасының бірінші басшысы, бас бухгалтері және сақтандыру брокерінің бірінші басшысы лауазымдарына кандидаттар үшін кемінде үш жыл;"

9-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында, сақтандыру брокерінде басшы қызметкерді тағайындауға (сайлауға) берген келісімді кері қайтарып алуы өзге қаржы ұйымдарындағы осы басшы қызметкерге бұдан бұрын берілген келісімді (келісімдерді) кері қайтарып алуға негіз болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 11, 12 және 13-тармақтармен толықтырылсын:

"11. Осы баптың 2-тармағы 4) тармақшасының және 10-тармағының талаптары орналастырылған акцияларының елу пайыздан астамы мемлекетке және (немесе) ұлттық басқарушы холдингке тиесілі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды.

12. Бірінші басшы және басқару органдарының, атқарушы органның мүшелері, бас бухгалтер, еншілес ұйымдардың және сақтандыру холдингінің капиталға қомақты қатысуы бар ұйымдардың қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын сақтандыру холдингінің өзге де басшылары сақтандыру холдингінің басшы қызметкерлері болып танылады.

13. Осы баптың талаптары:

1) Қазақстан Республикасының резиденттері емес сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін қоспағанда, мынадай талаптардың біреуі орындалған кезде:

сақтандыру холдингінде тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ сақтандыру холдингінің шыққан елінің қаржылық қадағалау органынан оның шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауы бар болғанда;

сақтандыру холдингінде тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен, бірақ Қазақстан Республикасына берілген шетел валютасындағы тәуелсіз рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингінің,

сондай-ақ уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасындағы ақпарат алмасу туралы келісім бар болғанда;

2) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банк конгломераттарының құрамына кіретін банк холдингтері болып табылатын сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісімін алған басшы қызметкерлерді қоспағанда, сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлеріне қолданылады.";

14) 37-бапта:

1-тармақтың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған акцияларының елу пайыздан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама түрде де тиесілі немесе сенімгерлік басқаруға берілген жағдайларды қоспағанда, ірі қатысушы - жеке тұлғаның немесе сақтандыру холдингінің бар екенін растайтын құжатты (міндетті сақтандыру түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін) табыс етеді.";

2-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған акцияларының елу пайыздан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама түрде тиесілі немесе сенімгерлік басқаруға берілген жағдайларды қоспағанда, ірі қатысушы - жеке тұлғаның немесе сақтандыру холдингінің бар екенін растайтын құжатты (міндетті сақтандыру түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін);";

15) 38-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) құрамына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кіретін сақтандыру тобының өтініш бергенге дейінгі алты ай ішіндегі кезеңде белгіленген пруденциялық нормативтерді және сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді сақтамауы";";

16) 43-бапта:

3-1) тармақшада "ұйымының" деген сөздерден кейін "немесе сақтандыру холдингінің" деген сөздермен толықтырылсын;

3-4) тармақшада "ұйымының" деген сөзден кейін ", сақтандыру холдингінің" деген сөздермен толықтырылсын;

3-5) тармақшада "ұйымдары" деген сөзден кейін "және сақтандыру топтары" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшада "ұйымы" деген сөзден кейін "және сақтандыру тобы" деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақшада "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлерін және" деген сөздер "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін және" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-2) тармақшамен толықтырылсын:

"11-2) ұйымның:

ақпараттық процеске;

қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға және электрондық жабдыққа қойылатын ең төмен талаптарды белгілеуге;

деректер базасының сақталуына;

үй-жайларға қойылатын талаптарды қоса алғанда, деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі қызметіне қойылатын талаптарды белгілейді;"

17) 44, 46 және 48-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"44-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру холдингтерінің және сақтандыру топтарының қызметін тексеру

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру холдингтерінің және сақтандыру топтарының қызметін тексеруді уәкілетті орган өз бетінше не басқа да мемлекеттік органдарды және (немесе) ұйымдарды тарта отырып жүргізеді.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері, сақтандыру холдингтері, сақтандыру топтары, сондай-ақ олардың үлестес тұлғалары тексеруші органға уәкілетті органның тексеру тапсырмасында көрсетілген мәселелер бойынша жәрдемдесуге, сондай-ақ кез келген лауазымды тұлғаларға және қызметкерлерге сауал қою мүмкіндігін және ақпаратқа тексеру жүргізуге қажетті кез келген дерек көздеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

3. Тексеруді жүзеге асыратын тұлғалар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру холдингтерінің және сақтандыру топтарының қызметін тексеру барысында алынған сақтандыру құпиясын не коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткені үшін жауапты болады.

4. Уәкілетті органның қызметкерлеріне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру холдингтерінің және сақтандыру топтарының қызметін тексеру барысында алынған мәліметтерді жария етуге не үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

5. Өздеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында берілген өкілеттіктер шегінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері окшауланған бөлімшелерінің, сақтандыру холдингтерінің және сақтандыру топтарының қызметін тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар анықталған Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

6. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының талаптары мынадай шарттардың бірін:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ сақтандыру холдингі, сақтандыру холдингінің белгілерін иеленген тұлға шыққан елдің қаржылық қадағалау органынан

аталған Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауының болуы;

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен, бірақ Қазақстан Республикасына берілген шетел валютасындағы тәуелсіз рейтингтен төмен емес жеке кредиттік рейтингінің, сондай-ақ уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу туралы келісімнің болуы орындалған кезде сақтандыру холдингі, сақтандыру холдингінің белгілерін иеленген тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері еместерге қолданылмайды.";

"46-бап. Пруденциялық нормативтер және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттер

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және оларға қатысты шоғырландырылған негізде қадағалау жүзеге асырылатын тұлғалардың төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын қадағалау уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтердің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің орындалуын немесе сақталуын бақылау арқылы жүргізіледі.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған пруденциялық нормативтер:

- жарғылық капиталдың ең төмен мөлшерін;
- төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативін;
- өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативін;
- активтерді әртараптандыру нормативтерін қамтиды.

Сақтандыру топтарына арналған пруденциялық норматив төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативі болып табылады.

Уәкілетті орган қосымша пруденциялық нормативтер, оның ішінде аннуитеттік сақтандыру бойынша сақтандыру резервтерінің орнын толтыратын активтерді инвестициялау бойынша қосымша нормативтер белгілеуге құқылы.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бұзғаны үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және (немесе) сақтандыру холдингтерін не олардың лауазымды тұлғаларын және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына ірі қатысушыларды немесе сақтандыру холдингтерін жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолданады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру тобы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативтерін бұзған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру холдингі уәкілетті органға қайта капиталдандыру жоспарын жіберуге тиіс.

Бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралардың толық сипаттамасы мен мерзімдері бар жоспар төлем қабілеттігі маржасының жеткіліктілік нормативін бұзған күннен бастап бір ай ішінде берілуге тиіс.

4. Сақтандыру холдингтері, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушылар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру тобының төлем қабілеттігі маржасының жеткіліктілік нормативтерін сақтау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда сақтандыру холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы, оның ішінде уәкілетті органның талап етуі бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық жағдайын жақсарту жөнінде, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының меншікті капиталын ұлғайту жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

5. Төлем қабілеттігі маржасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерінен активтердің асып түсуін білдіреді.

6. Кепілдік қоры сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттігін қамтамасыз ету мақсатында төлем қабілеттігі маржасының белгіленген ең аз мөлшерден төмендеуі нәтижесінде құрылады.

7. Сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғасымен (үлестес тұлғаларымен) жасалған шарты (шарттары) бойынша, сондай-ақ сақтандырудың және қайта сақтандырудың жекелеген сыныбы (түрі) бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзіндік ұстап қалуының мөлшерін есептеуге қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

8. Уәкілетті орган ипотекалық сақтандыру және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы үшін төлем қабілеттігі маржасының ең аз деңгейіне, сондай-ақ ипотекалық сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы үшін сақтандыру резервтерін есептеу тәртібіне қойылатын қосымша талаптар белгілеуге құқылы.

9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қаржылық есептілікке кірмейтін туынды қаржы құралдарының болуы және оларды пайдалануды шектеу туралы мәліметтерді уәкілетті органға береді.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен

лимиттердің нормативтік мәндері және оларды есептеу әдістемелері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

11. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру тобына қатысушы уәкілетті органның жазбаша нұсқамасында көрсетілген, қаржылық және (немесе) өзге де есептіліктегі деректерді түзету жөніндегі талаптарын орындамаған кезде пруденциялық нормативтерді және басқа да міндетті нормалар мен лимиттерді есептеуді уәкілетті орган өзі түзеткен есептілік негізінде жүзеге асырады.";

"48-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру холдингтері үшін тыйым салынған немесе шектелген қызмет

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алуға, коммерциялық емес ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуға және осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларда бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді жүзеге асыруға тыйым салынады.

2. Сақтандыру холдингтеріне, осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік қызмет ретінде операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыруға, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алуға, коммерциялық емес ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуға және осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларда бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген тыйым салу:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының:

деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымды;

қызметтің ерекше түрі ретінде сақтандыру агентінің қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаларды;

сақтандыру ұйымдары мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерінің жүзеге асырылуына кепілдік беретін ұйымды;

сатып алынатын акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес келуі шартымен орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алғандарын шегере отырып) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он пайыздан аз мөлшерінде заңды тұлғаларды;

қаржы ұйымдарын, сондай-ақ банктер, сақтандыру ұйымдары, зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар мәртебесі бар Қазақстан Республикасының резиденттері емес заңды тұлғаларды;

қаржы ұйымдарын, сондай-ақ банктер, сақтандыру ұйымдары, зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар мәртебесі бар, өзінде сақтандыру холдингі бар болған кезде орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып

алғандарын шегере отырып) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызы мөлшерінде Қазақстан Республикасының резиденттері емес заңды тұлғаларды;

2) сақтандыру холдингтерінің:

қаржы ұйымдарын;

банктер, сақтандыру ұйымдары, зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар мәртебесі бар Қазақстан Республикасының резиденттері емес заңды тұлғаларды құру, сондай-ақ акцияларды немесе жарғылық капиталдарға қатысу үлестерін сатып алу жағдайларына қолданылмайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін не акцияларын сатып алуы бір заңды тұлға үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталының он пайызынан аспауы тиіс. Бұл шектеу сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аталған заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін не акцияларын иеленуіне, оның ішінде оларды құрған кезде қолданылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не акцияларының жиынтық құны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталының елу пайызынан аспауға тиіс.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының еншілес ұйымдары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін заңды тұлғалардың акцияларын немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін ғана сатып алуға құқылы. Бұл талап Қазақстан Республикасының резиденті-еншілес банктеріне қолданылмайды.

Сақтандыру холдингінің еншілес ұйымдары заңды тұлғалардың уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін акцияларын немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін ғана сатып алуға құқылы. Бұл талап :

Қазақстан Республикасының резиденттері-еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына;

Қазақстан Республикасының резиденттері-еншілес банктерге;

сақтандыру холдингі аталған заңды тұлғалардың акцияларына немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне тікелей иелік ететін (дауыс беруге, шешімдерді айқындауға және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал етуге мүмкіндігі бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе Қазақстан Республикасының резиденттері банктің акцияларына иелік ету арқылы (дауыс беру, шешімдерді айқындауға және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігінің болуы) бас ұйым болып табылатын заңды тұлғаларға;

сақтандыру холдингі болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері емес еншілес ұйымдары болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті еместерге мынадай талаптардың біреуін орындаған кезде:

сақтандыру холдингінде тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ аталған тұлғалардың шыққан елінің қаржылық қадағалау органынан олардың шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауы бар болғанда;

сақтандыру холдингінде тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен, бірақ Қазақстан Республикасына шетел валютасында берілген тәуелсіз рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ уәкілетті орган мен шетел мемлекетінің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу туралы келісім бар болғанда қолданылмайды.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген тыйым салу меншігіне мынадай :

1) сақтандыру холдингтерінің:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын;

талап етілетін ең төмен рейтингі бар облигацияларды сатып алуы жағдайларына қолданылмайды. Талап етілетін ең төмен рейтинг және рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының:

тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленетін қаржы құралдарын (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) сатып алуы жағдайларына қолданылмайды.

Осы тармақта белгіленген шектеулер бұрын шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді осы ұйымның қайта құрылымданатын міндеттемелері тізбесіне енгізу шартымен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің бұдан бұрын сатып алынғандардың орнына қайта құрылымдау процесіндегі ұйымдардың облигацияларын сатып алуы жағдайларына қолданылмайды.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына:

1) акциялардан басқа, бағалы қағаздардың өзге түрлерін шығаруға;

2) банктерден меншікті капиталының мөлшерінен асатын мөлшерде қарыз қаражатын үш айдан астам мерзімге тартуға;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне бір жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға қаржылық көмекті қоспағанда, өтеусіз негізде қаржылық көмек көрсетуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кез келген тәсілдермен қарыз беруге тыйым салынады.

6. Сақтандыру холдингтері осы баптың 2-тармағында көрсетілген қызметтен басқа мынадай қызмет түрлерімен:

1) сақтандыру холдингінің үлестес тұлғасы болып табылмайтын тұлғадан өз мұқтажына сатып алынған мүлікті сатып алумен;

2) қаржылық қызметімен байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсетумен;

3) сақтандыру холдингінің үлестес тұлғасы болып табылмайтын тұлғаға меншікті мүлкін сатумен айналысуға құқылы.

7. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және сақтандыру холдингтеріне тәуекелдерді хеджирлеу мақсатында жасалған операцияларды қоспағанда, туынды бағалы қағаздармен жасалатын операцияларды жүзеге асыруға тыйым салынады.

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының не сақтандыру холдингінің еншілес ұйымдарына, капиталында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының не сақтандыру холдингінің қомақты қатысуы бар ұйымдарға тиесілі сақтандыру тобының бас ұйымының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру холдингінің акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) жиынтық үлесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын лимиттерден аспауға тиіс.

9. Осы баптың талаптары:

1) мынадай талаптардың бірін:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ сақтандыру холдингі, сақтандыру холдингінің белгілеріне иеленген тұлға шыққан елдің қаржылық қадағалау органының аталған Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауының болуын;

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен, бірақ Қазақстан Республикасына берілген шетел валютасындағы тәуелсіз рейтингтен төмен емес жеке кредиттік рейтингінің, сондай-ақ уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу туралы келісімнің болуын орындаған кезде сақтандыру холдингі, сақтандыру холдингінің белгілерін иеленген тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері еместерге;

2) банк конгломераттарының құрамына кіретін банк холдингтері болып табылатын сақтандыру холдингтеріне;

3) аталған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларына тікелей иелік ететін (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі бар) Қазақстан Республикасының резиденті-сақтандыру холдингінің акцияларын немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін иелену (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігінің болуы) арқылы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларына

жанама түрде ие (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі бар) сақтандыру холдингтеріне;

4) қаржы ұйымдары болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері – сақтандыру холдингтеріне қолданылмайды.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғаларынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзіндік ұстап қалуының мөлшерінен асатын, өзі қабылдап алған сақтандыру тәуекелдерінің бір бөлігін Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінен төмен емес халықаралық кредиттік рейтингі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына беруге міндетті. Рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бір үлестес тұлғасымен жасасқан сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша өзіндік ұстап қалудың жиынтық мөлшері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталының он пайызынан аспауға тиіс.

11. Осы баптың талаптары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ішкі резервтік қорының активтерін инвестициялауға қолданылмайды.";

18) 9-тарау мынадай мазмұндағы 52-1 және 52-2-баптармен толықтырылсын:

"52-1-бап. Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесі

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы директорлар кеңесінің, басқармасының, бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі өкілеттіктері мен функционалдық міндеттерін, олардың жауапкершілігін;

2) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі ішкі саясат пен рәсімдерді;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызметінің түрлері бойынша тәуекелдердің рұқсат етілетін мөлшеріне жеке-жеке лимиттерді;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының органдарына тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі есептілікті ұсынудың ішкі рәсімдерін;

5) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалаудың ішкі критерийлерін қамтуға тиіс тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастырады.

Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

2. Сақтандыру тобында уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесі болуға тиіс.

Сақтандыру тобының бас ұйымы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптарды шоғырландырылған негізде сақтауды қамтамасыз етеді.

Сақтандыру тобының бас ұйымы сақтандыру тобына қатысушылардың тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптарды сақтауы үшін жауапты болады.

52-2-бап. Шындыққа сай келмейтін жарнамаға тыйым салу

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жариялану күні олардың қызметі шындыққа сай келмейтін жарнама жасауға тыйым салынады.

2. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан шындыққа сай келмейтін жарнамаға өзгерістер енгізуді, оны тоқтатуды немесе оны теріске шығарып жариялауды талап етуге құқылы.

Бұл талап уәкілетті орган белгілеген мерзімде орындалмаған жағдайда уәкілетті орган жарнамадағы мәліметтердің шындыққа сай келмейтіндігі туралы ақпаратты жариялауға не оларды мұндай жарнаманы жариялаған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есебінен нақтылауға құқылы.

3. Мынадай тұлғаларға:

"өмірді сақтандыру" немесе "жалпы сақтандыру" салалары бойынша, сондай-ақ қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиясы жоқ заңды тұлғаларға;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметкерлері болып табылмайтын және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары уәкілеттік бермеген жеке тұлғаларға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ұсынатын қызметтерге жарнама беруші ретінде әрекет етуге тыйым салынады.";

19) 53-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"53-бап. Ертерек ден қою шаралары

1. Сақтанушылардың заңды мүдделерін қорғау, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, олардың қаржылық жағдайының нашарлауын және сақтандыру қызметімен байланысты тәуекелдердің ұлғаюын болғызбау мақсатында уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін мынадай факторларды:

1) төлем қабілеттігі маржасының жеткіліктілік нормативін төмендетуді;

2) өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативін төмендетуді;

3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін өзге де факторларды анықтау үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметіне талдау жасауды жүзеге асырады.

2. Сақтандыру тобының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, оның қаржылық жағдайының нашарлауын және сақтандыру тобының қызметімен байланысты тәуекелдердің ұлғаюын болғызбау мақсатында уәкілетті орган сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін мынадай факторларды:

1) сақтандыру тобының төлем қабілеттігі маржасының жеткіліктілік нормативінің төмендеуін;

2) сақтандыру тобына қатысушылар болып табылатын қаржы ұйымдарына қатысты ертерек ден қою шараларының қолданылуын;

3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін өзге де факторларды анықтау үшін сақтандыру тобының қызметіне талдау жасауды жүзеге асырады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайын талдау нәтижесінде және (немесе) оны тексеру қорытындылары бойынша осы баптың 1-тармағында аталған факторлар анықталған жағдайда уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) олардың акционерлеріне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылығын арттыру, оның қаржылық жағдайының нашарлауын және сақтандыру қызметімен байланысты тәуекелдердің ұлғаюын болғызбау жөнінде ертерек ден қою шаралары көзделетін іс-шаралар жоспарын табыс ету жөнінде жазбаша нысанда талап жібереді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) олардың акционерлері аталған талапты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде әрбір тармағы бойынша атқарылу мерзімдері мен жауапты лауазымды адамдарды көрсете отырып, іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және уәкілетті органға табыс етуге міндетті.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын мақұлдаған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) оның акционерлері жоспарда белгіленген мерзімдерде оны орындаудың нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ете отырып, оны іске асыруға кіріседі.

Іс-шаралар жоспары мақұлданбаған кезде уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) оның акционерлеріне төменде көрсетілген ертерек ден қою шараларының біреуін немесе бірнешеуін:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ұйымдық құрылымын және (немесе) штат санын өзгерту;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелер қабылдауды шектеу, оның ішінде тәуекел дәрежесі жоғары кейбір сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру қызметін шектеу жолымен шектеу;

3) уәкілетті орган белгілеген мерзімге дивидендтерді есептеуді және (немесе) төлеуді тоқтату;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы немесе өзге де қызметкерлерін лауазымынан шеттету;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттігі маржасын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерде ұлғайтуды;

б) әкімшілік шығыстарды, оның ішінде қызметкерлерді қосымша жалдауды тоқтату немесе шектеу, сақтандыру делдалдарына комиссиялық сыйақыларды төмендету, еншілес ұйымдарды жабу жолымен қысқарту жөнінде талаптар қою арқылы қолданады.

4. Сақтандыру тобының қаржылық жағдайын талдау нәтижесінде және (немесе) сақтандыру холдингіне не сақтандыру тобына қатысушыларды тексеру қорытындылары бойынша осы баптың 2-тармағында аталған факторлар анықталған жағдайда уәкілетті орган сақтандыру холдингіне және (немесе) оған ірі қатысушыға сақтандыру тобының қаржылық тұрақтылығын арттыру, оның қаржылық жағдайының нашарлауын және сақтандыру тобының қызметімен байланысты тәуекелдердің ұлғаюын болғызбау жөнінде ертеректен қоя шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын табыс ету жөнінде жазбаша түрде талап жібереді.

Сақтандыру холдингі және (немесе) оған ірі қатысушылар аталған талапты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде әрбір тармағы бойынша орындалу мерзімдері мен жауапты лауазымды адамдарды көрсете отырып, іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және уәкілетті органға тапсыруға міндетті.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын мақұлдаған кезде сақтандыру холдингі және (немесе) оған ірі қатысушылар жоспарда белгіленген мерзімде оны орындаудың нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ете отырып, оны іске асыруға кіріседі.

Іс-шаралар жоспары мақұлданбаған кезде уәкілетті орган сақтандыру холдингіне және (немесе) оған ірі қатысушыларға төменде көрсетілген ертеректен қоя шараларының біреуін немесе бірнешеуін:

1) сақтандыру тобына қатысушылардың жай акциялар бойынша олардың акционерлері (қатысушылар) арасында дивидендтерді есептеуді және (немесе) төлеуді (таза кірісті бөлуді) тиісінше уәкілетті орган белгілеген мерзімге тоқтату;

2) басшы немесе өзге де қызметкерлерді лауазымынан шеттетуге;

3) сақтандыру тобының меншікті капиталын, оның ішінде сақтандыру тобына қатысушылардың жарғылық капиталын ұлғайту арқылы сақтандыру тобының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде ұлғайту;

4) сақтандыру тобының активтерін қайта құрылымдау;

5) әкімшілік шығыстарды, оның ішінде қызметкерлерді қосымша жалдауды тоқтату немесе шектеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталдарға қатысу үлестерін азайту арқылы қысқарту;

б) сақтандыру холдингі және сақтандыру тобына қатысушылар арасындағы оларды тәуекелге әкеп соғатын операцияларды (тікелей және жанама түрде) жүзеге асыруды тоқтата тұру жөнінде талаптар қою арқылы қолданады.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық тұрақтылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспарын осы баптың 3 және 4-

тармақтарында белгіленген мерзімдерде тапсырмаған немесе осы жоспардың іс-шараларын уақтылы орындамаған, сондай-ақ ертерек ден қою шараларын уәкілетті органның талабына сәйкес орындамаған немесе уақтылы орындамаған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына (сақтандыру тобына) және (немесе) олардың акционерлеріне (ірі қатысушыларға) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шектеулі ықпал ету шаралары және (немесе) санкциялар, сондай-ақ мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

6. Ертерек ден қою шараларын қолдану тәртібі және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.";

20) 53-1-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

1) тармақша "ірі қатысушы" деген сөздердің алдынан "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы" деген сөздерден кейін "(оның ішінде ірі қатысушы бақылау жасайтын ұйымдар)" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының" деген сөздерден кейін "(оның ішінде ірі қатысушы бақылау жасайтын ұйымдардың)" деген сөздермен толықтырылсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) осы Заңның 53-бабында аталған факторлардың анықталуына байланысты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық жай-күйі нашарлаған;"

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) сақтандыру холдингі пруденциялық нормативтерді жүйелі түрде (бір жыл ішінде екі және одан көп рет) орындамаған жағдайларда мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.";

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайлар болған кезде уәкілетті орган:

1) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғадан, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыдан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында оның тікелей немесе жанама түрде иелік ететін үлесін дауыс беретін акциялардың он пайызынан төмен деңгейге дейін азайтуды талап етуге;

2) сақтандыру холдингі белгілерін иеленуші тұлғадан, сондай-ақ сақтандыру холдингінен оның тікелей немесе жанама түрде иелену үлесін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес пайызынан төмен деңгейге дейін азайтуды және олар мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы

арасында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тәуекелге душар ететін операцияларды (тікелей және жанама түрде) жүзеге асыруды тоқтата тұруды талап етуге;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру холдингі акционер (қатысушы) болып табылатын ұйымдарға, сондай-ақ сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға қатысты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан және сақтандыру холдингінен олардың арасында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын және (немесе) сақтандыру холдингін не сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарды тәуекелге душар ететін операцияларды (тікелей және жанама түрде) жүзеге асыруды тоқтата тұруды талап етуге;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан немесе сақтандыру холдингі белгілерін иеленуші тұлғадан, сондай-ақ сақтандыру холдингінен еншілес ұйымды немесе капиталында өздерінің қомақты қатысуы бар ұйымдарды иелену немесе бақылау үлесін иеліктен шығаруды талап етуге;

5) сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдардан олар мен сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарды тәуекелге душар ететін олардың үлестес тұлғалары арасындағы операцияларды (тікелей және жанама түрде) жүзеге асыруды тоқтата тұруды талап етуге;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының меншікті капиталын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде ұлғайту мақсатында сақтандыру холдингінен, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыдан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын немесе сақтандыру тобын қосымша капиталдандыру жөнінде шаралар қолдануды талап етуге құқылы.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы, сақтандыру холдингі не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы не сақтандыру холдингі белгілерін иеленуші тұлға, осы баптың 2-тармағында, сондай-ақ осы Заңның 20-бабының 10-тармағында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда уәкілетті органның шешімі негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыға, сақтандыру холдингіне не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы, сақтандыру холдингі белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі акцияларды сенімгерлік басқару тағайындалады. Осы акциялар уәкілетті органға үш айға дейінгі мерзімге сенімгерлік басқаруға беріледі.

Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыға, сақтандыру холдингіне не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының не сақтандыру холдингінің белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі акцияларын ұлттық басқарушы холдингке сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыға, сақтандыру холдингіне не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының не сақтандыру холдингінің белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі акцияларын ұлттық басқарушы холдингке сенімгерлік басқаруға берген жағдайда акцияларды сенімгерлік басқару тағайындалатын мерзім уәкілетті органның сенімгерлік басқаруды тағайындау туралы шешімінде анықталады.

Уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингінің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сенімгерлік басқаруды жүзеге асыруы кезеңінде акциялардың меншік иесі сенімгерлік басқарудағы акцияларға қатысты қандай да бір іс-әрекетті жүзеге асыруға құқылы емес.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы, сақтандыру холдингі не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы, сақтандыру холдингі белгілерін иеленуші тұлға уәкілетті органның алдында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өздеріне тиесілі барлық акцияларын өтініште көрсетілген тұлғаларға сату туралы ұсыныс беруге құқылы.

Өтініште көрсетілген акцияларды сатып алушылар Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің талаптарын орындаған жағдайда уәкілетті орган өтінішті қанағаттандырады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыға, сақтандыру холдингіне не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының не сақтандыру холдингінің белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі акцияларын сенімгерлік басқару тағайындалған мерзім өткенге дейін сенімгерлік басқаруға беру үшін негіздер жойылмаған кезде уәкілетті орган не ұлттық басқарушы холдинг сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сенімгерлік басқарудағы акцияларын оларды сату туралы шешім қабылдау күніне қалыптасқан нарықтық құн бойынша бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында оларды сату жолымен иеліктен шығарады. Акциялардың нарықтық құны туралы ақпарат болмаған жағдайда бағалаушы акцияларды сату бағасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындауы мүмкін. Аталған акцияларды сатудан түскен ақша акциялары сенімгерлік басқаруға берілген тұлғаларға аударылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыға, сақтандыру холдингіне не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы, сақтандыру холдингі белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі акцияларын сату жөніндегі іс-шаралар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыға, сақтандыру холдингіне не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы, сақтандыру холдингі белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі акцияларын сенімгерлік басқаруды, сондай-ақ сенімгерлік басқару кезеңінде уәкілетті

органның не ұлттық басқарушы холдингінің іс-әрекетін жүзеге асыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.";

21) 53-2-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) міндеттеме хатты талап етуді";

2-тармақта:

"жазбаша міндеттемесі" деген сөздер "міндеттеме хаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кемшіліктерге және (немесе)" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақтың бірінші бөлігі "жоюға бағытталған" деген сөздерден кейін "орындауға міндетті" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы бапта келтірілген шаралар сақтандыру холдингіне, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыларға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзған, оның ішінде сақтандыру холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы мәртебесін иеленгеннен кейін тұрақсыз қаржылық жағдайының белгілері пайда болған жағдайларда, сондай-ақ, егер уәкілетті орган осы тұлғалардың, олардың лауазымды адамдарының немесе қызметкерлерінің бұзушылықтары, заңсыз әрекеті немесе әрекетсіздігі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық жағдайын нашарлатқанын анықтаған жағдайда, оларға да қатысты қолданылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды тапқан, деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның лауазымды адамдарының және қызметкерлерінің заңсыз әрекеттерін немесе әрекетсіздігін анықтаған, сондай-ақ уәкілетті органның осы Заңда көзделген өзге де талаптарын орындамаған жағдайда уәкілетті орган деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға осы баптың 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында аталған шектеулі ықпал ету шараларын қолданады.";

8-тармақтың екінші бөлігіндегі "жазбаша міндеттеменің" деген сөздер "міндеттеме хаттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 53-3-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру холдингіне, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға, сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыларға, бұрын оларға қолданылған ықпал ету шараларына қарамастан, санкциялар қолдануға құқылы.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Уәкілетті орган мынадай негіздердің бірі:

1) уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шараларының талаптарын орындамауы;

2) осы Заңда белгіленген сақтандыру есептері мен ақпаратын беру тәртібі мен мерзімдерін бұзуы;

3) уәкілетті органға осы Заңның 82-бабы 1-тармағының 11) тармақшасында көзделген ақпаратты бермеуі немесе дәйексіз ақпарат беруі;

4) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға сақтандыру есептеріндегі ақпаратты ашуы немесе беруі бойынша деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның лауазымды адамын қызметтік міндеттерді орындаудан шеттету түрінде санкция қолданады.";

23) 54-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында өзге сақтандыру холдингі немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын иеленуші ірі қатысушы – жеке тұлға болмаған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алғандарын шегере отырып) акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын иеленуші жеке тұлғадан сақтандыру холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы мәртебесін кері қайтарып алған;"

24) 56-бапта:

1-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензиядан айыру туралы ақпарат Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына тарайтын кемінде екі мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімшісінің) орындалған жұмыс туралы есебі бекітілу үшін уәкілетті органға ұсынылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттары мен мүлкін уақытша әкімшіліктен тарату комиссиясының төрағасына қабылдап алу-беру актісімен ресімделеді, ол төрт данада жасалады. Қабылдап алу-беру актісінің бір данасы – уәкілетті органға, екіншісі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы шешімді қабылдаған сотқа жіберіледі.";

25) 59-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "3" деген цифр "4" деген цифрмен ауыстырылсын;

26) 62-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"62-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру холдингінің өз еркімен қайта ұйымдастырылуы

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру холдингінің) өз еркімен қайта ұйымдастырылуы (бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөлініп шығуы, қайта құрылуы) осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру холдингінің) өз еркімен қайта ұйымдастырылуы уәкілетті органның рұқсаты болған кезде жүзеге асырылуы мүмкін.

Өз еркімен қайта ұйымдастырылуға рұқсат алған жағдайда сақтандыру қызметін жүзеге асырмайтын заңды тұлғаға бұрын берілген барлық лицензияларды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бір апта ішінде уәкілетті органға қайтарып беруге міндетті.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру холдингінің) өз еркімен қайта ұйымдастырылуын жүргізуге рұқсат алуға өтініш беру үшін осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы (сақтандыру холдингі) акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы шешімінің болуы негіз болып табылады.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру холдингінің) өз еркімен қайта ұйымдастырылуын жүргізуге уәкілетті органның рұқсатын алу туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру холдингінің) жоғары органының оны өз еркімен қайта ұйымдастыру туралы шешімі;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру холдингінің) өз еркімен қайта ұйымдастырылуының болжалды шарттарын, нысандарын, тәртібін және мерзімін сипаттайтын құжаттар;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру холдингінің) өз еркімен қайта ұйымдастырылуынан кейінгі және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру холдингінің) өз еркімен қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылатын заңды тұлғалардың есептік балансын қоса алғанда, өз еркімен қайта ұйымдастырылудың салдарына қаржылық болжам.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру холдингінің) өз еркімен қайта ұйымдастырылуын жүргізуге рұқсат алуға арналған өтінішті уәкілетті орган құжаттардың толық топтамасы табыс етілген күннен бастап екі ай ішінде қарауға тиіс.

6. Қайта ұйымдастырылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы (сақтандыру холдингі) уәкілетті органның қайта ұйымдастыруды өткізуге рұқсатын алған күннен бастап екі апта ішінде алдағы өзгерістер туралы өздерінің барлық сақтанушыларына тікелей хабарлау және тиісті хабарландыруды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына тарайтын кемінде екі мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы хабардар етуге міндетті.

7. Қайта ұйымдастырылу нәтижесінде құрылған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру холдингінің) өз еркімен қайта ұйымдастырылуына рұқсат беру не аталған рұқсатты беруден бас тарту тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

9. Осы баптың талаптары:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингінің, сондай-ақ сақтандыру холдингі, сақтандыру холдингі белгілерін иеленуші тұлға шыққан елдің қаржылық қадағалау органының аталған Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғалар шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауының болуы;

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен, бірақ Қазақстан Республикасына берілген шетел валютасындағы тәуелсіз рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингінің, сондай-ақ уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органының арасында ақпарат алмасу туралы келісімнің болуы шарттарының бірі орындалған кезде сақтандыру холдингі, сақтандыру холдингі белгілерін иеленуші тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қолданылмайды.";

27) 63-баптың 1-тармағында:

бірінші абзац "ұйымының" деген сөзден кейін "(сақтандыру холдингінің)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) қайта ұйымдастырылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының (сақтандыру холдингтерінің) жоғары органдарының тиісті шешімдері болмаған;

2-2) болжалды қайта ұйымдастыру нәтижесінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптары бұзылатын;"

28) 67-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының өз еркімен таратылуына рұқсат беру не аталған рұқсатты беруден бас тарту тәртібі, сондай-ақ сақтандыру портфелін беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.";

29) 68-баптың 1-тармағы 3) тармақшадағы "болмаған жағдайларда бас тартады." деген сөздер "болмаған;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелері бойынша есеп айырысу үшін оның қаражаты жетпеген;

5) сақтандыру портфелін басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына беру жөнінде шаралар қолданылмаған жағдайларда бас тартады.";

30) 69-бапта:

2-тармақтың б) тармақшасы "басшы" деген сөзден кейін ", ал қажет болған кезде өзге де" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бұрын жұмыс істеп тұрған органдарының өкілеттіктері тоқтатылады, басшы, ал қажет болған кезде өзге де қызметкерлері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыстан босатылады.

3-2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап осы баптың 2-тармағының 1) – 5) тармақшаларында көзделген салдарлар туындайды.";

31) 70-бапта:

5-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тарату комиссиясы тарату балансын және тарату туралы есепті бекіткеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде оларды заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына, ал аталған құжаттардың көшірмелерін уәкілетті органға табыс етуге міндетті.";

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметін тоқтатуды тіркегеннен кейін тарату комиссиясы бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметін тоқтатуды тіркеу туралы бұйрықтың көшірмесін ұсынады.";

32) 73-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы "орындамаған жағдайда" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қолдануға, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

33) 74-1-бапта:

1-тармақ:

"аяқталғаннан кейін" деген сөздерден кейін "күнтізбелік" деген сөзбен толықтырылсын;

"түсіндірме жазбасын" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ үлестес тұлғалармен мәмілелер туралы есепті" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

бірінші абзац "аяқталғаннан кейін" деген сөздерден кейін "күнтізбелік" деген сөзбен толықтырылсын;

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы (акцияларындағы) өзіне тиесілі қатысу үлестері, сондай-ақ оларды сатып алу көздері туралы;

4) жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және жұбайының (зайыбының) жақын туыстары, сондай-ақ осы адамдар бақылау жасайтын ұйымдар туралы ақпаратты;"

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) кірістер мен мүлік туралы мәліметтерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының салық органдарына ұсынатын жеке табыс салығы бойынша декларацияның көшірмесін қамтитын есептілікті табыс етуге тиіс.";

3-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік тоқсан күн ішінде тоқсан сайынғы шоғырландырылған қаржылық есептілік пен оған түсіндірме жазбаны және есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік отыз күн ішінде тоқсан сайынғы шоғырландырылмаған қаржылық есептілік пен оған түсіндірме жазбаны;"

2) тармақша "аяқталғаннан кейін" деген сөздерден кейін "күнтізбелік" деген сөзбен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "түсіндірме жазбаны табыс етуге тиіс." деген сөздер "түсіндірме жазбаны," деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) үлестес тұлғалармен мәмілелер туралы тоқсан сайынғы есепті табыс етуге тиіс.";

4-тармақта:

бірінші бөлікте:

2) тармақшада:

"сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі" деген сөздер "ірі қатысушы (сақтандыру холдингі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

", сақтандыру тобының құрылымы туралы есеп" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "мәліметтер көрсетілуге тиіс." деген сөздер "мәліметтер;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) сақтандыру тобының меншікті капиталының он немесе одан көп пайызын құрайтын үшінші тұлғалардың (адамдар тобының) алдындағы сақтандыру тобының барлық міндеттемелері туралы есебі көрсетілуге тиіс.";

екінші бөлікте:

"осы баптың 4-тармағында" деген сөздер "осы тармақта" деген сөздермен ауыстырылсын;

"есепті тоқсаннан кейінгі" деген сөздерден кейін "күнтізбелік" деген сөзбен толықтырылсын;

екінші бөлік "кезден бастап" деген сөздерден кейін "күнтізбелік" деген сөзбен толықтырылсын;

5-тармақ алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру холдингі қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік бір жүз сексен күн ішінде уәкілетті органның

нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес уәкілетті органға жылдық қаржылық есептілікті ұсынуға тиіс.

Жеке тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыға осы баптың 1-тармағының талаптары қолданылады.

Заңды тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыға осы тармаққа сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру холдингіне қатысты көзделген талаптар қолданылады.";

7-тармақ алып тасталсын;

34) 76-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"76-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері және сақтандыру холдингі қызметінің негізгі көрсеткіштерін жариялау

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру брокері – жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда – жылдық шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті оларда ұсынылған мәліметтердің дәйектілігін тәуелсіз аудиторлық растаудан кейін және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жылдық жиналысы жылдық қаржылық есептілікті бекіткеннен кейін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде жариялайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетін бухгалтерлік балансты, пайдалар мен шығындар туралы есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде, оларды аудиторлық растаусыз тоқсан сайын жариялайды.

Сақтандыру холдингтері – жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда – шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті, сондай-ақ аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде жариялайды.

Осы баптың талаптары сақтандыру холдингтері болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент еместеріне қолданылмайды.";

35) 79-баптың 1, 2, 3, 4 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым (бұдан әрі – ұйым) акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Ұйым көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру мен жүргізуді осы Заң және Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері жөніндегі заңнамалық актілері негізінде жүзеге асырады.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және Ұлттық Банк ұйымның акционерлері болып табылады.

Акционер Ұлттық Банк болып табылатын жағдайды қоспағанда, ұйымның әрбір акционерінің үлесі оның үлестес тұлғаларымен бірлесіп, ұйымның орналастырылған (сатып алынғандарды шегере отырып) акцияларының жалпы санының бес пайызынан аспауы керек.

Ұлттық Банктің үлесі ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде жиырма бес пайызын құрайды.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, ұйымның әрбір акционері "бір акция – бір дауыс" қағидаты бойынша дауыс береді.

3. Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасымен директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа, ұйымның директорлар кеңесінің құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) ұйымның жылдық бюджетін бекіту;
- 2) ұйымның резервтік және өзге де қорларын пайдалану;
- 3) ұйымға төленуге тиісті жарналардың мөлшерлемесін бекіту.

Ұйымның директорлар кеңесінің құрамына тұрақты негізде дауыс беру құқығымен уәкілетті органның өкілі кіреді.

4. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ұйымға төленуге тиісті жарналарының мөлшерлемесін келіседі.

Ұйымға қойылатын осы Заңда белгіленген талаптарды орындау үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ұйымға төлеуге тиіс жарналары мөлшерлемесінің жеткіліксіздігі оны келісуден уәкілетті органның бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары төлеуге тиіс жарналар мөлшерлемесін келісуден бас тартқан жағдайда оның мөлшерін уәкілетті орган айқындайды.";

"6. Ұйым өз қызметінде:

1) ақпараттық жүйелерді, деректер базасын қауіпсіз орналастыру және пайдалану үшін онда техникалық және өзге де үй-жайлардың болуы;

2) деректер базасын және ақпараттық жүйелерді қорғау құралдарын орналастыру үшін аталған ақпараттық жүйелерді қалыптастыру және пайдалану кезінде сертификатталған жабдық пен бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдануға;

3) ұйым өз қызметінде пайдаланатын ақпараттық, коммуникациялық жүйелер мен технологияларды қоса алғанда, ұйымды бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етудің жыл сайынғы аудитін жүргізуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) ақпарат беру туралы және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шарттарда белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.";

36) 80-баптың 1-тармағындағы "және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде" деген сөздер алып тасталсын;

37) 85-баптың үшінші бөлігіндегі "79-бабы 1-тармағының" деген сөздер "79-бабының" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 1, 8-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; № 10, 56-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; 2011 жылғы 15 қазанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 13-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жеке меншік қор құрылтайшысының (құрылтайшыларының) құқықтары, егер ол құрылтай құжаттарында көзделген жағдайда, мұраның құрамына кіргізілуі мүмкін.";

2) 16-баптың 4-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "қайта құрылуы жағдайларына қолданылмайды." деген сөздер "қайта құрылуы;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасына сәйкес құрылған кредиттік бюролардың қайта құрылуы жағдайларына қолданылмайды."

16. "Қазақстанның Даму Банкі туралы" 2001 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 9, 85-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 83-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 15, 85-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., № 11, 37-құжат; № 23, 105-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 16, 99-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 7, 29-құжат):

1) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Даму Банкімен өзара қарым-қатынасы

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктер шегінде банктерді, банк конгломераттарын және резервтік талаптарды пруденциялық реттеу, басшы қызметкерлердің келісуі, активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Даму Банкінің

Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін заңнамасын, тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібіне қойылатын талаптарды орындауын бақылауды жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының Даму Банкінің қызметіне кез келген нысанда араласуына тыйым салынады.";

2) 17-бап алып тасталсын.

17. "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 10, 55-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 4, 28, 33-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат):

1) 1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) айқын басым көпшілік – кемінде төрттен үш бөлігі мөлшеріндегі көпшілік;"

2) тармақшадағы "айырбасталуға" деген сөз "ауыстыруға" деген сөзбен ауыстырылсын;

12) тармақшадағы "не" деген сөз "және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) корпоративтік оқиғалар – акционерлік қоғамның қызметіне елеулі ықпал ететін, осы Заңның 79-бабында айқындалған акционерлік қоғамның акционерлері мен инвесторларының мүдделерін қозғайтын оқиғалар;"

15) тармақша алып тасталсын;

20) тармақшадағы "осы акционерлік қоғамның аудиторы" деген сөздер "осы акционерлік қоғам органдарының отырысында акционердің өкілі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-1-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жария компанияның корпоративтік интернет-ресурсында мынадай құжаттар ашық орналастырылуға тиіс:

1) жария компанияның жарғысы;

2) корпоративтік басқару кодексі;

3) соңғы екі қаржы жылының аудиторлық есептермен расталған жылдық қаржылық есептіліктері (жаңадан құрылған жария компанияларды қоспағанда);

4) корпоративтік басқару мәселелерін регламенттейтін, оның ішінде директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметін, корпоративтік хатшының қызметін, сондай-ақ жария компанияның аудитін жүргізу мәселелерін регламенттейтін өзге де ішкі құжаттар.

Осы тармақта аталған құжаттарды жария компания Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында да орналастыруы мүмкін.";

3) 6-баптың 2-тармағында:

4-1) тармақшадағы "айырбастауға" деген сөз "ауыстыруға" деген сөзбен ауыстырылсын;

б) тармақша алып тасталсын;

4) 9-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоғамның жарғысы қоғамның заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін айқындайтын құжат болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысы уәкілеттік берген адам қол қоятын, жарғыға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ресімделген өзгерістер мен толықтыруларды (оның ішінде жарғының жаңа редакциясы түрінде жазылғандарды) қоспағанда, қоғам жарғысына құрылтайшылар (жалғыз құрылтайшы) не оның өкілдері (өкілі) қол қоюға тиіс. Қоғамның жарғысын, сондай-ақ оған енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтыруларды нотариат куәландыруға тиіс.";

2-тармақта:

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) оларға қатысты "алтын акция" (ол болған кезде) иесінің veto құқығы белгіленген мәселелер, сондай-ақ "алтын акция" иесінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);";

7) тармақшадағы "құралының" деген сөз "құралдарының" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 13-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігінде:

"Қоғамның" деген сөз "Орналастыру кезеңінде қоғамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жарияланған" деген сөз "орналастырылған" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қараса, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді. Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеу қоюға дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі.

Олар бойынша шешімдер қабылдау артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелерге:

артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту не мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту;

артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту;

артықшылықты акцияларды қоғамның жай акцияларына айырбастау туралы мәселелер жатады.";

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғам артықшылықты акцияларды ұйымдастырылмаған рынокта осы Заңға сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне (егер құрылтай жиналысы әдістемені бекітпесе, оны бекіту) өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарайды;"

б) 14-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "және" деген сөз "және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Акционерлердің осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

Акционерлердің осы баптың 1-тармағында көзделген құқықтарынан басқа, қоғамның жарғысында акционерлердің қосымша құқықтары көзделуі мүмкін.";

7) 16 және 18-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Қоғамның бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алу құқығы

1. Жарияланған акцияларды немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру, сондай-ақ бұрын сатып алынған аталған бағалы қағаздарды сату ниеті бар қоғам осы туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде өз акционерлеріне жазбаша хабарлама жіберу немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы бағалы қағаздарды өздерінде бар акциялар санына барабар тең жағдайларда бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған қоғамның органы белгілеген орналастыру (өткізу) бағасы бойынша сатып алуды ұсынуға міндетті. Акционер қоғамның акцияларын орналастыру (өткізу) туралы хабарлаған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде акцияларды не қоғамның акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алуға өтінім беруге құқылы.

Бұл ретте қоғамның жай акцияларын иеленуші акционердің жай акцияларды немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алуға құқығы бар, ал қоғамның артықшылықты акцияларын иеленуші акционердің қоғамның артықшылықты акцияларын басымдықпен сатып алуға құқығы бар.

Акционер басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын акциялардың немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың ақысын төлеуді оларды сатып алуға өтінім берген күннен бастап күнтізбелік отыз күн

ішінде жүзеге асырады. Қоғамның жарғысымен акциялардың ақысын төлеудің өзге де мерзімі көзделуі мүмкін, ол акциялар орналастырыла бастаған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен аспауға тиіс.

2. Жарияланған акцияларды орналастыруға, сондай-ақ бұрын сатып алынған акцияларды өткізуге ниеті бар қаржы ұйымы уәкілетті органның талабы бойынша пруденциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өз акционерлеріне жазбаша хабарлама жіберу немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы бағалы қағаздарды өздерінде бар акциялар санына барабар тең жағдайларда бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған қоғамның органы белгілеген орналастыру (өткізу) бағасы бойынша сатып алуды ұсынуға міндетті. Акционер қоғамның акцияларды орналастыру (өткізу) туралы хабарлаған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде акцияларды не қоғамның акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алуға өтінім беруге құқылы.

Қаржы ұйымының басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын акцияларына ақы төлеуді акционер оларды сатып алуға өтінім берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Акциялардың немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың ақысын төлемеген жағдайда аталған мерзім аяқталғаннан кейін өтінім жарамсыз болып есептеледі.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын акциялардың немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың ақысын төлеу мерзімдері бойынша талаптар Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық мемлекеттік меншікке иелік етуге уәкілеттік берген мемлекеттік органның акцияларды сатып алу жағдайларына қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық мемлекеттік меншікке иелік етуге уәкілеттік берген мемлекеттік орган басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алатын акциялардың немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың ақысын төлеуді оларды сатып алуға өтінім берген күннен бастап он екі ай ішінде жүзеге асырады.

4. Акциялардың немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарында белгіленген мерзім өткенге дейін ақысын төлемеген жағдайда өтінім жарамсыз болып саналады.

5. Қоғам акционерлерінің бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

6. Осы Заңның 83-бабында көзделген тәртіппен оған басқа қоғам қосылған кезде қоғамның акцияларын орналастыру (өткізу) кезінде қоғамның акционерлеріне басымдықпен сатып алу құқығы берілмейді.";

"18-бап. Қоғамның акцияларын орналастыру

1. Қоғам өз акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін акциялардың жарияланған мөлшері шегінде оларды бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.

Қоғамның жарғысында осы мәселе акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған жағдайды қоспағанда, қоғамның жарияланған акцияларының саны шегінде оның акцияларын орналастыру туралы шешімді қоғамның директорлар кеңесі қабылдайды.

Акцияларды орналастыру акционерлердің акцияларды немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыруы, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногында өткізілетін жазылу немесе аукцион не бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында өткізілетін жазылу немесе аукцион арқылы, сондай-ақ осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қоғамның бағалы қағаздарын және (немесе) ақшалай міндеттемелерін қоғамның акцияларына айырбастау арқылы жүзеге асырылады.

2. Акционер артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес оған акцияны немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағазды сатып алуға өтінім беру үшін берілген күнтізбелік отыз күннің ішінде акцияны немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағазды иеліктен айырған кезде, егер бұрынғы меншік иесі мұндай өтініш бермеген жағдайда бұл құқық акцияның немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздың жаңа меншік иесіне өтеді.

3. Акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған қоғамның органы осы орналастыру үшін белгілеген акцияларды орналастыру бағасы осы акциялардың сатылуы мүмкін ең төменгі бағасы болып табылады.

Акционерлер акцияларды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес қоғамның орналастыру туралы шешім қабылдаған органы белгілеген осы акциялардың бірыңғай ең төменгі орналастыру бағасы бойынша сатып алады.

Қоғамның акциялары осы орналастыру шегінде акцияларды жазылу арқылы сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірыңғай баға бойынша сатылуға тиіс.

4. Қоғамның уәкілетті органы орналастырылатын акциялардың санын ұлғайту және (немесе) басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру шеңберінде акционерлерге ұсынылған бағаны азайту арқылы жарияланған акцияларды орналастыру туралы бұрын

қабылданған шешімнің талаптарын өзгерту туралы шешімді қабылдаған жағдайда, қоғам акционерлерге осы акцияларды басымдықпен сатып алу құқығын қайта ұсынады."

8) 19-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді тіркеуші ғана жүзеге асыра алады."

9) 20 және 21-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Қоғам акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп

1. Қоғам уәкілетті органға:

қоғамның жарияланған акцияларын толық орналастырғанға дейін не оларды толық орналастырғаннан кейін әрбір алты айдың (есепті жарты жылдық аяқталғаннан кейін бір ай ішінде) қорытындылары бойынша өз акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есептерді;

қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы қоғам акцияларының басқа түріне айырбастаған жағдайда акцияларды айырбастау рәсімдерін аяқтағаннан кейін бір ай ішінде өз акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есептерге өзгерістер мен толықтыруларды беруге міндетті.

2. Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есептің және оған өзгерістер мен толықтырулардың мазмұнын және оларды табыс ету тәртібін, сондай-ақ осы есепті қарау және бекіту тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

21-бап. Қоғамның орналастырылатын акцияларына төлем жасау

1. Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғамның орналастырылатын акцияларына төлем жасауға ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен (бағалы қағаздан басқа) төлем жасау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

Қор биржасындағы айналыста болатын және қоғамның орналастырылатын акцияларына төлем жасауға берілетін бағалы қағаздардың құнын бағалау қор биржасының қаржы құралдарының бағалау әдістемесіне сәйкес жүргізіледі. Осындай бағалы қағаздарды аталған әдіс бойынша бағалауға мүмкіндік болмаған не акцияларға төлем жасауға салынатын бағалы қағаздардың түріне қатысты әдістеме болмаған жағдайда олардың құнын бағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы жүргізеді.

2. Егер қоғамның орналастырылатын акцияларына төлем жасауға мүлікті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқықты бағалау осы мүлікті пайдалануға төленетін ақының

мөлшері негізге алына отырып, қоғамның оны пайдаланған бүкіл мерзіміне жүргізіледі. Аталған мерзім аяқталғанға дейін қоғам акционерлері жалпы жиналысының келісімінсіз мұндай мүлікті алып қоюға тыйым салынады.

3. Акцияларды орналастырған кезде қоғамға:

1) орналастырылатын акцияларды сатып алуға;

2) шарттарында (шығару шарттарында) эмитент орналастырылған акцияларын эмитенттің сатып алу құқығы немесе міндеті көзделетін шарттар жасасуға (туынды бағалы қағазды сатып алуға) тыйым салынады.";

10) 24-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "Осы Заңның 22-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғамның" деген сөздер "Қоғамның" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 25-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалы қағаздардың қайталама рыногында қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен бірлесе отырып сатып алғысы келетін не дауыс беретін акциялардың өзге санын сатып алу нәтижесінде осы тұлғаға дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен бірлесе отырып қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызы тиесілі болатын тұлға бұл туралы қоғамға және уәкілетті органға ол белгілеген тәртіппен хабарлама жіберуге міндетті. Хабарламада сатып алынатын акциялардың саны, болжамды сатып алу бағасы туралы мәліметтер және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген өзге де мәліметтер болуға тиіс.";

3-тармақтың бірінші бөлігі "сатып алған" деген сөздерден кейін "не дауыс беретін акциялардың өзге санын сатып алу нәтижесінде осы тұлғаға дербес немесе оның үлестес тұлғаларымен бірлесіп, қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызы тиесілі болатын" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 26-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Орналастырылған акцияларды сатып алу оларды кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және қоғамның жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда қоғамның бастамасы бойынша акционердің келісімімен жүргізілуі мүмкін.

Орналастырылған акцияларды қоғамның бастамасы бойынша сатып алу қоғам акцияларды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен сатып алған жағдайларды қоспағанда, қоғамның оларды сатып алған кезінде акциялардың құнын айқындаудың осы Заңда белгіленген тәртіппен бекітілген әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.";

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) акцияларды құрылтайшылар арасында орналастыру қорытындылары туралы бірінші есеп бекітілгенге дейін;"

13) 27-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "және қоғамның" деген сөздер "және (немесе) қоғамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-1-тармақ "қоғамның акцияларды" деген сөздерден кейін "ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 28-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша сатып алған кезде:

акционерлердің жалпы жиналысында осы Заңның 27-бабы 1-тармағының 1), 1-1) және 3) тармақшаларында көрсетілген шешімдер қабылданған;

сауда-саттықты ұйымдастырушы қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;

оның жасалуында қоғамның мүддесі бар ірі мәміле және (немесе) мәміле жасасу туралы шешім қабылданған күнгі жағдай бойынша;"

15) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"30-бап. Эмитенттің бағалы қағаздарын және өзге де ақшалай міндеттемелерін қоғамның жай акцияларына айырбастау

1. Қоғам өзінің жарғысында айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару мүмкіндігі көзделген жағдайда ғана мұндай шығаруға құқылы.

Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымдардың айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқығы жоқ.

2. Қоғамның акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарын шығаруға қоғамның жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырма шегінде жол беріледі.

3. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары, мерзімдері мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісінде көрсетіледі.

4. Қоғамның бағалы қағаздарын және кредиторлар алдындағы өзге де ақшалай міндеттемелерін оның жай акцияларына айырбастау мынадай құжаттардың бірінің:

1) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару проспектісі ;

2) Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған банкті қайта құрылымдау жоспары;

3) егер қоғам дәрменсіз борышкер болып табылса, Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған оңалту жоспары негізінде жүзеге асырылады.

5. Егер бұрын қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды орналастырған кезде акционерлерге осы бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу

құқығы берілсе, осы бағалы қағаздар шығару проспектісі негізінде бағалы қағаздарды қоғамның жай акцияларына айырбастау кезінде қоғамның акционерлеріне акцияларды басымдықпен сатып алу құқығы беріледі.

6. Бағалы қағаздар банктің активтері мен міндеттемелерін қайта құрылымдау рәсімі аясында немесе қоғамның оңалту процесінде қоғам акцияларына айырбасталатын жағдайда, егер қоғам дәрменсіз борышкер болып табылса, басымдықпен сатып алу құқығы акцияларын бағалы қағаздарды және (немесе) қоғамның ақшалай міндеттемелерін оның акцияларына айырбастау арқылы орналастырған кезде банктің (қоғамның) акционерлеріне берілмейді.

7. Қоғам бағалы қағаздарды қоғамның жай акцияларына айырбастауға, осындай айырбастау нәтижесінде жай акцияларды сатып алатын тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тиісті қызмет түрлерін жүзеге асыратын қоғам акционерлеріне (акцияларды сатып алуды жоспарлайтын тұлғаларға) қатысты белгіленген талаптарды орындаған жағдайда құқылы.

Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда бағалы қағаздарды қоғамның жай акцияларына айырбастауға тыйым салынады.";

16) мынадай мазмұндағы 30-1-баппен толықтырылсын:

"30-1-бап. Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы қоғамның акцияларының басқа түріне айырбастау

1. Қоғамның жарғысында және акцияларды шығару проспектісінде айырбастау мүмкіндігі көзделген жағдайда ғана қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы қоғам акцияларының басқа түріне айырбастауды жүзеге асыруға құқылы.

2. Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы қоғам акцияларының басқа түріне айырбастаудың шарттары, мерзімдері және тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және акцияларды шығару проспектісінде белгіленеді.";

17) 33-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "және қоғам" деген сөздер "және (немесе) қоғам" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 34-1-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда (Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстанның Тұрғын үй құрылысы жинақ банкінен басқа), ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың үлгі қағидалары негізінде жүзеге асырылады.";

19) 35-баптың 1-тармағында:

үшінші бөліктегі "шақырылуы және өткізілуі мүмкін" деген сөздер "екі ай ішінде шақырылуға және өткізілуге тиіс" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Акционерлердің бірінші жалпы жиналысында қоғамның директорлар кеңесі сайланады.";

4-тармақтың екінші сөйлеміндегі "және қоғамның" деген сөздер "және (немесе) қоғамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 36-бапта:

1-тармақта:

мынадай мазмұндағы 3-2) және 3-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-2) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

3-3) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;"

5) тармақшадағы "сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын" деген сөздер "олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;"

10) тармақшадағы "беру арқылы қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы" деген сөздер "беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармақша "осы Заңға сәйкес" деген сөздерден кейін "ұйымдастырылмаған нарықта" деген сөздермен толықтырылсын;

18) тармақшадағы "және қоғам" деген сөздер "және (немесе) қоғамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші бөлік "3)" деген цифрдан кейін "және 14)" деген сөздермен толықтырылсын; екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер осы Заңда және (немесе) қоғам жарғысында өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады. Бұл ретте, қоғамның жарғысында өзге мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға қажетті көп дауыс саны ғана көзделуі мүмкін.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

21) 41-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Акционерлерге ("алтын акцияның" иесіне) алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен – күнтізбелік отыз күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік қырық бес күн бұрын хабарлануға тиіс.

Қаржы ұйымы болып табылатын қоғам акционерлерінің, уәкілетті органның талабы бойынша пруденциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында күн тәртібіне қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы мәселе енгізілген жалпы жиналысы өткізілген жағдайда, акционерлерге ("алтын акцияның" иесіне) алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен – он жұмыс күнінен бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында он бес жұмыс күнінен бұрын хабарлануы тиіс.";

22) 44-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "3-тармағында" деген сөздер "2-тармағының 3) тармақшасындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 46-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "оның алқалы органдары мүшелерінің," деген сөздер "қоғамның алқалы органдары мүшелерінің, сондай-ақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 47-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"47-бап. Акционерлердің жалпы жиналысындағы өкілдік

1. Акционер жеке өзі немесе өз өкілі арқылы акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

Қоғамның атқарушы органы мүшелерінің акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Мұндай өкілдік акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулары бар сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, қоғам қызметкерлерінің акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға үшін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.";

25) 49-бап мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Егер акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілген жағдайда тиісті түрде толтырылған бюллетеньдер барлық акционерлерден дауыстарды санау белгіленген күннен бұрын келіп түскен болса, онда дауыстарды уақытынан ертерек күні санауға жол беріледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.";

26) 51-бапта:

3-тармақтағы "қоғамның мұрағатына сақтауға тапсырылады" деген сөздер "қоғамда сақталады" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың бірінші бөлігіндегі "он" деген сөз "күнгізбелік он бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 52-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) мен хатшысы ;
- 2) есеп комиссиясының мүшелері;
- 3) қоғамның дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызын иеленетін және акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер қол қоюға тиіс.

Хаттамаға қол қоюға міндетті адамның қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда, өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілі не Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар адам хаттамаға қол қояды.";

28) 53-бапта:

1-тармақтағы "және қоғамның" деген сөздер "және (немесе) қоғамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші абзацтағы "және қоғамның" деген сөздер "және (немесе) қоғамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қоғамның даму жоспарын бекіту;"

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;"

11) тармақша "аудиторлық ұйымның" деген сөздердің алдынан "қаржылық есептіліктің аудиті үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

15) тармақшадағы "көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу" деген сөздер "көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару)" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) тармақша алып тасталсын;

20) тармақшадағы "және қоғамның" деген сөздер "және (немесе) қоғамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 53-1 және 54-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"53-1-бап. Директорлар кеңесінің комитеттері

1. Аса маңызды мәселелерді қарау және директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін қоғамда директорлар кеңесінің мынадай мәселелер жөніндегі комитеттері құрылады:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер.

Қоғамның ішкі құжаттарында директорлар кеңесінің өзге мәселелер жөніндегі комитеттерін құру көзделуі мүмкін.

2. Директорлар кеңесінің комитеттері директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

3. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы директорлар кеңесі бекітетін қоғамның ішкі құжатында белгіленеді.

54-бап. Директорлар кеңесінің құрамы

1. Жеке адам ғана директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі осы Заңға және (немесе) қоғамның жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге адамдарға беруге құқылы емес.

2. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) акционерлер – жеке адамдар;

2) директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;

3) қоғамның акционері болып табылмайтын және директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан сайланады.

3. Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады. Кумулятивтік дауыс беру бюллетенінің мынадай бағандары болуы тиіс:

1) директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылған кандидаттардың тізбесі;

2) акционерге тиесілі дауыстар саны;

3) акционердің директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылған кандидатқа берген дауыстарының саны.

Кумулятивтік дауыс беруге арналған бюллетеньге "қарсы" және "қалыс қалды" деген дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауысты директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидатқа толығымен беруге немесе оларды бірнеше кандидаттар арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын жинаған кандидаттар директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және

одан көп кандидат тең дауыс санын жинаған болса, бұл кандидаттарға қатысты тең дауыс санын жинаған кандидаттар көрсетілген кумулятивтік дауыс беру бюллетеньдерін акционерлерге ұсыну арқылы қосымша кумулятивтік дауыс беру өткізіледі.

4. Атқарушы органның басшысынан басқа мүшелері директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

5. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

6. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және қоғамның жарғысында белгіленеді.";

30) 58-бапта:

4-тармақтың төртінші бөлігіндегі "бюллетеньдер" деген сөз "бюллетеньдердің көшірмелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың бірінші бөлігіндегі "қоғамның мұрағатында" деген сөздер "қоғамда" деген сөзбен ауыстырылсын;

31) 64-бапта:

1-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қоғамның тәуелсіз директорын қоспағанда, осы тармақтың 1), 3) және 8) тармақшаларында аталған жеке тұлғаның жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары;"

3) тармақшадағы "1), 4) - 9)" деген цифрлар "1), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8), 9) және 10)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) оған қатысты осы тармақтың 6) тармақшасында аталған заңды тұлға ірі акционері болып табылатын немесе мүлкіндегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;"

9) тармақшадағы "1), 4) - 8)" деген цифрлар "1), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8) және 10)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылысын:

"1-1. Мыналар:

1) жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары;

2) осы жеке тұлға және (немесе) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалар ірі акционері (ірі қатысушысы) және (немесе) лауазымды адамы болып табылатын заңды тұлға;

3) жеке тұлғаның және (немесе) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың бақылауында болатын заңды тұлға;

4) оған қатысты осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар ірі акционерлер (ірі қатысушылар) болып табылатын немесе мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;

5) осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың лауазымды адамдары жеке тұлғаның үлестес тұлғасы болып табылады.";

32) 71-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы "мәмілесі жасалуына қоғам мүдделі болатын мәміле болып табылмайды." деген сөздер "мәмілесі;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) үлгі нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, қоғамның өзінің үлестес тұлғасымен шарт жасасу жасалуына қоғам мүдделі болатын мәміле болып табылмайды.";

33) 72-баптың 3) тармақшасы "директорлар кеңесінің назарына" деген сөздерден кейін "қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

34) 79-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоғам өзінің акционерлері мен инвесторларының назарына қоғамның мынадай корпоративтік оқиғалары:";

екінші бөлікте:

бірінші абзац алып тасталсын;

1) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бұл мәселелер туралы ақпаратты қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізуге тиіс, акционерлердің жалпы жиналысы және директорлар кеңесі олардың тізбесі бойынша қабылдаған шешімдер;";

"11) қоғамның жарғысына, сондай-ақ қоғамның бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес қоғам акционерлерінің және инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.";

2-1-тармақ "көрсетілген" деген сөзден кейін "корпоративтік оқиғалар туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Қоғам Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізілген қоғам осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратқа толықтыру ретінде Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған

қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті орналастыруды қамтамасыз етеді және қор биржасының интернет-ресурсында жариялау үшін барлық корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты және тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті қор биржасына оның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен ұсынады.";

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Қоғамның акционерлердің мүдделерін қозғайтын қызметі" деген сөздер "Корпоративтік оқиғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 82-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоғамдарды біріктіру жолымен құрылатын қоғамның жарғылық капиталы қайта ұйымдастырылатын бір қоғамның инвестициялары қайта ұйымдастырылатын басқа қоғамға шегеріле отырып, қайта ұйымдастырылатын қоғамдардың өз капиталдарының сомасына тең болады.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Негізгі ұйым мен орналастырылған акцияларының жүз пайызын негізгі ұйым иеленетін еншілес ұйым біріккен жағдайда, құрылған қоғамның акциялары негізгі ұйым акционерлері арасында орналастырылады.";

36) 85-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

37) 86-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шаруашылық серіктестігінің немесе өндірістік кооперативтің жарғылық капиталының мөлшері қайта ұйымдастырылатын қоғам өткізу актісіне сәйкес оған берген активтер мен міндеттемелердің арасындағы айырмаға тең болады және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.".

18. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 119-құжат; 2004 ж., № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) бүкіл мәтін бойынша:

"қызметтік, коммерциялық", "коммерциялық, қызметтік" деген сөздер "коммерциялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

"коммерциялық және қызметтік", "қызметтік және коммерциялық" деген сөздер "коммерциялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңның мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агенттік облигация – эмитенті қаржы агенттігі болып табылатын облигация;

2) айырбасталатын бағалы қағаз – акционерлік қоғамның шығару проспектісінде айқындалатын шарттармен және тәртіппен оның басқа түрдегі бағалы қағазына алмастыруға жататын бағалы қағазы;

3) андеррайтер – брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде қызметтер көрсететін бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;

4) бағалы қағаз – мүліктік құқықтарды куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілеулердің жиынтығы;

5) бағалы қағаздарды номиналды ұстау – номиналды ұстау шартына не осы Заңға сәйкес бағалы қағаздарды ұстаушылар атынан және есебінен белгілі бір заңды іс-әрекеттерді жасау, сондай-ақ бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алу мен растау және осындай ұстаушылардың бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелерді тіркеу;

6) бағалы қағаздардың бағасын белгілеу – ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында белгілі бір уақыт кезінде бағалы қағаз бойынша сұраныстың және (немесе) ұсыныстың жарияланған бағасы;

7) бағалы қағаздардың бастапқы рыногы – эмитенттің бағалы қағаздардың қайталама рыногында өзі бұрын сатып алған эмиссиялық бағалы қағаздарын бұдан әрі орналастыруын қоспағанда, эмитенттің (андеррайтердің немесе эмиссиялық консорциумның) жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруы;

8) бағалы қағаздардың қайталама рыногы – орналастырылған бағалы қағаздардың айналысы процесінде бағалы қағаздар рыногының субъектілері арасында қалыптасатын құқықтық қатынастар;

9) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесі – белгілі бір уақыт кезінде эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқық ұстаушыларды сәйкестендіруді, бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ететін эмитент, эмиссиялық бағалы қағаздар және оларды ұстаушылар туралы мәліметтердің жиынтығы, сондай-ақ осы бағалы қағаздар бойынша айналымға немесе құқықтарды жүзеге асыруға арналып тіркелген шектеулердің сипаты және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес өзге де мәліметтер;

10) бағалы қағаздар рыногында айла-шарғы жасау – бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің ұсыныс пен сұраныстың объективті арақатынасы нәтижесінде бағалы қағаздарға орныққан бағадан жоғары немесе төмен баға белгілеуге және (немесе) ұстап тұруға, бағалы қағазбен сауда-саттықтың көрінісін жасауға және (немесе) инсайдерлік ақпаратты пайдаланып мәміле жасауға бағытталған іс-әрекеттері;

11) бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы – өз қызметін бағалы қағаздар рыногында лицензия негізінде не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын заңды тұлға;

12) бағалы қағазды ұстаушы – бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген, бағалы қағаздар бойынша құқықтарға ие тұлға, сондай-ақ пайларын ұстаушылар ортақ үлестік меншік құқығында инвестициялық пай қоры активтерінің құрамына кіретін бағалы қағаздар бойынша құқықтарды иеленетін инвестициялық пай қоры;

13) базалық актив – стандартталған тауарлар партиясы, бағалы қағаздар, валюта, қаржы құралдары және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында айқындалған өзге де көрсеткіштер;

14) биржадан тыс бағалы қағаздар рыногының баға белгілеу ұйымы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушы клиенттерінің арасында баға белгілеуді айырбастау жүйесін пайдалану мен қолдау арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

15) биржадан тыс бағалы қағаздар рыногының баға белгілеу ұйымының баға белгілеуді айырбастау жүйесі – биржадан тыс бағалы қағаздар рыногының баға белгілеу ұйымының материалдық-техникалық құралдарының, ішкі құжаттарының кешені, оларды пайдалана отырып биржадан тыс бағалы қағаздар рыногының осы баға белгілеу ұйымы клиенттерінің арасында баға белгілеуді айырбастауға қолдау көрсетіледі;

16) брокер – клиенттің тапсырмасы бойынша, оның есебінен және мүдделерін көздеп, эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;

17) бұйрық – қаржы құралдарын ұстаушы (сатып алушы) өзіне тиесілі қаржы құралдарына немесе қаржы құралдарын сатып алуға арналған ақшаға қатысты белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруды көрсете отырып, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушыға табыс ететін құжат;

18) бірыңғай тіркеуші - акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мамандандырылған коммерциялық емес ұйым;

- 19) дара инвестор – институционалдық инвестор болып табылмайтын инвестор;
- 20) делистинг – бағалы қағаздарды сауда-саттық ұйымдастырушының тізімінен уақытша немесе тұрақты шығарып тастау;
- 21) депозитарийлік қолхат – осы депозитарийлік қолхаттың базалық активі болып табылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың белгілі бір санына меншік құқығын растайтын туынды эмиссиялық бағалы қағаз;
- 22) депозитарийлік қызмет – басқа номиналды ұстаушылар үшін бағалы қағаздарды номиналды ұстау қызметтерін көрсету және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру жөніндегі қызмет;
- 23) депозитке салу – орталық депозитарийдің өз клиенттерінің жеке шоттарындағы қаржы құралдарын есепке алуы;
- 24) депонент – орталық депозитарийдің клиенті болып табылатын ұйым;
- 25) дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы;
- 26) дилер – ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында оған тікелей кіру құқығымен өз мүдделерін көздеп және өз есебінен эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы ;
- 27) жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздар – шығарылуын уәкілетті орган тіркеген бағалы қағаздар;
- 28) жеке шот – бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде қамтылатын, эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдары бойынша мәмілелерді тіркеу және құқықтарды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны біржақты сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы;
- 29) жеке шоттан үзінді – орталық депозитарий, тіркеуші немесе номиналды ұстаушы беретін және белгілі бір уақыт кезінде қаржы құралдары бойынша тіркелген тұлғаның құқықтарын растайтын, бағалы қағаз болып табылмайтын құжат;
- 30) жеке шоттардың бірыңғай жүйесі – жүргізілуін тіркеушілер жүзеге асыратын бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйелеріндегі мәліметтер жиынтығын көрсететін, орталық депозитарий қалыптастырған деректер базасы;
- 31) инвестициялық жоба – инвестициялаудан белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған және инвестицияларды көздейтін, сондай-ақ белгілі бір уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаты бар іс-шаралар кешені;
- 32) инвестициялық комитет – бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының меншікті активтеріне және (немесе) инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушыға инвестициялық басқаруға берілген активтерге қатысты

инвестициялық шешімдерді қабылдауды жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының (тіркеуші мен трансфер-агентті қоспағанда) алқалы органы;

33) инвестициялық портфель – бағалы қағаздар рыногы субъектісінің меншігіндегі немесе басқаруындағы әртүрлі қаржы құралдарының не Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялық қор мүлкінің жиынтығы;

34) инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушы – азаматтық құқық объектілерін басқару жөніндегі қызметті клиенттің мүдделерін көздеп және соның есебінен өз атынан жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;

35) инсайдер – инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлға;

36) инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар, (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (берген) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат;

37) институционалдық инвестор – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыру мақсатымен қаражат тартушы заңды тұлға;

38) инфрақұрылымдық облигация – эмитент міндеттемелерінің орындалуы арасында мемлекетке берілетін объект құнына сәйкес сомада мемлекет пен эмитент жасалған инфрақұрылымдық жобаны іске асыру жөніндегі концессиялық келісім шеңберінде мемлекеттің кепілгерлігімен қамтамасыз етілген облигация;

39) ипотекалық облигация – ипотекалық қарыз шарттары бойынша талап ету құқығы кепілімен (ипотекалық куәліктер кепілін қоса алғанда), сондай-ақ тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленетін өзге де өтімділігі жоғары активтер кепілімен қамтамасыз етілген облигация;

40) ислам арнайы қаржы компаниясы – ислам бағалы қағаздарын шығаруды жүзеге асыратын, осы Заңға сәйкес акционерлік қоғамның не жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын заңды тұлға, сондай-ақ бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме);

41) ислам арнайы қаржы компаниясы бөлген активтер – ислам арнайы қаржы компаниясы сатып алатын мүлік және талап ету құқықтары, олар бойынша түсімдер;

42) ислам бағалы қағаздары – шығару шарттары исламдық қаржыландыру принциптеріне сәйкес келетін, материалдық активтердегі бөлінбейтін үлесті иелену құқығын және (немесе) оларды пайдаланудан түскен активтерге және (немесе)

табыстарға, қаржыландырылуы үшін осы бағалы қағаздар шығарылған нақты жобалардың қызметтеріне немесе активтеріне билік ету құқығын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаздар;

43) ислам бағалы қағаздарын өтеу – ұстаушыға тиесілі ислам бағалы қағаздары санының осы шығарылымдағы ислам бағалы қағаздарының жалпы саны қатынасына барабар үлеске сәйкес келетін ақша сомасын бөлінген активтер есебінен ислам бағалы қағаздарын шығару перспектисінде белгіленген мерзімдерде төлеу;

44) ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі – эмитентпен жасалған шарттың негізінде ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүддесінде әрекет ететін ұйым;

45) ислам бағалы қағаздарының номиналды құны – ислам бағалы қағаздарын шығару перспектисінде белгіленген шарттар бойынша оларды бастапқы орналастыру аясында сатып алу кезінде инвестор төлейтін ислам бағалы қағаздары құнының ақшалай түрі;

46) кастодиан – қаржы құралдары мен клиенттер ақшасын есепке алуды және олар бойынша құқықтарды растауды, клиенттердің құжаттық қаржы құралдарының сақталуы жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдай отырып, оларды сақтауды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;

47) клиент – бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы көрсететін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдаланғысы келетін тұлға;

48) қазақстандық депозитарийлік қолхат – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздардың белгілі бір санына меншік құқығын растайтын туынды эмиссиялық бағалы қағаз;

49) қамтамасыз етілген облигация – эмитент міндеттемелерін орындау эмитент мүлкінің кепілімен, банк кепілдігімен қамтамасыз етілген облигация;

50) қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клиринг қызметі – қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде есеп айырысуға қатысатын (төлемдерді жүзеге асыратын) субъектілердің талаптарын және (немесе) міндеттемелерін айқындау;

51) қаржы құралдарын материалсыздандыру – құжаттық нысанда шығарылған қаржы құралдарымен куәландырылатын құқықтарды растау тәсілін осы құқықтарды орталық депозитарийдің және (немесе) бірыңғай тіркеушінің есепке алу жүйесіндегі электрондық жазбалармен растау арқылы өзгерту;

52) қаржы рыногы – қаржы қызметін көрсету мен тұтынуға және қаржы құралдарының айналымына байланысты қатынастар жиынтығы;

53) қор биржасы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

54) қор биржасының сауда жүйесі – осы қор биржасының мүшелері арасында эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер оларды пайдалана отырып жасалатын қор биржасының материалдық-техникалық құралдарының, ішкі құжаттарының және өзге де қажетті активтері мен рәсімдерінің кешені;

55) қор биржасының трейдері – осы қор биржасының сауда жүйесін пайдалана отырып, қор биржасы мүшесінің атынан мәмілелер жасасуға және өзге де іс-әрекеттерді орындауға уәкілеттік берілген жеке тұлға;

56) құжатсыз бағалы қағаз – құжатсыз нысанда (электрондық жазбалардың жиынтығы түрінде) шығарылған бағалы қағаз;

57) құжаттық бағалы қағаздар – құжаттық нысанда шығарылған (қағаздағы немесе арнайы техникалық құралдарды пайдаланбастан бағалы қағаздың мазмұнын тікелей оқу мүмкін болатын өзге де материалдық жеткізгіштегі) бағалы қағаздар;

58) левередж – эмитенттің міндеттемелері мен өзіндік капиталы мөлшерлерінің арасындағы арақатынас;

59) листинг – қор биржасының бағалы қағаздар тізімінің санатына енгізу және сол санатта болу үшін қор биржасының ішкі құжаттарында бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне арнайы (листингтік) талаптар белгіленіп, бағалы қағаздарды оған енгізу;

60) лицензиат – уәкілетті орган берген лицензия негізінде бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

61) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар – мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылмайтын акциялар, облигациялар және өзге де эмиссиялық бағалы қағаздар;

62) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз – қарыз алушы Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және жергілікті атқарушы органдар болатын қарызға қатысты оны ұстаушының құқықтарын куәландыратын немесе оны ұстаушының қосалқы жалдау шарты негізінде активтерді пайдаланудан табыстар алуға құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз;

63) мінсіз іскерлік бедел – кәсіпқойлықты, адалдықты, алынбаған немесе өтелмеген соттылығы жоқ екенін растайтын фактілердің болуы;

64) мүдделер қақтығысы – бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар мен олардың клиенттерінің мүдделері бір-біріне сай келмейтін жағдай;

65) номиналды ұстауды есепке алу жүйесі – номиналды ұстау қызметін көрсететін бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының бағалы қағаздарды ұстаушылар және оларға тиесілі бағалы қағаздар туралы мәліметтері бар, уақыттың белгілі бір кезінде бағалы қағаздарды сәйкестендіруді, олармен жасалатын мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ететін есепке алу жүйесі, сондай-ақ осы бағалы қағаздардың айналымына немесе олар бойынша құқықтарды жүзеге асыруға арналып тіркелген шектеулердің

сипаты және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге де мәліметтер;

66) облигацияларды өтеу – эмитенттің орналастырылған облигацияларды сыйақы және облигацияның номиналды құнын төлеу (кейіннен сату мақсатынсыз) немесе оны облигациялар шығару проспектісінде белгіленген тәртіппен сол эмитенттің акциясына (акцияларына) айырбастау арқылы айналымнан алып қою жөніндегі іс-әрекеті;

67) облигацияларды ұстаушылардың өкілі – бағалы қағаздардың қайталама рыногындағы облигациялар айналымы, облигациялар бойынша сыйақы төлеу және оларды өтеу процесінде эмитентпен жасалған шарт негізінде облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін көздеп іс-әрекет жасайтын ұйым;

68) облигациялық бағдарлама – эмитент облигациялардың бірнеше шығарылымын, оның ішінде шығарылымның тиісті проспектісінде айқындалатын әртүрлі құрылыммен шығаруды жүзеге асыруға құқылы болатын шекте облигациялар шығару;

69) облигацияның номиналды құны – облигация құнының ол шығарылған кезде айқындалған ақшалай түрі, оған купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілген сыйақы есептеледі, сондай-ақ облигацияны өтеген кезде оны ұстаушыға төленуге тиісті сома;

70) оқшаулау – бағалы қағаздардың сақталуына кепілдік беру мақсатымен жүзеге асырылатын, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде және номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде бағалы қағаздармен жасалатын азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге уақытша тыйым салу;

71) оригинатор – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сай келетін , сатып алу-сату шартының негізінде активтерді ислам арнайы қаржы компаниясына беретін және (немесе) ислам арнайы қаржы компаниясының құрылтайшысы болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасы.

Жалдау шартының негізінде активтерді ислам арнайы қаржы компаниясына беретін , мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган оригинатор бола алады;

72) орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздар – бағалы қағаздардың бастапқы рыногында инвесторлар ақысын толық төлеген эмиссиялық бағалы қағаздар;

73) орталық депозитарий – Қазақстан Республикасының аумағында депозитарийлік қызметті жүзеге асыратын бірден-бір мамандандырылған коммерциялық емес ұйым;

74) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесі – депозитарлық қызметті жүзеге асыру кезінде орталық депозитарий қалыптастыратын мәліметтер жиынтығы;

75) орталық контрагент – қор не сауда биржасында қаржы құралдарының әрбір сатушысы мен әрбір сатып алушысы үшін жасалатын мәмілелер бойынша тарап болып табылатын заңды тұлға;

76) өзін-өзі реттейтін ұйым – бағалы қағаздар рыногында өз қызметінің бірыңғай қағидалары мен стандарттарын белгілеу мақсатымен қауымдастық (одақ) нысанында бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар құрған заңды тұлға;

77) өтініш беруші – бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алу мақсатымен уәкілетті органға құжаттарды табыс еткен заңды тұлға;

78) пруденциялық нормативтер – уәкілетті орган белгілеген және лицензиат сақтауға тиіс нормалардың қаржылық көрсеткіштері;

79) резервтік қор – қалыптастыру және пайдалану тәртібі ислам бағалы қағаздарын шығару проспектісінде айқындалатын ислам бағалы қағаздарын орналастырудан алынған ақшаны инвестициялау нәтижесінде туындайтын залалдарды жабуға арналған қаражат;

80) рейтинг – белгілі бір эмитенттің шамамен алғандағы кредит қабілетін немесе оның бағалы қағаздарының сапасы мен сенімділігін белгілейтін бағаның жеке сандық және әріппен белгіленген көрсеткіші;

81) сауда-саттықты ұйымдастырушы – қор биржасы және биржадан тыс бағалы қағаздар рыногының баға белгілеу ұйымы;

82) сауда-саттықты ұйымдастырушының тізімі – қор биржасының сауда жүйесіне немесе биржадан тыс бағалы қағаздар рыногының баға белгілеу ұйымының баға белгілеуді айырбастау жүйесіне айналымға жіберуге рұқсат етілген, сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жасалған қаржы құралдарының тізімі;

83) төлем агенті – банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

84) трансфер-агент – өз клиенттерінің арасында құжаттар (ақпараттар) қабылдау мен беру жөнінде қызмет көрсететін бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;

85) туынды бағалы қағаздар – осы туынды бағалы қағаздардың базалық активке қатынасы бойынша құқықтарды куәландыратын бағалы қағаздар;

86) тіркелген тұлға – бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушыны есепке алу жүйесінде ашылған жеке шоты бар тұлға;

87) тіркеуші – бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;

88) уәкілетті орган – бағалы қағаздар рыногын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

89) ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногы – эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналым саласы, олармен жасалатын мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады;

90) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногы – бағалы қағаздардың айналым саласы, онда бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылады;

91) ұлттық сәйкестендіру нөмірі – эмиссиялық бағалы қағаздарды сәйкестендіру және есепке алуды жүйелеу мақсатымен оларға уәкілетті орган беретін әріптік-цифрлық код;

92) хеджирлеу – хеджирлеу объектісі бағасының немесе өзге де көрсеткішінің қолайсыз өзгеруі нәтижесінде туындайтын ықтимал залалды өтеу мақсатында жасалатын туынды қаржы құралдарымен операциялар. Бұл ретте, активтер және (немесе) міндеттемелер, сондай-ақ көрсетілген активтерге және (немесе) міндеттемелерге немесе күтілетін мәмілелерге байланысты ақша легі хеджирлеу объектісі деп танылады;

93) шетелдік мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз – қарыз алушы шет мемлекеттің үкіметі болатын қарызға қатысты оны ұстаушының құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз не шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздарға жатқызылған өзге де бағалы қағаз;

94) шығарылым құрылымы – шығарылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың саны, олардың түрі, номиналды құны (облигациялар үшін) туралы мәліметтер;

95) ішкі құжаттар – бағалы қағаздар рыногы субъектісінің, оның органдарының, құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдарының, өкілдіктерінің), қызметкерлерінің қызмет жағдайлары мен тәртібін, қызметтер көрсетуін және оларға ақы төлеу тәртібін реттейтін құжаттар;

96) эмиссиялық бағалы қағаздар – бір шығарылым шегінде біртекті белгілері мен реквизиттері болатын, осы шығарылым үшін бірыңғай жағдайлар негізінде орналастырылатын және айналымға түсетін бағалы қағаздар;

97) эмиссиялық бағалы қағаздар айналымы – бағалы қағаздардың қайталама рыногында бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасу;

98) Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімі – уәкілетті орган қалыптастыратын эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымдары мен олардың эмитенттері туралы мәліметтердің жиынтығы;

99) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру – бағалы қағаздардың бастапқы рыногында бағалы қағаздарды сату;

100) эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісі – эмитент, оның қаржылық жағдайы, сатылады деп болжанатын эмиссиялық бағалы қағаздар, шығарылымның көлемі, шығарылымдағы бағалы қағаздардың саны, олардың шығарылымы, орналастырылуы, айналымда болуы, дивидендтер (сыйақы) төлеу, өтеу рәсімі мен тәртібі туралы мәліметтер және инвестордың бағалы қағаздар сатып алу туралы шешіміне ықпал етуі мүмкін басқа да ақпарат бар құжат;

101) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы – эмиссиялық бағалы қағаздардың азаматтық құқықтар объектісі ретінде пайда болуына бағытталған эмитенттің іс-әрекеттері немесе орналастырылуы, айналымда болуы және өтелуі осы эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатын белгілі бір бағалы қағаздардың жиынтығы;

102) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының күшін жою – эмиссиялық бағалы қағаздың азаматтық құқықтар объектісі ретінде болуын тоқтату;

103) эмиссиялық консорциум – эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде қызмет көрсету мақсатында бірлескен қызмет туралы шарт негізінде құрылған андеррайтерлердің бірлестігі;

104) эмитент – эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға.";

3) 3-баптың 2-тармағында:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру қағидаларын, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың бағалы қағаздармен және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау шарттары мен тәртібіне, осы мәмілелерді есепке алуға және олар бойынша есептілікке қойылатын талаптарды айқындайды;"

14) тармақша "депозитарийдің" деген сөзден кейін ", бірыңғай тіркеушінің" деген сөздермен толықтырылсын;

15) тармақша "депозитарийдің" деген сөзден кейін ", бірыңғай тіркеушінің" деген сөздермен толықтырылсын;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) өз құзыреті шегінде эмитенттердің, орталық депозитарийдің, бірыңғай тіркеушінің және лицензиаттардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады және олардың қызметіне тексеру жүргізеді;"

4) 3-1-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) орындалуы міндетті жазбаша нұсқама беруге;"

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) инвестициялық комитеттің мүшелерін инвестициялық комитет құрамындағы міндеттерін орындаудан шеттетуге;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) міндеттеме-хатты табыс ету туралы талапты жіберуге;"

4) тармақша "субъектісімен" деген сөзден кейін "міндетті түрде қол қоюға жататын" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы баптың 1-тармағының 1) және 4) тармақшаларында келтірілген шаралар, егер уәкілетті орган ірі қатысушы белгілері бар тұлғалардың, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға ірі қатысушылардың, олардың лауазымды адамдарының немесе қызметкерлерінің бұзушылықтары, заңсыз іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайын нашарлатқанын анықтаса, ірі қатысушы белгілері бар тұлғаларға, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларына да қатысты қолданылуы мүмкін.";

2-тармақ "тізбесін" деген сөзден кейін ", оларды орындау мерзімдерін және түзету шараларын қабылдауға жауапты бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің лауазымды адамдарын" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі "субъектісіне" деген сөзден кейін "түзету шараларын қабылдауға жауапты бағалы қағаздар рыногы субъектісінің лауазымды адамын көрсете отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақтың 4) тармақшасындағы "бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің" деген сөздер "орталық депозитарий мен лицензиаттардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 3-2-баппен толықтырылсын:

"3-2-бап. Ертерек ден қою шаралары

1. Бағалы қағаздар рыногында инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау және бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті орган олардың қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген факторларды анықтау үшін көрсетілген ұйымдардың қызметіне талдау жасауды жүзеге асырады.

2. Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық жағдайына талдау жасау нәтижесінде және (немесе) оларды тексеру қорытындылары бойынша осы баптың 1-тармағында көрсетілген факторлар анықталған жағдайда, уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымға бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның қаржылық тұрақтылығын арттыру, оның қаржылық жағдайының нашарлауына және бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруына байланысты тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу жөніндегі ертерек ден қою шаралары көзделетін іс-шаралар жоспарын ұсыну жөнінде жазбаша нысанда талап жібереді.

Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым көрсетілген талапты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде әрбір тармақ бойынша орындалу мерзімдерін және жауапты лауазымды адамдарды көрсете отырып, іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын мақұлдаған жағдайда, бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық

портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым жоспарда белгіленген мерзімдерде оның орындалу нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ете отырып, жоспарды іске асыруға кіріседі.

Іс-шаралар жоспары мақұлданбаған жағдайда, уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымға төменде санамаланған ертерек ден қою шараларының бірін немесе бірнешеуін:

1) бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның ұйымдық құрылымын және (немесе) штат санын өзгерту;

2) бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның басшы және (немесе) өзге де қызметкерлерін қызметінен шеттету;

3) инвестициялық комитеттің құрамын өзгерту;

4) уәкілетті орган белгілеген мерзімге дивидендтерді есептеу және (немесе) төлеуді тоқтату;

5) клиенттердің активтерін инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын басқа ұйымға басқаруға беру;

6) бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның меншікті капиталын оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерге дейін, оның ішінде оның жарғылық капиталын ұлғайту арқылы ұлғайту;

7) өтімді активтердің үлесін арттыру және (немесе) инвестициялардың тәуекелдер деңгейін азайту мақсатында инвестициялық портфельге қайта құрылымдау жүргізу;

8) әкімшілік шығыстарды қысқарту, оның ішінде қызметкерлерді қосымша жалдауды тоқтату немесе шектеу арқылы қысқарту жөнінде талап қою арқылы қолданады.

3. Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның қаржылық тұрақтылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспары осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімде ұсынылмаған немесе осы жоспардың іс-шаралары уақтылы орындалмаған, сондай-ақ уәкілетті органның талабына сәйкес ертерек ден қою шаралары орындалмаған немесе уақтылы орындалмаған жағдайда, бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымға осы Заңда көзделген ықпал етудің шектеулі шаралары және (немесе) санкциялар қолданылады.

4. Ертерек ден қою шараларын қолдану тәртібі және бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

5. Екінші деңгейдегі банктер, жинақтаушы зейнетақы қорлары және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асырған кезде оларға осы баптың талаптары қолданылмайды.";

б) 4-баптың 2-тармағындағы "өзге де заң актілерімен" деген сөздер "өзге де заңнамасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 1-тарау мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Білікті инвесторлар

1. Осы баптың 2-тармағында аталған тұлғалар, сондай-ақ осы бапта белгіленген тәртіппен білікті инвесторлар деп танылған тұлғалар білікті инвесторлар болып табылады.

2. Мыналар білікті инвесторлар болып табылады:

1) қаржы ұйымдары;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес уәкілетті органның тиісті лицензиясын алмастан бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

3) ұлттық холдинг, ұлттық басқарушы холдинг;

4) халықаралық қаржы ұйымдары.

3. Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және (немесе) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар осы баптың 2-тармағында аталмаған дара және институционалдық инвесторларды уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және шарттармен білікті инвесторлар деп тануы мүмкін.

4. Өзін білікті инвестор деп тануға өтініш берген тұлға өзі туралы берген ақпараттың дәйектілігі үшін жауапты болады.

Өзі берген дәйексіз ақпараттың негізінде тұлғаны білікті инвестор деп тану оның мүддесін көздейтін және оның есебінен жасалған мәмілелердің жарамсыздығына негіз болып табылмайды.

5. Тұлға бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының бір түріне немесе бірнеше түріне, білікті инвесторларға арналған қызметтердің бір түріне немесе бірнеше түріне қатысты білікті инвестор болып танылуы мүмкін.

6. Тек қана білікті инвесторлардың қаражаты есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

7. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген, білікті инвестор деп тануды жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы:

1) білікті инвесторды бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының немесе көрсетілетін қызметтердің қандай түрлеріне қатысты оның білікті инвестор деп танылғаны туралы хабардар етуге;

2) білікті инвестор деп танылған тұлғадан оны білікті инвестор деп тану үшін сәйкес болуы қажет талаптардың сақталуын растауды талап етуге және көрсетілген талаптардың сақталуына тұрақты түрде тексеруді жүзеге асыруға;

3) өзі білікті инвесторлар деп таныған тұлғалардың тізілімін жүргізуге міндетті.

8. Білікті инвесторды білікті инвесторлар тізілімінен шығару ол білікті инвесторлар тізіліміне енгізілу шарттарына сай келмеген жағдайда жүзеге асырылады.";

8) 9-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшадағы "пен оның" деген сөздер ", оның орналасқан жері және" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) облигацияларды ұстаушылардың өкілі туралы;"

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының (мұндай ұйыммен шарт жасасу міндеті осы Заңның талаптарында көзделген жағдайда) ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін ұйым туралы мәліметтер болуға тиіс."

12) тармақша алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісінің ажырамас бөлігі мыналар болып табылады:

1) эмитенттің соңғы екі қаржы жылындағы аудиторлық есептермен расталған жылдық қаржылық есептілігінің көшірмелері, сондай-ақ эмитенттің (жаңадан құрылған эмитенттерді қоспағанда) аудиторлық есептерінің және есепке алу саясатының көшірмелері;

2) эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуге құжаттар беру алдындағы соңғы тоқсанның аяғындағы жағдай бойынша эмитенттің қаржылық есептілігінің көшірмелері.

Аяқталған қаржы жылының қаржылық есептілігінің аудиторлық есебі болмаған жағдайда ағымдағы жылғы 1 қаңтардан бастап 1 маусым аралығы кезеңінде эмитент уәкілетті органға аяқталған соңғы жылдың алдындағы екі жылдың қаржылық есептілігін және аталған кезеңдегі қаржылық есептілігінің аудиторлық есебін ұсынады.

Эмитент аяқталған қаржы жылының аудиторлық есебі мен қаржылық есептілігін жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардан басқа:

1) қоғамның ұйымдастырылмаған рынокта акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын айқындау әдістемесі және қоғамның таза табысын бөлу тәртібі акциялар шығару проспектісінің ажырамас бөлігі болып табылады;

2) облигациялар шығару проспектісінің ажырамас бөлігі мыналар болып табылады: облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жасалған шарттар көшірмелері;

облигацияларды ұйымдастырылған рынокта орналастыруды жоспарлаушы эмитенттер үшін эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері (мұндай ұйымдармен шарт жасасу міндеті осы Заң талаптарында көзделген жағдайда);

жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған эмитенттер үшін эмитенттің табысын оған қатысушылар арасында бөлу тәртібі.";

4-тармақта:

"қоғамның акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын айқындау әдістемесі және осы баптың 1-тармағының 1)-3), 8)-12) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер" деген сөздер "осы баптың 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 4-1), 4-2), 8), 9), 10), 10-1), 11) және 11-1) тармақшаларында көрсетілген және (немесе) осы баптың 2-2-тармағының 1) тармақшасында және 2) тармақшасының төртінші абзацында көрсетілген құжаттардағы мәліметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қоғамның" деген сөз "эмитенттің" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "1 және 2-тармақтарында" деген сөздер "1, 2 және 2-2-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 10-баптың тақырыбы мен мәтінінде "Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды" және "эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды" деген сөздерден кейін "(бағалы қағаздарды шығару проспектісіне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды)" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 12-бапта:

1-тармақта:

7) тармақшада:

"қамтамасыз еткенін" деген сөздер "қамтамасыз етудің болуын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасалған шарттың көшірмесін" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) эмитенттің облигациялар шығару проспектісінде қор биржасының сауда жүйесінде осы облигациялардың айналымы көзделген жағдайда эмитенттің және ол шығаратын облигациялардың қор биржасының тізіміне эмитент облигацияларын енгізуге және олардың тізімде болуына қойылатын талаптарға сай келуі туралы қор биржасының қорытындысын, сондай-ақ қор биржасының листинг комиссиясының эмитенттің бағалы қағаздар шығару проспектісіне инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша шектеулерді енгізу жөніндегі ұсынымдарын;"

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Микрокредиттік ұйымдардың, кредиттік серіктестіктердің, өзара сақтандыру қоғамдарының және ломбардтардың мемлекеттік емес облигациялар шығаруға құқығы жоқ.";

11) 13-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Эмитенттің облигациялық бағдарлама шегінде құрылымы бойынша әртүрлі облигациялар шығаруды жүзеге асыруға құқығы бар.";

12) 14-бап алып тасталсын;

13) 15 және 18-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Облигациялар шығарудың шарттары

1. Егер облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды уәкілетті органға ұсыну күні эмитентте айналымдағы бағалы қағаздар (акцияларды қоспағанда) шығару шарттарын (оның ішінде сыйақы төлеу немесе бағалы қағаздары өтеу жөніндегі міндеттемелерін) уақтылы орындамаған немесе орындамаған, сондай-ақ айналымдағы бағалы қағаздардың (акцияларды қоспағанда) делистинг жағдайлары болмаса ғана және инфрақұрылымдық облигациялар эмитентін қоспағанда, эмитент мынадай талаптардың бірін сақтаған жағдайда:

1) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды уәкілетті органға ұсыну күні эмитентте уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес рейтинг агенттіктері бірінің талап етілетін ең төменгі рейтингі болса;

2) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды уәкілетті органға ұсыну алдындағы соңғы тоқсанның қорытындылары бойынша эмитенттің левередж шамасы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көрсетілген шамадан аспаса;

3) жаңадан шығарылған облигациялар ипотекалық облигациялар болып табылса, эмитент облигациялар шығарылымын жүзеге асыруға құқылы.

Эмитенттің левередж шамасына осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында белгіленген талаптар облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде қолданыста болады.

Осы тармақтың талаптары ұлттық басқарушы холдингке қолданылмайды.

2. Осы облигацияларды шығару проспектісінде белгіленген облигациялар айналымы мерзімі ішінде эмитент мынадай шарттарды сақтауға:

1) эмитент активтерінің құрамына кіретін мүлікті иеліктен шығару күні эмитент активтерінің жалпы құнының жиырма бес пайызынан асатын сомаға иеліктен шығармауға;

2) эмитент облигацияларының шығарылымына байланысты емес міндеттемелерді облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күніне аталған эмитент активтерінің жалпы құнының он пайызынан астамын орындамау фактілеріне жол бермеуге;

3) эмитенттің құрылтай құжаттарына эмитент қызметінің негізгі түрлерін өзгертуді көздейтін өзгерістер енгізбеуге;

4) ұйымдық-құқықтық нысанын өзгертпеуге міндетті.

Эмитент осы тармақта көзделген шарттарды бұзған жағдайда, жиналған сыйақыны ескере отырып, эмитент облигацияларды ұстаушылардың талаптары бойынша облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен облигацияларды сатып алуға міндетті.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының талаптары:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда ұйым міндеттемелерін қайта құрылымдауды жүргізген кезде оған;

2) банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында аталған эмитенттер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда облигациялар шығарылымын жүзеге асыруға құқылы.";

"18-бап. Агенттік облигациялардың шығарылымы

Агенттік облигациялардың шығарылымы, айналымы және оларды өтеу шарттары мен тәртібі, агенттік облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу мақсатында қаржы агенттігі уәкілетті органға табыс ететін құжаттардың тізбесі, шығарылымды мемлекеттік тіркеу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.";

14) мынадай мазмұндағы 18-3 және 18-4-баптармен толықтырылсын:

"18-3-бап. Шетел валютасында номиналданған облигациялар шығарылымының ерекшеліктері

1. Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитенттер немесе халықаралық қаржы ұйымдары Қазақстан Республикасының аумағында номиналды құны шетел валютасында көрсетілген облигацияларды шығаруға құқылы.

2. Номиналы шетел валютасында көрсетілген облигациялардың шығарылымы, айналымы және оларды өтеу, сондай-ақ оларды орналастыру және өтеу

қорытындылары туралы есепті ұсыну шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

18-4-бап. Орналастырылған облигацияларды сатып алу

1. Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды:

1) эмитенттің органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;

2) тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасына ұсыну бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебімен қор биржасы эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;

3) эмитент облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілімен шартты бұзған немесе оның қолданысын тоқтатқан күннен бастап күнтізбелік отыз күннен асатын мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасаспаған жағдайларда жүргізуге тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген жағдайларда жиналған сыйақыны ескере отырып, эмитент орналастырылған облигацияларды олардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен не қай шамасы үлкен болып табылатындығына қарай облигациялардың әділетті нарықтық бағасымен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.";

15) 19-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Облигациялардың шығарылымы мен айналымы кезінде эмитент алдында облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіруді облигацияларды ұстаушылардың өкілі (бұдан әрі – өкіл) жүзеге асырады.";

16) 20-бапта:

1-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-1) және 3-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) эмитенттің облигацияларды орналастырудан алған ақшаны нысаналы пайдалануын бақылайды;"

"3-1) эмитенттің қаржылық жағдайына мониторингті және оның корпоративтік оқиғаларына талдау жасауды жүзеге асырады;"

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған, оның ішінде меншігінде эмитенттің орналастырылған (сатып алғандарды шегергенде) облигацияларының елу және одан көп пайызы бар облигацияларды ұстаушылардың атынан сотқа эмитенттің облигациялар шығару проспектісінде белгіленген міндеттемелерді орындамауы мәселелері бойынша талап-арыз беру арқылы шаралар қолданады;

5) облигацияларды ұстаушыларға және уәкілетті органға осы тармақтың 1), 1-1), 2), 3), 3-1) және 4) тармақшаларына сәйкес өзінің іс-әрекеттері туралы және мұндай іс-әрекеттерінің нәтижелері туралы тоқсанына кем дегенде бір рет хабарлайды.";

мынадай мазмұндағы 2-2 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"2-2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген функцияларды іске асыру мақсатында өкіл облигацияларды ұстаушылардың тізімі туралы ақпаратты сұратуға және алуға құқылы.

Эмитент уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және өкілмен жасалған шартта көзделген тәртіппен және шарттарда өкілге осы баптың 1-тармағында көрсетілген функцияларды іске асыру үшін оның сұратқан ақпаратын ұсынуға міндетті."

"4. Өкіл өзінің интернет-ресурсында осы баптың 1-тармағының 1), 1-1), 2), 3), 3-1) және 4) тармақшаларына сәйкес өзінің іс-әрекеттерінің нәтижелері туралы ақпаратты, сондай-ақ эмитент пен өкіл арасында жасалған шартқа сәйкес эмитент ұсынатын ақпаратты орналастыруға міндетті.";

17) 22-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шығару проспектісінде ұйымдастырылған рынокта не ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған рыноктарда осы облигациялардың айналымы көзделген облигациялар ұйымдастырылған рынокта ғана орналастырылуға тиіс.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Эмитентке (андеррайтерге, эмиссиялық консорциумға) акцияларды орналастыру кезінде:

1) эмитенттің орналастырылған акцияларды кері сатып алуын жүзеге асыру құқығын не міндетін көздейтін мәмілелерді жасасуға (жасауға);

2) талаптарында (шығарылым талаптарында) эмитенттің орналастырған акцияларын эмитенттің сатып алу құқығы немесе міндеті көзделетін шарттар жасасуға (туынды бағалы қағаздарды сатып алуға) тыйым салынады.

Эмитенттің (андеррайтердің, эмиссиялық консорциумның) облигацияларды орналастыру кезінде облигациялардың жекелеген ұстаушыларына облигацияларды шығару проспектісінде белгіленбеген қосымша құқықтарды беруіне тыйым салынады."

;

18) 22-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-1-бап. Шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарудың және (немесе) орналастырудың, сондай-ақ эмиссиялық бағалы қағаздарды шет мемлекеттің аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының бағалы қағаздар тізіміне енгізудің шарттары мен тәртібі

1. Қазақстан Республикасының резидент ұйымы мынадай негізгі шарттар сақталған жағдайда уәкілетті органның тиісті рұқсаты болған кезде ғана шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды және (немесе) орналастыруды жүзеге асыруға құқылы:

1) осы тармақшаның екінші бөлігінде көрсетілген Қазақстан Республикасы резидент ұйымының бағалы қағаздарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аталған

резидент ұйымы бұрын шығарған эмиссиялық бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының тізіміне енгізілген болса.

Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған, тиімді басқару орны (нақты басқару органдары) Қазақстан Республикасында орналасқан заңды тұлға шығарған бағалы қағаздар шет мемлекеттің аумағында шығарылған және (немесе) орналастырылған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының тізіміне меншігінде аталған заңды тұлға акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы бар Қазақстан Республикасының ұйымы бұрын шығарған бағалы қағаздар енгізілуге тиіс;

2) Қазақстан Республикасының резидент ұйымы шығарған облигацияларды шет мемлекет аумағында орналастырудың басталуымен бір мезгілде олар Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында сатып алу үшін ұсынылуға тиіс, ал ұсыну кезіндегі осы облигацияларды орналастыру шарты оларды шет мемлекет аумағында орналастыру кезіндегі шарттарымен бірдей болу керек. Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған рыногында осы облигацияларды сатып алуға инвесторлардың өтінімдерін (бұдан әрі – инвесторлар өтінімдері) тіркеуді Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін, сауда жүйесінде облигацияларды орналастыруды қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын қор биржасы жүзеге асырады.

Инвесторлар өтінімдері облигацияларды осылай орналастыру шеңберіндегі барлық өтінімдерді қабылдау нәтижелері бойынша эмитент айқындаған, облигациялар шығарылымын орналастыруға жоспарланатын жалпы көлемінің кемінде жиырма пайызы көлемінде өтеуге табыс ставкасы бойынша қанағаттандырылады. Егер Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған рыногында облигацияларға сұраныс облигациялар шығарылымын орналастыруға жоспарланатын жалпы көлемінің жиырма пайызынан кем болса, онда инвесторлар өтінімдері толық көлемде қанағаттандырылады;

3) шығарылымын уәкілетті орган тіркеген облигацияларды орналастыру кезінде осы облигациялар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген қор биржасы тізімінің санаттарына енгізілуге тиіс;

4) шығарылымы шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген облигацияларды орналастыру кезінде осы облигациялар бойынша қор биржасының оларды уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген қор биржасы тізімінің санаттарына енгізуге келісімі алынуға тиіс;

5) акцияларды, сондай-ақ акционерлік қоғамның бастамасы бойынша немесе оның қатысуымен шығарылатын және базалық активі осы акционерлік қоғамның акциялары болып табылатын туынды бағалы қағаздарды орналастыру кезінде:

осы акциялар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген қор биржасы тізімінің санаттарына енгізілуге тиіс;

эмитенттің уәкілетті органының акцияларды орналастыру туралы шешімі осы акциялардың жалпы санының кемінде жиырма пайызы Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында сатып алу үшін ұсынылуға тиіс деген шартты қамтуға тиіс. Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында сатып алу үшін ұсынылуға тиіс акциялардың саны, егер осындай сан осы акцияларды басым сатып алу құқығын іске асырудың нәтижесі болып табылса, орналастырылатын акциялардың жалпы санының жиырма пайызынан кем болуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының эмиссиялық бағалы қағаздары:

1) осы эмиссиялық бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасы тізімінің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген санаттарына енгізілуі және онда болуы;

2) шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруға осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптарды сақтаған кезде уәкілетті органның тиісті рұқсаты болғанда шет мемлекеттің аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасында сауда-саттығы жүргізілетін бағалы қағаздар тізіміне енгізілуі және (немесе) онда болуы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және (немесе) активтерінің кемінде үштен екісі Қазақстан Республикасының аумағында орналастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған заңды тұлғалар және (немесе) тиімді басқару орны (нақты басқару органдары) Қазақстан Республикасында орналасқан өзге де заңды тұлғалар осы Заңның мақсатында Қазақстан Республикасының резидент ұйымдары болып танылады.

Заңды тұлғаның негізгі басқару және кәсіпкерлік қызметін жүргізу үшін қажетті стратегиялық коммерциялық шешімдер қабылдау жүзеге асырылатын орын тиімді басқару орны (нақты басқару органы) болып танылады.

4. Қазақстан Республикасының резидент ұйымына шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруға және (немесе) орналастыруға уәкілетті органның рұқсат беруінің шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

5. Осы баптың 1-тармағының талаптары:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда ұйым міндеттемелерін қайта құрылымдауды жүргізген кезде оған;

2) төлемі осы ұйым бұрын орналастырған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен жүзеге асырылатын, айналым мерзімі өткен облигацияларды ұйым орналастырған кезде оған;

3) Қазақстан Республикасының резидент ұйымы шығарылымы шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген облигациялар бойынша Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымының міндеттемелерін қабылдаған жағдайда оған қолданылмайды.

6. Қазақстан Республикасының резидент ұйымы эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру аяқталған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде уәкілетті органға Қазақстан Республикасы резидент ұйымының осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында, 5) тармақшасының үшінші абзацында көзделген шарттарды орындауын растайтын ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша ұсынады.";

19) 23-баптың 4-тармағы "ол" деген сөзден кейін "міндеттемелерін" деген сөзбен толықтырылсын;

20) 24-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "өз міндеттемелерінің орындалуы қамтамасыз етілгенін" деген сөздер "Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тіркелген кепіл шартының болуын" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 26-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) эмитенттің жарғысында және бағалы қағаздар шығару проспектісінде айқындалған тиісті хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау,";

22) 30-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Таратылатын акционерлік қоғам таратылатын қоғамның тарату теңгерімі бекітілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде акциялар шығарылымын жою мақсатында уәкілетті органға өтініш білдіреді.

1-2. Уәкілетті орган акционерлік қоғамдардың акциялар шығарылымын жою жөніндегі шешімді акцияларды жоюға қажетті құжаттарды ұсынбай-ақ қабылдауға құқылы, оларды тарату немесе қайта ұйымдастыру (осы акционерлік қоғамға басқа заңды тұлғаның қосылу немесе осы акционерлік қоғамнан жаңа акционерлік қоғамның бөлініп шығу жағдайларын қоспағанда) туралы мәліметтер Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімінде қамтылады.";

2-тармақ алып тасталсын;

23) 31-бапта:

2-тармақтағы "Облигациялар бойынша кіріс және облигациялардың нақтылы құны оларды өтеу кезінде" деген сөздер "Облигацияларды өтеу кезінде олардың номиналды құны және (немесе) облигациялар бойынша табыс" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы "кіріс және облигациялардың нақтылы құны оларды өтеу кезінде" деген сөздер "табыс және (немесе) облигацияларды өтеу кезінде олардың номиналды құны" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 32-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Эмитент мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті бекітуге құжаттарды беру шарттары мен тәртібін бұзған және құжаттарды қарау процесінде олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған жағдайларда, уәкілетті орган мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті бекітуден бас тартуға құқылы.

Эмитент уәкілетті органның мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті бекітуден бас тарту жөніндегі шешіміне сотқа шағымдануға құқылы.";

25) 6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Туынды бағалы қағаздардың және туынды қаржы құралдарының айналымы";

26) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Туынды бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау шарттары

1. Биржалық брокерлер және биржалық дилерлер қызметін жүзеге асыруға сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның лицензиясы бар брокер және (немесе) дилер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және шарттармен тауар биржасындағы туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған брокерге және (немесе) дилерге тауар биржасында, нысанасы туынды қаржы құралдары болып табылатын, базалық активі тауар болып табылатын мәмілелерді қоспағанда, тауарлармен мәмілелер жасасуға (жасауға) тыйым салынады.

Тауар биржасында орталық контрагенттің қатысуынсыз мәміле жасалған жағдайда брокер және (немесе) дилер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген, тапсырма шартының нормалары қолданылатын брокерлік қызмет көрсетуге арналған шарт негізінде тек қана клиенттің есебінен және тапсырмасы бойынша әрекет етеді.

3. Клиринг ұйымы, орталық депозитарий немесе қор биржасы орталық контрагент бола алады.

Қор биржасының уәкілетті органмен келісілген ішкі құжаттарында осы қор биржасының сауда жүйесінде мәмілелер жасасқан кезде орталық агенттің функцияларын өзге де ұйымдардың орындау мүмкіндігі көзделуі мүмкін.

4. Орталық контрагент қатыса отырып, туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру тәртібі мен шарттары орталық контрагент болып табылатын клиринг ұйымының, орталық депозитарийдің, қор биржасының уәкілетті органмен келісілген ішкі құжаттарында белгіленеді.

5. Номиналды ұстаушылар туынды бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді және олар бойынша құқықтарды растауды осы Заңға және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

6. Ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау шарттары мен тәртібі қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді .";

27) 36-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Тіркеуші (номиналды ұстаушы) эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттердің міндеттемелері жөнінде талап ету құқықтарын беруді тіркеуді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырады.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілені бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркеуді тіркеуші мәмілеге қатысушылардың бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге қарсы бұйрықтары негізінде (біржақты мәмілені тіркеу жағдайында – мәмілеге қатысушының бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге арналған бұйрығының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құжаттардың негізінде, қаржы ұйымдары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қайта құрылымдауды жүргізген кезде олардың бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелерді тіркеу жағдайында уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген құжаттардың негізінде) жүзеге асырады.

Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілені бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркеу:

1) бұйрық берген адамның өкілеттіктерін тексеруді және бұйрық нысанының белгіленген талаптарға сәйкес келуін;

2) бұйрықтың тіркелуін;

3) бұйрықта көрсетілген іс-әрекеттерді жасау мүмкіндігін тексеруді;

4) бұйрықты орындаудан бас тартуға негіздер болмаған кезде онда көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыруды;

5) клиентке бұйрығының орындалғаны туралы есепті жіберуді қамтиды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бұйрықты орындаудан бас тартуға негіздер болған кезде тіркеуші клиентті бас тартудың негіздері туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

Егер осы мәмілені тіркеу үшін табыс етілген құжаттар осы Заңның және (немесе) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің және (немесе) тіркеушінің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес келмесе, тіркеуші эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілені бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерін жүргізу жүйесінде тіркеуден бас тартуға міндетті.";

28) 38-бапта:

1-тармақтағы "(жеке шоттардың бірыңғай жүйесінде)" деген сөздер алып тасталсын

;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Номиналды ұстаушы номиналды ұстау жүйесіндегі жеке шоттан үзіндіде көрсеткен бағалы қағаздардың саны, түрлері туралы мәліметтер номиналды ұстаушының орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жеке шоты (номиналды ұстаушы клиентінің қосалқы шоты) бойынша мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде қамтылған мәліметтер басымдыққа ие болады.";

29) 41-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесіндегі және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шоттардағы акция қалдықтарын қоспағанда, акционерлік қоғамның эмиссиялық бағалы қағаздарының қалдықтары мен қозғалысы туралы;"

2) тармақшада:

"және нақтылы" деген сөздер "және (немесе) номиналды" деген сөздермен ауыстырылсын;

", осы шоттардағы эмиссиялық бағалы қағаздардың қалдықтары мен қозғалысы туралы" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесіндегі және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шоттардағы акциялардың қалдықтары туралы;"

30) 42-бап алып тасталсын;

31) 44-бапта:

1-тармақ "құрайтын мәліметтерді" деген сөздерден кейін "және инсайдерлік ақпаратты" деген сөздермен толықтырылсын;

2 және 3-тармақтар "құрайтын мәліметтерді" деген сөздерден кейін "және инсайдерлік ақпаратты" деген сөздермен толықтырылсын;

32) 45-бапта:

1-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі;"

2-тармақ "депозитарийлік қызмет" деген сөздерден кейін "және бірыңғай тіркеушінің қызметі" деген сөздермен толықтырылсын;

4-1-тармақтың екінші бөлігіндегі "директорлар кеңесі" деген сөздер "басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ "лицензиаттар" деген сөзден кейін ", бірыңғай тіркеуші" деген сөздермен толықтырылсын;

33) 46-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "Өтініш" деген сөз "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын қайта ұйымдастырылуы кезінде лицензиаттың акцияларына төлем жасау жағдайын қоспағанда, өтініш" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 47 және 47-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"47-бап. Өтініш берушінің (лицензиаттың) құрылтайшылары мен акционерлері

1. Қазақстан Республикасының резиденті мен резиденті емес жеке және заңды тұлғалары осы баптың 2-тармағында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, өтініш берушінің (лицензиаттың) құрылтайшылары және акционерлері бола алады.

2. Тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының резиденті өтініш берушінің (лицензиаттың) дауыс беретін акцияларын тікелей немесе жанама иелене алмайды және (немесе) пайдалана алмайды және (немесе) оларға билік ете алмайды.

Көрсетілген шектеу өтініш беруші жүзеге асырғысы келетін (лицензиат жүзеге асыратын) қызмет түрлерін жүзеге асыратын, рейтинг агенттіктері бірінің талап етілетін ең төмен рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес ұйымдардың еншілес ұйымдары болып табылатын өтініш берушілерге (лицензиаттарға) қолданылмайды.

Рейтинг агенттіктерінің тізбесі және талап етілетін ең төменгі рейтинг уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

47-1-бап. Лицензиаттың ұйымдық-құқықтық нысаны және органдары

1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрыла алатын және қызметін жүзеге асыра алатын, клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерді және (немесе) дилерді және трансфер-агентті қоспағанда, лицензиат акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады және қызметін жүзеге асырады.

2. Лицензиат (трансфер-агентті қоспағанда) міндетті түрде ішкі аудит қызметін құрады және мынадай алқалы органдарды қалыптастырады:

1) басқару органы;

2) атқарушы орган.";

35) 48-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының бірінші абзацындағы "директорлар кеңесі" деген сөздер "басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) мынадай мазмұндағы 49-1-баппен толықтырылсын:

"49-1-бап. Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесі

Лицензиаттар тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастырады, онда:

1) лицензиат органдарының, лицензиат бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі өкілеттіктері мен функционалдық міндеттері, олардың жауаптылығы;

2) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі ішкі саясат пен рәсімдер;

3) жасалатын операциялардың түрлері бойынша жеке алғанда жол берілетін тәуекелдер мөлшеріне лимиттер;

4) лицензиат органдарына тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі есептілікті ұсынудың ішкі рәсімдері;

5) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалаудың ішкі критерийлері қамтылуға тиіс.

Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.";

37) 51-бапта:

1-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) уәкілетті орган қолданған ықпал етудің шектеулі шараларының талаптары орындалмаған;"

мынадай мазмұндағы 5-1) және 5-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-1) уәкілетті органның талабы бойынша міндеттеме-хат берілмеген;

5-2) уәкілетті органмен жазбаша келісім жасаудан бас тартылған;"

11) тармақшадағы "қатарынан күнтізбелік он екі ай" деген сөздер "соңғы күнтізбелік он екі ай" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қор биржасының мүшесі қор биржасының қағидаларын тиісінше орындамауы немесе орындамауы себебінен қор биржасының мүшелігі тоқтатыла тұрған немесе оны жоғалтқан жағдайда, уәкілетті орган қор биржасы мүшесінің бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясының қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру туралы немесе лицензиядан айыру туралы шешім қабылдауға құқылы.";

4-тармақтың 2) және 3) тармақшаларындағы "қатарынан күнтізбелік он екі ай" деген сөздер "соңғы күнтізбелік он екі ай" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 52-бапта:

1-тармақ "Лицензиаттар" деген сөзден кейін ", бірыңғай тіркеуші" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "Лицензиаттардың" деген сөзден кейін ", бірыңғай тіркеушінің" деген сөздермен толықтырылсын;

39) 53-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"53-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға шектеулер және тыйым салу

1. Мынадай жағдайларды:

1) өз мұқтаждығы үшін сатып алынған мүлікті жалға беруді қоса алғанда, өз мүлкіне билік етуді;

2) бағалы қағаздар рыногындағы қызметпен байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсетуді;

3) бағалы қағаздар рыногындағы қызмет мәселелері жөніндегі арнайы әдебиеттерді ақпарат жеткізгіштердің кез келген түрлерінде өткізуді;

4) бағалы қағаздар рыногындағы қызмет саласында мамандардың біліктілігін арттыру бойынша оқытуды ұйымдастыруды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларды қоспағанда, лицензиат қаржы рыногындағы қызметке жатпайтын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.

2. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының бағалы қағаздар рыногындағы қызметі Қазақстан Республикасының аталған ұйымдардың қызметін реттейтін заңнамалық актілерінің талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.";

40) мынадай мазмұндағы 53-1-баппен толықтырылсын:

"53-1-бап. Шындыққа сай келмейтін жарнамаға тыйым салу

1. Лицензиатқа жарнама жарияланған күні шындыққа сай келмейтін қызметін жарнамалауға тыйым салынады.

2. Уәкілетті орган лицензиаттан шындыққа сай келмейтін жарнамаға өзгерістер енгізуді, оның тоқтатылуын немесе оны теріске шығаруды жариялауды талап етуге құқылы.

Осы талаптар уәкілетті орган белгілеген мерзімде орындалмаған жағдайда уәкілетті орган жарнамадағы мәліметтердің шындыққа сай келмейтіндігі туралы ақпаратты жариялауға не мұндай жарнаманы жариялаған лицензиат есебінен оларды нақтылауға құқылы.

3. Бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар ұсынатын қызметтерді жарнамалаушы ретінде мына тұлғаларға:

уәкілетті органның бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы жоқ заңды тұлғаларға;

лицензиаттардың қызметкерлері болып табылмайтын және лицензиаттар уәкілеттік бермеген жеке тұлғаларға әрекет етуге тыйым салынады.";

41) 54-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) өтініш берушінің (лицензиаттың) басқару органының бірінші басшысы мен мүшелері;

2) өтініш берушінің (лицензиаттың) атқарушы органының бірінші басшысы (трансфер-агенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға) мен мүшелері;

3) трансфер-агенттің бас бухгалтерін қоспағанда, бас бухгалтер;

4) өтініш берушінің (лицензиаттың) оқшауланған бөлімшелерінің бірінші басшыларын және олардың бас бухгалтерлерін қоспағанда, өтініш берушінің (лицензиаттың) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыратын бір немесе бірнеше құрылымдық бөлімшесінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және клиенттермен жасалған шарттарда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген әртүрлі есептілік нысандарын қоса алғанда, клиенттермен жасалатын кез келген шарттарға, клиенттерге және (немесе) уәкілетті органға берілетін ақпаратқа, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы клиенттердің шоттарындағы активтердің қозғалысы мен қалдығының салыстырып тексерілгенін растайтын құжаттарға қол қою құқығы бар өзге де басшылары өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкерлері болып танылады.";

2-тармақта:

5) тармақшада:

"директорлар кеңесінің" деген сөздер "басқару органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"басқармасының" деген сөз "атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"тіркеушінің атқарушы органының, трансфер-агенттің" деген сөздер " трансфер-агенттің атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақшадағы "өзге қаржы ұйымында басшы қызметкер" деген сөздер " лицензиаттың не өзге де қаржы қызметтерін көрсететін қаржы ұйымының басшы қызметкері" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және қызметін жүзеге асыратын өтініш берушінің (лицензиаттың) атқарушы органы мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауға тиіс.";

4-тармақта:

бірінші бөлікте:

1) тармақшада:

"басқармасының" деген сөз "атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"тіркеушінің атқарушы органының, трансфер-агенттің" деген сөздер " трансфер-агенттің атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

"директорлар кеңесінің" деген сөздер "басқару органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"басқарма" деген сөз "атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өзге де басшы қызметкерлер лауазымдарына кандидаттар үшін кемінде бір жыл жұмыс стажы болуы қажет.";

екінші бөлікте:

"Директорлар кеңесі" деген сөздер "Басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"басқарма" деген сөз "атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы "бұл адам өзін уәкілетті органның осы" деген сөздер "осы адам уәкілетті органның оны" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақта:

бірінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уәкілетті органның басшы қызметкерге және (немесе) осы басшы қызметкер тиісті қызметті атқаратын (соңғы күнтізбелік он екі ай ішінде атқарған) лицензиатқа санкцияларды жүйелі түрде (соңғы күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан көп рет) қолдануы;"

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті органның лицензиаттың басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) келісімін қайтарып алуы осы басшы қызметкерге өзге де қаржы ұйымдарында бұрын берілген келісімді (келісімдерді) қайтарып алуға негіз болып табылады.";

42) 56-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында жасалған мәмілені бағалы қағаздар рыногында айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тануды уәкілетті орган сауда жүйесінде осы мәміле жасалған, бағалы қағаздармен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану мәселелерін қарау мақсатында құрылған қор биржасы сараптама комитетінің (бұдан әрі осы бапта – сараптама комитеті) қорытындысын қарау қорытындылары бойынша жүзеге асырады.";

3-тармақта:

бірінші бөліктегі "директорлар кеңесінің комитетін" деген сөздер "сараптама комитетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Қор биржасының директорлар кеңесінің бағалы қағаздармен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану мәселесі жөніндегі комитеті (бұдан әрі осы бапта - сараптама комитеті)" деген сөздер "Сараптама комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

3) тармақша "бағалы қағаздар" деген сөздердің алдынан "ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында жасалған," деген сөздермен, 5) тармақша "сұраныстың" деген сөздің алдынан "ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында жасалған," деген сөздермен толықтырылып, "мәміле жатқызылады." деген сөздер "мәміле;" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында жасалған, сараптама комитеті айқындаған қосымша талаптарға сәйкес келетін өзге де мәмілелер жатқызылады.";

мынадай мазмұндағы 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

"7. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында жасалған мәмілелерді бағалы қағаздар рыногында айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тануды уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің ұсынған құжаттарын талдау не бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін тексеру нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

8. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында жасалған мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану тәртібі мен шарттары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.";

43) 56-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"56-1-бап. Инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды шектеу

1. Эмитенттің ішкі құжаттарында:

1) инсайдерлікке жататын ақпарат тізбесі;

2) инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету тәртібі мен мерзімдері;

3) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және инсайдерлердің мұндай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу үшін ішкі бақылау қағидалары;

4) инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімін жүргізу, сайма-сай қалпында ұстау, сондай-ақ оларды тізімнен шығару тәртібі;

5) тұлғаларды осы баптың 5-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізген (тізімнен шығарған) жағдайларда оларға хабарлама жіберу, сондай-ақ осы баптың 5-тармағының 5) тармақшасында белгіленген жағдайда тұлғаларға хабарлау тәртібі мен мерзімдері;

6) осы баптың 3-тармағының 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында аталған заңды тұлғалардың эмитентке өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлері туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімдері;

7) эмитентке инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және оны пайдалануға бақылауды жүзеге асыруына мүмкіндік беретін өзге де ережелер белгіленеді.

Эмитенттің осы тармақта көрсетілген ішкі құжаттарын (осы бапта бұдан әрі – ішкі бақылау қағидалары) эмитенттің басқару органы бекітуге тиіс.

2. Мыналар инсайдерлік ақпаратқа жатпайды:

1) инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар әзірлеу мақсатында жасалған бағалы қағаз (туынды қаржы құралы) құнына, эмитенттің мүліктік жағдайына қатысты зерттеуді, болжауды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде әзірленген ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;

3) дерек көзі беймәлім, қалың қауымға таралатын, расталмаған ақпарат, сондай-ақ эмитенттің ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.

3. Мына адамдар инсайдерлер болып танылады:

1) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар эмитент қызметкерлері;

2) эмитенттің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иеленуіне, пайдалануына және (немесе) оларға билік етуіне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар адамдар;

3) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар және талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету көзделіп жасалған (оның ішінде ауызша) шартқа сәйкес эмитентке қызметтер көрсететін басқа да адамдар;

4) эмитент шығарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) оның тізіміне енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;

5) қор биржасы директорлар кеңесінің, қор биржасы листинг комиссиясының және бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді айлы-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану мәселелерін қарау мақсатында құрылған, сауда жүйесінде эмитенттің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасалатын қор биржасы сараптама комитетінің мүшелері;

6) бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау бойынша өздеріне берілген функцияларға қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар мемлекеттік қызметшілер;

7) мүшелері эмитенттер болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар және осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, өздеріне берілген өкілеттіктерге қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар ұйымдар;

8) осы тармақтың 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар қызметкерлері;

9) осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында аталған адамдардан инсайдерлік ақпаратты алған адамдар.

4. Инсайдерлер:

1) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасаған кезде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші бір адамдарға беруге немесе үшінші бір адамдар үшін қолжетімді етуге;

3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген, бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші бір адамдарға беруге құқылы емес.

5. Эмитент мынадай іс-шараларды жүргізу арқылы:

1) оның қызметіне қатысты болатын және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты, егер салдарына байланысты эмитенттің мүліктік және қаржылық жағдайы үшін бұл ақпараттың осы эмитент шығарған (берген) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына әсер етуге ықпалы болса, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және шарттарда ашып көрсету;

2) ішкі бақылау қағидаларын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ эмитенттің және оның қызметкерлерінің осы қағидалардың талаптарын орындауына бақылауды жүзеге асыру;

3) міндетіне эмитенттің және оның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі бақылау қағидаларының талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыру кіретін құрылымдық бөлімше құру не лауазымды адамды тағайындау;

4) эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар, осы баптың 3-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында аталған адамдар тізімін жүргізу және сайма-сай қалпында ұстау;

5) осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген адамдарға олардың тізімге (тізімнен) енгізілгені (шығарылғаны) туралы хабарлама жіберу, аталған адамдарға инсайдерлік ақпаратқа билік ету және оны пайдалану бөлігінде осы Заң мен ішкі бақылау қағидаларының талаптарын хабарлау;

6) осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген адамдардың тізімін уәкілетті органға оның талап етуі бойынша табыс ету;

7) ішкі бақылау қағидаларында көзделген өзге де іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, алайда олармен шектелмей, эмитент және ол шығарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпаратқа билік еткені және оны пайдаланғаны үшін бақылауды қамтамасыз етуге міндетті.

6. Осы баптың 3-тармағының 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында аталған заңды тұлғалар:

1) осы заңды тұлғалар оларға қатысты инсайдерлер деп танылған, өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;

2) осы заңды тұлғалар оларға қатысты инсайдерлер деп танылған, инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігінде осы Заңның және ішкі бақылау қағидаларының талаптары туралы өз қызметкерлеріне хабарлауға;

3) осы заңды тұлғалар оларға қатысты инсайдерлер деп танылған эмитенттерді өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлері туралы ішкі бақылау қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде хабарлауға міндетті.";

44) 63-бапта:

2-тармақ "тәртібіне" деген сөзден кейін "және шарттарына" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тапсырма шартының нормалары – номиналды ұстау қызметтерін ұсыну бөлігінде, ал комиссия шартының нормалары ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында брокерлік қызметтер көрсету бөлігінде қолданылады. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында брокерлік қызметтер көрсету брокерлік шарт тараптарының келісімі бойынша тапсырма шартының немесе комиссия шартының негізінде ұсынылады.";

4-тармақтың 2) тармақшасындағы "бөлімшесі еруге тиіс." деген сөздер "бөлімшесі;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне және номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокердің және (немесе) дилердің ішкі құжаттарына сәйкес өзге де құрылымдық бөлімшелері еруге тиіс.";

45) 64-бапта:

2-1-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызмет шеңберінде брокер және (немесе) дилер брокердің шоттарындағы өз клиенттерінің ақшасын қарыз түрінде не өз мүдделерінде немесе үшінші бір адамдардың мүдделерінде міндеттемелерді орындау ретінде пайдалануға құқылы емес.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Брокер және (немесе) дилер эмитентке:

1) андеррайтер ретінде немесе эмиссиялық консорциум құрамында эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру;

2) қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес қаржы құралдары бойынша баға белгілеуді жариялау және ұстау;

3) бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсетуге құқылы.

Брокер және (немесе) дилер эмитентке осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында аталған қызметтерді көрсеткен кезде осы эмитенттің облигацияларын ұстаушылар өкілі болуға құқылы емес.";

46) 12-тарау мынадай мазмұндағы 64-1 және 64-2-баптармен толықтырылсын:

"64-1-бап. Бірыңғай тіркеушінің құқықтық жағдайы және оның қызметін ұйымдастыру

1. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі бірыңғай тіркеушінің қызметі уәкілетті органның лицензиялауына жатпайды.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі бірыңғай тіркеуші қызметінің тәртібі осы Заңның 65-бабының талаптарына сәйкес белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, қор биржасы және орталық депозитарий ғана бірыңғай тіркеушінің құрылтайшылары мен акционерлері бола алады

3. Бірыңғай тіркеушінің органдары, олардың функциялары мен өкілеттіктері, олардың құрылу және шешімдер қабылдау тәртібі осы Заңмен, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен, бірыңғай тіркеушінің жарғысымен және ішкі құжаттарымен айқындалады.

Бірыңғай тіркеушінің директорлар кеңесінің құрамына тұрақты негізде дауыс беру құқығымен уәкілетті органның өкілі кіреді.

Осы заңның 54-бабының талаптары бірыңғай тіркеушінің басшы қызметкерлеріне қолданылады.

4. Бірыңғай тіркеуші:

1) ақпараттық жүйелерді, деректер базаларын қауіпсіз орналастыру және пайдалану үшін техникалық және өзге де үй-жайларының болуына;

2) өз қызметінде сертификатталған жабдық пен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануға;

3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес келетін, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін құрайтын ақпаратты сақтау үшін резервтік орталығының болуына;

4) бірыңғай тіркеуші өз қызметінде пайдаланатын ақпараттық, коммуникациялық жүйелер мен технологияларды қоса алғанда, бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуге жыл сайын аудит өткізуге міндетті.

5. Бірыңғай тіркеуші:

1) қаржы рыногындағы қызметке жатпайтын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуға құқылы емес.

6. Бірыңғай тіркеуші бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз

ұйым болып табылады. Бұл талап осы Заңның 80-бабының 3-1-тармағында көзделген қызметті жүзеге асыру кезінде орталық депозитарийге қолданылмайды.

64-2-бап. Бірыңғай тіркеуші қағидаларының жинағы

1. Бірыңғай тіркеуші қағидаларының жинағы бірыңғай тіркеушінің бағалы қағаздар рыногы субъектілерімен өзара қатынастарын айқындайтын оның ішкі құжаты болып табылады.

Бірыңғай тіркеуші қағидаларының жинағын сақтау бірыңғай тіркеушінің қызметтерін пайдаланатын барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады.

2. Бірыңғай тіркеуші қағидаларының жинағын директорлар кеңесі бекітеді және уәкілетті органмен келісіледі.

Бірыңғай тіркеуші қағидаларының жинағы және оған өзгерістер мен толықтырулар олар уәкілетті органмен келісілгеннен кейін күшіне енеді.

3. Бірыңғай тіркеуші қағидаларының жинағы:

1) эмиссиялық бағалы қағаздармен, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерімен, сондай-ақ осы Заңда белгіленген жағдайларда эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттердің міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарымен жасалатын мәмілелерді тіркеу қағидаларын;

2) эмиссиялық бағалы қағаздарды, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін, сондай-ақ осы Заңда белгіленген жағдайларда эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттердің міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарын есепке алу қағидаларын;

3) эмиссиялық бағалы қағаздарды сақтау және материалсыздандыру қағидаларын;

4) бірыңғай тіркеушінің клиенттеріне есептілік табыс ету қағидаларын;

5) бағалы қағаздар рыногы субъектілерімен өзара іс-қимыл тәртібін;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелерді қамтуға тиіс.";

47) 65-бапта:

2 және 3-тармақтар алып тасталсын;

4-тармақтағы "және орталық депозитарийдің ережелер жинағында" және "және жеке шоттардың бірыңғай жүйесінде көрсетіледі" деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Қызметтік міндеттеріне бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін сақтау немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін құрайтын құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуді бақылау кіретін қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жауапты болады.";

48) 67-баптың 5-тармағы алып тасталсын;

49) 68-бап алып тасталсын;

50) 72-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"72-бап. Инвестициялық комитеттің қызметі. Инвестициялық комитет мүшелеріне қойылатын талаптар

1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының өз активтеріне және (немесе) бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы (инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушы) инвестициялық басқаруға қабылдаған активтерге қатысты инвестициялық шешімдер қабылдауды құрамында кемінде үш адам болуға тиіс инвестициялық комитет жүзеге асырады. Инвестициялық комитет мүшелерінің кемінде жартысы өздерін кәсіби қатысушының басшы қызметкерлеріне тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісімін алған, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының басшы қызметкерлері болуға тиіс.

Осы тармақтың талаптары тіркеушіге, трансфер-агентке және бағалы қағаздар рыногында кастодиандық және (немесе) брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар екінші деңгейдегі банкке қолданылмайды.

2. Инвестициялық комитеттің мүшелерін сайлауды бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының атқарушы органы жүзеге асырады.

3. Зейнетақы активтерін басқарушы инвестициялық комитеттің құрамына:

1) зейнетақы активтерін басқарушының бір жинақтаушы зейнетақы қорының ғана зейнетақы активтеріне инвестициялық басқаруды жүзеге асыруы шартымен оған активтері инвестициялық басқаруға берілген жинақтаушы зейнетақы қорының өкілін қоспағанда, осы зейнетақы активтерін басқарушының қызметкерлері болып табылмайтын адамдар;

2) зейнетақы активтерін басқарушыға не жинақтаушы зейнетақы қорына қатысты үлестес заңды тұлғалардың бір мезгілде басшы қызметкерлері не ірі акционерлері болып табылатын зейнетақы активтерін басқарушы қызметкерлері кірмеуге тиіс.

4. Инвестициялық комитеттің отырысы инвестициялық комитеттің сайланған мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы, бірақ инвестициялық комитеттің кемінде үш мүшесі қатысқан жағдайда өткізіледі.

Инвестициялық комитеттің шешімдері оның отырысына қатысатын мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады және жазбаша түрде ресімделеді.

5. Инвестициялық комитет мүшесі инвестициялық шешімдерді қабылдау бөлігінде өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

6. Инвестициялық комитет мүшелері осы инвестициялық комитет мүшесінің мүдделері мен бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының және (немесе) оған активтері инвестициялық басқаруға берілген клиенттердің мүдделері бір-біріне сәйкес келмеуіне байланысты мән-жайлардың болуы туралы ақпаратты бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының атқарушы органының назарына жеткізуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мән-жайлар басталған кезде инвестициялық комитет мүшесі инвестициялық комитеттің отырысына қатысуға және инвестициялық комитет қабылдайтын шешімдерге қандай да бір ықпал етуге құқылы емес.

7. Инвестициялық комитет отырысының қорытындылары бойынша хаттама жасалады, оған инвестициялық комитеттің төрағасы мен инвестициялық комитеттің отырысына қатысушы барлық мүшелері қол қояды және онда инвестициялық комитеттің әрбір мүшесінің пікірі мен қабылданған шешімнің негіздемесі қамтылады.

8. Инвестициялық комитет бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының өз активтері не клиенттерінің бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының инвестициялық басқаруына берілген активтері есебінен мәмілелер жасау туралы, осы активтерді мақсатқа сай емес пайдалану, Қазақстан Республикасы заңнамасының, инвестициялық декларацияның талаптарын бұзу көзделетін шешімдерді жүйелі түрде (соңғы он екі ай ішінде үш және одан көп рет) қабылдаған жағдайда уәкілетті орган осындай шешімдердің қабылдануы үшін дауыс берген адамды не адамдарды инвестициялық комитет мүшелерінің міндеттерін орындаудан шеттетуге құқылы.

Уәкілетті органның адамды не адамдарды инвестициялық комитет мүшелерінің міндеттерін орындаудан шеттету туралы хабарламасы бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының атқарушы органының назарына жеткізіледі, ол мұны уәкілетті органның хабарламасын алған күннен кейінгі күннен кешіктірмей уәкілетті орган инвестициялық комитет мүшелерінің міндеттерін орындаудан шеттеткен адамдардың назарына жеткізуге міндетті.

9. Уәкілетті органның осы баптың 8-тармағында көрсетілген хабарламасы инвестициялық комитет мүшесінің назарына жеткізілген кезден бастап осы адам инвестициялық комитеттің жұмысына қатысуға құқылы емес және уәкілетті орган инвестициялық комитет мүшесінің міндеттерін орындаудан шеттету туралы шешім қабылдағаннан кейінгі үш жыл ішінде осы баптың 1-тармағында көрсетілген ұйымдардың инвестициялық комитетінің құрамына сайлана алмайды.";

51) мынадай мазмұндағы 15-1-тараумен толықтырылсын:

"15-1-тарау. Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі
77-1-бап. Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг
қызметінің шарттары және оны жүзеге асыру тәртібі

1. Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметіне лицензиялары бар ұйымдар және орталық депозитарий (осы тарауда бұдан әрі – клиринг ұйымдары) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыруға құқылы.

Клиринг ұйымдарының қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды ұйымдастыру үшін:

1) қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысушылар арасындағы есеп айырысуларды жүзеге асыратын орталықтандырылған ұйымның;

2) қаржы құралдары бойынша кірісті төлеу жөніндегі және оларды өтеу кезіндегі төлем агентінің;

3) клиентке эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асыруға, сондай-ақ қаржы құралдарының кірісін төлеу және оларды өтеу кезінде ақша алуға арналған банк шоттарын ашу жөніндегі функцияларды орындауға мүмкіндік беретін банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензиялары болуға тиіс.

2. Клиринг ұйымының директорлар кеңесі қаржы құралдарымен мәмілелерді орындамау тәуекелдерін төмендету үшін арнайы клиринг (кепілдік және (немесе) резервтік) қорларын қалыптастыруды қоса алғанда, алайда онымен шектеліп қалмай, клиринг ұйымының тәуекелдерін басқару жүйесін құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті.

Клиринг ұйымының тәуекелдерін басқару жүйесіне, клиринг ұйымында тәуекелдерді мониторингтеу, бақылау және басқару шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және клиринг ұйымының ішкі құжаттарында белгіленеді.

3. Клиринг ұйымының директорлар кеңесі клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектілермен клиринг ұйымының өзара қарым-қатынастарын айқындайтын, қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асырудың ішкі қағидаларын бекітуге тиіс. Клиринг ұйымының директорлар кеңесі қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асырудың ішкі қағидаларын бекіткеннен кейін олар уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

4. Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

77-2-бап. Клиринг ұйымының функциялары

1. Клиринг ұйымының функциялары:

1) жасалған мәмілелер бойынша ақпаратты жинау және өңдеу, оны салыстырып тексеру және алшақтық болған кезде түзету;

2) жасалған мәмілелерді есепке алу және олардың параметрлерін растау;

3) қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу нәтижесінде есеп айырысуларға қатысатын (төлемдерді жүзеге асыратын) сауда-саттыққа қатысушылардың, субъектілердің талаптарын және (немесе) міндеттемелерін айқындау;

4) орталық депозитарийге және (немесе) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды (төлемдерді) ұйымдастыруды жүзеге асыратын өзге де ұйымға клиринг қызметінің нәтижелері жөніндегі ақпаратты әзірлеу және беру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және клиринг ұйымының ішкі құжаттарында көзделген өзге де функциялар болып табылады.

2. Клиринг ұйымы мен оның клиенттері арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тапсырма шартының нормалары қолданылатын клиринг қызметін көрсетуді жүзеге асыру туралы шарт негізінде туындайды.";

52) 78-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"78-бап. Орталық депозитарий қызметінің негізгі қағидаттары

1. Орталық депозитарийдің бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруының шарттары мен тәртібі осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында - қағидалар жинағында белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, тізбесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар және халықаралық қаржы ұйымдары ғана орталық депозитарийдің құрылтайшылары мен акционерлері бола алады.

Орталық депозитарий акцияларының басым үлесі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі.

Бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиясы бар орталық депозитарий акционерлерінің үлесі орталық депозитарийдің орналастырылған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауға тиіс.

Сауда-саттықты ұйымдастырушыларды қоспағанда, бағалы қағаздар рыногының әрбір кәсіби қатысушысының және әрбір халықаралық қаржы ұйымының орталық депозитарийдің акцияларын иелену үлесі орталық депозитарийдің орналастырылған акцияларының жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

3. Бағалы қағаздарды номиналды ұстаушылар болып табылатын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар, сондай-ақ шетелдік депозитарийлер мен кастодиандар орталық депозитарийдің депоненттері болып табылады.";

53) 79-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Осы Заңның 54-бабының талаптары орталық депозитарийдің басшы қызметкерлеріне қолданылады.";

54) 80-бапта:

1-тармақтың 5) тармақшасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Орталық депозитарий қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиясыз қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асырады.";

3-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Орталық депозитарий мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін және бірыңғай тіркеушінің акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді уәкілетті органның лицензиясынсыз жүзеге асырады.";

55) 81-баптың 2-тармағында:

1-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-2) және 1-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-2) бірыңғай тіркеушінің акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу қағидалары;

1-3) мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу қағидалары;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру қағидалары;"

56) 82-баптың 1-тармағында:

2-1) тармақша алып тасталсын;

3) тармақшадағы ", қызметтік құпияны" деген сөздер алып тасталсын;

57) 83-баптың 2-тармағындағы "Сауда-саттықты ұйымдастырушының", "сауда-саттықты ұйымдастырушының" деген сөздер тиісінше "Қор биржасының", "қор биржасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

58) 84-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі акционері болып табылатын жағдайды қоспағанда, сауда-саттықты ұйымдастырушының әрбір акционерінің оның үлестес тұлғаларымен бірлескен үлесі орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма пайызынан аспауға тиіс.";

3-тармақтың бірінші абзацы алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Листинг, делистинг немесе бағалы қағаздар тізімінің санаттарын алмастыру мәселелері бойынша шешімдерді қор биржасының листинг комиссиясы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары эмитенттердің бағалы қағаздарын жеңілдетілген рәсім бойынша қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың онда болу мәселелеріне қолданылмайды, олар бойынша шешімдерді қор биржасының атқарушы органы қор биржасының қағидаларында айқындалған тәртіппен қабылдайды.

Листинг комиссиясының құрамына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді. Листинг комиссиясының құрамына тұрақты негізде дауыс беру құқығымен уәкілетті органның өкілі кіреді.

Листинг, делистинг немесе бағалы қағаздар тізімінің санаттарын алмастыру мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде:

1) көрсетілген шешімге сәйкес бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізілетін, осы тізімнен шығарылатын немесе осы тізімнің өзге санатына ауыстырылатын эмитенттің (осы тармақта бұдан әрі – мүдделі эмитент);

2) мүдделі эмитентке қатысты еншілес ұйымдар немесе тәуелді акционерлік қоғамдар болып табылатын ұйымдардың;

3) оларға қатысты мүдделі эмитент еншілес ұйым немесе тәуелді акционерлік қоғам болып табылатын ұйымдардың;

4) үшінші ұйымға қатысты мүдделі эмитентпен бірге еншілес ұйымдары немесе тәуелді акционерлік қоғамдары болып табылатын ұйымдардың;

5) мүдделі эмитентке қызметтер көрсететін қаржы консультантының, маркет-мейкердің, андеррайтердің;

б) осы бөліктің 1) – 5) тармақшаларында аталған тұлғалармен үлестес тұлғалардың қызметкерлері және (немесе) өкілдері болып табылатын листинг комиссиясы мүшелерінің дауыс беруге құқығы жоқ.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Листинг комиссиясы шығару проспектісінде ұйымдастырылған рынокта олардың айналымы көзделген облигацияларды шығаруды жоспарлаушы эмитентке беру үшін инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге қажетті қосымша шектеулерді эмитенттің бағалы қағаздар шығару проспектісіне енгізу жөнінде ұсынымдар әзірлейді. Листинг комиссиясының ұсынымдарын эмитенттің қабылдағаны не қабылдамағаны туралы ақпарат қор биржасының интернет-ресурсында орналастырылады.";

59) 85-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"85-бап. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидалары

1. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидаларын оның атқарушы органы әзірлейді, сауда-саттықты ұйымдастырушының директорлар кеңесі бекітеді және уәкілетті органмен келісіледі.

2. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидалары олар уәкілетті органмен келісілгеннен кейін күшіне енеді.

3. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидалары қор биржасының сауда жүйесінде немесе бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногындағы баға белгілеу ұйымының баға белгілеуді айырбастау жүйесінде айналымға жіберілген қаржы құралдарымен мәмілелер жасаған кезде сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшелерінің қызметін, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушы мен оның мүшелері (клиенттері) арасында туындайтын қатынастарды реттейді.

4. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидалары сауда-саттықты ұйымдастырушының функцияларына кіретін мәселелерді реттейтін сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарын қамтиды.

5. Қор биржасының қағидалары:

1) қор биржасындағы мүшелік санаттарын, қор биржасының мүшелігіне кіру шарттары мен тәртібін, қор биржасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, қор биржасындағы мүшелікті тоқтата тұрудың және тоқтатудың шарттары мен тәртібін;

2) қор биржасының мүшесі атынан қор биржасының сауда жүйесі айналымындағы бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысатын, сондай-ақ осы қор биржасының сауда жүйесін пайдаланып, өзге де іс-әрекеттерді орындайтын трейдерлерге қойылатын талаптарды;

3) сауда жүйесін пайдалануға қор биржасы трейдерлерін міндетті оқыту тәртібін;

4) қор биржасы трейдерлерін сауда-саттыққа қатысуға жіберудің тәртібін және оларды сауда-саттыққа қатысудан шеттету негіздерін;

5) бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізілуі көзделетін және енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптарды;

6) бағалы қағаздарды қор биржасының тізіміне енгізудің, оларды осы тізімнен алып тастаудың және тізім санатын алмастырудың шарттары мен тәртібін;

7) бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізілген эмитенттердің міндеттері мен жауапкершілігін (оның ішінде ақпаратты ашып көрсету бойынша);

8) қор биржасында айналымға жіберілген бағалы қағаздар эмитенттерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және қор биржасының ішкі құжаттарында талап етілетін көлемде ақпаратты ашып көрсету мониторингін жүзеге асыру тәртібін;

9) бағалы қағаздармен биржалық сауда-саттық өткізу тәртібін;

10) биржалық сауда-саттықта қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру тәртібін;

11) қор биржасындағы сауда-саттықты тоқтата тұрудың және қайта бастаудың шарттары мен тәртібін;

12) қор биржасының сауда жүйесінде айналымға жіберілген қаржы құралдарын бағалаудың әдістемесін;

13) биржалық сауда қағидаларын бұзғаны үшін қор биржасы мүшелерінің және қор биржасы трейдерлерінің жауапкершілігін, қор биржасы өндіріп алатын айыппұлдарды төлеудің мөлшері мен тәртібін;

14) қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру процесінде туындайтын даулар мен жанжалдарды шешу тәртібін;

15) қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қор биржасының құрылымдық бөлімшесі қызметінің тәртібін;

16) листинг комиссиясы қызметінің тәртібін;

17) бағалы қағаздармен мәмілелер айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану мәселелерін қарау мақсатында құрылған қор биржасының сараптама комитеті қызметінің тәртібін;

18) инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолдану, бағалы қағаздар рыногында айла-шарғы жасау жағдайларын анықтау және болғызбау қағидаларын;

19) қор биржасы мүшелерінің қаржылық жағдайына мониторингті жүзеге асыру тәртібін, мұндай мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті, қор биржасының мүшелері беретін ақпараттың тізбесін және ақпарат беру мерзімдерін;

20) қор биржасының интернет-ресурсында барлық корпоративтік оқиғалар, қор биржасының ресми тізіміне кіретін эмитенттердің және қор биржасы мүшелерінің тоқсан сайынғы қаржылық есептілігі туралы ақпаратты жариялау тәртібін;

21) қор биржасының атқарушы органының эмитенттердің бағалы қағаздарын жеңілдетілген рәсім бойынша қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың онда болу мәселелерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау тәртібін;

22) осы Заңда белгіленген өзге де ережелер мен рәсімдерді айқындауға тиіс.";

60) 86-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Қор биржасының мүшелері қор биржасына қаржылық есептілікті және тізбесі мен беру мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының қағидаларында айқындалатын өзге де ақпаратты беруге міндетті.";

61) 88-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"88-бап. Қор биржасының қызметі

1. Қор биржасы Қазақстан Республикасының заңнамасына және қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес бағалы қағаздардан да өзге қаржы құралдарымен де сауда-саттық ұйымдастыруға және өткізуге құқылы.

2. Қор биржасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) сауда жүйелерін пайдалану және қолдау;

2) бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізілуі көзделетін немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ қор биржасында айналымға жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына қойылатын талаптарды белгілеу;

3) қор биржасында айналымға жіберілген бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мақсатында өз мүшелерінің сауда жүйелеріне кіруіне мүмкіндік жасау;

4) қор биржасының сауда жүйесі айналымындағы бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қор биржасының мүшесі атынан қатысатын қор биржасы трейдерлерін оқыту;

5) қор биржасының трейдерлеріне сауда-саттыққа қатысуға рұқсат беру және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарын, қор биржасының қағидаларын бұзған жағдайларда, сондай-ақ қор биржасының қағидаларында белгіленген өзге де жағдайларда оларды сауда-саттыққа қатысудан шеттету;

6) сауда-саттыққа жіберілген, сауда-саттыққа қатысудан шеттетілген (шеттету себебін көрсете отырып) қор биржасы трейдерлерінің тізілімін жүргізу және оны қор биржасының интернет-ресурсында орналастыру;

7) қор биржасында айналымға жіберілген бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу;

8) қор биржасының сауда жүйесінде бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерге мониторингті және талдауды жүзеге асыру;

9) бағалы қағаздармен мәмілелер айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану мәселелерін қарау мақсатында құрылған қор биржасының комитетінің қызметін ұйымдастыру;

10) уәкілетті органға қор биржасының сауда жүйесінде жасалған мәмілелерді мониторингтеудің және талдаудың нәтижелері туралы, сондай-ақ қор биржасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарын, қор биржасының қағидаларын бұзуы туралы ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен беру;

11) қор биржасында айналымға жіберілген бағалы қағаздар эмитенттерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және қор биржасының ішкі құжаттарында талап етілетін көлемде ақпаратты ашып көрсетуіне мониторингті жүзеге асыру және уәкілетті органға мұндай мониторингтің нәтижелері туралы ақпарат беру;

12) қор биржасында айналымға жіберілген бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды ұйымдастыру және жүзеге асыру не мұндай есеп айырысуларды жүзеге асыруға қажетті ақпаратты әзірлеу;

13) лицензияланатын қызмет түрі шеңберінде консультациялық, ақпараттық және өзге де қызметтер көрсету;

14) бағалы қағаздар рыногы және өзге де қаржы құралдары мәселелері бойынша талдамалық зерттеулер жүргізу;

15) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген тәртіппен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру;

16) қор биржасындағы сауда-саттықты тоқтата тұрудың және қайта бастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

17) қор биржасы мүшелерінің қаржылық жағдайына мониторинг;

18) интернет-ресурста барлық корпоративтік оқиғалар, бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген эмитенттердің және қор биржасы мүшелерінің тоқсан сайынғы қаржылық есептілігі туралы ақпаратты қор биржасының қағидаларында белгіленген тәртіппен жариялау;

19) қор биржасының ішкі құжаттарында көзделген өзге де функциялар.";

62) 89-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде қаржы құралдарын қаржы орталығының арнайы сауда алаңы сауда-саттық ұйымдастырушысының тізіміне енгізу үшін қосымша талаптар мен шарттар белгіленуі мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

"1-2. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының тізіміне енгізу үшін эмитент брокермен және (немесе) дилермен осы Заңның 64-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында аталған қызметтердің көрсетілуіне шарт жасасуға міндетті.

Осы тармақтың талабы қаржы ұйымы болып табылатын эмитентке қолданылмайды."
";

3-тармақ алып тасталсын;

63) 101-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру және бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты жариялау арқылы жүзеге асырады.";

64) 102-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Бағалы қағаздары қор биржасы тізіміне енгізілген эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақпаратқа қосымша ретінде Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің және тізіміне эмитент шығарған бағалы қағаздар енгізілген қор биржасының интернет-ресурсында жылдық және тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті, аудиторлық есептерді және тізбесі осы баптың 2-тармағында айқындалған ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.";

2-тармақта:

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) осы эмитент активтерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомада эмитент мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;"

7) тармақшадағы "өзгерістер эмитент қызметіндегі бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделері қозғалатын өзгерістер деп танылады." деген сөздер "өзгерістер;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісіне өзгерістер;

9) эмитенттің мемлекеттік емес облигацияларды шығару проспектісінде көзделген талаптарды сақтамауы, осы эмитент жол берген дефолт фактілері туралы ақпарат эмитент қызметіндегі бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделері қозғалатын өзгерістер деп танылады.";

3-тармақ "уәкілетті органға" деген сөздерден кейін "және облигацияларды (болған жағдайда) ұстаушылардың өкіліне" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың 2-тармағында қамтылатын өзгерістерді эмитент олар туындаған кезден бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру және бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты жариялау арқылы бағалы қағаздарды ұстаушылардың назарына жеткізеді.";

65) 103-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) клиентке қаржы құралдары мен эмитенттер туралы лицензиаттың қолында бар ақпаратпен (бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық құпияны және заңдармен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда) танысуға мүмкіндік беруге;"

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) комиссиялық сыйақы мөлшерін бекіткен лицензиат органының атауын, лицензиат органының оларды бекіту туралы шешімінің күні мен нөмірін көрсете отырып, бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру шеңберінде қызметтер көрсеткені үшін клиенттерден – жеке тұлғалардан алынатын комиссиялық сыйақының мөлшері туралы ақпаратты интернет-ресурста немесе клиенттердің танысуы үшін қолжетімді орында орналастыруға және оны жаңартылған қалпында ұстауға;"

9) тармақша "органның назарына" деген сөздерден кейін "мұндай өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде" деген сөздермен толықтырылсын;

66) 106-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"106-бап. Уәкілетті органның ақпаратты ашып көрсетуі

1. Уәкілетті орган:

1) эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектілеріндегі және эмитенттердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органға табыс ететін есептерінде қамтылатын;

2) бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру немесе олардан айыру туралы, мұндай лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату туралы, сондай-ақ мұндай оқиғалардың себептері туралы;

3) шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша дефолтқа жол берген эмитенттер, сондай-ақ олардың лауазымды адамдары мен ірі акционерлері (қатысушылары) туралы ақпаратты өзінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ашып көрсетуге тиіс.

2. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының ақпарат алмасу көздейтін халықаралық шарттары негізінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді береді.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес алған ақпаратты оған мұндай ақпарат берген тараптың келісімімен ғана Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарына береді.";

67) 107-баптың бірінші бөлігі "өзін-өзі реттейтін ұйымнан" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалардан" деген сөздермен толықтырылсын;

68) 108-баптың 3-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) бағалы қағаздар рыногында айла-шарғы жасау, инсайдерлік ақпаратты, сондай-ақ коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны пайдалана отырып, эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы мәліметтердің болуы;".

19. "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 132-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 16, 91-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; 2011 ж., № 11, 102-құжат):

1) 1-баптың 6) тармақшасындағы "депозитарийдің" деген сөзден кейін ", бірыңғай тіркеушінің" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 9-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшадағы "рұқсат береді және оны кері қайтарып алады, қаржылық ұйымдардың бөлімшелерін ашуға келісім береді" деген сөздер "оның ішінде банк және сақтандыру холдингтерін ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат береді және оны кері қайтарып алады" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша "ұйымдардың" деген сөзден кейін ", банк холдингтерінің, сақтандыру холдингтерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) банктердің, банк холдингтерінің және банк конгломераттарының қабылдайтын тәуекелдерін ескере отырып, олардың уәкілетті органның талаптарын орындауын айқындауға арналған ішкі рәсімдерді бекітеді;"

7-1) тармақша "ұйымдар" деген сөзден кейін ", банк және сақтандыру холдингтері" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) қаржы рыногында қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы уәкілетті органға өтініш білдірген заңды тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және шектерде тексереді";

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) қаржылық ұйымдарға, қаржылық ұйымдардың ірі қатысушыларына, банк және сақтандыру холдингтеріне, банк конгломераттары мен сақтандыру топтарының қатысушыларына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шектеулі ықпал ету шараларын, мәжбүрлеу шараларын және санкцияларды, оның ішінде тәуекелді азайту мақсатында қолдану тәртібін айқындайды және оларды қолданады";

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) банктердің, банк холдингтерінің және банк конгломераттарының қызметінде туындайтын тәуекелдерді бағалау әдістерін қолданады";

2-2-тармақ:

"банктерде," деген сөзден кейін "банк холдингтерінде," деген сөздермен толықтырылсын;

"(қайта сақтандыру) ұйымдарында" деген сөздерден кейін ", сақтандыру холдингтерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "ұйымдарды" деген сөзден кейін ", банк және сақтандыру холдингтерін, банк конгломераттары мен сақтандыру топтарын" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 9-1-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі:

"банктерге," деген сөзден кейін "банк холдингтеріне," деген сөздермен толықтырылсын;

"(қайта сақтандыру) ұйымдарына" деген сөздерден кейін ", сақтандыру холдингтеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

"10. Осы баптың 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-тармақтарының талаптары банк және сақтандыру холдингтеріндегі уәкілетті органның өкіліне қолданылады.";

4) 10-бапта:

1) тармақша:

"банктердің" деген сөзден кейін "және банк холдингтерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

"рұқсат беру" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ банктердің және банк холдингтерінің заңды тұлғалардың капиталына қомақты қатысуына ие болуына рұқсат беру" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "банктік топтар" деген сөздер "банк конгломераттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 11-баптың 1) тармақшасында:

"тұлғалардың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының" деген сөздерден кейін " және сақтандыру холдингінің" деген сөздермен толықтырылсын;

", сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының" деген сөздерден кейін "және сақтандыру холдингінің" деген сөздермен толықтырылсын;

"рұқсат беру" деген сөздерден кейін ", сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру холдингтерінің заңды тұлғалардың капиталына қомақты қатысуына ие болуына рұқсат беру" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 12-бап мынадай мазмұндағы 9-1), 9-2), 9-3) және 14-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-1) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесіне жеке және заңды тұлғалардың ие болуына келісім беру және келісім беруден бас тарту тәртібін, аталған келісімді алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарды айқындайды, мұндай келісімді береді не беруден бас тартады;

9-2) бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың жарғылық капиталының ең аз мөлшерін, оны қалыптастыру тәртібін және оның құрамын белгілейді;

9-3) бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар үшін пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бекітеді;"

"14-3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда бағалы қағаздар рыногы субъектілеріне қатысты шектеулі шараларды және санкцияларды қолданады;"

7) 13-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бекітеді;"

4) тармақшадағы "ашық" деген сөз алып тасталсын;

4-1) тармақша алып тасталсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) жинақтаушы зейнетақы қорының, оның ішінде қайта ұйымдастырылатын немесе лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін, зейнетақы шарттары бойынша оның міндеттемелерін басқа қорға беру тәртібін белгілейді;"

7) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарында" деген сөздер "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 13-1-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті орган ұйымды алдағы тексеру туралы жазбаша хабардар етеді. Уәкілетті органның алдағы тексеру туралы хабарламасында тексерілетін ұйым тексеруді жүргізу басталарда тексеруші қызметкерлерге беруге міндетті құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

Тексеруге жататын мәселелер, оның мерзімдері, тексеруші топтың құрамы уәкілетті органның басшысы немесе оның орынбасары бекітетін тексеруді жүргізу тапсырмасында көрсетіледі.

Тексеру жүргізу мерзімі отыз жұмыс күнін құрайды.

Уәкілетті орган, қажет болғанда, тексеруді жүргізу мерзімін ұзарта алады, ол туралы ұйымға тексеруді жүргізу тапсырмасына қосымша түрінде жазбаша хабарлама жіберіледі.

Тексеру жүргізу тапсырмасына қосымшаның көшірмесі ұйымға беріледі. Ұйым оның көшірмесін алғандығы туралы белгі қойылған тексеру жүргізу тапсырмасына қосымшаның түпнұсқасы уәкілетті органда қалады.";

5-тармақ алып тасталсын;

9-тармақтың бірінші бөлігіндегі "екі" деген сөз "төрт" деген сөзбен ауыстырылсын;

14-тармақта:

"екі" деген сөз "төрт" деген сөзбен ауыстырылсын;

"отыз" деген сөз "он төрт" деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Ұйым уәкілетті орган белгілеген мерзімде тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын келісуге ұсынады, онда жоспарланып отырған шаралардың тізбесі, жауапты адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және атқаратын қызметі, сондай-ақ жоспарланып отырған шараларды орындау мерзімдері қамтылады.

Ұйым уәкілетті органмен іс-шаралар жоспарын келіскеннен кейін оның орындалуына қарай, іс-шаралар жоспарында көзделген күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою туралы есептер не іс-шаралар жоспары бойынша өзіне алған міндеттемелердің орындалмау себептері туралы түсініктер береді."

9) 15-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес алған ақпаратты оған мұндай ақпарат берген тараптың келісімімен ғана Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарына береді."

20. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 87-құжат; 2005 ж.,

№ 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 18, 143-құжат; № 19, 149-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат):

1) 1-бапта:

б) тармақшадағы "коммерциялық" деген сөз алып тасталсын;

13) тармақшада:

"кредиттік бюроларға" деген сөздерден кейін "(мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

"беруге не" деген сөздерден кейін "кредиттік бюродан" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) кредиттік тарих субъектісі туралы теріс ақпарат – заңды тұлға болып табылатын кредиттік тарих субъектісінің сот шешімімен таратылуы туралы немесе кредиттік тарих субъектісінің күнтізбелік бір жүз сексен күннен асатын мерзімі өтіп кеткен берешегінің болуы туралы мәліметтерді қамтитын, кредиттік тарих субъектісі туралы кредиттік есептің қысқаша нысаны;"

2) 3-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекет қатысатын кредиттік бюроға өзі туралы ақпарат беруді, сондай-ақ осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, кредиттік тарих субъектісі келісімінің болуы;"

3) 4-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы "кредиттік" деген сөздің алдынан "осы Заңда көзделген жағдайды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 5-баптың 1-тармағында:

2) тармақшада:

"кредиттік бюроларға" деген сөздерден кейін "(мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

"кредиттік есепті" деген сөздердің алдынан "кредиттік бюродан" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "кредиттік" деген сөздің алдынан "осы Заңда көзделген жағдайды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

5) 6-бапта:

1-тармақта:

"Кредиттік" деген сөз "Мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда, кредиттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының жетпіс бес және одан көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі болатын жалғыз мамандандырылған коммерциялық емес ұйым мемлекет қатысатын кредиттік бюро болып табылады.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекет қатысатын кредиттік бюроның қызметі уәкілетті органның лицензиялауына жатпайды.";

б) 7-баптың 2-тармағының 5) тармақшасындағы "зерттеулер;" деген сөз "зерттеулер жатады." деген сөздермен ауыстырылып, б) тармақшасы алып тасталсын;

7) 8-1-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың талаптары мемлекет қатысатын кредиттік бюроға қолданылмайды."
";

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Заңының 18-бабының 1-тармағында көрсетілген ақпарат берушілердің біреуімен ақпарат беру туралы шарт жасасуды;"

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың талаптары мемлекет қатысатын кредиттік бюроға қолданылмайды."
";

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кредиттік тарих деректерінің базасын, пайдаланылатын ақпараттық жүйелерді қорғау және сақталуын қамтамасыз ету және үй-жайлар жөнінде кредиттік бюроға қойылатын талаптарға оның сәйкестігі туралы осы Заңның және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жасалған акт болған кезде мемлекет қатысатын кредиттік бюроның қызметін жүзеге асыруға жол беріледі.";

8) 9-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Осы баптың талаптары мемлекет қатысатын кредиттік бюроға қолданылмайды.";

9) 13-баптың 1-1) тармақшасы алып тасталсын;

10) 15-бапта:

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қайта ұйымдастырылатын немесе таратылатын кредиттік бюроның кредиттік тарих деректерінің базасын иеленуге құқық мирасқорының немесе басқа кредиттік бюролардың мүдделілігі болмаған жағдайда, ол мемлекет қатысатын кредиттік бюроға өтеусіз негізде берілуі тиіс.";

алтыншы және жетінші бөліктер алып тасталсын;

11) 16-бапта:

2) тармақша "ақпарат берушілерден" деген сөздердің алдынан "мемлекет қатысатын кредиттік бюроны, сондай-ақ осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

3-1) тармақшадағы "кредиттік тарихта қамтылған ақпаратты жария етпестен, кредиттік тарих субъектісінің келісімінсіз" деген сөздер "кредиттік тарих субъектісінің

келісімінсіз кредиттік тарих субъектісі туралы теріс ақпаратты немесе кредиттік тарихта қамтылған ақпаратты жария етпестен," деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

"3-2) мемлекет қатысатын кредиттік бюроға осы Заңның 17-бабының 8-2) тармақшасында көзделген жағдайда, кредиттік бюроның кредиттік тарих деректерінің базасында қамтылатын ақпаратты кредиттік тарих субъектісінің келісімінсіз беруге;"

12) 17-бапта:

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, кредиттік тарих субъектісінің келісімін алғаны туралы растау болған кезде кредиттік есептерді беруге;

3) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, кредиттік тарихта қамтылған ақпаратты, оның ішінде банк құпиясын құрайтын ақпаратты ашуға жол бермеуге;"

мынадай мазмұндағы 8-2) тармақшамен толықтырылсын:

"8-2) кредиттік бюроның кредиттік тарих деректерінің базасында сақталатын ақпараттың дұрыстығын тексеру үшін мемлекет қатысатын кредиттік бюроға өтініш жасауға, сондай-ақ мемлекет қатысатын кредиттік бюроның кредиттік тарих деректерінің базасында сақталатын мәліметтерге сәйкес келмейтін ақпаратқа қатысты түзетулер енгізуге міндетті. Мемлекет қатысатын кредиттік бюроға өтініш жасаудың, кредиттік бюроның кредиттік тарих деректерінің базасына түзетулер енгізудің тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган белгілейді;"

13) 19-баптың 2-тармағында:

1) тармақша "кредиттік тарих" деген сөздердің алдынан "мемлекет қатысатын кредиттік бюроны, сондай-ақ осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша "ақпарат" деген сөздің алдынан "мемлекет қатысатын кредиттік бюромен" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша "кредиттік бюроларға" деген сөздердің алдынан "ақпарат беру туралы шарт жасалған" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 20-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

3) тармақшадағы "және кредиттік есептерді алу туралы" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) және 4-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) пайдасына банк кепілдігі немесе кепілдеме берілген тұлға;

4-2) облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарт жасасқан облигациялар эмитентінің кредиттік есебіне қатысты облигацияларды ұстаушылардың өкілі;"

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4-1) тармақшасында аталған кредиттік есепті алушылар өздерінің пайдасына банк шығарған кепілдіктер немесе кепілгерліктер туралы ғана кредиттік есепті алуға құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4-2) тармақшасында аталған кредиттік есепті алушылар облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарт жасасқан облигациялар эмитенті туралы ғана кредиттік есепті алуға құқылы.";

2-тармақтағы "2) және 3)" деген сөздер "2), 3) және 4-2)" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 21-баптың 3-тармағында:

бірінші абзацтағы "2) және 3)" деген сөздер "2), 3) және 4-2)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша "кредиттік тарих" деген сөздердің алдынан "осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

16) 22-баптың 1) тармақшасындағы "ақпарат берушіге" деген сөздердің алдынан " мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда, ақпарат беруші ақпарат беру туралы шарт жасасқан кредиттік бюроларға" деген сөздермен толықтырылсын, " кредиттік бюроға" деген сөздер алып тасталсын;

17) 23-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер мемлекет қатысатын кредиттік бюроға, сондай-ақ ақпарат беру туралы шарттар негізінде кредиттік тарих субъектісінің келісімі болған кезде, осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, өзге де кредиттік бюроларға ақпарат беруге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпарат берушілердің кредиттік бюроларға ақпарат беруінің және кредиттік есептерді алудың талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалатын ақпарат беру және (немесе) кредиттік есептер алу туралы шарттармен айқындалады.";

2-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ "кредиттік бюроларға" деген сөздерден кейін "(мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 24-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) ол болған кезде кредиттік тарих субъектісі туралы теріс ақпарат;"

19) 25-бапта:

1-тармақта:

"кредиттік бюроларға" деген сөздерден кейін "(мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) деген сөздермен толықтырылсын;

"кредиттік есепті алушыға" деген сөздердің алдынан "кредиттік бюродан" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

"кредиттік бюроларға" деген сөздерден кейін "(мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) деген сөздермен толықтырылсын;

"кредиттік есепті беруге" деген сөздердің алдынан "кредиттік бюродан" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Кредиттік тарих субъектісінің бұл субъект туралы теріс ақпаратты кредиттік бюроларға беруіне және кредиттік бюролардың ақпарат берушілерге кредиттік тарих субъектісі туралы теріс ақпаратты құрайтын кредиттік есептерді беруіне келісім беруі талап етілмейді.";

20) 26-баптың 1-тармағында:

"Кредиттік бюроларға" деген сөздерден кейін "(мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) деген сөздермен толықтырылсын;

"кредиттік есептер" деген сөздердің алдынан "кредиттік бюродан" деген сөздермен толықтырылсын;

21) 27-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер ақпарат беру жөніндегі өз міндеттемелерін орындау мақсатында мемлекет қатысатын кредиттік бюромен ол мемлекеттік тіркелген және (немесе) ақпарат берушілер осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында айқындалған белгілерге сәйкес келген күннен бастап күнтізбелік 180 күн ішінде ақпарат беру туралы шарттар жасасуға міндетті.

Осы Заңның 18-бабының 1-тармағында көрсетілген ақпарат берушілер ақпарат беру туралы шартта айқындалған мерзімдерде өзге де кредиттік бюролармен ақпарат беру туралы шарт жасасуға құқылы.";

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мемлекет қатысатын кредиттік бюроны, сондай-ақ осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, кредиттік тарих субъектісінің өзі туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімін міндетті түрде алу;"

3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, кредиттік тарих субъектісінің өзі туралы кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге келісімін міндетті түрде алу;"

22) 28-баптың бірінші абзацындағы "1-тармағының 1), 2) және 3)" деген сөздер "1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4-2)" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 29-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, кредиттік тарих субъектісінің өзі туралы кредиттік есепті беруге келісімінің болуы;"

"3) осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, кредиттік есепті алушының кредиттік тарих субъектісінің кредиттік есепті беруге келісімінің болуы туралы растаған сауалы негіздеме болып табылады.";

24) мынадай мазмұндағы 6-1-тараумен толықтырылсын:

"6-1-тарау. Банк кепілдіктері мен кепілгерліктері жөнінде ақпарат берудің және кредиттік есепті алудың ерекшеліктері

30-1-бап. Кредиттік бюроға банк кепілдіктері мен кепілгерліктері жөнінде ақпарат беру

1. Банктер тізбесі осы баптың 3-тармағында белгіленген банк кепілдіктері мен кепілгерліктері жөнінде ақпаратты мемлекет қатысатын кредиттік бюроға және өзі туралы және өзінің пайдасына банк шығарған кепілдіктер немесе кепілгерліктер туралы мәліметтерді банктің беруіне борышкер тұлғаның келісімі болған кезде ақпарат беру туралы шарттардың негізінде өзге де кредиттік бюроларға береді.

2. Борышкер тұлғаның өзі туралы және өзінің пайдасына банк шығарған кепілдіктер немесе кепілгерліктер туралы мәліметтерді банктің кредиттік бюроға беруіне келісім нысаны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

3. Банк шығарған кепілдіктер мен кепілгерліктер жөнінде кредиттік бюроға берілетін ақпаратта:

1) оның тапсырмасы бойынша банк кепілдік немесе кепілгерлік шығарған борышкер заңды тұлғаның атауы, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) оның тапсырмасы бойынша банк кепілдік немесе кепілдеме шығарған борышкер жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні, айы, жылы, тұрғылықты жері, заңды мекенжайы, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері, жеке сәйкестендіру нөмірі;

3) оның пайдасына банк кепілдік немесе кепілгерлік шығарған борышкер кредитор заңды тұлғаның атауы, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

4) оның пайдасына банк кепілдік немесе кепілгерлік шығарған кредитор жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні, айы, жылы, тұрғылықты жері, заңды мекенжайы, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері, жеке сәйкестендіру нөмірі;

5) кепілдік немесе кепілгерлік берген банктің атауы;

6) банк кепілдігі немесе кепілгерлігі шартының нөмірі мен күні, айы, жылы;

7) егер банк кепілдігі немесе кепілгерлігі шартында өзгеше белгіленбесе, банк кепілдігі немесе кепілгерлік шарты бойынша төлеуге жататын ең көп ақша сомасы;

8) егер банк кепілдігі немесе кепілгерлігі шартында өзгеше белгіленбесе, банк кепілдігі немесе кепілгерлік шығарылған мерзім немесе осы жағдай басталған кезінде банк кепілдігін немесе кепілгерлігін берген банктің міндеттемесі (банк кепілдігінің немесе кепілгерлігінің қолдану мерзімі) тоқтатылатын жағдай (оқиға);

9) банк кепілдігінің немесе кепілгерлігінің шығарылым нөмірі және күні, айы, жылы, қамтылуға тиіс.

Егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға қайшы келмесе, осы тармақта көзделген ақпарат тізбесі кредиттік бюро мен банк жасасқан ақпарат беру туралы шарт негізінде олардың арасындағы келісім бойынша толықтырылуы мүмкін.

4. Банктердің шығарылған банк кепілдіктері мен кепілгерліктері жөнінде кредиттік бюроға ақпарат беру талаптары осы Заңның 27-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес жасалған ақпарат беру туралы шартта айқындалады.

5. Банктер кредиттік бюроларға банк кепілдіктері мен кепілгерліктері жөніндегі ақпаратты электронды жеткізгіште береді. Ақпаратты қағаз жеткізгіште беру жағдайлары кредиттік бюролардың ішкі құжаттарында және олардың ақпарат берушілермен жасалатын шарттарында айқындалады.

6. Банктер борышкер тұлғалардың өздері туралы және шығарылған банк кепілдігі немесе шығарылған кепілгерлік туралы мәліметтерді банктің кредиттік бюроға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруіне өздері алған келісімдерді есепке алуды жүргізеді.

30-2-бап. Банк кепілдігі мен кепілгерлігі туралы кредиттік есепті қалыптастыру

1. Кредиттік бюро осы Заңның 30-1-бабының 3-тармағына сәйкес банк берген ақпараттың негізінде банк кепілдігі немесе кепілгерлігі туралы кредиттік есепті қалыптастыруға міндетті.

2. Банк кепілдігі мен кепілгерлігі туралы кредиттік есеп банк шығарған әрбір кепілдік немесе әрбір кепілгерлік бойынша жеке қалыптастырылады.

30-3-бап. Банк кепілдігі мен кепілгерлігі туралы кредиттік есепті беру тәртібі

1. Пайдасына банк кепілдігін немесе кепілгерлігін банк шығарған тұлғаға банк кепілдігі мен кепілгерлігі туралы кредиттік есепті кредиттік бюроның беруіне борышкер тұлғаның келісімі бұл есепті беруге негіз болып табылады.

2. Банк кепілдігі немесе кепілгерлігі туралы кредиттік есепті беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді."

21. "Инвестициялық қорлар туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж.,

№ 16, 90-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 33-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар):

1) 1-бапта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) басқарушы компания – уәкілетті орган берген лицензия негізінде инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;"

13) тармақша "активтерін" деген сөзден кейін "және (немесе) осы Заңда белгіленген жағдайда өзге де мүлікті" деген сөздермен толықтырылсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) пайды сатып алу – осы Заңға және инвестициялық пай қорының қағидаларына сәйкес айқындалатын оның құнын пай ұстаушысына басқарушы компанияның төлеуі арқылы пайды айналымнан шығару;"

2) 3-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "сенімгерлік" деген сөз "инвестициялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 4-бапта:

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шығарған (берген) қаржы құралдары және (немесе) өзге де активтері жабық инвестициялық пай қоры активтерінің құрамына кіретін және оның активтері мөлшерінің бес және одан көп пайызын құрайтын заңды тұлға осы инвестициялық қордың пай ұстаушысы болуға құқылы емес.";

5-тармақтағы "6) және 8) - 12) тармақшаларында" деген сөздер "6), 9) және 12) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ алып тасталсын;

4) 5-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Әділет органдарында акционерлік инвестициялық қор ретінде тіркелмеген және уәкілетті органда инвестициялық қордың акциялар шығарылымын тіркемеген, сондай-ақ басқарушы компаниямен сенімгерлік басқару шартын жасаспаған заңды тұлға өзін инвестициялық қор деп атауға, инвестициялық қор ретінде қызметті жүзеге асыруға және өз атауларында кез келген тіркесте "инвестициялық қор" деген сөздерді пайдалануға құқылы емес.

Егер акционерлік инвестициялық қор мен оның басқарушы компаниясы арасында жасалған сенімгерлік басқару шарты бұзылған күннен бастап екі ай ішінде акционерлік инвестициялық қор жаңа басқарушы компаниямен сенімгерлік басқару шартын жасаспаған жағдайда, акционерлік инвестициялық қор атауының өзгеруіне байланысты әділет органдарында қайта тіркелуге тиіс.";

5) 6 және 7-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Инвестициялық қордың активтерін басқару

1. Басқарушы компания инвестициялық қордың активтерін инвестициялық басқаруды инвестициялық қор акционерлерінің немесе пай ұстаушыларының табыс алуы және осындай инвестициялау кезінде тәуекелдерді азайтуды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

Акционерлік инвестициялық қор инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыруға құқылы емес.

2. Акционерлік инвестициялық қордың мүлкі акционерлік инвестициялық қордың жарғысында айқындалған арақатынасында инвестициялауға арналған мүлікке және акционерлік инвестициялық қор мен оның органдарының қызметін қамтамасыз етуге арналған мүлікке бөлінеді.

Акционерлік инвестициялық қордың инвестициялауға арналған мүлкі басқарушы компанияның инвестициялық басқаруына берілуге тиіс.

3. Акционерлік инвестициялық қордың инвестициялауға арналған мүлкіне сенімгерлік басқару шарты қолданылатын кезеңде акционерлік инвестициялық қор сенімгерлік басқарудағы мүлікке қатысты қандай да бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы емес.

7-бап. Аудитке қойылатын талаптар

1. Акционерлік инвестициялық қорға және (немесе) инвестициялық қордың басқару компаниясына аудитті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізуге құқылы аудиторлық ұйым жүргізеді.

2. Аудиторлық есеп коммерциялық құпия болып табылмайды.

3. Акционерлік инвестициялық қордың және (немесе) инвестициялық қордың басқарушы компаниясының жыл сайынғы аудиторлық есептерінде акционерлік инвестициялық қордың және (немесе) инвестициялық қордың басқару компаниясының қаржылық есептілігі туралы орындаушы аудитордың және аудиторлық ұйымның тәуелсіз пікірі және инвестициялық қордың инвестициялық басқаруға берілген (қабылданған) активтеріне қатысты есеп жүргізу және есептілікті жасау тәртібінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру нәтижелері туралы ақпарат қамтылуға тиіс.";

б) 9-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Акционерлік инвестициялық қор активтерін есепке алу мен сақтауды кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан жүзеге асырады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Акционерлік инвестициялық қормен тиісті шарттар жасасқан басқарушы компания, кастодиан, аудиторлық ұйым және бағалаушы өзара үлестес болмауға тиіс.";

4-тармақ алып тасталсын;

7) 10-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) акционерлік инвестициялық қор мен оның органдарының қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстардың түрлері, оларды айқындау тәртібі және олардың ең жоғары мөлшері болуға тиіс.";

8) 11-бапта:

2-тармақ "жобалары" деген сөзден кейін ", сондай-ақ акционерлік инвестициялық қор құрылтайшыларының жалпы жиналысы не жалғыз құрылтайшысы бекіткен инвестициялық декларация" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

9) 13-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық декларациясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдау акционерлік инвестициялық қордың директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

4. Акционерлік инвестициялық қордың бірінші құрылтай жиналысында Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында көзделген мәселелер бойынша шешімдерден басқа, кастодиан таңдау туралы шешім қабылданады.";

10) 14-бапта:

1-тармақ "дауыс берсе," деген сөздерден кейін "сондай-ақ директорлар кеңесі инвестициялық декларацияға осы Заңның 39-бабы 1-тармағының 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімдер қабылдаған жағдайда," деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

"енгенге дейін" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында," деген сөздермен толықтырылсын;

"барлық" деген сөз алып тасталсын;

11) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Акционерлік инвестициялық қорды қайта ұйымдастыру және тарату

1. Акционерлік инвестициялық қорды қайта ұйымдастыру және тарату осы Заңда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қайта ұйымдастыру немесе ерікті түрде тарату туралы шешім қабылданған жағдайда акционерлік инвестициялық қор бұл туралы уәкілетті органға акционерлік инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысында аталған шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға тиіс.

Осы тармақта көзделген хабарламаға акционерлік инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдаған қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімнің (шешімдердің) көшірмесі (көшірмелері), жаңадан құрылатын акционерлік инвестициялық қордың (акционерлік инвестициялық қорлардың) жарғысының (жарғыларының) көшірмесі (көшірмелері) қоса беріледі.

3. Акционерлік инвестициялық қорды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша сотқа инвестициялық қорды мәжбүрлеп тарату туралы талап-арызбен жүгінуге құқылы.

4. Акционерлік инвестициялық қор соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда, ол соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға сот шешімінің көшірмесін қоса беріп, бұл туралы хабарлама жібереді.";

12) 16-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "Инвестициялық" деген сөз "Осы Заңда белгіленген жағдайды қоспағанда, инвестициялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

"елу" деген сөз "жүз" деген сөзбен ауыстырылсын;

", тиісті қаржы жылына арналған" деген сөздер алып тасталсын;

13) 17-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Басқарушы компания бірнеше ашық, аралық немесе жабық инвестициялық пай қорларын құруға құқылы.

Бір басқарушы компания құрған, бір түрдегі инвестициялық пай қорлары инвестициялық декларациялар бойынша ажыратылуға тиіс.";

3-тармақтың екінші бөлігіндегі ", тәуекелмен инвестициялайтын инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін көрсетілген ұйымдарды қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын;

14) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Инвестициялық пай қорларын біріктіру немесе олардың нысанын өзгерту

1. Қордың қағидаларында белгіленген талаптармен және тәртіппен бір нысандағы инвестициялық пай қорларын біріктіруге жол беріледі.

2. Жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы жабық инвестициялық пай қорының инвестициялық портфелінің құрылымы ашық немесе аралық инвестициялық пай қоры портфелінің инвестициялық құрылымына қатысты осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және инвестициялық қор қағидаларында көзделген талаптарға сәйкес болған жағдайда қордың нысанын ашық немесе аралық инвестициялық пай қорына өзгерту туралы шешім қабылдауы мүмкін.

3. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының нысанын жабық инвестициялық пай қоры етіп өзгертуге жол берілмейді.";

15) 20-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Басқарушы компания өзгерген және инвестициялық пай қорының қағидаларына тиісті өзгерістер енгізілген кезде уәкілетті орган инвестициялық пай қорының пайларын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстыруды жүзеге асырады.";

16) 21-бапта:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу, пайларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде пайлармен жасалған мәмілелерді тіркеу ерекшеліктері тіркеушінің ішкі құжаттарында айқындалады.";

4-тармақтағы "сенімгерлік" деген сөз "инвестициялық" деген сөзбен ауыстырылсын ;

17) 23-бапта:

1-тармақ "валюта" деген сөзден кейін "немесе пайдың номиналды құны көрсетілген валюта" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың екінші бөлігі "орналастыру кезеңі" деген сөздерден кейін " инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру аяқталған күні пайларды ұстаушылардың саны бестен кем болмайтын жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 26-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "қаржы құралдары немесе өзге де мүлкі" деген сөздер "шығарған (берген) қаржы құралдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы ", тіркеушінің", ", тіркеуші" деген сөздер алып тасталсын;

19) 27-баптың 1-тармағында:

4) тармақша алып тасталсын;

12) тармақшадағы "нақтылы" деген сөз "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында немесе пайдың номиналды құны көрсетілетін өзге валютада көрсетілуі мүмкін номиналды" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) тармақшадағы ", тіркеушінің" деген сөз алып тасталсын;

20) 28-бапта:

4-тармақтағы "немесе тіркеуші", ", тіркеушімен" деген сөздер алып тасталсын;

7-тармақтың екінші бөлігіндегі "немесе тіркеуші" деген сөздер алып тасталсын;

21) 30-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы ", тіркеушісін" деген сөз алып тасталсын;

22) 33-бапта:

1-тармақта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру аяқталған күні осы Заңның 23-бабының 4-тармағында айқындалған талап орындалмаса;"

5) тармақшадағы "немесе тіркеушінің", "немесе жаңа тіркеуші" деген сөздер алып тасталсын;

б) тармақшадағы ", тіркеушінің", ", жаңа тіркеуші" деген сөздер алып тасталсын;
2-тармақтағы "ақшаны" деген сөз "активтерді" деген сөзбен ауыстырылсын;

23) 34-бапта:

2-тармақ "кастодианы" деген сөзден кейін "уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта:

"өткізуді қамтамасыз етуге" деген сөздер "өткізу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар келіскен жағдайда, басқарушы компания және (немесе) кастодиан осы Заңның 36-бабы 1-тармағының 1) – 5) тармақшаларында көрсетілген шығыстарды төлегеннен кейін қалған ақшаны бөледі және өткізілмеген активтерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және (немесе) инвестициялық қор қағидаларында белгіленген тәртіппен пайларды ұстаушылардың меншігіне береді.";

24) 35-баптың 2-тармағындағы "аяқталғаннан кейін оның таза активтері құнының инвестициялық пай қоры активтерінің ең төменгі мөлшеріне" деген сөздер "аяқталған күні осы Заңның 23-бабы 4-тармағының талаптарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 36-бапта:

1-тармақтың б) тармақшасындағы "ақшаны" деген сөз "активтерді" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Инвестициялық пай қорының жұмыс істеуі осы Заңның 33-бабы 1-тармағының 2) және 2-1) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда тоқтатылған кезде, қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсіміне байланысты басқарушы компанияның шығыстары инвестициялық пай қоры активтерінің есебінен өтелмейді.";

26) 37-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"37-бап. Инвестициялық қор активтерінің құрамы

1. Акционерлік (жылжымайтын мүлік қорларынан басқа) және инвестициялық пай қорларының активтерін қаржы құралдары құрайды.

2. Жылжымайтын мүлік қорларының активтерін қаржы құралдары, сондай-ақ мынадай инвестициялау объектілері:

1) ғимараттар мен құрылыстар, сондай-ақ жер учаскелері;

2) өндірістік құрал-сайман және ғимараттар мен құрылыстарға қызмет көрсетуге қажетті негізгі құралдар құрайды.

Жылжымайтын мүлік қорларының активтерін мүлікке инвестициялау кезінде (бағалы қағаздар мен ақшаны қоспағанда) оны тәуелсіз бағалаушы міндетті түрде бағалауға тиіс.

3. Акционерлік және инвестициялық пай қорларының құрамына кіре алатын қаржы құралдарының тізбесі, сондай-ақ қаржы құралдарын және инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін өзге де мүлікті инвестициялау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық декларациясында немесе инвестициялық пай қорының қағидаларында айқындалады.

4. Жылжымайтын мүлік қорының таза активтері құнының кемінде сексен пайызын жылжымайтын мүлік құрауға тиіс.

Жылжымайтын мүлік қоры активтерінің құрамына кіретін мүлік сақтандырылуға және (немесе) жылжымайтын мүлік қоры осы активтердің мөлшеріндей резервтік қор құрылуға тиіс.

5. Жылжымайтын мүлік қорларының активтерін құрайтын жылжымайтын мүлікті қайта бағалаудан түсетін табыстарды шегергендегі жылжымайтын мүлік қорының инвестициялық табысының кемінде елу пайызын жылжымайтын мүлікті жалға беру нәтижесінде алынған табыстар құрауға тиіс.

6. Инвестициялық қор активтерінің құрамында:

1) осы инвестициялық қордың басқарушы компаниясының басқаруындағы инвестициялық қорлар шығарған акциялар немесе пайлар;

2) осы инвестициялық қордың басқарушы компаниясы шығарған (берген) активтер;

3) коммерциялық емес ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы акциялар немесе катысу үлестері;

4) мемлекеттік бағалы қағаздарды және Қазақстан Республикасы қаржы агенттіктерінің агенттік облигацияларын қоспағанда, олардың жалпы санының он бестен асатын пайызы мөлшеріндегі бір заңды тұлғаның бір түрдегі қаржы құралдары болмауға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 4) тармақшасының талабы тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қорларға қолданылмайды.

7. Жылжымайтын мүлік қоры активтерінің құрамы жылжымайтын мүлік қоры акцияларының шығарылымы тіркелген күннен бастап он екі ай ішінде осы баптың талаптарына сәйкес келтірілуге тиіс.

Егер жылжымайтын мүлік қорының активтерімен қандай да бір мәмілелерді жүзеге асыру нәтижесінде жылжымайтын мүлік қоры активтерінің құрамына қойылатын талаптар және (немесе) шектеулер бұзылатын жағдайда, жылжымайтын мүлік қоры осындай оқиға болғаннан кейінгі бір күн ішінде уәкілетті органды хабардар етуге және жылжымайтын мүлік қоры активтерінің құрамында осындай өзгерістер болған күннен бастап алты ай ішінде активтердің құрамын осы баптың талаптарына сәйкес келтіруге міндетті.

8. Бір басқарушы компанияның басқаруындағы инвестициялық қорлар активтері мен басқарушы компанияның өз активтерінің қаржы рыногы лицензиаттарының дауыс

беретін акцияларына инвестицияларының жиынтық көлемі оларды сатып алуға уәкілетті органның келісімін алуды талап ететін мөлшерден аз болуға тиіс.

9. Бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (берген) қаржы құралдарына (ақшаны қоспағанда) инвестициялық қордың активтері есебінен инвестициялардың жинақталған мөлшері:

1) ашық немесе аралық инвестициялық пай қоры не жылжымайтын мүлік қоры үшін таза активтер құнының он бес пайызынан;

2) акционерлік инвестициялық қор мен жабық инвестициялық пай қоры үшін таза активтер құнының жиырма пайызынан;

3) тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қор үшін таза активтер құнының отыз пайызынан аспауға тиіс.

10. Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін оның активтері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен немесе пайлардың номиналды құны көрсетілген валютамен екінші деңгейдегі банктердің депозиттеріне ғана инвестициялануы мүмкін.

Инвестициялық пай қорының пайлары бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін депозиттеріне орналастырылатын екінші деңгейдегі банктер мына талаптарға сай болуға тиіс:

1) осы инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясына қатысты үлестес болып табылмауға тиіс;

2) екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген қор биржасы тізімінің санаттарына енгізілуге тиіс.";

27) 38-бапта:

1-тармақтағы "қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарында," және ", сондай-ақ акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық декларациясында немесе инвестициялық пай қоры ережелерінде" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақта:

"Инвестициялық" деген сөз "Акционерлік" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Инвестициялық пай қоры активтерінің құнын айқындау Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен немесе пайдың номиналды құны көрсетілген валютамен жүргізіледі.";

28) 39-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"39-бап. Инвестициялық қордың инвестициялық декларациясы

1. Инвестициялық қордың инвестициялық декларациясында:

1) инвестициялық қордың басқарушы компаниясының, кастодианы мен аудиторлық ұйымының толық атауы, олардың лицензияларының деректемелері және орналасқан жері;

2) инвестициялық қор активтерін есепке алу және олардың құнын айқындау тәртібі;

3) инвестициялық қордың активтері есебінен төленуге жататын, басқарушы компанияға, кастодиан мен өзге де тұлғаларға төленетін шығыстар мен сыйақылардың түрлері, оларды айқындау тәртібі және олардың ең жоғары мөлшерлері;

4) дивидендтік саясат;

5) инвестициялық қордың инвестициялық саясаты мақсаттарының, міндеттерінің сипаттамасы;

6) инвестициялық қордың инвестициялау объектілерінің тізбесі, мәміле түрлері, инвестициялаудың шарттары мен лимиттері;

7) инвестициялық қор активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттары;

8) инвестициялық декларацияда айқындалған объектілерге инвестициялауға байланысты тәуекелдер сипаттамасы, сондай-ақ оларды азайтуға бағытталған іс-шаралар;

9) инвестициялық саясат бойынша осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген шектеулер қамтылуға тиіс.

2. Акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық декларациясына өзгерістер мен толықтыруларды осы инвестициялық қордың директорлар кеңесі бекітеді және олар бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға келісуге табыс етіледі.

Акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық декларациясына өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органмен келісілгені туралы көрсетіле отырып, осы өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні баспасөз басылымында жарияланғаннан кейін немесе барлық акция ұстаушылар қордың жарғысында белгіленген тәртіппен оны алғаннан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң күшіне енеді.";

29) 40-баптың 4-тармағындағы "сенімгерлік" деген сөз "инвестициялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

30) 41-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

8) тармақшадағы "сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде ашық сауда-саттық әдістерімен жасалған мәмілелерді қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын;

11) тармақша "кірмейтін" деген сөзден кейін "не актив бағалы қағаздар болып табылған жағдайда, оның бағалы қағаздарын есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын ұйымда инвестициялық қордың шотына есепке алынбаған" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) инвестициялық қордың акцияларын және пайларын осы жабық инвестициялық пай қорының активтері құрамына кіретін қаржы құралдары және (немесе) өзге де активтерді шығарған (берген) заңды тұлғаларға өткізуге;"

31) 43-баптың 2-тармағындағы "сенімгерлік" деген сөз "инвестициялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

32) 45-бапта:

2-тармақтың 3) тармақшасы "проспектісімен" деген сөзден кейін "және инвестициялық декларациясымен" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

1) және 5) тармақшаларда:

"акционерлік инвестициялық қордың немесе" деген сөздер алып тасталсын;
мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

4-тармақтағы "инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы" деген сөздер "басқарушы компания" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "Тәуекелмен инвестициялайтын инвестициялық қор туралы мәліметтер акционерлер мен пай ұстаушыларды қордың ережесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы хабардар ету, акционерлік инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысын және жабық инвестициялық пай қоры пай ұстаушыларының жалпы жиналысын шақыру, пайларды орналастыруды тоқтата тұру, акционерлік инвестициялық қорды тарату және инвестициялық пай қорының қызметін тоқтату жағдайларын қоспағанда," деген сөздер "Акционерлер мен пай ұстаушыларды қордың ережесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы хабардар ету, акционерлік инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысын және жабық инвестициялық пай қоры пай ұстаушыларының жалпы жиналысын шақыру, пайларды орналастыруды тоқтата тұру, акционерлік инвестициялық қорды тарату және инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату жағдайларын қоспағанда, тәуекелмен инвестициялайтын инвестициялық қор туралы мәліметтер басқарушы компанияның интернет-ресурсын қоспағанда," деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 46-бапта:

тақырыптағы "инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының" деген сөздер "басқарушы компанияның" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы" деген сөздер "басқарушы компания" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "немесе кастодианының" деген сөздер алып тасталсын;

б) тармақшадағы "инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы" деген сөздер "басқарушы компания" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы" деген сөздер "басқарушы компания" деген сөздермен ауыстырылсын.

22. "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 14, 90-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат):

1) 4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Қатысушы банктерді депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығару тәртібі және депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның банк активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операция жүргізуге қатысуы";

2) 16-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Депозиторлардың мүдделерін қорғау мақсатында банк активтері мен міндеттемелерін жеке және (немесе) заңды тұлғалар алдында ішінара не толық көлемде басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру операциясын жүргізуге жол беріледі, оны жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының банк заңнамасында айқындалады.

2. Консервациялау сатысында банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшілік (банкті уақытша басқарушы), банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімшісі) осы баптың 1-тармағында көрсетілген операцияны жүргізу процесінде, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым қарыз беруге не кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелерді қабылдайтын қатысушы банкте (банктерде) депозиттер орналастыруға құқылы, оларды беру не орналастыру ерекшеліктері мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.";

3-тармақтағы "мәжбүрлеп таратылатын" деген сөздер алып тасталсын;

3) 18-баптағы "бір" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 19-баптың 2-тармағындағы "бір" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын.

23. "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21, 26-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 4-баптың 9-тармағының екінші бөлігі "серіктестіктер," деген сөзден кейін " орталық депозитарий, бірыңғай тіркеуші, мемлекет қатысатын кредиттік бюро," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 32-бапта:

1) тармақшаның тоғызыншы абзацындағы "номиналдық ұстаушы ретінде клиенттердің шотын жүргізу құқығы бар банктің, ипотекалық ұйымның, брокердің және (немесе) дилердің" деген сөздер "банктің, ипотекалық ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) орталық депозитарий мен бірыңғай тіркеушінің қызметін қоспағанда, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет,";

11) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

"16-1) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі,";

18) тармақша "кредиттік" деген сөздің алдынан "мемлекет қатысатын кредиттік бюроның қызметін қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

24. "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 4, 32-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат):

1) 1-бапта:

4) тармақшада:

"бухгалтерлер мен" деген сөздер "бухгалтерлердің және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"болып табылатын" деген сөздерден кейін ", уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аккредиттелген" деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақша "қаржы ұйымдары" деген сөздерден кейін "(қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен жасалатын айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) қаржылық есептілік депозитарийі (бұдан әрі – депозитарий) – жылдық қаржылық есептілік және ұйымдар жыл сайын беріп отыратын аудиторлық есептер, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат қамтылатын, пайдаланушылар үшін ашық қолжетімді электрондық деректер базасы,";

2) 16-баптағы "мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде" деген сөздер "қазақ және орыс тілдерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 19-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ұйымдар (қаржы ұйымдарынан, Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компанияларынан және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес құрылған ислам арнайы қаржы компанияларынан басқа) жылдық қаржылық есептерін есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей табыс етеді.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Қаржы ұйымдары, Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниялары және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес құрылған ислам

арнайы қаржы компаниялары жылдық қаржылық есептерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген мерзімдерде табыс етеді.";

5-тармақтағы "1-3-тармақтарына" деген сөздер "1, 2, 3 және 3-1-тармақтарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қаржы ұйымдары, арнайы қаржы компаниялары, ислам арнайы қаржы компаниялары, мемлекеттік кәсіпорындар және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы немесе акцияларының бақылау пакеті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлғалар жылдық қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жариялайды.";

4) 20-бапта:

4-тармақ "компанияларында" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес құрылған ислам арнайы қаржы компанияларында" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік кәсіпорындар және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы немесе акцияларының бақылау пакеті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлғалар үшін:

қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін тізбелер мен нысандарды, сондай-ақ қаржылық есептілікті табыс етудің мерзімдері мен тәртібін белгілейді;

осы Заңның талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарларын бекітеді;"

3) тармақшада:

екінші абзац "актілерін" деген сөзден кейін ", сондай-ақ бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарларын" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес құрылған ислам арнайы қаржы компаниялары үшін осы Заңның талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарларын әзірлейді және бекітеді;"

4) тармақша "ұйымдардың" деген сөзден кейін "және Қазақстан Даму Банкінің" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 21-баптың 9-тармағының 4) тармақшасындағы "қарауға міндетті." деген сөздер "қарауға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) сертификаттау бойынша бір немесе бірнеше ұйыммен өзара іс-қимыл туралы келісім жасасуға міндетті."

25. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұжымдық инвестициялау және жинақтаушы зейнетақы қорлары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 20, 88-құжат):

1) 1-баптың 3-тармағында:

9) тармақшаның төртінші абзацындағы "инвестициялық портфельдердің біреуінде немесе бірнешеуінде" деген сөздер "инвестициялық портфельде" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақшаның оныншы және он бірінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Зейнеткерлік жасқа жеткен тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қоры осы немесе кез келген басқа жинақтаушы зейнетақы қорының басқа түрдегі инвестициялық портфеліне кейіннен аудармайтындай етіп консервативтік инвестициялық портфельге аударады.

6. Инвестициялық портфельді таңдағаны туралы жинақтаушы зейнетақы қорына өтініш жасамаған салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын, сондай-ақ зейнеткерлік жасқа дейін жеті жыл және одан аз уақыт қалған тұлғалардың жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қоры осы немесе кез келген басқа жинақтаушы зейнетақы қорының агрессивті инвестициялық портфеліне кейіннен аудармайтындай етіп қалыпты инвестициялық портфельге аударады.";

17) тармақша алып тасталсын;

2) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап.

1. Осы Заңның 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабы 3-тармағы 4) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 12) тармақшасын, осы Заңның 2009 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабы 3-тармағы 4) тармақшасының сегізінші және тоғызыншы абзацтарын, осы Заңның 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабы 3-тармағы 1) тармақшасының қырық төртінші абзацын, 11) тармақшасын, 13) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, сегізінші, тоғызыншы абзацтарын, 16) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы абзацтарын, 20) тармақшасының үшінші абзацын және 24)

тармақшасын, осы Заңның 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабы 3-тармағының 2), 9) тармақшаларын, 13) тармақшасының оныншы, он бірінші абзацтарын, 16) тармақшасының алтыншы және он бірінші абзацтарын қоспағанда, осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының қатысушылары болып табылатын брокерлер және (немесе) дилерлер осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап екі ай ішінде өз қызметін осы Заңға сәйкес келтірсін.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорлары 2015 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде салымшылардың (алушылардың) инвестициялық портфельді таңдау туралы өтініштерін қабылдау бойынша жұмыс жүргізісін."

26. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 23, 113-құжат, 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 101-құжат; № 22, 132-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

мынадай мазмұндағы 58, 60, 61, 62, 64, 65, 66, 67, 68, 69 және 70-баптармен толықтырылсын:

"58-бап. 2011 жылғы 1 шілдеден бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 12-бабы 1-тармағының 39) тармақшасы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"кредиттің (қарыздың) алынған (берілген) сомасын, банктердің ақша аударғаны үшін комиссияларды және қарыз беруші қарыз алушы үшін өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға берілген өзге де төлемдерді қоспағанда, банк талап ету құқығын бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымға берген кредитке (қарызға) байланысты;

кредиттің (қарыздың) алынған (берілген) сомасын, банктердің ақша аударғаны үшін комиссияларды және қарыз алушы үшін қарыз беруші, өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға өзге де төлемдерді қоспағанда, банк талап ету құқығын екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі ұйымға берген кредитке (қарызға) байланысты;"

60-бап. 2011 жылғы 1 шілдеден бастап 2012 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 90-бабы 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі ұйымның кредиті (қарызы) бойынша талап ету құқықтарын – банктің басқаға берген кредит (қарыз) бойынша талап ету құқығының құны мен банктің бастапқы құжаттарына сәйкес кредит (қарыз) бойынша талап ету құқығын басқаға берген күніне банктің борышкерден алуына жататын кредит (қарыз) бойынша талап ету құны арасындағы теріс айырма бөлігінде банк басқаға берген;"

61-бап. 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 90-бабының 2-тармағы мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі ұйымның кредиті (қарызы) бойынша талап ету құқықтарын – банктің басқаға берген кредит (қарыз) бойынша талап ету құқығының құны мен банктің бастапқы құжаттарына сәйкес кредит (қарыз) бойынша талап ету құқығын басқаға берген күніне банктің борышкерден алуына жататын кредит (қарыз) бойынша талап ету құны арасындағы теріс айырма бөлігінде банк басқаға берген."

62-бап. 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 99-бабының 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымының жылдық жиынтық табысынан Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асырудан түсетін , мұндай ұйымның жылдық жиынтық табысына енгізілген және мұндай ұйымға күмәнді және үмітсіз активтер бойынша талап ету құқықтарын берген банкке аударылған табыстар алып тасталады.

Бұл ретте, алуға жататын табыстарды Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асырудан түсетін табыстарға жатқызу уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

Банктің жылдық жиынтық табысынан талап ету құқықтарын беруден түсетін, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкіне тиесілі, кредиттер (қарыздар) бойынша талап ету құқықтары мұндай ұйымға бұрын берілген ұйымнан сатып алуына байланысты алынған табыстар алып тасталады."

64-бап. 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 115-бабы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымы: осы ұйымның Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес алған және мұндай ұйымға күмәнді және үмітсіз активтер бойынша талап ету құқықтарын берген банкке аударылған ақша түріндегі;

Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асырумен байланысты емес шығыстарды шегерімге жатқызуға құқылы емес."

65-бап. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі ұйымға арналған корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияға қосымшалардың нысандарында 2011 - 2018 жылдар ішіндегі салық кезеңдерінде мынадай:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 135-2-бабының 1-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырудан түсетін табыстар жөніндегі;

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 135-2-бабының 1-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру мақсатында шеккен шығыстар жөніндегі ақпарат қамтылуға тиіс деп белгіленсін.

66-бап. 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) мынадай мазмұндағы 135-2-баппен толықтырылсын:

"135-2-бап. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі ұйымға салық салу

1. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі ұйымның табыстары, егер мұндай табыстар мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған жағдайда, салық салудан босатылуға жатады:

1) екінші деңгейдегі банктерден күмәнді және үмітсіз активтерді сатып алу және оларды өткізу;

2) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымның екінші деңгейдегі банктерден оларға қойылатын талап ету құқықтарын сатып алған заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы акцияларды және (немесе) қатысу үлестерін иелену және өткізу;

3) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымның күмәнді және үмітсіз активтер бойынша талап ету құқықтарын сатып алған екінші деңгейдегі банктер шығарған және орналастырған акцияларды және (немесе) облигацияларды иеленуі және өткізуі;

4) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымның заңды тұлғаларға талап ету құқықтарын екінші деңгейдегі банктерден сатып алу бойынша алынған мүлікті жалға беру немесе өтемін төлеп уақытша пайдаланудың өзге нысанында пайдалану;

5) ақшаны бағалы қағаздарға орналастыру.

Бұл ретте алынуға жататын табыстарды осы тармақта көрсетілген табыстарға жатқызу уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген қызмет түрлерін жүзеге асырудан түсетін табыстар жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жатады. Бұл ретте екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі ұйым осы бапқа сәйкес салық салудан босатылатын табыстар бойынша және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын табыстар бойынша бөлек есеп жүргізуге міндетті.

3. Жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын табыстарды алған кезде екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі ұйым шығыстарының шегерімге жатқызылатын сомасы мұндай ұйымның таңдауы бойынша барабар немесе бөлек әдіс бойынша айқындалады.

4. Шығыстардың жалпы сомасындағы шегерімге жатқызылатын шығыстар сомасы барабар әдіс бойынша осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған табыстардың үлес салмағы негізге алына отырып, табыстардың жалпы сомасында айқындалады.

5. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі ұйым бөлек әдіс бойынша осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған табыстарға жатқызылатын шығыстар және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын табыстарға жатқызылатын шығыстар бойынша бөлек есеп жүргізеді."

67-бап. 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 137-бабы мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымы шеккен залалдары келесі салық салу кезеңдеріне көшірілмейді."

68-бап. 2011 жылғы 1 шілдеден бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 143-бабының 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі ұйымға кредит (қарыз) бойынша төлейтін сыйақы төлем көзінен салық салынуға жатпайды."

69-бап. 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 143-бабының 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын, банктің еншілес ұйымына кредит (қарыз) бойынша төлейтін сыйақы төлем көзінен салық салынуға жатпайды."

70-бап. 2011 жылғы 1 шілдеден бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 262-бабы мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, есепке жатқызудың барабар әдісін пайдаланатын ұйымның:

мұндай банктен күмәнді және үмітсіз активтер бойынша сатып алынған талап ету құқықтары бойынша банктен алынған кепілдегі мүлікті (тауарды);

кепілге салынған мүлікке өндіріп алуды қолдану нәтижесінде банктің меншігіне өткен және екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі ұйым мұндай банктен күмәнді және үмітсіз активтер бойынша сатып алынған талап ету құқықтары бойынша банктен алған мүлікті (тауарды) сатып алумен, иеленумен және (немесе) өткізумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығы сомаларын есепке алудың бөлек әдісін қолдануға құқығы бар.

2-2. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын, есепке жатқызудың барабар әдісін пайдаланатын банктің еншілес ұйымының:

күмәнді және үмітсіз активтер бойынша сатып алынған талап ету құқықтары бойынша бас банктен алынған кепілдегі мүлікті (тауарды);

кепілге салынған мүлікке өндіріп алуды қолдану нәтижесінде бас банктің меншігіне өткен және бас банктен күмәнді және үмітсіз активтер бойынша сатып алынған талап ету құқықтары бойынша банктің еншілес ұйымы алған мүлікті (тауарды) сатып алумен, иеленумен және (немесе) өткізумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығы сомаларын есепке алудың бөлек әдісін қолдануға құқығы бар."

27. "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2009 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 2-3, 17-құжат; № 24, 133-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат):

1) 7-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. 1-тармақты қоспағанда, осы баптың ережелері екінші деңгейдегі банктерге (Қазақстан Даму Банкінен және Қазақстанның Тұрғын үй құрылысы жинақ банкінен басқа) қолданылмайды.";

2) мынадай мазмұндағы 8-1-баппен толықтырылсын:

"8-1-бап. Қорды басқару кеңесі

Қорды басқару жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау мақсатында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы басшылық ететін консультациялық-кеңесші орган болып табылатын Кеңес (бұдан әрі – Кеңес) құрылады. Кеңестің құрамы және ол туралы ереже Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітіледі.";

3) 9-баптың 3-тармағының 15) тармақшасы "банктердің" деген сөзден кейін ", жинақтаушы зейнетақы қорларының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 12-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қордың даму стратегиясын Кеңес мақұлдағаннан кейін Қордың жалғыз акционері бекітеді.".

28. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат, № 5, 43-құжат):

65-бапта:

9-тармақта:

"тіркеушіге (номиналды ұстаушыға)" деген сөздер "номиналды ұстаушыға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Тыйым салынған құжатсыз бағалы қағаздарды тіркеушінің құқықтарды есепке алу үшін бірыңғай тіркеушіге беруіне жол беріледі.";

10-тармақтағы "тіркеушінің (номиналды ұстаушының)" және "тіркеуші (номиналды ұстаушы)" деген сөздер тиісінше "номиналды ұстаушының" және "номиналды ұстаушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақтағы "тіркеушімен (номиналды ұстаушымен)" және "тіркеуші (номиналды ұстаушы)" деген сөздер тиісінше "номиналды ұстаушымен" және "номиналды ұстаушы" деген сөздермен ауыстырылсын.

29. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халыққа қызмет көрсету орталықтарының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

166-баптың 4-тармағының бірінші бөлігіндегі "Ұлттық" деген сөз "Екінші деңгейдегі банктерді (Қазақстан Даму Банкінен және Қазақстанның Тұрғын үй құрылысы жинақ банкінен басқа) қоспағанда, ұлттық" деген сөздермен ауыстырылсын.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2012.02.04 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап.

1. Осы Заң:

осы Заңның 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабы 11-тармағы 11) тармақшасының жетінші абзацын, 14-тармағының 7) тармақшасын, 18-тармағы 34) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы абзацтарын;

осы Заңның 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабы 10-тармағы 3) тармақшасының он екінші абзацын, 6) тармақшасын, 19) тармақшасының жиырма екінші абзацын;

осы Заңның 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабы 22-тармағы 3), 4) тармақшаларын, 25-тармағы 1) тармақшасының алтыншы абзацын, 2) тармақшасын;

осы Заңның 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабы 10-тармағы 3) тармақшасының сегізінші, отыз сегізінші абзацтарын, 11) тармақшасының тоғызыншы абзацын, 14-тармағы 13) тармақшасының тоғызыншы абзацын, 17) тармақшасының қырық бірінші абзацын, 17-тармағы 1) тармақшасының сегізінші абзацын, 8) тармақшасын, 18-тармағы 8) тармақшасының сегізінші абзацын, 27) және

28) тармақшаларын, 32) тармақшасының үшінші абзацын, 46) тармақшасының он жетінші абзацын, 47) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 48) және 49) тармақшаларын, 54) тармақшасының бесінші абзацын, 55) тармақшасының екінші абзацын және 56) тармақшасының екінші абзацын, 21-тармағы 6) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 18) тармақшасының үшінші абзацын, 19) тармақшасының екінші және төртінші абзацтарын, 20) және 21) тармақшаларын, 22) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтарын, 23-тармағы 2) тармақшасының бесінші абзацын, 28-тармағының төртінші, жетінші және сегізінші абзацтарын;

осы Заңның 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабы 11-тармағы 11) тармақшасының жиырма үшінші абзацын;

осы Заңның 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабы 18-тармағы 16) тармақшасының он екінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабы 10-тармағы 3) тармақшасының жетінші абзацы, 14-тармағы 17) тармақшасының қырқыншы абзацы, 18-тармағы 2) тармақшасының отыз үшінші және тоқсан бірінші абзацтары, 41) тармақшасының он екінші және жиырмамыншы абзацтары, 23-тармағы 2) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтары, 28-тармағының бесінші және алтыншы абзацтары 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады.

3. 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін осы Заңның 1-бабы 20-тармағы 24) тармақшасының жетінші, сегізінші, тоғызыншы және оныншы абзацтарындағы "бизнес-сәйкестендіру нөмірі", "жеке сәйкестендіру нөмірі" деген сөздер "салық төлеушінің тіркелу нөмірі" деген сөздер деп есептелсін.

4. 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап осы Заңның 1-бабының 18, 19 және 23-тармақтарындағы "бірыңғай тіркеуші", "бірыңғай тіркеушінің" деген сөздер "тіркеуші", "тіркеушінің" деген сөздер деп есептелсін.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорлары және зейнеткерлік активтерге инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар өз қызметін осы Заң алғашқы ресми жарияланған күннен бастап үш ай ішінде осы Заңның 1-бабы 11-тармағы 15) тармақшасының оныншы абзацында және 32) тармақшасының бесінші абзацында белгіленген талаптарға сәйкес келтіруге міндетті.

6. Міндетті сақтандыру түрлері бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары өз қызметін осы Заң алғашқы ресми жарияланған күннен бастап алты ай ішінде, осы Заңның 1-бабы 14-тармағы 2) тармақшасы үшінші абзацының талабына сәйкес келтіруге міндетті. Сақтандыру ұйымдары осы Заңның 1-бабы 14-тармағы 2) тармақшасы үшінші абзацының талабын орындамаған жағдайда, уәкілетті орган оларды "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілетін лицензиядан айыруға құқылы.

7. Осы Заң қолданысқа енгізілетін күні зейнеткерлік активтерге инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға ірі қатысушы белгілері бар тұлғалар өз қызметін осы Заң алғашқы ресми жарияланған күннен бастап алты ай ішінде осы Заңның 1-бабы 11-тармағы 2) тармақшасының бесінші, алтыншы, жетінші абзацтарында, 12) тармақшасында белгіленген талаптарға сәйкес келтіруге міндетті.

Осы Заң қолданысқа енгізілетін күні банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушылары – банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сатып алынған акцияларын шегере отырып) немесе дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иеленетін жеке тұлғалар 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде тиісінше осы Заңның 1-бабы 10-тармағы 8) тармақшасының жетінші, оныншы абзацтарында және 14-тармағы 9) тармақшасының сегізінші, он бірінші абзацтарында белгіленген талаптарға сай болуға міндетті.

8. Осы Заң қолданысқа енгізілген күнге дейін банктік қарыз және банктік кепілдік шарттарын жасасқан екінші деңгейдегі банктер өз қызметін 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде осы Заңның 1-бабы 10-тармағы 4) тармақшасының үшінші – он алтыншы абзацтарында белгіленген талаптарға сәйкес келтіруге міндетті.

9. Осы Заң қолданысқа енгізілетін күні тиісті мәртебесі бар банк холдингтері өз қызметін 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде осы Заңның 1-бабы 10-тармағының 3), 5) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келтіруге міндетті.

Осы Заң қолданысқа енгізілетін күні тиісті мәртебесі бар банк холдингтеріне еншілес банкті құруға немесе сатып алуға не банктің капиталына қомақты қатысуға рұқсатты банк холдингі тиісті құжаттарды ұсынбай-ақ тиісті өтінішті ұсынған кезден бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті орган береді.

Осы Заң қолданысқа енгізілетін күні тиісті мәртебесі бар сақтандыру холдингтері өз қызметін 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде осы Заңның 1-бабы 14-тармағы 11) тармақшасының жетінші – жетпіс екінші абзацтарында, 17) тармақшасының отыз үшінші – жетпіс тоғызыншы абзацтарында белгіленген талаптарға сәйкес келтіруге міндетті.

Осы Заң қолданысқа енгізілетін күні тиісті мәртебесі бар сақтандыру холдингтеріне еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға немесе сатып алуға не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының капиталына қомақты қатысуға рұқсатты сақтандыру холдингі тиісті құжаттарды ұсынбай-ақ тиісті өтінішті ұсынған кезден бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті орган береді.

Осы Заң қолданысқа енгізілетін күні банк немесе сақтандыру холдингінің мәртебесі бар, Қазақстан Республикасының резидент емес банк немесе сақтандыру холдингтері өз қызметін 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде тиісінше осы Заңның 1-бабы 10-тармағы 8) тармақшасының алтыншы абзацында және 14-тармағы 9) тармақшасының

алтыншы абзацында белгіленген талаптарға сәйкес келтіруге не банктің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының өздеріне тиесілі акцияларын банктің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының орналастырылған (артықшылықты және банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алған акцияларды шегере отырып) акцияларының жиырма бес пайыздан аз деңгейіне дейін иеліктен шығаруды жүргізуге міндетті.

10. Қазақстан Республикасының резидент еншілес банктерін, сондай-ақ банк холдингі еншілес ұйымдардың акцияларын немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін тікелей иеленетін (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі бар) Қазақстан Республикасының резидент банктерінің акцияларын иелену (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігінің болуы) арқылы бас ұйым болып табылатын ұйымдарды қоспағанда, банк холдингінің еншілес ұйымдары 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде өз қызметін осы Заңның 1-бабы 10-тармағы 3) тармақшасының отызыншы абзацында, 5) тармақшасының он бірінші абзацында белгіленген талаптарға сәйкес келтіруге міндетті.

Осы Заң қолданысқа енгізілетін күні банктің еншілес ұйымдары болып табылатын ұйымдар өз қызметін 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде осы Заңның 1-бабы 10-тармағы 3) тармақшасының жиырма тоғызыншы, қырқыншы, қырық бірінші, қырық екінші абзацтарында белгіленген талаптарға сәйкес келтіруге міндетті.

Қазақстан Республикасының резидент еншілес банктерін қоспағанда, осы Заң қолданысқа енгізілетін күні сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының еншілес ұйымдары болып табылатын ұйымдар өз қызметін 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде осы Заңның 1-бабы 14-тармағы 11) тармақшасының он бірінші абзацында, 17) тармақшасының қырық жетінші абзацында белгіленген талаптарға сәйкес келтіруге міндетті.

Қазақстан Республикасының резидент еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, Қазақстан Республикасының резидент еншілес банктерін, сондай-ақ сақтандыру холдингі еншілес ұйымдардың акцияларын немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін тікелей иеленетін (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі бар) Қазақстан Республикасының резидент банктерінің акцияларын иелену (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігінің болуы) арқылы бас ұйым болып табылатын ұйымдарды қоспағанда, осы Заң қолданысқа енгізілетін күні сақтандыру холдингінің еншілес ұйымдары болып

табылатын ұйымдар өз қызметін 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде осы Заңның 1-бабы 14-тармағы 11) тармақшасының он екінші абзацында, 17) тармақшасының қырық сегізінші абзацында белгіленген талаптарға сәйкес келтіруге міндетті.

11. Алып тасталды - ҚР 27.04.2015 № 311-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12. Сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарын 2012 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде осы Заңның 1-бабы 18-тармағының 59) тармақшасында белгіленген талапқа сәйкес келтіруге міндетті.

13. Акционерлік инвестициялық қорлар және басқарушы компаниялар өз қызметін 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде осы Заңның 1-бабының 21-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келтіруге міндетті. Акционерлік инвестициялық қор 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде осы Заңның 1-бабының 21-тармағында белгіленген талаптарды орындамаған жағдайда, акционерлік инвестициялық қор ретіндегі өз қызметін акционерлік инвестициялық қор тоқтатуға міндетті.

14. Осы Заңның 1-бабы 11-тармағы 11) тармақшасы сегізінші абзацының күші жинақтаушы зейнетақы қорларының акцияларын аталған абзац қолданысқа енгізілгенге дейін сатып алған тұлғаларға қолданылмайды.

15. Осы Заңның қолданысқа енгізілу күніне банктік қарыз операцияларына лицензияны иеленетін, номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокерлер және (немесе) дилерлер осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға лицензияны қайтарып беруге міндетті.

16. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 18-бабының 1-тармағында аталған, осы Заңның қолданысқа енгізілу күніне кредиттік бюролармен ақпарат беру туралы шарттар жасасқан ақпарат берушілер мемлекет қатысатын кредиттік бюро қызметін жүзеге асыру күнінен бастап үш ай ішінде аталған шарттарды қайта жасасуға не бұзуға міндетті.

17. Осы Заң қолданысқа енгізілген күні уәкілетті органның лицензиясы бар кредиттік бюролар мемлекет қатысатын кредиттік бюро мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік 180 күн ішінде, сондай-ақ кредиттік бюроға кредиттік тарихтың дерекқорын, пайдаланылатын ақпараттық жүйелер мен үй-жайларды қорғау және олардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша қойылатын талаптарға мемлекет қатысатын кредиттік бюроның сәйкестігі туралы "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жасалған актіні ол алған күннен бастап күнтізбелік 190 күн ішінде кредиттік тарихтың дерекқорын мемлекет қатысатын кредиттік бюроға өтеусіз негізде (қабылдау-тапсыру актісі негізінде) беруге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған талаптарды кредиттік бюролар орындамаған жағдайда, уәкілетті орган кредиттік бюро мен оның лауазымды

адамдарына қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды қолдануға құқылы.

18. Осы Заң қолданысқа енгізілген күнге дейін кредиттік тарих субъектілері берген, өзі туралы мәліметтерді кредиттік бюроларға беруге кредиттік тарих субъектісінің келісімі:

осы Заң қолданысқа енгізілген, сондай-ақ ақпарат беруші кредиттік бюромен ақпарат беру туралы шартты қайта жасасқан күнге дейін жасалған, банк қарызы, лизинг, факторинг, форфейтинг операцияларын жүзеге асыру, вексельдерді есепке алу, кепілдіктер, кепілгерліктер, аккредитивтер шығару шарттары бойынша ақпарат беру жағдайында, "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес, кредиттік бюроларға берілетін ақпаратқа қолданылады;

осы Заң қолданысқа енгізілгеннен кейін жасалған, банк қарызы, лизинг, факторинг, форфейтинг операцияларын жүзеге асыру, вексельдерді есепке алу, кепілдіктер, кепілгерліктер, аккредитивтер шығару шарттары бойынша кредиттік бюроларға берілетін ақпаратқа қолданылмайды. Бұл жағдайда ақпарат беруші ақпарат беру туралы шарт жасасқан кредиттік бюроға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) өзі туралы ақпарат беруге кредиттік тарих субъектісінің келісімін ақпарат берушінің алуы мүмкін.

19. Осы Заң қолданысқа енгізілген күнге дейін алынған, өзі туралы кредиттік есепті алуға кредиттік тарих субъектісінің келісімі мемлекет қатысатын кредиттік бюро беретін ақпаратқа қолданылады.

20. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 34-бабының 3-тармағында белгіленген талапқа сәйкес келетін жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акциялары жалпы санының кемінде он пайызы 2013 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында сатып алуға ұсынылуға және бір-біріне, жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) оның ірі қатысушыларына үлестес тұлғалар болып табылмайтын инвесторлардың шектеусіз тобы арасында сұраныс болған кезде, 2014 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде өткізілуі тиіс.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары өз қызметін 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде осы Заңның 1-бабы 11-тармағы 9) тармақшасының төртінші, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші және он төртінші абзацтарында, 2014 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде осы Заңның 1-бабы 11-тармағы 9) тармақшасының бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтарында, 17) тармақшасының он төртінші абзацында белгіленген талаптарға сәйкес келтіруге міндетті.

21. Уәкілетті орган берген бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялардың және бағалы қағаздарды

ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензияларды иеленетін ұйымдармен эмитенттер жасасқан, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуге арналған шарттардың қолданысы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап тоқтатылады.

22. Осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап эмиссиялық бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуге арналған шарттар бірыңғай тіркеушімен ғана жасалады.

23. 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін тіркеуші лицензиясының қолданылуы бір айдан астам мерзімге тоқтатыла тұрған, сондай-ақ тіркеуші лицензиядан айырылған жағдайда эмитент осы тіркеушімен жасаған, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі шарт бұзылады.

24. Лицензияларының қолданылуы тоқтатылған тіркеушілер орталық депозитарийге берген, эмитенттердің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін құрайтын мәліметтер мен құжаттардың 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап бірыңғай тіркеушіге берілуін орталық депозитарий жүзеге асырады.

25. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензияларды иеленетін ұйымдар:

1) 2013 жылғы 10 қаңтардан кешіктірмей лицензиялар бланкілерін уәкілетті органға қайтаруға;

2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімде бірыңғай тіркеушіге эмитенттердің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін құрайтын мәліметтер мен құжаттардың берілуін жүзеге асыруға міндетті.

26. Осы баптың 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 15, 16, 20, 24 және 25-тармақтарында аталған тұлғалар көрсетілген тармақтарда көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, уәкілетті орган оларға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ықпал ету шараларын және санкцияларды қолдануға құқылы.

Ескерту. 2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2012.02.04 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.04.2015 № 311-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ